

Р Е В

СЕНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯҢ

Қамсыздандырудың құдіреті

О Л Ю

Г Э Р И К И С И

Ц И Я Ң

Р Е В

СЕНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯҢ
Қамсыздандырудың құдіреті

О Л Ю

Г Э Р И К И С И

Ц И Я Ң

Your Financial Revolution: The Power of Provision, Kazakh
Copyright © 2023 by Gary Keesee

Originally published in English
Copyright © 2019 by Gary Keesee
ISBN: 978-1-945930-14-0

Gary Keesee Ministries,
P.O. Box 779, New Albany,
OH 43054, USA
GaryKeesee.com

This book is a FREE GIFT from Gary Keesee Ministries and is
NOT FOR SALE

Сенің қаржылық революцияң, Қамсыздандырудың құдіреті, қазақша
Авторлық құқық © 2023 Гэри Киси

Түпнұсқасы ағылшынша басып шығарылған
Авторлық құқық © 2022 Гэри Киси

Гэри Киси Қызметі,
П/Ж 779, Нью Албани,
Огайо 43054, АҚШ

GaryKeesee.com

Бұл кітап — Гэри Киси Қызметінен сыйлық. **САТУҒА АРНАЛМАҒАН.**

«Сенің қаржылық революцияң» атты серияның осы төртінші кітабында
Гэри өз тәжірибесіне сүйеніп, табысты болудың маңызды құпиясын ашады.
Сонымен қатар, ол Құдай Патшалығының АСА ҚҰНДЫ қағидаларының бірін –
қамсыздандыру құдіретін түсіндіреді!

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 ТАРАУ. Түнекте нұр жарқырады.	23
2 ТАРАУ. Жаңаша ойлау	39
3 ТАРАУ. Құзырет мәселесі.	59
4 ТАРАУ. Еске түсіріңіз.	91
5 ТАРАУ. Құдай керегіңізді береді.	111
6 ТАРАУ. Бастысы – сенім.	143
7 ТАРАУ. Ескерту: дамытқан сеніміңізден шықпаңыз!	161
8 ТАРАУ. Сізге жоспар керек!	179
9 ТАРАУ. Уақыт келді!	195

Кіріспе

Бұл кітаптың атауы мағынасыз көрінуі мүмкін. Онсыз да белгілі нәрседей естілуі мүмкін. Керектің бәрі қамтамасыз етілсе, тамаша емес пе? Оған кім қарсы шығады? Қамсыздандырудың, яғни өмірде қажет нәрсенің бәрін қамтамасыз ету өте маңызды. Мұнымен бәріміз келісеміз. Дегенмен, адамның көпшілігі қаржы жағынан көп қиналады. Керегін алуға шамасы келмейді. Қаншама адам күнін көре алмай, өмір үшін күресіп жүр. Олар бітпейтін есеп-шоттар мен қарыздардың құлы болып өмір сүреді. Өздері қалағандай өмір сүрудің орнына, олар жек көрінішті жұмыстарына барып, күндерін үмітсіз өткізеді. Ең жаманы, мәнсіз, мақсатсыз өмір сүреді.

Жақында жүргізілген зерттеуге сәйкес, американдықтардың 48 пайызы жылына 31 561 доллар немесе айына 2 630 доллар немесе одан аз табыс табады,¹ ал халықтың 40 пайызы алдын-ала жоспарламай 400 долларлық төлем жасай алмайды.²

Жалақы түскенше әрбір тиынды абайлап жұмсауға мәжбүр болған адамның қаншалықты күйзелісте екенін елестете аласыз ба? Сөйтіп, аптадан апта, ай артынан ай өтіп, ақыры көрінбейді. Алға ұмтылудың орнына, қарызға батып, өзіңізді тығырыққа тірейсіз. Ондай өмірді өте жақсы білемін, себебі тоғыз жыл бойы өзім де солай өмір сүрдім. Ол ойдан шығарылған бір қиял емес, нағыз тапшылық еді.

1 <https://howmuch.net/articles/how-much-americans-make-in-wages>

2 <https://www.cnbc.com/2018/05/22/fed-survey-40-percent-of-adults-cant-cover-400-emergency-expense.html>

Мұқтаждық ұят

Дренда екеуіміз үйленгеннен кейін тамаша өмір кешеміз деп армандап едік. Бірақ оның орнына қарызбен, қаржылық қиындықпен арпалысқа түстік. Бірнеше жылдан кейін қарыз шегіне жетіп, істен шығарылған 10 несие картамыз, қаржы компаниясынан 28 пайызбен алынған үш қарызымыз, әбден қираған, 200 000 мильден көп жүрген екі көліктің қарызы, салық әкімшілігінің алдындағы қарызымыз және тағы басқа көптеген кішігірім қарыздарымыз болды. Ата-анамызға мыңдаған доллар қарыз едік, ақыры олар бізге көмектесуден әбден мезі болып, ақша беруді тоқтатты.

Қарызға бататындай мақсатымыз жоқ еді. Әдейі көбірек қиналайын да деген жоқпыз. Бар болғаны, күн көруге тырыстық. Өз қаржымды ретке келтіре алмасам да, қаржылық салада жұмыс істейтінмін. Клиенттерімнің сақтандыруға және инвестицияға қатысты мәселелерін шешетінмін. Табысымның 100 пайызы саудамнан түсетін. Сатқан сақтандыру полистерінен комиссия алып тұрдым. Бірақ комиссиядан түскен ақша ешқашан жетпейтін. Осы жұмысым біраздан соң көп пайда түсіреді деп үміттеніп едік, бірақ аптадан апта, жылдан жыл өтіп, еш өзгеріс болған жоқ.

Ақырында, тоғыз жыл бойы қарызды төлеу үшін ғана тірлік еткеннен кейін, қарыз алудың еш амалы қалмады. Қолымыздағы құнды дерлік барлық затты қарыз алу үшін кепілдеме ретінде салып қойдық. Мұның барлығы менің және отбасымның эмоционалдық күйіне ауыр соққы болды.

Дүрбелең ұстамасына шалықтым. Дәрігердің кеңесімен антидепрессант дәрі іше бастадым. Ол көмектескен жоқ, қайта көптеген жаман әсерлер туғызды. Қанымдағы қант деңгейі жоғарылап кеткеннен, дәрігерім диабет қаупі бар деп ескертті.

Денсаулық мәселесінен де жаманы — менің өмірімді үрей билеп алды. Қорқыныштың басқыншылығы сонша, үйден шығып бір жерге барудан қорқатын болдым. Бүкіл әлем тарылып

кеткендей, қимылдауға шама қалдырмайтын үрейдің азабында қалдым! Барлық шоттарымыздың төлеу мерзімін кешіктіріп, ай сайын қайсысын жедел түрде төлеу керек, ал қайсысын келесі айға қалдыруға болатынын ойлайтынбыз. Бұл оңай шешім емес.

Өміріміздің астан-кестенін шығарған қаржылық қиындықтың адамды сонша әлсірететіні — ұяттың кесірінен деп ойлаймын. Несие картасын пайдаланған сайын, осы бір рет жұмыс істесе екен деп қорқатынмын. Күн сайын қоңырау шалып тұратын коллекторларға сылтау ойлап шығарып, өтірік айтатынмын. Ең қиыны сүйікті отбасымның қарапайым керектерінің жоғы еді. Осы жаныма бататын. Шынымды айтсам, күн сайын дерлік шаруаларыммен айналысып жүріп, ешқашан ештеңеге қол жеткізе алмайтын адамдай сезіндім.

Бұл қаржылық ретсіздік жылт ете қалған бір нүкте, өткінші бір сәт болған жоқ. Бұл ұзақ тоғыз жыл бойы жалғасты!

Білгіңіз келсе, иә, біз апта сайын қауымға баратынбыз. Мен теология және бизнес саласында дипломым бар еді, әрі Киелі кітап мектебінде бір жыл оқыдым. Киелі Рухпен шомылдырылған болатынмын. Құдайды шын жүректен сүйдім. Бірақ бір маңызды нәрсе мүлде дұрыс болмады. Осыны сезетінмін, бірақ оның не екенін білмедім. Киелі кітапта жазылған әңгімелер менің өмірімнен орын алған жоқ.

Біз баратын қауым Құдай өркендеуімізді қалайтынын, бұл Оның еркі екенін үйрететін тамаша қауым болатын, бірақ мен оның шын екеніне көз жеткізген емеспін және ол өркендеудің неге келмей жатқанын білген жоқпын. Шынымды айтсам, ешбір досымның да осылай үлкен жетістікке жеткенін көрген емеспін.

Әрекетке шақыру

Ақшаны талап етіп, артымнан қалмайтын адвокаттардың бірі қайта қоңырау шалғанда, жағдайым шарықтау шегіне жетті. Бұл жолы мәселені өте ашық және тұра айтты. Ол «Киси мырза,

менің клиентіме қарыз болған 1600 долларды маған жіберуге үш күн уақыт беремін, әйтпесе сол ақшаны талап етіп сот ісін ашуға мәжбүр боламын» деді де, телефонды тастай салды.

Бітті. Құритын болдым. Кімнен көмек сұрайтынымды білмеймін. Ойға келген мүмкіндіктің бәрін мен бұрын жұмсап жібергенмін. Жүгінер жерім жоқ. Ақша жоқ, тамақ жоқ. Тоңазытқышта, банктегі шотта түк жоқ. Жұмыста бір-ақ аптаның ішінде пайда тапсам болғаны, мәселе шешілетін еді. Бірақ сонша үмітпен күткен ол апта келмей қойды.

Амал таппай, екінші қабаттағы жатын бөлмеге барып жаттым. Ол әбден тозған, кіп-кішкентай үйімізді айына 300 доллар төлеп жалдап тұратынбыз. Жағдайымыз – нағыз қаржылық құлдық. Ол Құдайдың еркі емес. Бірақ біз не істесек те, жағдайымызды дұрыстай алмадық.

Көзіме жасалып, төсекке жата кеттім де, Құдайға жалбарындым. Бір қызығы, Құдайдың жауабын бірден естідім. Рухта келесі жазбаны естідім:

Ал Иса Мәсіхпен жүрген сендердің барлық қажеттеріңді де менің Құдайым Өзінің керемет байлығы бойынша қамтамасыз ететін болады.

— Філіпіліктерге 4:19

Мен дауыстап «Бұл жазбаны білемін, бірақ оның іске асқанын көріп тұрған жоқпын» дедім. Сонда Киелі Рухтың былай дегенін естідім:

«Өміріңдегі бейберекеттікке Менің қатысым жоқ. Бұл ретсіздіктің себебі – Патшалығымның қалай жұмыс істейтінін білмеуіңде». Ол сөзін жалғастырып, қазіргі қауымды құлдықта жүрген Израил халқына теңеді. Ол «Мен халқымның қаржылық жағынан еркін болғанын қалаймын!» деді.

Патшалық дегеннің не екенін білмесем де, қарызға батып өмір сүру дұрыс емес екенін және басқаша өмір сүруге болатынын түсіндім. Ол басқаша, қазіргіден артық өмірді мен білмейді екенмін. Оны қалай жүзеге асыратынымды да білмеймін. Бірақ оны біліп алуға бел будым.

Бәрінен бұрын төмен түсіп, Дренданы қатты құшақтадым. Құдайдан естігенімді айттым. Қолынан ұстап, Құдайдың алдында және әйелімнің алдында отбасымызды осынау қиын жағдайға түсіргенім үшін кешірім сұрап, зар еңірегенім есімде. Сол күні Дренда екеуіміз Құдай Патшалығын дұрыстап түсінбейтімізді мойындап, Оның шынымен не екенін біліп алуға уәде бердік. Біз сондай-ақ қарызға сеніп өмір сүруді доғаруға шешім қабылдадық. Оны қалай істейтіміз әлі белгісіз болса да, Құдайдың сөзіне арқа сүйедік. Мінәжат еткенімізде, жанып жай тауып, тыныштық орнады. Ескі өмір салтынан шығып, жаңа, Құдайдың еркіне сай өмірге қадам басуға дайынбыз. Құдай Өз жоспарына сәйкес бізге жол көрсететініне күмән жоқ.

Бірақ Патшалық деген сөзге қайта оралсам, Құдайдың нақты не дегісі келгенін түсінбеймін. Өзімнің көкке баратынымды білемін. Киелі кітапты да жақсы білемін. Сөйтсе де, Құдайдың Патшалығы дегеннің не екенін түсінбеймін. Шынымен, өз алдына Патшалық туралы да көп білмеймін. Киелі кітапта бұл сөз қай жерде кездеседі десем, тек бір аят қана ойға түседі.

*Патшалығың осында орнасын!
Сенің еркің көкте орындалғандай,
Жер бетінде де орындала берсін!*

— Матай 6:10

Мұнда болашақта Исаның жерде орнататын Патшалығы туралы айтылған деп ойлайтынмын. Мұның шын мәнінде не білдіретінін білмеппін. Мәтінді зерттей келе, қателескенімді түсіндім. Иса бізге қазіргі жерде, қазіргі уақытта қалай дұға ету керектігін

айтқан. Құдайдың еркі жерде орындалу үшін дұға етуіміз керек. Бірақ Құдай Патшалығы деген не?

Менің алдыңғы кітаптарымды оқыған болсаңыз, бұл кіріспені оқымай-ақ, бірден 1-тарауға өтуіңізге болады. Дегенмен, емтихан алдында ең керек нәрсе – қайталау. Сіздің емтиханыңыз – өмірдің өзі. Ол баяғыда басталып қойған, бірақ уайымдамаңыз. Дұрыс жауаптарды табуға және сынақтан өтуге әлі көп уақыт бар. Кітабымды бірінші рет оқып жатсаңыз, төмендегілер өте маңызды!

Жаңа өмір салты

Құдай «Патшалықтың қалай жұмыс істейтінін білмейсің» дегенде, менаң-таң болдым. Дренда екеуміз Құдайдың не айтқысы келгенін түсінбедік. Біз дұға етіп, Құдайдан Оның Патшалығының қалай жұмыс істейтінін бізге ашып білдіруін сұрадық.

Сондықтан, біріншіден, патшалық сөзінің кәдімгі мағынасын ұғынуға тырыстым. Меніңше, батыс елдерінде туып өскен адамға «Патшалық» ұғымын түсіну қиын, өйткені батыста американдық демократия мен сөз бостандығы менталитеті қалыптасқан. Құдай Патшалығы демократия емес, ол – патшасы бар Патшалық. Патшаның билігі әртүрлі мемлекеттік органдар мен өкілеттігі бар адамдар арқылы бүкіл патшалыққа таралған. Үлкен бір топ адам – патшалық емес. Бір жерде жиналған миллион адам болуы мүмкін, бірақ ол патшалық болмайды. Патшалық – заң немесе билік арқылы біріккен адамдар тобы.

«Патшалық» сөзінің анықтамасы мынадай: «Патша немесе патшайым басқаратын мемлекет немесе үкімет».

Қыста Исаның туған күнінде Оның жерге келуін тойласақта, әдетте Оның өзімен бірге билік әкелгенін түсінбейміз. Ишая пайғамбардың кітабында Оның билігі жайлы былай айтылған:

*Себебі Сәби дүниеге келді,
Біз үшін осы Ұл сыйға берілді!*

*Билік Оның қолында қала береді:
 Ол «керемет ақылды Кеңесші,
 Құдіретті Құдай, Мәңгілік Әке,
 Тыныштықты сыйлайтын әмірші»
 Деп те аталатын болады.
 Оның құрған билігі арта түсіп,
 Орнатқан тыныштығы шексіз болады,
 Өзі Дәуіттің тағына отырып,
 Мәңгі патшалығын сол кезден бастайды,
 Әділдікпен нығайтып, жалғастырып,
 Ақиқатты да ұстанатын болады.
 Барлық қайрат-жігерімен бұларды
 Әлемнің Иесі іске асырады!*

— Ишая 9:6, 7

Иса — осы үкіметтің Басшысы. Біз тәубе етіп, Исаны Құтқарушымыз ретінде қабылдағанда, осы үкіметтің азаматы болып, оған сәйкес құқықтар мен міндеттерге ие боламыз. Азамат болып қана қоймай, Құдайдың ұлдары мен қыздары ретінде Өз үйінің бір бөлігі де боламыз.

Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті. Бұлар табиғи жолмен, пенденің қалауы бойынша бұл дүниеге келгендіктен емес, Құдай оларға шынайы өмір бергендіктен ғана Оның рухани балалары болды.

— Жохан 1:12, 13

Сонымен сендер енді не бөтен, не келімсек сияқты емес, Құдайдың халқы болып келген яһуди сенушілерімен бірдей, сол халықтың азаматысыңдар, тіпті «Құдайдың отбасысының мүшелерісіңдер»!

— Ефестіктерге 2:19

Құдай үйінің мүшелері ретінде біз Оның отбасына қосылып, осылайша Құдайдың иелігіндегі барлық нәрсеге де ие боламыз. Оның иелігіне өзіміз де жатамыз. Сонымен қатар, Оның ұлы Патшалығының азаматтары боламыз.

Жаңа патшалық

Менің не айтып тұрғанымды түсіну үшін, АҚШ азаматтығы туралы келесі мысалға бірге ой жүгіртейік. Америка Құрама Штаттарының азаматы болсаңыз, сіздің заңды құқықтарыңыз бар. Азаматтық құқықтарыңыз біздің Конституциямызда және үкіметіміз қабылдаған заңдарда жазылған. Бұл заңдар кім болса да, әрбір азаматқа қатысты. Бұл құқықтар біздің сезімдерімізге немесе ақыл-ойымызға негізделмейді. Жоқ, олар заңмен бекітілген және Американы отаным дейтін әрбір азамат үшін заңды түрде қол жетімді. Азамат өзінің заңды құқықтарын білмеуі мүмкін, бірақ ол Америка Құрама Штаттарының азаматы болғандықтан, оларға автоматты түрде ие.

Енді тағы бір маңызды ой айтқым келеді. Осыған біраз ой жүгіртсеңіз, Құдайды басқаша түсінетін боласыз. Құдай сізді қалай жарылқайтыны туралы да түсінігіңіз өзгереді. Америка Құрама Штаттарының кез-келген азаматын біреу заңды құқықтарынан айыруға әрекет жасаса, немесе оған қарсы қылмыс жасаса, әділеттікті қайтадан қалпына келтіретін мүмкіндік бар (әділеттік дегеніміз — заңның орындалуы). Ол біздің заңды құқығымыз. Сотқа барып жүгінеміз, ал судья біздің сыртқы түрімізге, бай-кедейімізге еш мән бермейді. Ол тек заңға қарайды. Ол әрқашан заң негізінде шешім қабылдауы керек. Заң мен судья біздің бостандықтарымыз және қауіпсіздігіміздің кепілі болып табылады.

Біздің заңды құқықтарымыз бар. Үкімет Америка Құрама Штаттарының құқықтық жүйесіндегі сот төрелігі арқылы құқықтарымыздың сақталуына кепілдік береді және оларды жүзеге асырады. Осыны ескере отырып, Исаның жерге әкелген

жаңа билігі туралы айтатын Ишая пайғамбар кітабының 9-тарауына мұқият қараңыз.

*Оның құрған билігі арта түсіп,
Орнатқан тыныштығы шексіз болады,
Өзі Дәуіттің тағына отырып,
Мәңгі патшалығын сол кезден бастайды,
Әділдікпен нығайтып, жалғастырып,
Ақиқатты да ұстанатын болады.*

— Ишая 9:7

Бұл үзіндіге сәйкес, Құдай Патшалығы әділдік арқылы, яғни Құдай заңының орындалуы арқылы орнатылады. Орындалу дегеніміз заңды құқықтарыңызды жүзеге асыру. Сіздің заңды құқықтарыңыз — бұл Құдай әділдік деп танитын нәрсе, яғни Оның дұрыс деп атағаны, Оның заңы. Құдай Патшалығында дұрыс деп табылған нәрсеге ие болуыңыз үшін, сол Патшалықтың азаматы ретінде заңды түрде сізге тиесілі игіліктерге ие болуыңыз үшін, Құдай әділеттікке қол жеткізуге мүмкіндік берді. Бұл әділеттік Құдай уәде еткен жарылқауды алатыныңызға кепілдік.

Құдай бізге Киелі кітап арқылы Өзінің еркін мәлім етті, осылайша біз Оның Патшалығындағы заңды құқықтарымызды білеміз. Бұл жақсы жаңалық! Құдайдың уәделеріне қатысты Киелі кітаптан оқығаныңыздың бәрі заңды түрде сізге тиесілі! Себебі сіз — Құдай Патшалығының азаматысыз.

2-Қорынттықтар әрбір уәде – ӘРБІР УӘДЕ – «Иә» және «Аумин» екенін анық көрсетеді. Барлығы шешілді, олар заңды түрде сіздікі.

*Оның барлық уәделері Мәсіх арқылы жүзеге асып, «иәға»
айналады; сондықтан «аумин» деп, Мәсіхтің атымен Тәңір
Иенің ұлылығын мадақтаймыз.*

— Қорынттықтарға 2-хат 1:20

Әділдік пен әділеттік — Құдай Патшалығының мәні мен негізі, оны шайқау мүмкін емес. Былай ойлап көріңіз: егер мен Құдай Патшалығының заңын (Оның еркін) білсем және әділеттікке қол жеткізе алатынымды білсем (яғни, заңның орындалатына күмәнім болмаса), онда мен батылмын, әрі ештеңеден қорықпаймын.

Біз Оның еркіне сай бір нәрсе сұрасақ, Құдай тілегімізге құлақ салады деп нық сенеміз. Не сұрасақ та, Құдай бізге құлақ салады деп білсек, Оның тілегенімізді беретінін де білеміз.

— Жоханның 1-хаты 5:14, 15

Бұл аятта Құдайдың бізді еститіні айтылғанда, оны дұрыс түсінейік. Мұнда дыбыстық толқынның құлаққа жететіп, естілетіні емес, Құдайдың сот төрешісі ретінде біздің ісімізді қарастыратыны жайлы айтылған.

Сот төрелігін қамтамасыз ету үшін істі қарастыратын судьяны ойлап көріңіз. Сот залы мен судья әрбір азаматтың құқықтарын қамтамасыз ету үшін әрекет етеді. Сот пен судьяның мақсаты — азаматтарға әділеттілікті қолжетімді ету. Судьяның шешімі оның сезіміне емес, заңға негізделеді. Судья заңның әрбір азаматқа қатысты орындалуын қадағалап отырады, яғни әділеттіктің жазылған заңға сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Құдайдың төрелігіне оралсақ, Оның тағы (билік орны) мен құдіреті Исаға және Оның Патшалығына келетін барлық адамдар үшін әділеттікті (Оның еркін орындалатынын) қамтамасыз етеді.

Өтінемін, алдыңғы сөйлемді қайтадан өте баяу оқып шығыңыз. Ол сіздің Құдай туралы қазіргі түсінігіңізбен үндессін. Құдай әр жағдайға қатысты жеке шешім қабылдайды деген кең тараған қате түсінік бар. Ол — заңдары өзгермейтін Патшалықтың Патшасы. Ол Өз заңынан тыс шешімдер қабылдаған емес және ешқашан қабылдамайды да. Біз әлденені сұрамас бұрын Құдайдың жауабын біле аламыз. Сұрағанымыз заңға сәйкес болса, мұқтажымыздың қамтамасыз етілгенін көрмей тұрып,

сұрағанымыздың орындалғанына сенімді бола аламыз. Себебі, Құдайдың заңды жүзеге асыруға құдіреті бар.

Енді жалбарынудың қажеті жоқ

Дренда екеуіміз Құдай Патшалығындағы заңды құқықтарымыз туралы біле бастағанда, бұл біздің Құдай мен Киелі кітап туралы түсінігімізді толығымен өзгертті. Жаңа түсінігіміздің нәтижесінде өміріміз де өзгеріп салды. Енді қайыр сұраудың қажеті жоқ. Жалбарынудың қажеті жоқ. Біз — Құдай Патшалығының азаматтарымыз. Азамат ретінде бізге заңды түрде не берілгенін білдік. Бізге берілген игіліктерді талап етуді үйрендік. Ол жарылқаулардың жерде орындалғанын көрдік. Көктегі барлық жақсылықтың иесі екенімізді білу бізге аян болды. Азамат ретінде біз патшалық заңдарына қол жеткізе аламыз. Оған құқығымыз бар. Сонымен қатар, Құдай үйінің мүшелері болғандықтан, біз қожайынбыз және көктегінің бәрін мұраға алуға заңды құқығымыз бар.

*Рухани баласы болғандықтан, Оның бізге дайындап қойған мәңгілік игіліктеріне де ие боламыз: Құдай Мәсікке сыйлағандары іспетті игіліктерді бізге де сыйламақ. Егер Мәсіхтің жолында жүріп, азабына ортақ болсақ, Оның салтанатты ұлылығына да **ортақ** болып, сол игіліктерді қабылдаймыз.*

— Римдіктерге 8:17

Мәсікке арналған игіліктерді біз де қабылдаймыз! Біз де, Мәсіх сияқты Құдайдың мұрагеріміз! Бұл Мәсіхтің иеленгені біздікі деген сөз!

Құдай қираған ескі үйімізде маған тіл қатып, Патшалықтың қалай жұмыс істейтінін білмегенімді айтқан кезде, Ол Патшалықтың заңдары мен құқықтық құрылымына меңзеген еді. Ол дұрыс айтты. Мен патшалықтың не екенін және оның

қалай жұмыс істейтінін білмейтінмін. Бірақ бір нәрсені тез ұқтым: патшалықтар өзгермейтін заңдарға сәйкес жұмыс істейді. Бұл Құдайдың Патшалығын түсінуге түрткі болды. Заң алдында ешкімнің ешқандай артықшылығы жоқ. Олар бір адамның пайдасына қарай өзгермейді. Жоқ, заң дегеніміз қозғалмайтын, тұрақты дүние.

Бір мысал келтірейін. Бүгінде біз электр қуатын және оның үйімізге беретін жарығын пайдаланамыз. Электр қуатын басқаратын заңдар жер жаратылғаннан бері, әрқашан болғанымен келісетін шығарсыз. Дегенмен, мыңдаған жылдар бойы ешкімнің үйінде электр жарығы болған емес! Неліктен? Электр қуатын басқаратын заңдарды және оларды шамды жағу үшін қалай пайдалану керектігін ешкім білген жоқ. Найзағай мен статикалық электр тоғы өмірдің қалыпты бір бөлігі болғанымен, ол тек бақылау болатын. Ешкім шынымен де көргендерін қайталап көрген жоқ. Себебі, электр жарығын физикалық заңдар басқаратынын білмейтін. Ол заңды үйренуге болатынын түсінбейтін.

Дәл осындай түсініксіздік бүгінде қауымда да бар. Адамдар Киелі кітапта Құдайдың жасаған ұлы істері туралы оқиды, бірақ олардың түсінігі қарапайым бақылаудан әрі кетпейді.

Көбісі Құдайдың өмірлерінде таңғажайып нәрселер жасағанын көріп, жазғы дауылда найзағайдың жарқ еткенін көргендей «Паһ, мынауың керемет қой!» дейді. Бірақ көргендерін қайталай алмайды, себебі ол кереметтерді басқаратын заңдарды түсінбейді. Мысалы, қазір біз электр қуатын басқаратын заңдарды түсінетіндіктен, әлемнің кез-келген жеріне, қалаған жерімізге жарық өткізе аламыз.

Сол сияқты, әлемнің кез-келген жерінен реактивті ұшаққа мініп, күніне мыңдаған шақырым жүре аламыз. Аэродинамика заңдарын білгендіктен, адамдар ұша алатын болды. Ол заң жер жаратылғаннан бері бар. Оған дәлел — әуел бастан жер бетінде ұшып жүрген құстар. Дегенмен, мыңдаған жылдар бойы

ешкім ұшаққа мініп ұшқан емес, өйткені аэродинамика заңдары адамзатқа әлі белгісіз еді. Ол заңдарды ешкім қолдана алмайтын.

Құдай Патшалығы да солай. Адамдардың көпшілігі мінәжат еткенде, Құдайдың алдында жалбарынып, жылайды. Жаратқанды өздеріне бір жақсылық жасауға сендіруге тырысады. Бірақ олар бір маңызды нәрсені білмейді: адам тәубе етіп, Исаның құрбандығына сенген кезде, Патшалықтың барлық заңдары мен игіліктері адамның пайдасы үшін әрекет етеді. Жалынудың қажеті жоқ.

Мен сіздің қауымыңызға келдім делік. Мен барған күні шам жануы үшін тынбай дұға етіп, ораза ұстайсыз ба? Жоқ, әрине! Егер мен сіздің қауымыңызға кездейсоқ келіп қалсам, ал шам жанбай тұрса, бәрі Құдайдан жарықты қосуын сұрап, жалбарынып, жылай бастайда ма? Жоқ, біреу қосқышқа жақындап барып, тетігін басушы еді, сонда шам жанады. Ешқандай қорқыныш, түсініксіздік жоқ, жай ғана шамды қосу жеткілікті!

Бірақ, қандай да бір белгісіз себептен сенушілер Патшалыққа және Құдай Сөзіне ешқашан олай қараған емес. Олар уақытының көп бөлігін Құдайдан қайыр сұрағандай, жалбарынып өткізеді, бірдеңе болады деп үміттенеді. Сұрағандарын ала алмаған соң, Құдай олардың өтінішін орындағысы келмеді деп сенеді де, бірден Құдайды кінәлайды. Осындай қате көзқарастың кесірінен сенушілер Құдай жамандыққа әдейі жол береді деп ойлайды. Немесе, қиындық келгенде, ол Құдайдың еркі дейді. Достым, Құдай Патшалығы олай жұмыс істемейді!!!! Қайтадан Жоханның 1-хатын қарастырайық.

Біз Оның еркіне сай бір нәрсе сұрасақ, Құдай тілегімізге құлақ салады деп нық сенеміз. Не сұрасақ та, Құдай бізге құлақ салады деп білсек, Оның тілегенімізді беретінін де білеміз.

— Жоханның 1-хаты 5:14, 15

Құдайдан әлденені сұрағанда, оны заңды құқығымызға сай

сұрайтындықтан және Құдай ісімізге құлақ салатындықтан, сұрағанымызды беретіні сөзсіз! Өкінішке орай, бұл үзіндіні сенушілердің көпшілігі түсінбейді. Білуімше, басым көпшілігі десек те қателеспейміз. Бірақ дәл осы түсінік менің өмірімді түбегейлі өзгертті!

Күйбең тірлік пе, Құдайдың аманаты ма?

Киелі кітаптағы оқиғаларды бірінші рет оқып тұрғанымдай, қызығушылықпен оқи бастадым. Әр әңгімеде мен әлі білмейтін рухани заңдар барын білдім. Рухани ғалымға айналдым. Әр әңгімені оқығанда, келесідей сұрақ қоятынмын. «Ол неге бұлай болды?», «Бұл әңгімеде қандай заң орындалды?». Құдай Патшалығының қағидалары мен заңдарын осылайша біртіндеп үйрене бастадым. Дәл осы білімнің арқасында өмірім танымастай өзгеріп кетті.

Біз Киелі кітаптағы заңдарды қолдана бастағанда, екі жарым жылда қарыздың барлығын төлеп шықтық. Көлік алғанда қолма-қол ақша төлей алдық. 55 акр жерге бұрыннан армандаған үйімізді салдық. Одан да асқан көп кереметтер болды. Ең жақсысы, қазір еш қаржылық қысым жоқ. Үйіміздің ақшасы толықтай төленген, енді біз күйбең тірліктің орнына Құдайдың берген аманатына назар аудар аламыз.

Біз үйренген ақиқаттар, әрине көп қуаныш әкелді. Дегемен, достарымыз бен таныстарымыз біз көрген кереметтерді білген жоқ. Адамдар да біздің білгенімізді білсін деп 1995 жылы Faith Life қауымының іргесін қаладық. Құдайдың бізге үйреткен заңдары мен қағидаларын басқаларға үйретумен айналыстық. Адамдар осы білімнің көмегімен бостандыққа қалай қол жеткізіп, Патшалықтағы игі өмірге кіре алатынын түсіндірдік.

Содан кейін 2005 жылы Faith Life Now қызметін іске қостық, бұл біздің ақпараттық қызметіміз. Faith Life Now күнде екі бағдарламаны көрсетеді — «Fixing the money thing» («Ақша

мәселесін шешу») және «Дренда». Осылайша Патшалық туралы Ізгі хабар әлемнің кез-келген уақыт белдеуіне жетеді.

Бұрында үш баланы тамақтандыру үшін Мақдоналдстан арзан тамақ сатып алатынбыз. Оған ақша жеткіземіз деп, көлік орындықтарының арасына домалап түсіп кеткен тиындарды іздейтінбіз. Енді ондайдың керегі жоқ. Қазіргі қызметіміз үшін ақшаны миллиондап жұмсап жатырмыз. Басқалар да өмірлерінен осындай игілікті көрсін деп, бар ынтамызды салып жұмыс істеп келеміз.

Бұрында тек тынымсыз күйбең тұрмысты ойлайтынбыз. Енді кенеттен ойымыз өзгеріп, оның орнына Құдайдың берген аманатын ойлайтын болдық. Өмірімізде не істегіміз келетінін, не істеуге болатынын ойлап, армандаймыз. Бітпейтін қаржылық қиындық пен құлдықтан еркіндікке көштік.

Өміріміздің қиын-қыстау кезеңінде, ақшаға құл болып жүргенімізде, әрбір кішігірім қаржылық мәселе үлкен апатқа айналатын. Ақша жедел түрде керек кезде, қарыз беретін біреуді іздейтінбіз немесе жақын жердегі ломбардқа тағы да баратынбыз! Бірақ қазір біз қамсыздандырудың құдіретін пайдаға асырып келеміз.

«Гэри, қамсыздандырудың құдіреті деген не?» десеңіз, жауабым келесідей. Қамсыздандырудың құдіреті дегеніміз — күнкөрісті уайымдаудан құтылып, өмірлік мақсатты табуға көмектесетін мүмкіндік. Қамсыздандыру — Құдайдың сізге тапсырған аманатымен байланысты екенін әрқашан есте сақтаңыз. Алдыңғы сөйлемді қайтадан баяу оқып шығыңыз.

Жейтін тамағы болмаса, адам күнкөрістің құлына айналады. Құлдардың үлкен армандары болмайды! Әрдайым есіңізде болсын, сіз құл емессіз! Сіз Құдай үйінің мүшесісіз, Исамен бірге бүкіл Патшалықтың мұрагерісіз. Сондықтан еңсеңізді биік ұстап, жаңа болашаққа көз тігіңіз. Сізді армандауға, мақсатқа ұмтылуға және жақсы өмір сүруге ерікті болсын деймін. Бұл кітапты

оқығанда, шабыттанып қана қоймай, сеніміңізді де нығайта түсесіз деп сенемін. Менің өмірімді өзгерткен Патшалықтың заңдары сізге де қатысты.

— Гэри Киси

Бұл — «Сенің қаржылық революцияң» деп аталатын бес кітаптық серияның төртінші кітабы. Осы кітапта мен сілтеме жасайтын заңдарды жақсы түсіну үшін және Құдай Патшалығы қалай жұмыс істейтіні туралы көбірек білу үшін алдыңғы үш кітапты да оқуға кеңес беремін. Олардың аттары: *«Сенің қаржылық революцияң: келісімнің құдіреті»*, *«Сенің қаржылық революцияң: тыныштықтың құдіреті»* және *«Сенің қаржылық революцияң: стратегияның құдіреті»*. Ол кітаптарды GaryKeeese.com немесе Amazon.com сайттарынан табуға болады.

1-ТАРАУ

ТҮНЕКТЕ НҰР ЖАРҚЫРАДЫ

Кіріспеде адвокаттың қоңырау шалғаны туралы айттым. Сол кезде мәселеммен бетпе-бет келіп, Құдайға жалбарынуға мәжбүр болдым. Төсегімде жатқанда, Құдайдың маған сөйлегенін де айттым. Көк патшалығының қалай жұмыс істейтінін білмегендіктен, өмірімді ретсіздік пен бейберекеттік билеп алды. Бірақ ол патшалық қалай жұмыс істейді? Құдайдың маған не дегісі келді? Мен түк түсінбесем де, білуге деген талпынысым мол болды.

Естеріңізде болса, сотқа түспеу үшін адвокатқа үш күннің ішінде 1600 доллар беруім керек. Бұл қарызды уақытында төлей алатындай менің ақшам болған жоқ. Кәсібімізден де ондай ақшаның жақын арада түсетін түрі жоқ. Маған бұл таудай, шешілмейтін мәселе болып көрінді. Шынында, бұл — Құдай Патшалығының әрекеті туралы алғашқы сабақ еді.

Ол кезде мінетін көлігім — жүріп келе жатып паровоз сияқты түтіндейтін ескі Dodge Caravan. Сол күні кешке мен бір отбасымен кездесуім керек еді. Оларға мен сататын сақтандыру полистері қажет. Үйлері кеңсемнен он бес минуттай жерде орналасқан.

Клиенттермен кездескенде, көлігімді алысырақ жерге, көрші көшеге немесе үйден алшақ бұрышқа қоятынмын. Неге десеңіз, себебі өте қарапайым. Көлігім оталған сайын, қою ақ түтін шығатын. Бұл менің жұмысыма көмектеспейтіні анық.

Мен клиенттеріме инвестиция салу және сақтандыру туралы кеңес беретін қаржылық сарапшымын. Қираған көлікті көрсе, клиенттерім өз ақшаларын маған қалай сеніп тапсырады?

Сол күні кешке әдеттегідей көлігімді клиенттің үйінен көрінбейтін бұрышқа қойдым. Екеуіміз тамаша әңгіме құрдық. Қоштасқанда, клиентім мені көлігіме дейін шығарып салайын деді. Не істесе де мейлі, әйтеуір көлігіме отырып, оталдырғанымды көрмесе екен деп уайымдағаным бар. Өкінішке орай, сыпайы клиентім дәл солай істеді. Портфелім мен басқа заттарымды жайғастырып, әлгі кісі кетсін деп уақыт создым. Бірақ мен көлікті оталдырмайынша, ол шыдамдылықпен күтіп тұрды. Әрине, көше ақ түтінге толып кетті.

Енді жүріп кетейін дегенде, клиентім моторды өшіруімді ымдап, терезеге қарай барды. Негізгі жұмысынан тыс ол автожөндеу цехында жұмыс істейді екен. Капоттың астына қарауға рұқсат сұрады. Мен келісіп, капотты аштым. Клиентім қандай ақау тапса да, бәрі-бір оны жөндейтін ақшам жоқ.

Бірнеше минуттан кейін ол «Мен ойлағандай, мотордағы цилиндр блогының басын тығыздап тұратын төсем жарылып кеткен. Үйге жетіп алыңыз. Осы мәселені шешпей, бұл көлікпен ешқайда бармаңыз. Ақауды түзету үшін небәрі 700 доллар керек» деді.

Мен оған рахметімді айтып қоштасып, кеңсеме бет алдым. Жолда «"Небәрі 700 доллар керек" дейді ме?» деп келе жаттым. Мен үшін ол кезде 700 доллар миллион доллар сияқты көрінді. Оған қоса әлі де адвокатқа төлеу үшін 1600 доллар табуым керек. Сонымен қатар, әлі төленбеген көп шоттар болды.

Менде бұл мәселенің шешімі жоқ еді. Дренда екеуіміз осының алдында дұға еткеніміз есіме түсті. «Ием, бізге Өз Патшалығың қалай жұмыс істейтінін және қарызсыз қалай өмір сүруге болатынын көрсет» деген едік.

Кеңсеге бара жатып, мен Құдайға қаржылық жағдайымды

айта бастадым. «Ием, Сен маған қанша ақша қажет екенін білесің. Астымдағы көлігімнің қарызын әлі төлеп шыққан жоқпын. Енді мұны жөндеуге 700 доллар керек.

Құдайым, шынымды айтсам, көліктің қарызына жөндеуге кететін шығынды қоссам, көлігім өртеніп кетсе артық болар еді. Сонда сақтандыру қаражаты бұл шығынды жауып тастар еді!». Мен мұны мінәжатта емес, даустап, көңілсіз мысқылмен айттым.

Осыны айтқан бойда бір нәрсе көзіме түсті. Ол бұрын болып па еді, оны білмеймін. Капоттың үстінде кішкене көпіршік бар сияқты көрінді. Қарасам, баяу ұлғайып бара жатқан сияқты. Біраз бақылап едім, көпіршік шынымен де өсіп келе жатыр. Бұл не деп, сасып қалдым. Үнемі көліктің артынан ілесіп жүретін түтіннен басқа, қалыптан тыс ештеңе көрмеген соң, кеңсеге қарай жолымды жалғастырдым.

Кеңсе тұрағына кіргенімде, көліктің алды кенеттен өртеніп кетті! Жалын мотордан шығып, алты фут биіктікке көтерілді. Сосын мен дауыстап «Ием, жаңағы сөзімді естігенің бе?» дедім.

Келесі күні сақтандыру компаниясы шағымымды қабылдады. Сақтандырудың қаражаты адвокатқа 1600 долларды төлеуге, сонымен қатар көлік ақысын төлеуге жетті. Артынан азық-түлікке жететін ақша да қалды. Қуанып та, таңданып та қалдық. Алтауымыз сыятын көліктен айырылып қалғанымыз болмаса, бәрі тамаша.

Мен расында да мәселенің қалай шешіле қалғанын түсіне алмадым. Көліктің өртеніп кетуін дауыстап тілегенім бар, иә. Себеп осында ма? Бұған дейін мінген көлігімнің ешбірі өзінен өзі отқа жанған емес. Екінші жағынан, ешбірінің өртенгенін қалаймын деп мен де айтқан емеспін.

Бұл Патшалыққа қатысты жайт па? Оған себепкер мен болдым ба? Әлде бұл кездейсоқ бір жағдай ма? Жауабын нақты білмедік.

**СОСЫН МЕН ДАУЫСТАП
«ИЕМ, ЖАҢАҒЫ СӨЗІМДІ
ЕСТІГЕНІҢ БЕ?» ДЕДІМ.**

Қарызды төлеп шыққанға мәз болсақ та, бізге әлі де көлік керек болды. Оны қайдан аламыз?

Жаңа көлік табу

Әкем хабарласып, хал-жағдайымызды біліп, өртеніп кеткен көлікті ауыстыруға көмегін ұсынды. Әкемнің ақшасы бар еді. Әкем жаңа көлікті бізге сатып алып бере салады деп жасырын үміттенгенім есімде. Ол бізге жақсы бір ұсталған көлікті табу үшін дилерлік орталықтарды аралап шығуды ұсынды. Әрине, мен бұл ұсынысты қуана қабылдадым.

Бірнеше көлік сататын дүкенді аралап шықтық. Тамаша Dodge Caravan табылды. Бір жыл ғана ұсталған, мінсіз күйдегі көлік. «Дрендаға осы қызыл-қоңырқай түсті әдемі көлік ұнайтын шығар» дедім әкеме. Ол «Тамаша! Ал осыны сатып алайық» деп айтуына үміттеніп едім. Бірақ ол: «Сатып алу үшін 5000 доллар беремін» деді. Әрине, бұл өте жомарт ұсыныс болды, бірақ шын мәнінде ол бастапқы жарнаны төлеп, қалғанын қаржыландыруды маған қалдырды.

Шынайы күйім есіме түсіп, төбемнен жай түскендей болдым. Несие тарихыма қараса, ешбір банк маған несие бермейді. Осы уақытқа дейін мен әкемнен қиын қаржылық жағдайымызды жасыра білдім. Сондай-ақ, мен бұдан былай қарыз ала алмайтындай сезіндім.

Дегенмен, басқа амал таппай, тез арада несиеге өтініш толтырайын дедім. Бірақ онда әкеме өз жағдайымды түсіндіруім керек және ол менімен бірге арызға қол қоюы керек. Әкеме жағдайымызды толықтай түсіндірдім. Ол несиеге кепіл болуды ұсынды, сөйтіп өтініш бердік. Қызметкерлер келесі күні таңертең хабар беретіндерін айтты.

Әрине, банктің несиені мақұлдайтынын білдім, өйткені әкемнің несиесі тарихы өте жақсы болды. Бірақ мені алаңдатқан басқа бір нәрсе. Бұл несиені ала алмайтынымды білдім. Несие

өте керек, бірақ оны төлеп шығатын ақшам жоқ. Мен не істеуім керек? Мазам кетті.

Үйге келіп, Дрендаға жағдайды айтқанымда, ол да тағы бір қарыз қағазына қол қоя алмайтынымызды түсінді. Бірақ амал қайсы? Басқа қандай мүмкіндік бар? Сол түні екеуіміз де жай таппадық, бірақ таңертең қарызға ақша алудың қажеті жоқ деген сеніммен тұрдық. Сондықтан мен әкеме қоңырау шалып, ұсынысы үшін рахметімді айттым да, көлік сатып алу үшін тағы да қарыз алмайтынымызды айттым. Содан кейін, көлік сатушы компаниямен хабарласып, келмейтінімізді айттым. Олар маған автокөлік несиесі мақұлданғанын, көліктің жуылғанын және жеткізуге дайын екенін айтты. Мен алғысымды айтып, көлікті ала алмаймын дедім.

Телефон тұтқасын қойдым. Жүрегім жай тапты. Сонымен бірге алты адамнан тұратын отбасымыз сыятындай үлкен көлікті қалай алатынымызды білмеймін. Менің жұмыс бабымен мінетін бес адамдық көлігім бар еді. Бір шешім тапқанша, соны қанағат етуіміз керек. Шамамен екі апта өтті. Бес орындық көлігімізді пайдаланып, бір жерге бару керек кезде әрі-бері бірнеше сапар жасайтынбыз.

Бір жолы танысымыз қоңырау шалды. Дренда бұл кісімен екі ай бұрын танысқан еді. Дренданың әке-шешесі антикварлық, ескі нәрселерді сататын аукцион ұйымдастыратын. Олар Атлантада тұрады. Осы іс-шараны да сонда өткізеді. Аукционда сатуға болатын заттарды іздеп, олар біз тұратын Огайоға әдетте айына бір рет келетін. Дренда алдын-ала антикварлық тауарларды іздеп, оларға дайындап қоятын. Әке-шешесі қызының тапқан бағалы заттарына комиссия төлейтін. Бұл жұмыс аз болса да, қосымша қаражат түсіретін.

Дренда сол шаруамен айналысып жүргенде, осы кісімен танысыпты. Олар сөйлесіп қалып, не жұмыспен айналысатындарын айтқан. «Сататын әлдене табылса, маған хабарласыңыз» деп

Дренда айтып кеткен. Әлгі кісі үлкен қарттар үйін басқарады екен. Пациенттер қарттар үйіне көшіп кірген кезде, көп заттарын сатқысы келеді. Заттарға қарайтын адам болмаса, жаңағы танысымыз оларды бір жерде сақтап, бірте-бірте сатып жіберетін.

Мен оны танымайтынмын, сондықтан ол қоңырау шалғанда, атын жазып алып, кейінірек Дрендаға оның хабарласқанын айттым. Ұзын сөздің қысқасы, Дренда оған қайта қоңырау шалғанда, ол жиһаз және басқа үй керектері толған үш бөлмесі бар екенін айтты. Заттарды сататынын, Дренда қаласа, келіп көре алатынын айтты. Бәрін бірге сатып алсақ, өте төмен бағамен береді екен.

Дренда екеуміз досымыздың ұсынғанын көруге бардық. Бөлмелер жиһазға төбесіне дейін лық толғаннан, аяқ алып жүрер жер жоқ. Сондықтан барлық заттарды дұрыстап көре алмадық. Дегенмен, бірнеше жақсы заттарды байқадық. Осыларды сатсақ, барлық затқа төлеген ақшамызды қайтарып аламыз. Дренданың ата-анасына хабар бердік. Олар бізге ақша жіберіп, көп жүк сыятын көлікпен Оғайға келді. Сөйтіп, ай сайынғы аукционда сату үшін барлығын Атлантаға алып кетті.

Аукцион өте жақсы өтті. Еңбегіміздің ақысы ретінде ата-анамыз Peugeot кең көлігін бермек болды. Көлік бірнеше жыл ғана мінілген, тамаша күйде. Әрине, қазір көбіміз үшін мінілген көлікті сатып алу – тойлайтындай үлкен қуаныш емес. Бірақ ол кезде біз үшін ол ақшалай салмақ салмайтын бірінші көлік еді. Көлік жаңа ғана сырланып, жаңа сияқты көрінді. Қуанышымыз қойнымызға сыймады.

Кенеттен, Патшалықтың қалай жұмыс істейтінін түсіне бастадым. Құдай маған қарызсыз-ақ көмектесе алады.

Санадағы өзгеріс

Бір жыл бұрын, біз әлі Оклахомада тұрған кезде, тағы бір ерекше жағдай болған еді. Енді осы оқиға маған анық болды.

Өткенге қарасам, Жаратқан Ие менің назарымды маңызды бір нәрсеге аударуға тырысты, бірақ біз қарыз бен қысымның арасында жүріп, Құдайдың бізге не дегісі келгенін түсінбедік.

Мен аң аулағанды, әсіресе бұғы ұстағанды жақсы көремін. Аңшылықтан бірдеңе әкеліп, бұғының етін жеуді ұнатамын. Соңғы бірнеше жылда аң аулаған кезде, қанша тырысқанымға қарамастан, ештеңе ұстай алмадым. Аңға шығып, бірнеше күн суықта отырсам да, бірде-бір бұғыны көрмедім. Бұл, әрине, аздап абыржытатын. Асырайтын бала-шағам бар. Молынан бұғы жеп тойып алсақ, жаман емес. Бұрын аң аулағанымда, үйге біраз ет әкелетінмін. Соңғы сәтті аңшылық маусымнан бері көп уақыт өтіп кеткен.

Бір күні алдағы аңшылық маусымын ойлап жүргенімде, Жаратқан Иенің даусын естідім. Ол «Саған осы жылы бұғы аулаудың жолын көрсетейін бе?» деді. Бұндайды күтпеп едім. Аздап жасқанып та қалдым. «Маған бұғы аулауды үйреткің келеді ме?». Бұл қалай?

Осы жайлы мінәжат етіп отырғанымда, Киелі Рухтың нақты ұстағым келетін бұғыны мақсат етіп, қаржылық тұқым себуге шақырғанын сездім. Бұрын бұғы аламын деп ақша егіп көрмеппін, басында біртүрлі болып көрінді. Бірақ Жаратушы Иенің мені осы тұқымды егу үшін өте егжей-тегжейлі нұсқаулармен жетектеп жатқанын анық сезіндім. Егейін деп жатқан ақша көлеміне чек жазатын болдым. Дренда екеуіміз оған қол қойып мінәжат еттік те, 1987 жылғы еркек бұғымды тұра сол сәтте алғанымызға сендік. Осы тұс маңызды. Бұғы кейіннен, аңшылық кезінде емес, біз дұға еткенде қолымызға түсті.

Сенуші ретінде мен әрқашан ондығымды қауымға беріп отырдым, және шама келгенше басқаларға қолдау көрсеттім. Бірақ осылай нақты бір мақсатпен қаражат егіп, мінәжат еткенде сұрағанымның берілгеніне сенуім бірінші рет болды.

Мен чекті алып, астыңғы жағына «1987 жылғы бұғым үшін» деп жаздым. Сөйтіп, сенімді бір қызметке жібердім. Чекті пошта

арқылы жіберген кезде, бұғымды алдым деп тағы да есіме түсірдім. Кішігірім қағазға бұғымды алған күн мен уақытты жаздым да, аңшы тонымның қалтасына салдым.

Ол кезде мен Оклахома штатының Талса қаласында тұрдым. Қала болған соң, аң аулайтын жерім жоқ еді. Бірақ қауымдағы досым мені ауылдағы әжесінің үйіне жаңа жыл тойлауға шақырды. Ол аумақта ферманың жанында бұғы бар екен.

Осылайша мен отбасыммен бірге мереке қарсаңында таңертең жолға шықтым. Дәмді тамақ ішіп, достарымызбен көңілді кеш өткізуді, және енді бұғы аулауды да асыға күттік. Досым өзі аңшы болмаған соң, нақты қай жерге бару керегін білмеді. Орманмен шектесетін жақын жерде жайылым бар екен. Ол маған жайылымға барып, сол жерде өсіп тұрған үлкен ағаштың түбіне отырып, бұғы аңдуды ұсынды.

Енді мына суретті елестетіп көріңіз. Таң ата бастаған кез. Күннің нұры айналаға жарық түсіре бастады. Ортасында жалғыз үлкен ағашы бар шабындықтың ортасында мен отырмын. Осы отырысым жақсы емес-ау деп күдіктеніп отырмын. Шалғында ашықтан-ашық мен отырғанда, қайбір бұғы жанымға келеді дейсіз?

Орнымнан тұрып, жүз жиырма метрдей жердегі орманға қарай жылжиын деп едім, сол жақтан, шарбақ бойындағы орман ішінен қозғалыс естілді. Жапырақтардың сыбдырын алыстан естіп, бұғы екенін түсіндім.

Кенеттен менің көз алдымда шарбақ бойымен орманды аралап келе жатқан үш бұғы пайда болды. Олар бұтаның арасынан өткенде бір мезетке ғана көрінді. Бұғылар тым алыс жерде еді. Сондықтан асыққан жоқпын. Кідіріп барып, орманның қай жерінен шығар екен деп шамаладым. Сосын сол жерге қарай беттедім. Келесі сәтте не болғаны үш ұйықтасам да, түсіме кірмеуші еді. Кенеттен бұғының бірі менің артымнан өрісті кесіп өтіп, тура ағашыма қарай жөнелді.

Мен ағаштың арғы жағында едім, бұғы өрісті кесіп өтіп, мені

байқамай, алдымдағы орманға қарай қозғалды. Ол ағашқа жақындап келгенде, менің иісімді сезіп, кілт тоқтады. Кенеттен шыққан дыбысты естіп артыма қарасам, небәрі төрт жарым метрдей жерден мүйізінде алты бұтағы бар еркек бұғының маған қарап тұрғанын көріп шошып кеттім. Не болып жатқанын әп-сәтте түсінген ол жоғары секіріп, орманға қарай шаба жөнелді.

Айту керек, қолыма винтовка ұстап, бар жылдамдықпен жүгіріп келе жатқан бұғыны ұстау оңай шаруа емес. Ол орманға жеткенше бір рет қана оқ тигіздім. Бұғы үлкен секіріспен қозғалғандықтан, мен абайлап көздей алмадым. Орманға дейін небәрі жиырма метр қалғанда мылтықтың құлағын бастым. Бұғы құлап, қозғалмай қалды. Мен таң қалдым! Бұл рас па? Барлығы өте тез, қас-қағымда болды! Орнымнан ақырын тұрып, бұғы жатқан жерге қарай жүрдім. Қалтамнан қағазды шығарып, аң үшін Құдайға шүкірлік еттім.

Мылтық атылғанын естіген досым келді. Ол жерде жатқан бұғыны көріп, мені құттықтады. Досыма Құдайдан не естігенімді,



**БҰЛ ОҚИҒА МАҒАН
ҚАТТЫ ӘСЕР ЕТТІ. БҰЛ –
ҚҰДАЙДЫҢ ІСІ ЕКЕНІНЕ
КҮМӘНІМ ЖОҚ.**

аңшылыққа арнап ақша еккенімді айтқан жоқпын. Бірақ оған қарап «Бұл бұғыны керемет бір аңшылық қабілетіме бола ұстадым деп айта алмаймын» дедім. Сосын Дренда екеуіміз осы бұғы үшін дұға еткен

күні жазылған қағазды көрсеттім. Қағазға былай деп жазған едім: «1987 жылғы бұғымды дәл осы күні және дәл осы сәтте Исаның атымен дұға еткенде алдым деп сенемін». Досым қағазды оқығанда оған Жаратқан Иенің маған не істеу керектігін қалай білдіргенін түсіндіре бастадым.

Бұл оқиға маған қатты әсер етті. Бұл – Құдайдың ісі екеніне күмәнім жоқ. Бірақ қандай да бір себептен жағдайды толығымен әлі түсінбеп едім. Бұғы оқиғаны Патшалық заңдарымен байланыстыру әлі ойыма келмеді. Иә, сол жолы бұғы аулағаным таңғажайып оқиға болды, бірақ ол қайталанар ма? Патшалық заңы маған беймәлім болса, бұғыларды маған қарай жөнелткен қай заң екені де белгісіз. Бірақ оны тағы да сынау үшін келесі аңшылық маусымын асыға күттім.

Сенім әрқашан жұмыс істейді

Келесі бұғы маусымы біз Талсадан Огайоға көшкен кезде өзгеріс әкелді. Көшу туралы ой әдеттегі таңғы жүгіру кезінде келді. Киелі Рух менімен сөйлесіп, Огайоға көшетін уақыт келгенін және сол жерде жұмыс атқаратынымды айтты.

Ол кезде Талсада тұрғаныма он жыл болып еді. Талсаны ұнататынымын, дегенмен, басқа қалаға көшуді ойласам, ең бақытты адамдай сезіндім. Бір жыл бұрын басталған мұнай өнеркәсібіндегі құлдырау Талсаға қатты әсер етті, өйткені оның экономикасы негізінен мұнайға тәуелді болды. Қаржымыз күрт тарылып, күнкөрісіміз қиындап кеткен кез. Өмірді жаңадан бастау көңіл-күйімді көтерген болуы мүмкін. Алдағы тоғыз жыл біз

Талсада бастан кешіргеннен әлдеқайда көп қаржылық күйзеліс әкелетінін білмедім.

Огайоға жаз басталғанда көштік. Огайо бізге не дайындап қойған екен деп мен көшкенімізді асыға күттім. Кәсібімізді толықтай жаңадан бастау және қарызымыздың бәрін өзімізбен бірге Огайоға әкелу — тіпті оңай емес екенін тез-ақ түсіндік.

Бұғы аулау маусымы жақындап қалды. Үшінші баламыз Томның туған кезі. Том Огайо штатында аңшылық маусымының екінші күнінде дүниеге келді. Сондықтан, әне-міне бала туады деп жүргенде, аңшылық аумақты барлауға уақыт болмады. Мен аң аулайтын бір ғана жерді білдім.

Мектепте оқып жүргенде, үйіміздің жанына бірде тұзақ құрған едім. Ата-анамның меншігінде шағын тоған бар болатын. Көршінің фермасында аққан бұлақ біздің тоғанға келіп құятын. Мойындауым керек, бала кезімде осы бұлақтың бойымен қанша жүрсем де, ол жерден бұғы түгіл, тіпті бұғы ізін де ешқашан көрген емеспін. Бірақ колледжде оқып жүргенде, ағам қоңырау соғып, сол маңайда бұғы көргенін және келесі күзде аң ауламақшы екенін айтып еді. Екеуміз де сонда таң қалғанбыз. Бұл осыдан тоғыз-он жыл бұрын болған әңгіме еді.

Ол маңайды мен жақсы білгендіктен, ағамның бұғыны көрдім деген жері есіме түсті. Бұлақтың екіге бөлінетін жерінде, үлкен үйеңкі ағашы тұрған жерде көргенін айтып еді ағам. Оған қоса, үлкен үйеңкінің қасында кішірек ағаш бар және оған шығып алса, үлкен ағашқа жормалап алу оңай. Үлкен ағашта жасырынып бұғы аулау қолайлы болады.

Ағам әлгі бұлақтың жанынан бұғы атқан емес. Бір рет оқ мүлт кетті деген. Ағам ол маңайды соңғы рет көргенінен бері көп уақыт өтіп кетті. Ол айтқан үйеңкі орнында тұр ма, жоқ па, білмеймін. Аңға шығатын күні таңертең ымыртта ол ағашты таба аламын ба, ол да белгісіз.

Жағдайды одан әрі қиындатқан мәселе — Огайо штатында аң

атуға тек белгілі бір мылтық түрімен шығуға болады. Бұғы аулау маусымында винтовкадан атуға рұқсат жоқ, тек арнайы бұғы оқтары бар қос ұңғылы шолақ мылтықты қолдануға болады. Ол кезде менде тек 20 калибрлі қос ұңғылы шолақ мылтық бар еді. Онымен жиырма метрден астам қашықтықтағы бұғыға оқ тигізетініме сенім жоқ. Бірақ менде басқа ештеңе болмады, сондықтан жоспарым осы.

Дрендә екеуіміз тұқым ектік те, бір жыл бұрын істегендей, чекке қол қойып, Марқа 11:24-ке сәйкес бұғымызды алдық деп сендік. Қысқасы, Огайодағы аңшылық маусымының төртінші күніне, яғни мен аңға шыққан бірінші күнде, қырық минутта ұрғашысы мен еркек бұғыны атып түсірдім. Ол аздай, жетпіс метрден оқ тигіздім. Бұл менің тегіс ұңғылы мылтығымның мүмкіндігінен айтарлықтай асып түсті. Ол кезде Огайода екі бұғы шектеуі болды, сондықтан мен сол жылы екі бұғы алдым. Иә, қырық минутта екі бұғы алып қайттым.

Тағы осында бір сыр жатқанын түсіндім. Бірақ мұндай «бұғыдан өнім жинау» кезінде біздің қаржылық жағдайымыз өте нашар болды. Ақшадан әрдайым тарлық көріп отыру оңай емес. Стресс кәдімгідей тұншықтырып жібереді. Бұғы аулауда көрген керемет қағиданы қаржы саласында қолдану ойыма тез келе қойған жоқ.

Тым көп «кездейсоқтықтар»

Огайодағы бірінші қыс және келесі он екі ай сұмдық болды. Осы кітаптың кіріспесінде айтқан ауыр эмоционалдық мәселелермен, дүрбелең ұстамасымен және депрессиямен күрестім.

**ШЫНЫМДЫ АЙТСАМ,
ҚҰДАЙ СІЗДІҢ
НАЗАРЫҢЫЗДЫ
АУДАРУ ҮШІН КЕЗ
КЕЛГЕН НӘРСЕНІ
ПАЙДАЛАНАДЫ.**

Келесі жылдың қараша айында, аң аулау маусымының алдында көлігім өртеніп кетті. Алдыңғы екі бұғы аулау маусымында керемет олжаға ие болғанымға қарамастан,

Құдай Патшалығын әлі түсінбейтінмін. Көлік өртеніп, Құдай маған Патшалық туралы айтқан кезде, бұл үш оқиғаның астарында мен ойлағаннан да көп құндылық бар екенін білдім. Сонда шабытым қозып, жігер алған едім, бірақ сол сәтте Патшалық заңынан хабарым болмады.

Келесі аңшылық маусымы келді, тура өткендегідей, бір сәт кешіктірмей қырық минутта тағы да бұғы атып келдім. Патшалықтың біздің қаржымызда да қалай жұмыс істейтінін көре бастадық, мен оны екінші тарауда қарастырамын. Бірақ сол алғашқы жылдар ерекше еді. Көп таңғажайып нәрселерді көрдім.

Әрине, бұғы аулауға келгенде, Құдай маған үнемі жаңа бір зат үйрететін. Менің ойымша, бұғы аулау егін өнімін алу сияқты. Оны дәлдікпен басқарып отыруға болады, әрі ол тез өтіп кетеді. Оғайодағы аңшылық маусымы әдетте екі аптаға созылады. Осындай қысқа маусымда уақытты босқа өткізгің келмейді. Бұғы аулаушылар аймаққа нақты мақсатпен келіп, назарын шашыратпай, бір нәрсеге ғана күш салады. Олардың көбісі осы екі апталық мүмкіндікке дайын болу үшін көп уақытын барлаумен өткізеді. Бұл Патшалықты зерттеу үшін тамаша «зертханалық жағдай» ұсынады.

Бұғы аулауға қатысты әңгімелерді көп айтамын, айып етпеңіз. Бұл оқиғалар мен үшін өте маңызды. Аңшылық арқылы мен көптеген жасырын заңдарды түсіндім. Аңшылық болмаса, кім білер, оларды түсінбей кетуім де мүмкін. Шынымды айтсам, Құдай сіздің назарыңызды аудару үшін кез келген нәрсені пайдаланады. Ол Лұқа 5-тегі Петір, Жақып және Жоханның назарын аудару үшін балық аулауды қолданды. Балық мол болғаны сонша, қайықтары суға батып кете жаздады. Менімен сөйлесу үшін, Жаратқан Ие бұғы аулауды пайдаланды.

Құдай жатын бөлмемде маған Патшалығы туралы айтқаннан кейін, мен жанып жатқан көлікті көріп, бұғы аулағанымды есіме түсірдім. Содан кейін, еш қарызсыз тамаша көлікті сатып

алуға Құдайдың қалай жол ашқанын ойладым. Кенеттен, осы оқиғалардың бәрі біртұтас суретті құрайтындай көрінді. Дренда екеуміз осы ашқан жаңалығымыздың соңына түсіп, елігіп кеттік.

Мен Киелі кітапты жаңаша зерттей бастадым. Өзімді рухани ғалым деп атадым. Сұрақты жаудырдым. «Неге бұлай болды? Неліктен олай болмады?». Киелі кітаптан оқыған әңгімелерімнің астарындағы рухани заңдарды мұқият іздедім.

Құдай маған әртүрлі заттарды көрсете берді. Оның Патшалығы туралы тағы бір нәрсені түсіндіру үшін қайтадан бұғы аулауды қолданды. Осы келесі оқиғаны ұмытпаспын. Сенер-сенбесіңді білмейтін сәттердің бірі сол болды.

Күздегі Хэлуин мерекесінің қарсаңы еді. Жұрттың барлығы жын-шайтанның бейнесіне іспеттес қорқынышты костюм киіп тойлап жатыр. Қауымымызда ондайдан бас тартып, оның орнына сенушілер болып бас қосып, көңілді кеш өткізуді ұйғардық. Жиналып, шығып кетуге шамамен 45 минутымыз бар.

Бір-екі апта бұрын Дренда екеуміз бұғыға арнап ақшалай тұқым еккенбіз. Әдеттегідей чекке қол қойып, Құдайдың көрсеткен қызметіне жібердік. Марқа 11:24-ке сәйкес сұрағанымызды алдық деп сендік. Бұл аңшылық маусымда өмірімде бірінші рет садақпен аң ауламақпын.

Аңшылыққа көп уақыт жұмсай алмасам да, Құдай маған сенім арқылы аң аулауды үйреткен соң, бұғыны 40 минуттай уақытта атып әкелетінмін. Сондықтан, уақыт шектеулі болса да, бұғы алуға жететінін сезіндім. Бұл күні мен ескі фермамыздың артындағы қарағайлы орманның шетінен ағаш тауып, оған өрмелеп шықтым. Он минут өтіп үлгермей, екі жүз метр жерде көршімнің орманына қарай бет алған еркек бұғыны байқап қалдым. Ол менің бұғым екенін білдім, бірақ аңым қарама-қарсы жаққа кетіп, менен алыстап бара жатты!

Садақпен биыл екінші жыл ғана аң аулап жүрмін. Шын мәнінде мұндай аңшылықтың ерекшеліктерін онша білмедім. Үстімдегі киімім камуфляж емес. Бұғы шақыратын дыбыс

шығарушы қоңырауым жоқ. Тіпті бұғыларды тарту үшін иіс қолдануды естімеппін. Тұрған жерім – шамамен үш жарым метр биіктікте екі бұтақтың арасына шегелеп қойған тақтай. Сондықтан ағаштағы тұғырда тұрып садақпен аң аулауды білсеңіз, бұл биіктік жеткіліксіз. Бірақ бір жыл бұрын садақпен бірінші рет аңға шыққанымда, сенімімді пайдаланып екі аңшылық сапардан екі бұғы алып едім, биыл да солай болады деп күттім.

Бұғылардың бұрыс басқанына қарап отырып, не істерімді білмей, дұға ете бастадым. Кенет Киелі Рухтың менімен сөйлескенін естідім. Ол «Оған айт, саған келсін» деді. Мен сәл шошып кеттім. Бұғымен сөйлесуім керек пе? Қатты айқайлауға болмайтынын білдім, сондықтан жай ғана әдеттегі даусыммен «Бұғы, тоқта! Орныңда тұрып айнал да, мен отырған ағаштың астына кел» дедім. Ессіздік, солай емес пе? Ешбір ерекше құралым, ешқандай керемет мылтығым жоқ. Бірақ мен осыны айтқан бойда бұғы тоқтап, жан-жағына қарады. Сосын бұрылды да, маған қарай жылжып, арамыздағы екі жүз метр жолды басып өтті. Орман белдеуінің ені үш жүз елу метрдей. Дегенмен, бұғы мен отырған ағашқа жақындап, дәл астына тоқтады.

Әрине, мұндай жағдайда оқтың мүлт кетуі мүмкін емес. Мәссаған! Мұны өз көзіммен көріп отырмын ба? Бұғыны дәл атып салдым. Сағатыма қарасам, уақыт аз қалған екен. Қауымдағы тойлауға уақытыңда жетемін десем, бұғыны әзірше осында қалдырып, кейіннен қайтып келіп, қамбаға апарғаным дұрыс. Мойындауым керек, осы оқиға келесі екі апта бойы ойымнан кетпеді. Бірақ Құдай маған тағы көп нәрсені айтқысы келді.

Біз жалға алған фермада бұлақ бар. Бұлақтың бойын қаулап шағын бұталар өсіп тұр. Бұл қоян аулауға қолайлы жер болатын. Күндердің бір күнінде қар жауды. Қар жауғанда қоянды көру оңай болады. Осынау тамаша мүмкіндікті мен жібере алмай, ұлым Тимді қасыма алып, қоян аулауға шықтым. Екеуміз бұлақты жағалап, үйілген бұтақтарды теуіп келе жаттық. Кенет бұталардың арасынан қырғауыл ұшып шықты.

Оғайода қырғауыл маусымы бар, бірақ біздің фермада қырғауыл өте сирек кездесетін. Жылына біреуін ғана көретін шығармыз. Мына қырғауылды көріп тұрып, атпай қалай қайтамын? Мылтықтан атып едім, құс жерге құлап түсті. Бірақ жерге жығылған бойда орнынан жүгіре жөнелді. Оғым қырғауылдың қанатына тигені анық. Қырғауылымыз бұлақтан еңіске қарай бар күшімен жүгірді. Бұл құс сағатына 55 шақырым жылдамдықпен жүгіре алады. Әрине, қар тез қозғалуға кедергі болды. Сонда да, қырғауыл жеткілікті жылдамдықпен қозғалды.

Бұлақ ұзын сайдың түбінде болғандықтан, мен төбенің әр шаршы сантиметрін көріп тұрдым. Өткен жылы бұл төбеде шым өсірілгендіктен, ол өте тегіс болды. Тек анда-санда шөп шоқтары шығып тұратын.

Құс бар жылдамдықпен төбеге жүгіріп бара жатқанда, мен оны ұстауға мүмкіндік жоқ екенін және мылтық үшін алыс екенін түсіндім. Кенеттен бұғыны қалай атқаным есіме түсті. Мен бұғыны шақырған кезде ол маған келген жоқ па? Сондықтан «Қырғауыл, ТОҚТА!» деп айқай салдым. Осыны айтқан сәтте қырғауыл ғайып болды. Төбенің қар басқан беткейін анық көріп тұрмын. Тек анда-санда қардың үстінен шөп шоқтары шығып қарайып тұр. Бірақ құс еш жерден табылмады. Тим «Ол қайда кетті, әке?» деп айқайлады. «Білмеймін» деп жауап бердім.

Содан біз қырғауылдың ізімен еңіске көтерілдік. Ол ешқайда кетпеген екен. Кішкентай басын қардың астына тығып отыр. «Мені мұны атып түсіргеннен кейін, өлгенше жүгірген бе?» деп ойладым. Жерге еңкейіп, құсты ұстадым. Қырғауыл барқылдап, қанаттарын қақты. Мынауың тірі ғой! Сол күні кешке құсты сойғанда мұқият қарап шықтым. Денесінде оқ іздері жоқ еді, бірақ оң қанатын расында да кертіп қалған екенмін. Сонымен, құс жараланып емес, мен «Тоқта!» деп айқайлаған сәтте тоқтады.

Иә, Тәңірім, назарым Сенде!

2-ТАРАУ

ЖАҢАША ОЙЛАУ

Патшалықтың өміріміздегі әрекетін көргенде, Дренда екеуіміз басқаларға бұл туралы тоқтамастан айта беретін болдық. Бұрын білмеген маңызды бір сырды енді-енді түсініп келе жатқан сияқтымыз. Бұл керемет саяхаттың басы еді. Мен әлі де сақтандыру мен бағалы қағаздарды сатумен айналыстым. Бірақ өмір баяғыдай емес, біртіндеп өзгеріп жатқанын сездім. Нақты қандай өзгеріс екенін білмедім, әйтеуір келесіге күмәнім жоқ. Бұғы аулау кезінде және көлік алған кезде көргенімдей, қаржылық мәселемнің шешімі бар! Әрине, мінілген көлігім тамаша, оның барына өте қуыныштымын. Сонда да, онымен тоқтайын демеймін.

Әңгімемнің осы тұсында менде әлі де көп қарыз болды. Әрине, қарызды төлеп шығып, одан біржола құтылғым келеді. Алайда, оның қалай мүмкін болатынын білмеймін. Нақты не істеу керектігін білмесем де, ертелі-кеш біліп аламын. Қиындықтарымның шешімін тапқан сияқтымын, бірақ Киелі кітаптағы кереметтер менің өмірімде орындалу үшін көбірек білуім керек. Кәсібім ол кезде күнделікті шығынымызды әрең өтейтін. Бұл ай сайын қарызға батқаннан әлдеқайда жақсы болды.

Дренда екеуіміз Киелі кітапты оқып, Патшалықтың қызметіне қатысты мәлімет іздейтінбіз. Қажетті қаржы алу үшін де ақшалай тұқым ектік.

Содан соң, бір түні түс көрдім. Түсімде өсімдіктің сабағымен

ақырын жорғалап келе жатқан құртты көрдім. Ол сабаққа шығып алып, піллә тоқыды. Кенет пілләнің ішінен әдемі көбелек пайда болды да, ұшып кетті. Сонда бір дауыс «Сенің ісің де солай болады» деді.

Оянғанда, түсімнің мәнін бірден түсіндім. Құрт тек қана жорғалай алады және оның өмірі өте шектеулі. Ол әдетте бүкіл өмірін бір өсімдікте ғана өткізеді. Бірақ бір кезде сол құрттың әлеуетін және бүкіл өмірін өзгертетін трансформация орын алады. Құрт көбелекке айналып, енді қалаған жеріне ұшып бара алады. Кейбіреулері монарх көбелегі сияқты солтүстік жарты шардағы қыс айларынан аулақ болу үшін мыңдаған миль ұша алады. Түс көрген кезде мен бұл өзгерістің қалай болатынын білмесем де, Құдай маған оның нақты болатынын көрсетіп жатқанын білдім. Одан жігер алдым.

Ғажайып жаңалық

Огайоға көшкеннен бері, мен күніне 90 рет «суық» қоңырау шалатынмын. Мұны істеу үшін тиімді жүйем болды дегім келеді, бірақ шынымды айтсам, әншейін күн сайын телефон кітапшасын ашып, ондағы нөмірлерге қоңырау шалатынмын (бұл қоңырау шалуға тыйым салатын заңға дейін болатын).

Мен жұмыс істеген компаниямның аймақтық вице-президенті болғандықтан, менің негізгі қызметім жаңа сату өкілдерін жалдау және оларды дайындау болды. Мен кітапшадағы нөмірлерге телефон соғып, компаниямның Огайо штатында жұмыскерлер іздеп жатқанын айтатынмын. «Таныстарыңыздың біріне жұмыс керек болса, маған хабарлассын» дейтінмін. Көбінесе телефонға ешкім жауап бермейтін, сондықтан мен дауыстық поштаға хабарлама қалдыратынмын. Біреуге менің ұсынысым қызық болса, олар маған қайта қоңырау шалатын. Күніне 90 рет қоңырау шалу арқылы мен екі-үш сұхбат ала алатынмын. Кейде сатылым да болып қалатын. Дәл осылай мен Дэйвпен таныстым. Онымен

телефонмен сөйлескенде, ол жаңа мансап саласын тапқысы келетінін айтып, менің не ұсынатынымды білгісі келді. Сол күні кешке оның үйіне баруға рұқсат сұрадым, Дэйв келісті. Дэйв, оның әйелі және мен үшеуіміз отырып, оның қазір қайда жұмыс істейтіні, неліктен мансапты өзгерткісі келетіні және олардың қаржылық жағдайы туралы сөйлестік. Бұл менің болашақ жұмыскерлерге қоятын қалыпты сұрақтарым еді. Сұхбаттың соңында үміткер бұл жұмысты істемеймін десе, ол жұмыскер емес, клиент болуы мүмкін. Сондықтан мен адамдардың жеке қаржылары туралы да сұрайтынмын. Осылайша, қаржылық деректерді жинағанда, сақтандыру бұл кісіге керек пе, керек жоқ па, оның басқа сақтандыру полисі бар ма, соны білетінмін.

Дэйв пен әйелінің қазіргі қаржылық жағдайын талқылап жатқанда, әйелі күтпеген жерден жылап жіберді. Қаржылары аяғынан басына аударылғандай екен. Жағдайды түзеу үшін олар не істеу керектігін, нені өзгерту керектігін білмеді. Мәселе сақтандыруда емес. Оларға ақшаны көбейтіп, қарыздан құтылу керек болды. Сондықтан сөздің арасында Құдай Патшалығы туралы және Дренда екеуміз оның қалай жұмыс істейтінін үйреніп жүргенімізді айттым. Оларға көмектесу үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын дедім. Бір аптадан кейін қайта кездесіп, қажет өзгерістерді талқылаймыз деп келістік.

Сол кездесуден кейін кеңсеге бара жатып, біраз уайымдадым. Мен істей алатын бірдеңе болу керек қой!

Кеңсеге келіп, үстелге отырғанымда, кенеттен бір ой келді. Мен олар пайдаланатын өнімдер мен қызметтердің арзанырақ баламаларын іздедім. Тура сол затты, бірақ төменірек бағамен тапсам, ақша үнемделеді ғой. Менің мақсатым — олар қарызды азайту үшін пайдалана алатын қанша ақшаны үнемдеуге болатынын білу. Бұл Интернетке дейінгі заманда болды, сондықтан мен барлық зерттеуімді кітаптар мен телефон қоңыраулары арқылы жасадым.

Біраптадан кейін мен олар қолданатын әрбір өнім мен қызметтің бағасын тексеріп шықтым. Нәтижесінде тапқаныма қатты таң қалдым. Айына үнемдеуге болатын 600 доллардан астам ақша бар екен! Дэйвтің отбасына керек заттар мен қызметтерді басқа сатушылар мен компаниялардан алса, кәдімгідей ақша «босатып шығаруға» болады. Содан кейін мен қаржылық калькуляторды алып, үнемделген ақшаны олардың қазіргі қарыздарын төлеуге жібердім. Есептеу батырмасын бастым.

Экранда пайда болған санды көргенде аң-таң болдым. Бір жерде қате кеткен болу керек. Менің есептеуім көрсеткендей, бұл ерлі-зайыптылар табыстарын өзгертпестен, үй ипотекасын қоса алғанда, жеті жылдан аз уақытта толығымен қарыздан құтылуы мүмкін. Бұл қалай? Есебім қате шығар деп мен басынан бастап бәрін қайта санап шықтым. Нәтижесі тура сол болды.

Содан кейін файл жәшігінен басқа клиенттерімнің қағаздарын алып шығып, аптада солармен жұмыс істедім. Менің қазіргі клиентім сияқты, олардың барлығы табыстарын өзгертпей, ипотеканы қосқанда бес-жеті жыл ішінде толығымен қарыздан құтыла алады. Егер бұл мүмкін болса, ал мен оның мүмкін екенін білемін, бұл туралы неге ешкім жар салып жатқан жоқ? Дэйв үшін жеті жылдан аз уақыт ішінде қарыздан қалай құтылуға болатынын көрсететін деректер парағын жаздым. Олармен қайта кездесіп, не жаңалық ашқанымды қайтты айтқым келді. Кездесуді қатты күттім. Олар бұл ақпаратты көргенде не дейтіндерін білгім келді.

Дэйв пен оның әйелімен отырғанда, ақшаны қалай үнемдеуге болатынын түсіндіретін деректерді бір-бірден араладым. Ақша ағынын көбейтетін әрбір затты көрсетіп болғанша, соңғы нәтижені әдейі жасырған едім. Мені тыңдағанда, клиенттерім көздеріне сенбей отырды. Олардың ойынша, көбірек ақша табу да, қарыздан құтылу да мүмкін емес! Мен соңғы бетті аударып, жеті жылдан аз уақытта, үй ипотекасымен бірге барлық қарызды төлеп шығуға болатынын көрсеткенде, күйеуі орнынан атып тұрып, бөлменің бір бұрышынан арғы бұрышына әрі-бері жүрді. Ол қатты толқып

кетті. Екеуі құшақтасып, көздеріне жас алып, келгенім үшін қайта-қайта алғыс айтты. Содан кейін Құдайдың маған ашқан барлық нәрселерін және Құдай Патшалығы туралы осы уақытқа дейін білгендерімді айтып бердім. Олар мені ден қойып тыңдады.

Ол клиентпен жұмыс істегеннен бір тиын таппадым. Бірақ клиентпен кездесулердің арасында ең бақыттысы сол болды. Ойым сағатына миллион миль жүріп кеткен сияқты. Жаңағы жұмысты әрбір клиентім үшін жасағым келді. Құдайдан бұдан қалай ақша табуға болатынын сұрадым. Маған Оның даналығы керек. Мен осы қызметімнен пайда тапсам, ол жаңа кәсібіме айналатынын білдім. Кейбір сынақтар мен қателіктерден кейін, өзіміз құрастырған қаржылық жоспарды кез-келген адамға тегін ұсынатын болдық. Сонымен қатар, жолдама жүйесі арқылы одан пайда түсіретін әдіс таптық. Ертегіден шыққан қияли әңгімеде жүрген сияқтымыз. Дрендә екеуіміздің қуанышымыз қойнымыза сыймады.

Түсімде көрген өзгеріс дәл осы екенін білдім. Түсімдегі көбелек сияқты, біз де піллә оранғандай, яғни әлі дайындық кезеңінде едік. Мен қанат жайып ұшқым келді! Шынымен ұшу үшін көп нәрсені үйренуім керек, бірақ дұрыс жолда екенімді білдім.

Біз жаңа компания құрып, оны «Faith-Full Family Finances» («Сенімге толы отбасылық қаржылар») деп атадық, өйткені сенім арқылы қаржыңыз әрдайым толық болатынын білдік. Бұл біздің ең маңызды хабарымыз еді. Ұсынатын қаржылық қызметіміз одан кейін екінші орында. Осы атаумен 20 жылдан астам жұмыс істедік. Атауға бір қарағаннан-ақ бұл сенушілік компания екенін түсінуге болады, ал біз сенбейтін адамдармен де жұмыс істегіміз келгендіктен, компаниямыздың атын «Forward Financial Group» деп өзгерттік (айтпақшы, біз қарыз жоспарларын әлі де тегін ұсынамыз, сондай-ақ зейнетақы шоттарын нарықтық тұрақсыздықтан сақтауға көмектесеміз. Forward Financial Group-пен 1-(800)-815-0818 телефоны арқылы немесе forwardfinancialgroup.com сайтында онлайн байланысуға болады).

Компаниямызды ашқан кезде әлі де көп ақша қарыз болғанымызға қарамастан, дұрыс бағытта жылжып келе жаттық. Компания үлкен жетістікке жетті. Дренда екеуіміз екі жарым жыл ішінде қарыздың барлығын төлеп шықтық. Бұл қаншалықты қызық, әрі қуанышты оқиға болғанын айтып жеткізе алмаймын! Кенеттен біздің өміріміз күнкөріспен ғана шектелмей, Құдайдың берген аманатын орындауға да мүмкіндік берді.

Жаңа көлікке еш несие-қарызсыз, өз қаражатыммен, қолма-қол төлеу керемет болды. Огайо штатының ең әдемі жерінен 55 акр телімді қолма-қол ақшамен сатып алғандағы сезім нағыз бақыт еді. Бәріміздің көптен бері армандаған 7 700 шаршы фут үйімізді салу және оның ақысын толықтай төлеп шығу ғажап болды! Дрендамен бірге жаңа үйіміздің жертөлесінің қазылып жатқанын көргенді ешқашан ұмытпаймын. Жертөлениң өзі біз тұрып жатқан шағын фермадан үлкен болды. Екеуіміз мұны көргенде көзімізден жас ақты. Осыған дейін тоғыз жыл бойы өміріміз өте қиын еді. Тозақтан құтқарылғандай болдық. Біз Құдай Патшалығын білетін болдық және Ишая пайғамбар оны неліктен ізгі хабар деп атағанын енді білдік.

*Маған Жаратушы Тәңір Ие Өзінің Рухын қондырды. Жаратқан
Ие мені жарлыларға ізгі хабар жеткізуге... тағайындады*

— Ишая 61:1

Шынымды айтсам, көргеніміздің кереметі сонша, Дренда екеуіміз бұл өң бе, түс пе деп өзімізді қайта-қайта шымшып отыруға тура келді. Қарыздан құтылу бір кездері орындалмайтын арман болса, енді шындыққа айналды!

Бұл – менің істегенім емес! Менің өмірімді білесіз. Қанша жыл бойы тапжылмай еңбек еттім. Білгенімді істеп, маңдай теріммен тапқан ақшаммен отбасымды әрең асырадым. Сөйтіп жүріп, жүрек ауруы мен стресс қана таптым. Ал қазір Құдайдың жолымен өмір сүруді үйрендім. Оның тәсілі жақсылап іске асады екен.

Сондықтан менің білгенімді білу үшін бұл кітапты оқып отырсыз. Бірақ алдымен сіз менің жаңа жүйеге, жаңа Патшалыққа және мүлдем жаңа өмір салтына кіргенімді түсінуіңіз керек. Бұл сіздің де өміріңіздегі үлкен мәселенің шешімі. Сізге қажет жауап осы. Бұл сіз күткен жақсы жаңалық. Сіздің қауымыңыз бұл нәрселерді үйретпейтін шығар. Менің қауымым да ондайды үйреткен емес, бірақ мұның бәрі Киелі кітапта бар.

Құдай әрқашан Ізгі

Ендеше менің айтып тұрғанымды түсіну үшін өте маңызды нәрсе айтайын – діндарлықты таста! Бұл діни мәселе емес. Бұл тек сіз бен Құдайға қатысты мәселе. Бұл Құдайдың сізге не беруді қалайтыны туралы. Бұл Патшалықты сізге беру үшін Құдайдың Иса арқылы өте қымбат баға төлегені туралы. Сонымен, Патшалықты зерттеп, оның қалай жұмыс істейтінін білейік.

Дренда екеуміз Құдай Патшалығының біздің өмірімізде әрекет ететінін көре бастағанда, көрген нәрсеге таң қалдық. Сенушілердің көпшілігі оның қалай жұмыс істейтінін білмейтінін түсіндік.

Мысалы, тонзилэктомия кезінде операция үстелінде қайтыс болған жеті жасар бала жайлы жаңалық оқыдым. Бұл өте кең таралған және әдетте өте қауіпсіз операция болғанымен, баланың жүрегі операция кезінде тоқтап қалды. Әрине, өте қайғылы нәтиже. Осы оқиғаны естігенде, бәріміз ауыр күрсіндік. Дегенмен, оқиға қаншалықты қайғылы болғанымен, бұл отбасыға қатты әсер ететін тағы бір аянышты зат бар. Бала қайтыс болғаннан кейін әкесінің тілшіге айтқан сөзін келтіргім келеді:

«Мұның неліктен болғанын түсіну мүмкін емес, бірақ ол Құдайдың жоспары. Ол Құдайдың ісі екенін білу – осы қайғыда бізге күш беретін жалғыз нәрсе».³

3 <https://nypost.com/2020/02/26/7-year-old-south-carolina-girl-dies-during-tonsillectomy>

Грин Бэй Пакерс спорт командасының қорғаушысы Аарон Роджерстің сөзін де келтірейін. Оның сұхбаты 2020 жылдың 22 қаңтарында Рeople журналында басылып шықты.⁴

Роджерс бала кезінде дінге күмән келтіргенін және есейе келе «руханияттың басқа түріне» жақын екенін түсінгенін айтты. «Мен білетін адамдардың көпшілігі үшін қауым... әйтеуір қауымға баруға міндеттісің, болды». Ол сондай-ақ «Жер шарымызды отты тозаққа соттағысы келетін Құдайға қалай сенуге болатынын білмеймін. Сүйіспеншілікке толы, сезімтал, барлық жерде бар, құдіретті Ие Өзінің керемет жаратылысын қалай ғана отты тозаққа кесе алады?»

Ақымақтық! Расында да, адамдардың Құдай туралы түсінігі осы болса, жеті жасар қызын алғысы келген Құдайға кім сенбейді? Ондай Құдайға кім қызмет еткісі келеді? Ешкім! Жер шарын тозаққа жіберуді «қалайтын» Құдайға кім қызмет еткісі келеді? Ешкім! Бірақ сенушілердің көбісі осындай қисынсыз сөзге сенеді. Келесідей пікірлерді өмір бойы естіген шығарсыз: «Құдай рұқсат етті», «мұны істеген Құдай», «Бұл Құдайдың жоспары болды», «Оның көкке кететін уақыты болды», және тағы басқалары. Өзіңіз де солай ойлайтын шығарсыз. Сондықтан тік айтайын. Егер сіз Құдайдың осындай қатыгез екеніне, баланы Өз еркімен өлтіретініне немесе біреуге қатерлі ісік беретініне сенсеңіз, мені тыңдаңыз.

БІРЕУДЕН ЖАМАНДЫҚ КҮТСЕҢІЗ, ОҒАН ЕШҚАШАН СЕНЕ АЛМАЙСЫЗ!

Жастайыңыздан Құдайға үміт артуға болмайтынын, Ол жазықсыз адамдарды өлтіретінін естісеңіз және Ол — ғаламның құдіретті Жаратушысы екенін білсеңіз, біз Оны ашуландырмау үшін барымызды салғанымыз абзал.

4 <https://people.com/sports/aaron-rodders-opens-up-about-religion-to-danica-patrick-i-dont-know-how-you-can-believe-in-a-god>

Бұрынғы көптеген мәдениеттерде адамдар осылай сенген. Олар қаһарлы Құдайды тыныштандыру үшін түрлі құрбандықтар шалатын. Олар шын мәнінде Оған мойынсұнғандарын көрсету үшін және Оның қаһарынан аулақ болу үшін әртүрлі шектеулерге, тіпті азаптарға да шыдайтын. Бірақ бұл расында да Киелі кітаптағы Құдайдың мінезі ме? Біз Құдайдан қорқып өмір сүруіміз керек пе? Жоқ, әрине. «Құдай бізге қарсы» немесе «Ол қу әрі жауыз» деген түсініктің бәрі Адам мен Хауаның кезінде басталған жамандықтың нәтижесі.

Құдай Ие жаратқан жабайы хайуанаттардың ішіндегі ең қуы жылан еді. Жылан әйелге сұрақ қойып:

— *Құдай сендерге бақтағы ешбір ағаштың жемісін жемеңдер деп шынымен айтты ма?* — деді. Әйел жыланға:

— *Жоқ, бізге бақтағы ағаштардың жемісін жеуге болады. Бірақ Құдай бақтың ортасында тұрған ағаштың жемісі жайлы: «Одан жемеңдер, әрі оған тиіспеңдер, айтпесе өлесіңдер!» деген, — деп жауап берді. Сонда жылан әйелге:*

— *Жоқ, тіпті де олай емес, өлмейсіңдер! Қайта, Құдай сендер осы жемісті жеген кезде көздеріңнің ашылатынын жақсы біледі. Сонда сендер ненің жақсы, ненің жаман екенін айыра алып, Құдай сияқты боласыңдар!* — деді.

Әйел ағаштың жемісіне қарап, оның жеуге жақсы әрі көз тартарлық әдемі екенін және өзін ақылды етуге қызықтырып тұрғанын көрді. Содан ол ағаштың жемісінен алып жеді. Әйел қасындағы күйеуіне де содан берді, ол да жеді.

— Жаратылыстың басталуы 3:1-6

Шайтан әлем жаратылғаннан бері Құдайдың мінезіне күмән келтіріп келеді. Бір қызығы, Хауаның Құдайдың Өзімен тікелей қарым-қатынасы болғандықтан, Хауа жетпеген даналықты Құдайдан алуына болар еді. Алайда шайтан Хауаны бір нәрсе жетіспейтініне және Құдай әлденені одан жасырғанына сендіре

алды. Адам мен Хауа Құдай туралы өтірікке сеніп қалды және басқа патшалыққа ұмтылу үшін көк Патшалығындағы орындарын тастап кетті. Олар шайтанның беретін болашағы жақсырақ деп сенді. Әрине, олардың таңдауы тек азап, қайғы және өлім әкелді.

Шайтанның тактикасы әуел бастан өзгерген емес. Оның басты мақсаты — қауым, мұны білеміз. Қауым қазірдің өзінде шайтанды аяққа басып, оны барлық айқаста жеңуге құқылы болғандықтан, жаудың жалғыз қаруы сол баяғы алдау мен өтірік.

Құдайдың мінезі

Сіздің болашағыңыз бен ризық-несібіңізге келетін болсақ, ең алдымен Құдайдың мінезі жайлы сөз қозғауымыз керек. Бұл ең маңызды тақырып. Егер мұны талқыламасақ, кітапты оқып уақыт жұмсмай-ақ қойыңыз. Онда бұл кітап тез байып кетуді түсіндіретін толып жатқан кітаптің бірі болады. Осы тақырыпшаны асықпай, байыптап оқып шығыңыз. Мұны сізге жақсылап түсіндіруге мүмкіндік беріңіз. Сіз шынымен қаржылық жағынан еркін болғыңыз келеді деп үміттенемін. Даналық пен білімді қалайсыз деп үміттенемін. Бұл жолы ілім Адам ата мен Хауа ананы алдаған өтірікші шайтаннан емес, Құдайдың Өзінен.

Біріншіден, Құдай жамандыққа неліктен жол береді деген ойыңызды түсінемін. Ол Құдай ғой, Оның кез-келген нәрсені істеуге құдіреті бар емес пе? Еш жазығы жоқ жеті жасар бала қайтыс болды. Құдайдың оны аман сақтап қалуға құдіреті бар. Демек, Құдай баланың өліміне рұқсат берген болуы керек. Бұл тек ішінара ақиқат. Құдайдың өлімді болдырмауға құдіреті болса да, оны тоқтатуға заңды құзыры болмады. Келесі тарауда осы заң құзыры мәселесіне көбірек тоқталамын, бірақ одан бұрын Құдайдың мінезін түсініп алғанымыз жөн. Алдымен Құдайдың Ізгі екенін және Оның Сөзі шындық екеніне еш күмәнданбауды үйренуіміз қажет.

Бұл неге соншалық маңызды деп сұрауыңыз мүмкін. Әрі қарай

кітапта мен Патшалықтың заңдарын, олардың әрекетін және бұл заңдар мені қаржылық тозақтан қалай құтқарғанын айтып беремін. Егер сіз Патшаның Өзіне, Оның заңдарына сенбесеңіз, Оның заңдары сіз үшін ештеңе істей алмайды.

Естеріңізде болса, бұл саяхатта менің алғашқыда түсінгенім, Құдай Патшалығы — үкімет болып табылады. Бұл үкіметтің Басшысы бар. Ол Патшалықтың заңдарын орнатады. Бұл заңдар Патшалық азаматтарының құқықтары мен міндеттерін мәлім етеді. Олар Патшалықтағы әрбір азаматты қорғайды, әрі азаматтардың өмірінде Патшаның еркі орындалатынына кепілдік береді. Патшаның мінезін түсінеміз десек, заңдардың өзін түсінуіміз міндетті шарт болып табылады.

Жоғарыда айтқанымдай, Құдай Патшалығы – әрбір азаматына заңды түрде тиесілі құқықтары мен міндеттері бар үкімет екенін түсінгеннен кейін, мен рухани ғалымға айналдым. Сонда Патшалықтың әрбір әрекетінің артында оны тудыратын рухани заң бар екенін білдім. Осыны біліп үміт таптым. Заңдарды үйрене аламын ғой! Оны кез-келген адам істей алады! Осыған келесі әңгімеміздегі Кит пен Кэти де көз жеткізді.

Төрт жылдың ішінде танымастай өзгерген өмір

Кит пен Кэти қарапайым жұмыс істеп жалақы алып, қалыпты өмір сүрді. Олар жаңа үй сатып алған кезде, Кит жұмысынан айырылып қалды. Алайда Кит біздің «Fixing the Money Thing» («Ақша мәселесін шешу») атты телешоуымызды бір жыл бұрын тауып алып, менің кейбір материалдарымды зерттеп, ой жүгіртуге, Патшалық пен өзінің азамат ретіндегі заңды құқықтары туралы білуге уақыт бөлді.

Ол жұмыссыз қалғанда, дұға етіп, басқа жұмыс іздеудің орнына жеке жүк тасымалдау компаниясын ашамын деп шешті. Ол кезде Кит бизнес туралы көп білмейтінін мойындады, бірақ оны үйрену қолынан келетінін білді. Ол жүк тасымалдау ісін бір жүк көлігінен

бастады. Көліктерді және басқа да жүктерді тасымалдайтын. Кит пен Кэти өз істерін жүргізуді үйреніп жатқанда, бір ұлттық компаниямен жұмыс жасау мүмкіндігі пайда болды. Бұл Кит үшін үлкен қадам болды. Мұны іске асыру үшін ол үлкен жүк тартқышын сатып алуы керек болды және жүк тасымалдау бизнесіне қатысты көптеген заңдарды үйренуге тура келді. Бірақ ол осы мүмкіндікті жіберіп алмайын деп, іске кірісті. Ол Құдайдың қолдауына сенім артты.

Содан бері Киттің компаниясы өте үлкен жетістікке жетті. Қазір оның сегіз үлкен жүк тартқышы бар. Кит ескі жұмысында аптасына 1500 долларға жуық ақша табатынын айтты.

**ҚҰДАЙ ІЗГІ ЕМЕС ДЕЙТІН
ӘРБІР АДАМ ӨТІРІК
АЙТАДЫ!**

Өзінің жүк тасымалдау компаниясын ашқанда, бірінші жылы ол аптасына 4000 долларға жуық қаржы түсірді. Екінші жылы

Кит аптасына 15 000 доллардан жоғары көтерілді. Келесі жылы ол аптасына 25 000 доллар, ал одан кейінгі жылы аптасына 38 000 доллар табатын болды. Кит төрт жылдың ішінде жылына 78 000 доллардан жылына екі миллион доллар табысқа жетті!

Мен осы тарауды жазып жатқанда, Киттен хабар алдым. Оған тағы төрт жүргізуші жалдауға тура келген екен. Оның қазіргі табысы аптасына 70 000 долларды құрайды. Төрт жыл ішінде жылына 78 000 доллардан аптасына 70 000 долларға жетті! Бұған назар аудармай кету мүмкін емес! Кит пен Кэти бұдан да үлкен керемет көретіндеріне сенеді. Олар енді тағы екі компания құруды жоспарлап отыр.

Егер Кит пен Кэтиден «Мұны қалай жасадыңыз?» деп сұраса, олар «Мұның бәрі Патшалықтың қалай жұмыс істейтінін білудің арқасында» деп жауар берер еді.

Кит пен Кэти сізге айтатын бірінші нәрсе — олар Құдай және Оның қалай әрекет ететіні туралы өмір бойы естіген қате діншіл

түсінікті жоюға мәжбүр болды. Олар назарларын бір ең маңызды ойға аударды — Құдай Ізгі, ӘРҚАШАН Ізгі және ол ЕШҚАШАН өтірік айтпайды. Құдай Ізгі емес дейтін әрбір адам өтірік айтады!

Сүйікті бауырластарым, алданып қалмаңдар: көктегі Әкеміз берген қай нәрсе де игі. Нұр шашқан аспан денелерін жаратқан Ол бізге Өзінің мүлтіксіз жарылқауын жаудырады. Аспан денелерінің көлеңкелері қозғала бергенмен, Құдайда ешқандай тұрақсыздық жоқ.

— Жақып 1:16-17

Екіншіден, олар мүлдем жаңа жолмен беруді үйрену керек дейді. Құдайдың аманатын олар тапқан ақшамен қолдау табыстың маңызды кілті болып табылады.

Киелі кітап анық айтады. Адамдардың басына түскен сұмдық оқиғалар үшін Құдайды кінәлау дұрыс емес. Киелі кітапта шайтанның өлтіру, ұрлау және жою үшін келетіні айтылған.

Ұры ұрлап, сойып, құрту үшін келеді. Ал Мен адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім.

— Жохан 10:10

Исаның сөзіне назар аударыңыз: «адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім» немесе кейбір нұсқаларда «өмірлері молшылыққа толсын» делінген. Құдай сізге жау емес. Құдайды жау деп санасаңыз, онда Жақып 1:16-ға сәйкес, сізді біреу алдап кетті. Құдай өтірік айтады деп сізге кім айтты? Жеті жасар баланы Құдай өлтірді деп сізге кім айтты? Құдай кейде емдейді, кейде емдемейді деп кім айтты? Өзі қателесіп жүрген әлдебір уағызшы айтқан шығар. Бірақ Құдайдың сізге арнаған игілігін алғыңыз келсе, келесі тұжырымды жақсы түсініп, оны мықтап ұстануыңыз

керек. Құдай өтірік айтпайды! Шынында да, Киелі кітапқа сәйкес, Оның өтірік айтуы мүмкін емес (Еврейлерге 6:18).

Тағы да қайталаймын, адамдар жерде жүріп, көктегі Патшалықтың заң жүйесін түсінбейді. Сол себептен Құдай әрқашан Ізгі Құдай екеніне сенбейді. Жоғарыда айтқанымдай, біз оны келесі тарауда қарастырамыз және ол сіздің көптеген сұрақтарыңызға жауап береді. Бірақ егер сіз Патшалықтың қалай жұмыс істейтінін түсінгіңіз келсе, Құдайдың Ізгі екенін және ешқашан өтірік айтпайтынын білуіңіз керек.

Құдай Патшалығындағы тұрақты нәрселер

Орта мектепте оқып жүргенде, мен осы тұста қолдануға болатын сабақ алдым. Физикалық заттармен жұмыс істегенде, олардың ешқашан өзгермейтін және тұрақты белгілі бір қасиеттері бар деп бізге мұғалім үйретті. Есіңізге де ме? Бұлар физикада тұрақты шамалар деп аталады. Мысалы, су әрдайым 0 градус температурада қатады. Бұл тұрақты шама, ол ешқашан өзгермейді. Сол сияқты Құдайдың Ізгі екендігі де тұрақты. Суға қатысты есеп шығарғанда, барлық теңдеулеріңізде судың қату температурасының тұрақты мәнін қолданасыз.

Бұл Құдайдың мінезіне де қатысты. Егер сіз Құдайдың Ізгі екенін және бұл ешқашан өзгермейтінін білсеңіз, Жазба үзіндісін осы білімді қолдана отырып түсіне аласыз. Мысал ретінде Мысырдан көшіп шығу 4:11-12 тармақтарын қарастырайық.

Ал Жаратқан Ие:

— Адамға тілді бітірген кім? Оны мылқау не саңырау, көретін не соқыр ете алатын кім? Соны істей алатын Жаратқан Ие, Өзім, емеспін бе?

— Мысырдан көшіп шығу 4:1-12

Бір қарағанда, Құдай адамдарды соқыр және әдейі естімейтін

етіп жаратқан сияқты. Бірақ біз әлгі тұрақты нәрсені есте сақтауымыз керек — Құдай әрқашан Ізгі. Сол Жазбаны басқа нұсқада қарастырайық.

Сонда Жаратқан Ие Мұсадан: «Адамның аузын Кім жаратты? Адамдардың сөйлейтіні немесе сөйлемейтінін, еститіні немесе естімейтінін, көретіні немесе көрмейтінін кім шешеді? Мен, Жаратқан Ие емес пе?» деп сұрады.

— Мысырдан шығу 4:11
(ағылшынша NLT нұсқасынан аударма)

Бұл үзіндідегі әңгіме келесідей. Құдай Мұсаны өз халқына, еврейлерге жібереді. Мұса оларға барып, «Перғауыннан сендерді босатуды талап ету үшін Құдай мені жіберді» деуі керек. Бірақ Мұса Құдайға: «Еврейлер Сенің маған көрінгеніңе сенбесе ше?» деді. Құдай оны дәлелдеудің бірнеше жолын айтады. Бірақ Мұса Жаратқан Иеге жалбарынып, былай дейді:

— Уа, Ием! Мен бұрыннан бері де, Сен құлыңмен тілдесіп тұрған қазір де сөзге шешен адам емеспін. Аузым шабан, тілім жүйрік емес, — деп уайымын білдірді.

Ал Жаратқан Ие:

— Адамның аузын Кім жаратты? Адамдардың сөйлейтіні немесе сөйлемейтінін, еститіні немесе естімейтінін, көретіні немесе көрмейтінін кім шешеді? Мен, Жаратқан Ие емес пе? Енді бар! Мен саған жар болып, айтатын сөздеріңді үйретемін, — деп бұйырды.

— Мысырдан көшіп шығу 4:10-12
(ағылшынша NLT нұсқасынан аударма)

Құдайдың Мұсаға айтқан сөздерін мазмұндап айтып берейін. Мен адамның аузын сөйлейтін әлде сөйлемейтін қылып жараттым

ба? Адамның көзін көретін немесе көрмейтін етіп жараттым ба? Жауабы анық. Ауыз сөйлеу үшін, көз көру үшін жаратылған. Құдай Мұсаға осыны ғана айтқысы келеді. Яғни, асылында Құдай: «Ауызды жаратқан Өзім болсам, оны дұрыс пайдалануға саған Өзім көмектесемін!» дейді. Құдай Мұсаға күш бергісі келді. Еврейлерге барғанда, Мұсаға сөйлеуге көмектесетінін айтты.

Бірақ Құдайға деген дұрыс көзқарас қалыптаспаса, біз мұндағы ниетті қате түсінуіміз мүмкін. Мұсаның тілі мүкіс болғанын бәріміз естіген шығармыз. Көптеген адам мұны күмәнсіз шындық ретінде айтады, бірақ ол рас па? Жауап ретінде сіз: «Әрине. Мұсаның өзі солай айтты» деуіңіз мүмкін. Келісемін, Мұса солай деген еді, бірақ ол не туралы болды? Егер Мұса жақсы сөйлей алмаса, онда біз Елшілердің істері 7:22-ні қалай түсінеміз?

Осылай Мұса мысырлықтардың бүкіл даналығын оқып-үйреніп, сөзі мен ісінің арқасында ықпалды адам болады.

— Елшілердің істері 7:22

Шындығында, Мұса сөзге қиналған емес. Керісінше, оның сөйлеу қабілеті күшті еді. Сонда Мұса не дегісі келеді? «Уа, Ием, мен сөз сөйлеуге жарамсызбын. Бұрыннан бері де, қазір де, шешен адам емеспін. Тілім байланып, сөзім түйіліп кетеді» деді ме?

Мысырдан көшіп шығудың 4-тарауында Мұсаның баяу сөйлейтіні туралы айтылғанда, ол Мұсаның еврей тілінде жақсы сөйлей алмағанын айтады. Ол еврейлермен бірге өскен жоқ. Ол мысырлық болып өсті және негізінен мысыр тілінде сөйледі. Құдай адамның аузын жаратқандықтан, Мұса еврейлермен сөйлескенде, оған көмектесетінін айтады. Бірақ Мұса тағы да кідіріп қалады.

Мұса:

— Уа, Ием! Кез келген басқа біреуді жібере көрші, — деп жалынды. Сонда Жаратқан Ие оған ашуланып, былай деп сөзін тамамдады:

— Сенің леуілік Һарон атты ағаң бар емес пе? Оның сөзге шешен екенін білемін. Ол қазір-ақ сені қарсы алуға келе жатыр, өзіңді көргеніне шын жүректен қуанбақ. Онымен сөйлесіп, айтатын сөздерін аузына салуың керек. Мен саған да, оған да жар болып, сөздерімді айтқызып, не істеулерің керек екенін Өзім үйретемін. Сонда Һарон халыққа сенің атыңнан сөйлемек. Ол сенің аузың, ал сен ол үшін Құдай (іспетті жетекші) боласың.

— Мысырдан көшіп шығу 4:13-16

Бұдан шығатын қорытынды: Һарон еврей болып өскендіктен, еврей тілін өте жақсы білген және ол еврейлермен Мұсаның орнына сөйлесе алатын. Мұса кекеш адам болмаған.

Енді сіз Құдайдың мінезіне дұрыс және тұрақты көзқарастың қаншалықты маңызды екенін түсінесіз. Оның әрқашан Ізгі екенін білсек, Киелі кітап мәтінінің өзіміз естіп үйренген мағынасына күмән келтіріп, оны дұрыс түсіну үшін тереңірек зерттей аламыз. Сонымен, сіздің Патшалықтағы негізіңіз Патшаның мінезін білу болып табылады. Егер оны білмесеңіз, шайтан Хауа ананы алдағандай, сізге де «Құдай барлық шындықты айтпайды» немесе одан да жаманы, «Ол сізге өтірік айтады деп алдауы мүмкін».

**КИЕЛІ КІТАПТА
ҚҰДАЙДЫҢ ПЕРЗЕНТІ
РЕТІНДЕ СІЗДІҢ ЗАҢДЫ
ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДЫ
АНЫҚТАЙТЫН 7 000-НАН
АСТАМ УӘДЕ БАР.**

Құдайдың уәделерін түсіну

Киелі кітапта Құдайдың перзенті ретінде сіздің заңды құқықтарыңызды анықтайтын 7 000-нан астам уәде бар. Әрбір уәдені сізге Патшаның Өзі берген және оған сенуге болады. Әлде болмайды ма? Егер Құдайдың Ізгілігіне күмән болса, оның уәделеріне де күмән болады.

Бір мысал келтірейін. Мен сізге 1000 долларлық чек бердім делік. Сіз маған рахмет айтып, ол 1000 долларды қалай жұмсаған дұрыс болады деп ойланасыз. 1000 доллары бар адамдай әрекет етесіз, 1000 доллары бар адамдай сөйлесесіз және 1000 доллар үшін маған тағы да рахмет айтасыз. Бірақ сізде әлі 1000 доллар жоқ. Сізде тек вексель бар. Менің сізге берген чегім — бұл менің банкімнен 1000 доллар алуға сізде заңды құқық бар дейтін менің уәдем. Ақшаны алу үшін чекті әлі қолма-қол ақшаға айналдыру керек! Бірақ мен сізге чекті өз еркімен беріп, оған қол қойғандықтан, менің сізге деген ниетім белгілі. Менде 1000 доллар бар деп сіз сенгендіктен, мен бар болғаны уәде берсем де, қолыңызда сол 1000 доллар бар деп сенесіз.

Әрине, Құдай менен құдіретті екені сөзсіз. Оның Сөзі өтірік айтпайды. Ол бізге Өзінің ұлы да шексіз құнды уәделерін берді. Егер Құдай сізге уәде берсе, ол орындалды деуге болады! Уәденің орындалуын тоқтату үшін шайтан жасай алатын жалғыз нәрсе — сізді Құдай Сөзіне сендірмеу. Сондықтан Құдайдың Ізгі екенін және өтірік айтпайтынын білу өте маңызды.

Тағы бір мысал келтірейін. Көптеген адамдар кереметтердің заманы өтіп кеткенін айтады. Олар Исаның жер бетінде жүргенде істегені енді қайталанбайды дейді. Мен дәстүрді қатал ұстанатын қауымда өстім және шынымды айтсам, Құдайдың құдіретін ешқашан көрген емеспін. Адамдардың сауығып жатқанын көрмесек, бұл Құдайдың енді ешкімді сауықтырмайтынын білдіре ме? Бұған жауап беру үшін біз өз тәжірибемізге жүгіне алмаймыз. Киелі кітапта, Патша заңында емдеу туралы не айтылғанын білуіміз керек.

Құдай Өзінің Киелі Рухы мен құдіретін назареттік Исаға дарытты. Ол игі істер жасап, шайтанның құрсауындағы адамдарды азат етіп сауықтырып, ел аралап жүрді, өйткені Құдай Оған жар болды.

— Елшілердің істері 10:38

Көріп отырғанымыздай, сауықтыру Исаның қызметінің басты бөлігі болды. Мәтінде Исаның барлығын сауықтырғаны айтылады, өйткені Құдай Оған жар болды. Енді бұл «Құдай Оған жар болды» деген сөзді сіз түсінуіңіз керек. Әрине, Құдай Исаның жердегі бүкіл өмірі бойы Онымен бірге болды. Бірақ бұл сөз шын мәнінде Иса суға шомылдыру рәсімінен өткенде Киелі Рух Оған көгершін бейнесінде түскен сәтке қатысты. Осы уақытқа дейін Иса ешбір керемет жасаған жоқ. Бізде Исаның бала кезінде таңғы асты көбейткені немесе біреуді сауықтырғаны туралы деректер жоқ. Ол Киелі Рухпен майланған соң ғана қызметін шынымен бастады. Құдай онымен бірге қызмет етті.

Сіз: «Иә, Иса сауықтырды, бірақ Ол аспанға кетіп қалды ғой, қазір бізбен бірге мұнда жоқ» деп айтуыңыз мүмкін. Келісемін, дұрыс айтасыз, бірақ Ол бұл істі қауымға тапсырды. Көрдіңіз бе, Исаға дарыған құдірет қауымға да берілген. Иса жерден көкке көтерілейін деп жатқанда, шәкірттеріне былай деді:

Бірақ Киелі Рух өздеріңе қонғанда Оның құдіретін қабылдайсыңдар. Содан сендер Иерусалимде, бүкіл Яһудея мен Самария аймақтарында және жердің шетіне дейін Маған куә боласыңдар.

— Елшілердің істері 1:8

Дәл осы құдірет, яғни Киелі Рух, Иса жасаған кереметтерді жасау үшін қауымға қонды.

Мен басқа ештеңемен келісе алмаймын. Менің қызым Эмидің құрсағында 6-килограмдық ісік болды. Бәріміз Құдай Сөзін негіз қылып алдық та, қызымның сауығып кетуін сұрап дұға еттік. Ол кешке төсекке жатып, таңертең толықтай сауығып ояңды. Салмағы 6 килограмм ісік жойылып, оның (бұрында түйінделіп бұралып кеткен) арқасы толығымен қалпына келді. Сіз оның сауығу әңгімесін «Healed Overnight» кітабынан көріп, оқи аласыз.

Келінімнің бүйірінде апельсиндей ісік бар еді. Дәрігерлер

оны операция жасап, алып тастау керек деді. Қатерлі ісіктің сирек емделетін түрі екенін және бір-екі айдан кейін келінімнің қайтыс болатынын айтты. Келінім де Құдайдың уәделеріне сеніп, таңертең толық сауығып оянған. Ісік ғайып болды.

Менің әйелім Дренданың да арқасында 50 центтік тиындай үлкен ісік болған еді. Ол ісікке денесін тастап кетуді бұйырды. Ісік екі апта ішінде толығымен жойылды.

Құдай бұл әйелдерді емдеуді таңдады ма? Бұл Құдайдың таңдауын қажет еткен нәрсе болды ма? Құдай сізден гөрі осы үш әйелді жақсы көреді ме? Жоқ! Олар Патшалықтың заңдары мен артықшылықтарын түсінді және жай ғана оларды талап етті. «Олай болса, неге көп адам ауырады?» деп сұрауыңыз мүмкін. «Неліктен біз қауымдарымызда адамдардың сауығып жатқанын жиі көрмейміз?»

Мұны сұрағаныңыз жақсы болды. Оны келесі тарауда қарастырайық.

3-ТАРАУ

ҚҰЗЫРЕТ МӘСЕЛЕСІ

Жоғарыда айтқанымдай, мен Огайо штатында, қаланың сыртында, аумағы 24 гектар өте әдемі жерде тұрамын. Бастапқыда менің 22 гектар жерім бар еді, бірақ көршім шекаралас жер телімін маған сатты, сөйтіп жалпы аудан 24 гектарға жетті. Бұл жерді соңғы жиырма екі жылдың ішінде жақсылап пайдаға асырып келе жатырмыз. Бұғы аулайтын орманның, үйрек аулайтын батпақтың, қоян мен қырғауыл аулайтын егістіктің, сонымен қатар квадроцикл мінетін жерің болған бақыт екен. Менің меншігіме мұқият қараса, жерімнің қоршауында «ӨТУГЕ БОЛМАЙДЫ» деген белгілер бар. Бұл белгілер басқалардың менің меншігім қай жерде басталатынын білуі үшін керек.

Огайо штатының заңы бойынша, менің жерімде жүргісі келетін адам жазбаша келісім алып жүруі керек. Егер мұндай рұқсат қағазы болмаса, бұл шекара бұзу деп аталады және заң бойынша рұқсатсыз кірген адамды қуып жіберуге, сондай-ақ оған айыппұл салуға болады. Яғни, менің келісімімсіз менің жеріммен жүруге ешкімнің заңды құқығы жоқ, өйткені жер оныкі емес. Ондай адамға жерімнен кет десем, ол бағынуға мәжбүр болады.

Бір сөзбен айтқанда, сіздің әлденеге заңды құзыретіңіз болмаса, оны пайдалана алмайсыз.

Осы мысал Құдай Патшалығында неліктен бір заттың жүзеге асып, басқасы болмай қалатынын түсіндіреді. Құдай

Патшалығындағы құзырет мәселесін түсіну Патшалықта тиімді әрекет етудің қажетті шарты болып табылады.

Олар неге емделмеді?

Сіз осыған ұқсас оқиғаны естіген шығарсыз. Бір атақты адам ауырып қалады. Оның жақындары бұл кісі үшін мінәжат етуге өтініш жасайды. Миллиондаған адамдар осы адамның сауығып кетуі үшін дұға етеді, бірақ ол қайтыс болады. Неліктен? Немесе біреу сізге әжесі қайтыс болғанын айтады. Әжесі үшін бүкіл отбасы бірге дұға етсе де, Құдай оны өлімнен құтқармады ма? Ол отбасы мұның себебін білгісі келеді. Немесе біреу сізге қаржылық мұқтажы үшін ақшалай тұқым еккенін, бірақ әлі де қаражаттан тарылып жүргенін айтады. Бұл сұрақтарға жауап бар ма?

Жауап бермес бұрын, біз Рух әлемінде болып жатқанның бәрін білмейміз деп келісейік. Мен де бәрін білемін демеймін. Алайда, Құдай Сөзіне сүйенсек, біреу ауырып қалса, Иса олардың емделуі үшін құн төлегенін білеміз. Біз жомарттық танытып, басқаларға көмектессек, Киелі кітапта жазылғандай, өзіміз де жарылқау алатынымызды білеміз. Дегенмен, көптеген адамдардың өмірінде Құдай Сөзі Киелі кітапта жазылғандай іске аспайтынын көріп отырмыз. Бұған Құдай кінәлі ме?

Алдыңғы тарауда білгендерімізді ескеріп, осы сұрақты жақсылап талқыласақ, жоқ, Құдай кінәлі емес екенін білеміз. Олай болса, мәселе неде? Бұл күрделі сұрақ. Құдай әрқашан Ізгі деген қарапайым түсінігі жоқ адамдардың көпшілігі «Қайғылы оқиғаға Құдай кінәлі ме?» деп сұрағанда, «Иә» деп жауап береді. Тағы да, олар Құдайдың жамандықты тоқтатуға құдіреті бар болса да, Ол жамандыққа жол берді деп ойлайды. Бірақ Құдайдың шынымен Ізгі екенін және өтірік айта алмайтынын түсінсеңіз, мәселенің түптамыры басқа екенін біліп, жауап іздейсіз.

Шәкірттері жын соққан баладан жынды қуып шығара алмаған кезде осындай дұрыс түсініктерін білдірді. «Неге Құдай сол

жынды балада қалдыруды таңдады?» деп сұраудың орнына, олар Исадан: «Неге біз оны қуып шығара алмадық?» деп сұрады.

Біздің жағдайымыз Құдай Сөзіне қайшы болып көрінгенде, бұл сұрақ бірден ойымызға оралуы керек. Ендеше, қайталап айтамын, біріншіден, Құдайдың жақсы екенін, екіншіден, Оның өтірік айтпайтынын білу өте маңызды. Сондықтан осы өте түсінікті, әрі қарапайым нәрсені көпшілікке түсіндіруге мен көп уақыт жұмсадым. Қауымдағы адамдардың көбісі үшін бұл құпия екен. Құдай Патшалығының қалай жұмыс істейтінін білгіңіз келсе, Киелі кітапты сұрақ қойып отырып оқуыңыз керек.

**ҚҰДАЙДЫҢ
ПАТШАЛЫҒЫ –
ЕШҚАШАН ӨЗГЕРМЕЙТІН
ЗАҢДАР МЕН
ҚАҒИДАЛАРДЫҢ
НЕГІЗІНДЕ ҚҰРЫЛҒАН
ПАТШАЛЫҚ.**

Есіңізде болсын, Киелі кітаптағы керемет әңгімелер белгілі бір себептен жазылған. Иса сізге бірдеңе көрсетуге тырысады. Ендеше, «Құдай Сөзінде айтылғандарды адамдар неге ала алмайды?» деген сұраққа көшейік. Көк құзыретінің жұмыс істеуіне кедергі келтіретін көптеген заттар болуы мүмкін. Кейбіреулері бірден байқалмайды, кейбіреулері әр кісінің жеке және жасырын мәселесі.

Құдайдың Патшалығы – ешқашан өзгермейтін заңдар мен қағидалардың негізінде құрылған патшалық. Фермер жердегі егін егу мен өнім жинау уақытының заңдылықтарын түсініп, пайдаланатындай, бұл қағидаларды да үйренуге және қолдануға болады. Патшалықтың заңдары әрбір азаматқа түсіну және пайдалану үшін берілген. Оларды кез-келген адам түсініп ала алады. Кейде бұл заңдардың қалай жұмыс істейтінін білу өмір мен өлімнің арасын шешетіндей маңызды болуы мүмкін.

Өмірлік маңызы бар шешім

Марк пен Ханна біздің қауымға келгенде, балалы болғысы келді. Дәрігерлер Ханнаға әртүрлі физиологиялық мәселелерге байланысты оның құрсақ көтеріп, бала көтере алмайтынын айтты. Бірақ ол Құдайдың ізгілігі туралы естігенде және Faith Life қауымында Патшалық заңын зерттей келе, жүкті екенін білді. Ханнаның қуанышында шек болмады. Бірақ көп ұзамай, оның іші қатты ауыратын болды. Ауырғаны сонша, Ханна бірде есінен танып, талып қалды.

Осындай жағдайдың бірінен кейін, Ханна денсаулығын тексеруге дәрігеріне асықты. Дәрігер ауруханада болған жоқ, бірақ кезекші дәрігер не болып жатқанын түсіну үшін ультрадыбыстық зерттеу жасауды ұсынды. Дәрігер зерттеуден жатырдың ішінде ұйыған қанның жиналғанын көрді. Құрсақтағы нәрестенің жүрек қағысы естілмеді. Дәрігер әйелге баланың өлі екенін, түсік түсіру керек екенін айтты. «Ертең ауруханаға қайтып келіп, жатырыңызды тазарттыруыңыз керек» деді. Бірақ Ханна одан бас тартты. Күйеуі Марк Ханнаның шешімін қолдап, Құдай Сөзін және Құдайдың уәделерін Ханнаның есіне салды. Бала тууға деген сенімін бұл ерлі-зайыптылар жоғалтпады. Сол аптада қауымға келгенде, жиналғандар бірге Ханнаның денсаулығы үшін мінәжат етті. Ханна дәрігердің айтқанына қарамастан, дені сау бала туатынына сенімді болды.

Дүйсенбі күні ол өзінің жеке дәрігеріне барды. Дәрігер тағы да ультрадыбыстық зерттеу жасады. Ханна кейіннен айтқандай, дәрігер аң-таң болып, көргеніне сене алмай тұрып қалды. Ол экранға және бірнеше күн бұрын түсірілген суреттерге қайта-қайта қарай берді. Содан кейін Ханнаға бұрылып былай деді: «Мен дәрігер болып отыз жыл жұмыс істеп келемін, бірақ бұрын-соңды мұндайды көрген емеспін. Өткен аптадағы суреттерден қанның ұйығанын және нәрестенің жүрек қағысы жоқ екенін көріп тұрмын. Бүгінгі зерттеуге қарасам, ұйыған қан ғайып болған.

Құрсағыңыздағы бала мүлдем сау. Жүрек соғысы тамаша». Бірнеше айдан кейін Ханна толығымен сау қыз бала туып, оның есімін Эвелин деп қойды. Бір күні ол Эвелин есімінің мағынасын іздеп, оның «өмір» дегенді білдіретінін оқығанда қатты таң қалды!

Бұл таңғажайып оқиға, сөзсіз, Құдайдың ісі болды. Рухани ғалым ретінде сіз дәл қазір келесідей бірнеше сұраққа ой жүгіртуіңіз керек. Бұл неліктен болды? Ханнаны Құдай ерекше сүйеді ме? Құдай оның баласын емдегені кездейсоқтық па? Бұл жауап беруді қажет ететін сұрақтар. Қайталап айтамын, қарапайым сенуші үшін бұл керемет ғажайып болды. Бірақ мен адамдарды «ғажайып» сөзінің мағынасын қайта қарастыруға шақырамын, өйткені ол әдеттегіден тыс, ерекше нәрсені білдіреді. Құдай Патшалығында бұл жай ғана Патшалық заңының әрекеті болды.

Егер мен бір тас тауып алып, сосын оны жерге тастасам, ол жерге құлайды. Сонда «Мәссаған, көрдің бе? Тас жаңа ғана жерге құлады. Бұл керемет қой!» деп қуансам, мені есі адасқан адам дейсіз ғой. Тастың жерге құлағаны ғажап емес дейсіз, өйткені тартылыс заңы бар екенін және ол әрқашан және барлығы үшін бірдей жұмыс істейтінін білесіз. Тас әрқашан жерге түседі. Сондықтан, рухани ғалым ретінде не болғанын дәл түсінуіңіз керек. Осы оқиғада іске қосылған Патшалықтың заңдарын немесе ол заңдарды ашатын рухани кілттерді іздеуіңіз керек.

Табылған кілт

Осы мәселелерге қатысты Құдай Патшалығының әрекетін тереңірек түсінуге көмектесетін басқа әңгімеге көшейік. Киелі кітаптағы ең керемет оқиғалардың бірі Лұқа Инжілінің сегізінші тарауында жазылған.

Иса Жайырдың үйіне бара жатқанда, халық Оны жан-жақтан қаумалап қыспақтады.

Халықтың арасында он екі жыл бойы қан кетіп ауырып

келген бір әйел де бар еді. Ол бар мал-мүлкін дәрігерлерге жұмсағанмен, біреуі де оны емдеп жаза алмады. Әйел Исаның арт жағынан жақындап келіп, Оның шапанының шетіне қолын тигізді. Сол сәтте-ақ қаны тоқтады. Иса:

— Маған қолын тигізген кім? — деп сұрады. Ешкім де мойындамаған соң, Петір мен оның қасындағылар:

— Ұстаз! Халық Сізді қаумалап қыспақтап тұр ғой. Ал Сіз: «Маған қолын тигізген кім?» дейсіз бе?! — деді. Бірақ Иса:

— Біреу Маған қолын тигізді! Өйткені Менен біраз сауықтыру құдіретінің шыққанын сездім, — деп кесіп айтты.

Әлгі әйел істеген ісін жасыра алмайтынын білген соң қорыққанынан қалтырап, Исаның қасына келіп, аяғына жығылды. Сосын өзінің қандай себеппен қолын тигізгенін және сол сәтте-ақ қалай сауығып кеткенін бүкіл халықтың алдында айтып берді. Иса оған:

— Қызым, сенімің арқылы сауықтың. Аман-есен қайта бер, — деді.

— Лұқа 8:42–48 (ағылшыншадан аударма)

Бұл хикаяда ұзақ жылдар бойы қатты сырқаттанып, жазыла алмай жүрген әйелді көреміз. Әйел Исаға жақындап барып, оның киіміне қолын тигізді де, дереу сауығып кетті. Бұл оқиға қазынаға толған сандықтай. Құдай Патшалығының жұмысы туралы үйренуге болатын кейбір өте терең заттар осында жатыр. Хикая бізге қажетті жауаптардың кейбірін табуға көмектеседі.

Біріншіден, Исаны қоршап алған халықтың бәрі Оған қолын тигізді. Әңгімеде айтылғандай, Оған жақындаған қалың жұрт оны басып кете жаздады. Иса: «Маған кім қолын тигізді?» деп сұрағанда, Петір бұл сұраққа таң қалды, өйткені тағы да қайталаймын, Оған қолын тигізбеген адам болмады. Бірақ Иса бұл адам Оған басқаша қол тигізгенін айтты, өйткені Иса Киелі Рух күшінің Өзінен шыққанын сезді.

Осы әңгімені оқығаннан кейін, рухыңыз сізді кідіртп, не болғанын ойлануға шақыруы керек. Ойыңыз дереу зерттеу режимін қосып, көп сұрақ қоюы керек. Рухани ғалымдар ретінде неліктен басқа біреу емес, дәл осы әйелдің емделгенін түсінейік. Менің ойымша, Исаның жанында ем іздеп таппаған көп адам болды. Олардың барлығы Исаға қолдарын тигізген, сонда да сауықпаған. «Неліктен рухани құдірет Исаға қолдарын тигізген барлық адамға емес, тек осы әйелге ғана келді?» деген сұрақ қоюымыз керек.

Дәстүрлі діншіл жауап: науқас әйел Иса оны емдегендіктен сауығып кетті. Расында да солай ма? Ол сауыққан кезде Иса оған әдейі қызмет етті ме? Ол әйелге қолын қойып мінәжат етті ме? Ол ауруға әйелдің денесінен шығып кетуді бұйырды ма? Жоқ. Шындығында, Иса әйелді халықтың арасынан көрген де жоқ. Исаға кімнің қол тигізгенін сұрауға тура келді. Сонда Иса оны әдейі сауықтырамын деп таңдау жасады ма? Тағы да қайталаймын, Иса әйелдің қасында жүргенін білмеді. Сонда ол қалай емделді? Неліктен емделді?

Рухани ғалымдар ретінде, біз науқас әйел — Құдайдың ерекше балаларының бірі болған немесе Исамен ерекше қарым-қатынаста болған деген пікірді жоққа шығара аламыз, өйткені Елшілердің істері 10:34-те Құдай адамның бет-жүзіне қарамайды делінген. Сондай-ақ, Иса әйелдің сол жерде жүргенін білмегендіктен, әйел емделуге шешім қабылдағанда, Исаның ол шешімге еш қатысы болған жоқ деуге болады. Исаға Киелі Рух қонғанын, яғни Иса құдіреттің қайнар көзі болғанын білеміз, бірақ Ол сауықтыру туралы шешім қабылдауға қатысқан жоқ.

Иса науқас әйелдің Патшалықтың билігі мен күшімен қалай байланыс жасағанын нақты айтты. Ол: «Сенімің арқылы сауықтың. Аман-есен қайта бер» деді. Бұл сөз білу керек нәрсенің бәрін айтып, әйел сол күні неге және қалай емделді деген сұрағымызға жауап берді. Рухани ғалымдар ретінде бұл оқиғаны одан да тереңірек қарастырып, сауығудың егжей-тегжейін іздеп көрейік.

Ең алдымен, Иса оған «қызым» дейді, бұл оның Исраил халқының бөлігі, Ыбырайымның ұрпағы болғанын білдіреді. Ыбырайымның қызы ретінде ол Ыбырайымға берілген батаға және Құдайдың Ыбырайыммен жасасқан келісімінің артықшылықтарына ие.

Мен сендердің Құдайларың Жаратқан Иемін. Егер Менің айтқандарыма құлақ асып, Маған ұнамды әділ іс істесеңдер, әрі өсиеттеріме ден қойып, барлық ережелерімді орындасаңдар, онда Мен мысырлықтарға жіберген індет-аурулардың бірде-біреуін сендерге жұқтырмаймын. Себебі Мен сендерді сауықтырушы Жаратқан Иемін.

— Мысырдан көшіп шығу 15:26

Сондықтан Иса оған «қызым» дегенде, Ыбырайымның Құдаймен жасасқан келісінде қандай игілік табылса, соның бәріне оның заңды құқығы бар екенін білдірді. Алайда әйелдің сауығып кетуіне бұл жалғыз себеп бола алмайды, өйткені Исаны жан-жақтан қаумалағандардың бәрінде де бірдей заңды құқық болды. Құдай Патшалығының күш-қуатының ағымына тағы бір нәрсе себеп болуы керек. Иса бізге тағы бір себепті айтты. Шындығында, әйел дәл осының арқасында ем ала алды. Иса әйелдің сенімінің арқасында сауыққанын айтады.

Енді біз оның неліктен Құдайдан шипа ала алғанын білеміз. Заңды түрде ол Ыбырайымның қызы болғандықтан сауығуға құқылы болды, екіншіден, сенімі бұл күштің сол сәтте денесіне енуіне мүмкіндік берді. Әйелдің Ыбырайымның ұрпағы екенін сіздің үйіңізге электр тоғын жүргізген компаниямен салыстыруға болады. Электр тоғы бар, бірақ жарық өз-өзімен жанбайды. Шам жану үшін қосқыштың тетігін басу керек.

Демек, Ыбырайымның заңды ұрпағы ретінде бұл әйелдің емделуге заңды құқығы болды. Дегенмен, жер бетінде және әйелдің өміріне өзгеріс әкелуге заңды құзырет әйелдің өзінде

болғандықтан, бұл билікті босату үшін ол «қосқышты» өзі барып қосуы керек болды. Бірақ ол қосқыш қай жерде орналасқан? Оны қалай қосуға болады? Мұны түсіну үшін маңызды ұғымдарға анықтама берейік.

Сенім дегеніміз не?

Сенім — сенушілер тым еркін, мән берместен қолдана беретін ұғым. Басым көпшілігі болмаса да, көбісі сенімнің не екенін, оның не үшін қажет екенін, сенімде жүргеніңді қалай білуге болатынын және сенімге қалай жетуге болатынын білмейді. Сенім әйелдің денесіне емдейтін құдіреттің ағып, оны сауығуына мүмкіндік беретін қосқыш болса, онда біз сенімге өте мұқият қарауымыз керек! Сенім анықтамасын Римдіктерге жазылған хаттан табамыз.

**СЕНИМ — СЕНУШІЛЕР
ТЫМ ЕРКІН, МӘН
БЕРМЕСТЕН ҚОЛДАНА
БЕРЕТІН ҰҒЫМ.**

Үміттенетін еш шара қалмаған кездің өзінде Ыбырайым үмітін үзбей, сенімінде берік тұра берді. Сондықтан да ол «Сенің үрім-бұтағың да осындай сансыз көп болады!» деген уәде бойынша көптеген халықтардың рухани түп атасы болды. Жасы жүзге келіп қалған Ыбырайым өз денесінде ешқандай күш қалмағанын, әйелі Сараның да құрсағына бала бітпейтінін жақсы білгенімен, уайымдап сенімін әлсіретпеді. Қайта, Ыбырайым Құдайдың уәдесіне күмәнданбай, Оған деген сенімінен қуат алды. Осылай ол Тәңірдің өз уәдесін орындай алатынына қалтқысыз сеніп, Оған құрмет көрсетті.

— Римдіктерге 4:18–21

Осы оқиғаның мән-жайын қарастырайық. Ыбырайым мен Сара балалы бола алмады. Олардың бала көтеруі қиын екен және олар үміт үзбей, жүкті болуға тырысуды жалғастыру керек деген мағынада

емес. Олардың жасы жүзге таяп қалды. Денелері бала көтеретіндей емес. Жүз жаста жүкті болу мүмкін емес! Құдай Ыбырайымға ұл уәде етті. Бірақ табиғи тұрғыдан бұл мүмкін емес. Киелі кітапта Ыбырайымның табиғи жағдайларға қарамастан, Құдайдың айтқанын орындауға құдіреті бар екеніне толық сенгені айтылған.

Міне, сенімнің анықтамасы: «Құдайдың уәде еткенін орындауға құдіреті бар екеніне толық сенімді болу». Мен былай деп қосар едім: **«Жүрегіңіз Құдайдың сөзімен толығымен келіскен кез»**. Бұл Құдайдың айтқанына тек ақыл-оймен ғана емес, бар жандүниенімен сену.

Сонымен, сенімнің анықтамасы:

Тағы да қайталауға рұқсат етіңіз. Сенім — бұл Құдайдың айтқанына толық, қалтқысыз сенімділік! Біздің жүрегіміз бен санамыздағы көкпен бірге тұтастай келісім.

Сенім не үшін қажет?

Құдай ауруханада жатқандардың бәрін сауықтыра алады ғой, неге оны істемейді? Соғыстарды неге тоқтатпайды? Неліктен Ол Ізгі хабарды уағыздау үшін періштелерді жібермейді? Сіз бұл сұрақтардың барлығын бұрын естіген шығарсыз. Жауабы, Құдай оның бәрін істей алмайды. Құдайдың мұны істеуге құдіреті жоқ емес, бар. Бірақ оны жасауға құзыры жоқ. Менің не айтып тұрғанымды түсіну үшін Еврейлерге 2:6-8-ді оқиық.

Қайта, Киелі жазбалардың бір жерінде осы туралы біреу мынаны байыппен айтқан ғой:

«Өзің ескеретіндей адам сонша кім?

Сен қамқорлайтындай адам баласы кім?

Оны періштелерден сәл төмен қойдың,

Құрмет, салтанатты оған тәждей сыйладың,

Бәрін де оған бағындырып бердің».

Құдай адам баласына бәрін де бағындырып берген кезде

оған бағындырмаған еш нәрсені қалдырған жоқ. Алайда біз бәрінің де адам баласына бағынғандығын қазір көре алмаймыз.

— Еврейлерге 2:6–8

Адам жаратылғанда, Құдай оған бүкіл жер жүзін билеуге толықтай заңды үстемдік берді. Адамның құзырына жатпайтын, билігінен тыс ештеңе қалған жоқ. Ол жердегі патшалықты абсолютті билікпен басқарды. Оның үстемдігі мен билігін адамды жерге орналастырған үкімет қолдады. Яғни, Құдай Патшалығы оны жерге өкіл етіп қойды. Адам Патшалықтың тәжін киді. Ол тәж Құдай даңқының, құдіретінің және адамға берілген құрмет пен биліктің белгісі болды.

Әрине, тәж дегенімде, мұнда ол астарлы мағынада. Адамның қолмен ұстап көруге болатын тәжі болған жоқ, бірақ тәж бейнелейтін билігі мен қадір-құрметі болды. Мұны жақсырақ түсіну үшін нағыз патшаны елестетіңіз. Ол қарапайым адам болса да, өзінің табиғи болмысында нақты күшке ие болмаса да, оның тәжі бар. Тәж патшаның бүкіл патшалық пен үкіметке тарайтын билігін білдіреді. Патшаның сөзінде салмақ бар, себебі ол сөзге күш беретін — бүкіл патшалықтың қуаты мен ресурстары.

Жол полициясын еске алсаңыз, оның қызметкері заңның атымен алып жүк көлігін тоқтата алады. Иә, жүк көлігі адамнан әлдеқайда үлкен, адам өз алдына жүк көлігіне тең келмейді. Бірақ жүк көлігі полиция қызметкері үшін емес, үкіметтің билігін бейнелейтін төсбелгісі үшін тоқтайды. Бұл жағдайда төсбелгіні таққан адамнан үкімет әлдеқайда үлкен. Жүк көлігінің жүргізушісі жалғыз адамнан қорқаннан емес, бұл адам өкілдік ететін үкіметтен қорқаннан тоқтайды.

Мұнда да тура солай. Адам жердегі патшалықта жаратылыстың бәріне билік етті. Даңқ пен құрмет тәжі Құдайдың билігі мен үстемдігінің белгісі. Ол тәждің арқасында, адамның әрбір сөзі Құдай Патшалығының атынан айтылғандай маңызды болды.

Айта кету керек, Адам сатқындық жасап, Құдайдың билігіне қарсы шығып, жердегі биліктен айырылды. Ол кезде Адам тәжі мен Құдай Патшалығындағы әміршілік орнын жоғалтты, бірақ жердегі патшалықты басқаруға заңды құқығын сақтап қалды. Адамзат әлі де жерді заңды түрде басқарды. Құдай жерді адам билесін деп берді. Еврейлерге жазылған хатқа қайта оралсақ, осыған көз жеткіземіз.

Қайта, Киелі жазбалардың бір жерінде осы туралы біреу мынаны байыппен айтқан ғой:

«Өзің ескеретіндей адам сонша кім?

Сен қамқорлайтындай адам баласы кім?

Оны періштелерден сәл төмен қойдың,

Құрмет, салтанатты оған тәждей сыйладың,

Бәрін де оған бағындырып бердің».

Құдай адам баласына бәрін де бағындырып берген кезде оған бағындырмаған еш нәрсені қалдырған жоқ. Алайда біз бәрінің де адам баласына бағынғандығын қазір көре алмаймыз.

— Еврейлерге 2:6–8

Бұл үзінді Адам ата мен Хауа ана жаратылған уақытқа сілтесе де, «Құдай адам баласына бағындырмаған еш нәрсені қалдырған жоқ» делінген.

Заңғар көк — Жаратқанның иелігі,

Ал жер бетін Ол адамзатқа берді.

— Забур 113:24

Адам Құдайды қуып жіберді

Адамның жер бетінде заңды билігі болғанымен, ол рухани билік жүргізу мүмкіндігінен айырылды. Асылында, Адам Едем бағында Құдайды адамзаттың істерінен қуып жіберді. Әлемге

күнә енгенде жердегі патшалық бұзылып, өзгеріп кетті. Өлім жерге еніп, шайтан адамдардың істеріне ықпал етуге заңды құқық алды. Бірақ мұның бәрі орын алса да, адам әлі де жердің заңды тұрғыны екенін түсіну керек. Тіпті күнәға батқан күйінде де, оның билігі бар. Иә, Құдай үкіметінің қолдауын беретін тәж адамда жоқ. Адамның Құдайдың құдіреті мен ұлылығымен билік етуге құзыры жоқ, әрі ол құрметті лауазымынан айырылды. Бірақ адамзат әлі де жер бетінде билік етуге заңды құқығы бар жалғыз тіршілік иесі болып қала береді.

Сондықтан Құдай адамдардың өмірінде Өзінің еркін орындау үшін Рухқа толы мәсіхшілерді пайдалануы керек. Сол сияқты шайтан да жердегі патшалыққа ықпал ету үшін жындардың жетелеуімен жүретін адамдарды пайдаланады. Жердегі адамның құзыретін түсінсеңіз, Патшалық заңдарын да меңгеріп аласыз. Сонда Құдайға заңды құзырет беру үшін сенімді қалай қолдану керектігін де білетін боласыз. Бұл өте маңызды.

**СОНДЫҚТАН ҚҰДАЙ
АДАМДАРДЫҢ
ӨМІРІНДЕ ӨЗІНІҢ ЕРКІН
ОРЫНДАУ ҮШІН РУХҚА
ТОЛЫ МӘСІХШІЛЕРДІ
ПАЙДАЛАНУЫ КЕРЕК.**

Сіз: «Жер толығымен Құдайдікі емес пе?» дейтін шығарсыз. Дұрыс, солай. Келесі мысал дегенімді түсінуге көмектеседі. Мен үйімді сізге жалға берсем, ол заңды түрде менің меншігім болса да, мен оған кез-келген уақытта барудан бас тартамын. Үй жалдаған кезде, иегесінің қашан келе алатыны келісімшартта жазылады (мысалы, төтенше жағдайда немесе жөндеу жұмыстары керек кезде). Осы келісімнен тыс үйге кірейін десем, үйдің иесі болсам да, менің кіргенім заң бұзушылық болып есептеледі. Егер мен жалдау келісімшартын бұзсам, үйдің иесі болсам да, үйден кетуге мәжбүр боламын.

Бұл мысал жердегі патшалыққа кіру үшін шайтан неге Адам арқылы өтуі керек екенін көрсетеді. Жердегі патшалықтың кілті Адамда ғана болды! Жерде әрекет етемін десе, шайтан кілтті

заңды иесінен алып барып қана, есіктен өтуіне болады. Әйтпесе оның жерге қадам басуға еш хақы жоқ. Заңсыз кірсе, оны қуып тастайтын еді.

Сол сияқты, Адам жердегі патшалықтан Құдайдың билігін алып тастағаннан кейін, Құдай Өз билігін жердегі патшалыққа заңды түрде қайтарудың жолын табуы керек болды. Оны тағы да адам арқылы жасау керек. Бұл жағдайда есікті Ыбырайым есімді адам ашты.

Жаратқан Ие Ыбырамға сөзін арнап былай деп бұйырған еді:

*«Сен еліңді, туған-туысқандарыңды
Және әкеңнің үйін тастап,
Мен өзіңе көрсететін елге көш!
Мен сенен үлкен халықты өрбітіп таратамын,
Сені жарылқаймын әрі атыңды шығарамын.
Сен арқылы ақ батам басқаларға да жететін болады.
Саған ақ батасын бергендерді Мен жарылқаймын,
Ал кім сені жамандап қарғаса, соны Мен қарғаймын.
Сен арқылы жер бетіндегі бар ұлттар жарылқанады».*

— Жаратылыстың басталуы 12:1–3

Ыбырайым біздің сенімнің әкесі деп аталады, өйткені ол Құдай үшін жердегі патшалықтың есігін ашты. Сол арқылы жер бетіндегі барлық халықтар жарылқанды. Әрине, ол жарылқау — Иса Мәсіх пен Құдайдың адамзатты құтқару жоспары. Ыбырайымның сенімі арқасында Құдай онымен заңды келісім жасасты. Осы келісім арқылы жердің есігі Құдай үшін мәңгілік ашық болды. Бұл келісім Ыбырайымның ұрпақтарына да тарады. Киелі кітапта Жаратылыс 12-де: «Сен арқылы жер бетіндегі бар ұлттар жарылқанады» деген сөздің мағынасы осы. «Сен арқылы жарылқанады» деген сөз Иса Ыбырайымның ұрпағы арқылы келетінін және Адам ата жоғалтқан нәрсені қалпына келтіретінін білдіреді.

Ендеше мен басқа сөзбен тағы да қайталап айтайын. Жер

әлемінде заңды құзыретке ие еркек немесе әйел аспанның жер әлемінде заңды әрекет етуі үшін көкпен — Құдай Патшалығымен келісу керек. Бұл келісім сенім деп аталады. Нақ осы қағиданы қолданып, шайтан жердің кілтiне ие Адам ата арқылы жердегі патшалыққа заңды түрде кірген.

Бұдан кейін әзәзіл шайтан Оны ертіп алып биік бір жерге шығарып, әп-сәтте әлемнің барлық мемлекеттерін көрсетіп:

— Осы мемлекеттердің бүкіл билігін, олардың сән-салтанатын Саған беремін. Бұл билік маған тапсырылған, оны көңілім қалағанға сыйлаймын. Сонымен маған ғибадат етсең бәрі де Сенікі болады, — деді.

— Лұқа 4:5–7

Бұл аятта шайтан адам патшалықтарының күші мен даңқы (байлығы) өзіне берілгенін айтты. Ол адамзатқа берілген жер бетіндегі абсолютті билікті өзіне алып алғандай сөйлеп тұр. Оған мұндай билікті кім берді? Әрине, әуел баста ол билікке ие болған Адам ата берді! Осылайша, Құдай заңды түрде жерге кірмей, адамдардың істеріне араласа алмайды, әйтпесе ол заң бұзушылық болады. Шайтан тәртіп бұзылды деп дабыл қағар еді. Жоқ, шайтан адам арқылы қалай кірсе, Құдай да солай жердегі еркек немесе әйел арқылы есіктен кіруі керек.

Иса оларды емдей алмады

Сонда Иса оларға: «Өз ел-жұрты мен үй ішінен өзге жерде пайғамбар қадірсіз болмас», — деді. Содан да Иса сол жерде бірқатар науқас адамдарға қолын тигізіп сауықтырғаны болмаса, басқа кереметтер жасай алмады, әрі жұрттың сенбеушілігіне таңғалды.

— Марқа 6:4–6

Көшедегі адамдардан Исаның қолынан ғажайып жасау келе ме деп сұрасам, олар иә деп жауап беретін шығар. Киелі кітапта Иса керемет жасағысы келген, бірақ жасай алмаған кез бар ма деп сұрасам, бұл адамдар не дер еді? Киелі кітапта мұндай орын жоқ деп айтатындарына күмәнім жоқ. Дегенмен, ондай жағдай болған екен. Жаңа ғана оқыдық — Иса оларды емдей алмады. Мен рухани ғалым ретінде мұның себебін білгім келеді. Жауабы қарапайым. Исаның адамдарды емдеуге қабілеті болмады. Жоғарыдағы талқылауымыздан кейін неге екенін білесіз. Өйткені, адамдардың сенімі болмады. Яғни көкпен келісім жоқ, сондықтан көк Патшалығы бұл жағдайда заңды құзыретке ие бола алмады. Осы тұсты өте жақсы түсінгеніңізді тексеріңіз.

Ер немесе әйел адам көктің айтқанымен толық келісіп, қалтқысыз сенбейінше, Құдай Патшалығының жер бетінде құзыреті болмайды.

Осы тараудың басында кейбір мінәжаттар неге жауапсыз қалады деген сұрақ қойдым. Енді оған жауап бере аламыз. Миллиондаған адам біреу үшін мінәжат етсе де, ол кісі бәрібір қайтыс бола алады деп айтқаным есіңізде ме? Неге олай? Басты себеп, тағы да, сенімнің жоқтығы. Көптеген адамдар сенімді көп шу шығарумен шатастырады.

Құдайға сиынғанда жалған тәңірлерге құлшылық етушілер іспетті құр сөз сөйлей бермеңдер! Олар көп сөз айтсақ еститін болады деп есептейді. Сендер сондайларға ұқсамаңдар! Себебі көктегі Әкелерің өздерің сұрамай тұрып-ақ, сендерге не керек екенін біледі.

— Матай 6:7, 8

Көптеген адамдардың ойынша, неғұрлым көп адам дұға етсе, соғұрлым Құдай тезірек естіп, көмектеседі. Осы сәтке дейін сенім, құзырет, билік ұғымдарын көп талдадық. Сондықтан мұның мүлдем дұрыс емес екенін түсінесіз деген үміттемін. Сенімі жоқ

дегенде, Құдай мұқтажын беретініне жеткілікті сенбейтін адам жайлы айтылады.

Марқа 6-тараудағы әңгімемізге келетін болсақ, Исаның сенімі жеткілікті болғанына келісесіз деп ойлаймын. Сонда да Ол адамдарды емдей алмады. Сіз бен біз үлкен ықпалы бар науқас досымыздың жағдайын айтып жатырмыз делік. Оның сауығуы үшін миллиондаған адам дұға етіп жатыр. Мұнда ең біріншіден: «Науқастың өзі не дейді?» деп сұрар едім. Қарап отырсаңыз, бірде-бір адам басқа адамға рухани тұрғыдан үстемдік ете алмайды. 20 миллион адам біреу үшін бірігіп мінәжат ете алады, бірақ ол кісінің өзінде сенім болмаса, ол өзі өлемін деп отырса, бәрібір қайтыс болады.

Тағы да, Марқа 6-тарауда оқыған мысалымызды қарастырайық. Біз Исаның сауықтыруға сенімі болғанын білеміз. Бірақ адамдар өз сенімдерін іске қоспаса, онсыз Исаның Өзі де ештеңе істей алмады.

Қауымдағылар маған ата-әжесі немесе туыстары ауырып жатыр деп үнемі келіп жатады. Науқас үшін дұға еттік, бірақ түк те өзгерген жоқ дейді. Менің ондайда әдеттегі сұрағым: «Әжеңіз не дейді? Атаңыз не дейді? Сенімдері бар ма?». Көрдiңiз бе, сiзде өзгеге тарайтындай рухани күш жоқ. Сiз оған қызмет ете аласыз, бірақ ол адам өзі де қатысуы керек. Сондықтан менің айтарым, қызметтің жемісін көргілері келсе, алдымен бейнені өзгерту керек. Науқас адам өз жағдайын қалай елестетінін айтып отырмын. Оған діни сөзді жаудырмай-ақ қойыңыз, қайта бейне салып беріңіз. Не айтып жатқанымды көрсетейін.

Бұл туралы Жақия пайғамбар шәкірттерінен хабар алып тұрды. Жақия олардың екеуін шақырып алды да, Иеміз Исаға жіберіп, Одан: «Келетіні ежелден-ақ уәде етілген Құтқарушымыз шынымен Сізсіз бе? Әлде басқа біреуді күтуіміз керек пе?» — деп сұратты. Олар Исаға келіп:

— Шомылдыру рәсімін жасаған Жақия бізді: «Келетіні ежелден-ақ уәде етілген Құтқарушымыз шынымен Сізсіз бе? Әлде басқа біреуді күтуіміз керек пе?» деп сұрауға жіберді, — деді. Сол сәтте Иса көптеген адамдарды ауру-сырқауларынан сауықтырып, қинаған жындарынан арылтып, көп соқырларға рақым көрсетіп көздерін ашып жатты.

Сонда Иса жіберілген кісілерге:

— Сендер көріп-естігендеріңді Жақияға барып, айтып беріңдер: соқырлар көріп, сал болғандар жүріп, алапестер құлантаза сауығып, саңыраулар естіп, өлгендер қайта тіріліп, жарлыларға Ізгі хабар жарияланып жатыр.

— Лұқа 7:18–22

Исаның Жазбаға сілтеме жасамағанына назар аударыңыз. Ол: «Жоханға қайтып барып, Жазбаның мына немесе ана үзіндісін айтыңдар» деуіне болар еді. Жоқ, Ол Құдай Патшалығының арқасында болып жатқан барлық жақсылықтар туралы айтты. Сіз де солай істеңіз. Науқас досыңызға Исаның басқа біреуді қалай сауықтырғаны туралы айтып беріңіз. Мүмкін болса, олардың денесіне әсер еткен дәл сол аурудан айыққан адамның әңгімесін айтыңыз. Бұл бейне досыңызды жігерлерндіріп, оған үміт береді. Үмітпен бірге әрқашан бейне жүреді. Досыңыз сол бейнені көріп, дертінің емі бар екеніне көз жеткізсе, тамаша емес пе?

**«СОНЫМЕН, СЕНІМ
ХАБАРДЫ ЕСТУДЕН
КЕЛЕДІ, АЛ ЕСТУДІҢ
ӨЗІ МӘСІХТІҢ СӨЗІН
ЖАРИЯЛАУДАН
БОЛАДЫ»**

— РИМДІКТЕРГЕ 10:17

Досыңыз сауығуға болатынын көргенде, ол қалай деп сұрайды. Бұл сіз күткен сәт. Досыңыз енді Құдай Сөзіне және Құдай Патшалығының қағидаларына қатысты нұсқау алуға дайын. Осы кезде уағыз айтудың қажеті жоқ. Ең біріншіден, досыңыз әлі Исаны

Құтқарушым деп жүрегіне қабылдамаса, ол рухани қайта туылу керек. Екіншіден, емделу туралы айтатын Жазба үзінділерін түсіндіруге біраз уақыт бөліңіз. Мүмкін болса, сөзіңізді бекіту үшін кітапшалар мен видеосабақтар қалдырып кетіңіз.

Біз енді сенімнің не екенін (көкпен келісім) және сенімнің заңды түрде не үшін қажет екенін білеміз, бірақ әлі де сенімге қалай жетуге болатынын және сенімде жүргенімізді қалай білуге болатынын түсінуіміз керек.

Сенімге қалай жетуге болады?

Сонымен, сенім хабарды естуден келеді, ал естудің өзі Мәсіхтің сөзін жариялаудан болады.

— Римдіктерге 10:17

Құдай Сөзін есту арқылы сенім қалай пайда болады? Оны мүмкін ететін не? Адамның рухында сенім қалыптасу үшін Сөзді тыңдау жеткілікті ме? Сенім қалай келетінін және Римдіктерге 10:17-нің мағынасын түсіну үшін Марқа 4-ті қарастырайық. Менің әрқашан айтатыным, Киелі кітапты жоғары лақтырып қалсаңыз, ол жерге түскенде Марқа 4-те ашылуы керек — мұның маңызы сонша! Марқа 4:13-те Исаның үйреткенін түсінбесеңіз, Киелі кітаптағы басқа астарлы әңгімелердің ешқайсысын түсінбейсіз. Бұл менің сөзім емес, Исаның Өзі солай айтты. Сондықтан, ден қойып оқиық.

Бұл тарау неліктен сонша маңызды? Өйткені ол бізге аспанның жер әлемімен қалай әрекеттесетінін, ол үшін заңды құзыретке қалай ие болатынын және мұның бәрі қайда орын алатынын айтады. Осы тараудың не дейтінін білу – сіздің өміріңіз үшін ең маңызды зат.

Тарауда Иса сенімнің адам рухында қалай туатыны туралы үш астарлы әңгіме айтты, бұл, өздеріңіз білетіндей, көктің жерде

заңды жұмыс істеуіне қажет шарт. Бұл тараудағы үш әңгіме – егінші, тұқым шашатын және қыша дәні туралы әңгімелер. Исаның Марқа 4-те айтатын екінші әңгімесін, тұқым себуші адам туралы хикаядан бастайық.

Иса тағы да былай деді: «Құдайдың Патшалығы мынаған ұқсас: біреу егіндікке тұқым сеуіпті. Ол ұйықтап жатсын, не жүріп-тұрсын, бәрібір, тұқым күні-түні көктеп, өсе береді. Әлгі адам оның қалай өсіп жатқанын түсінбейді. Жер өздігінен алдымен көк өскінді, содан кейін масағын шығарып, соңынан масақтағы дәндерді өсіріп толыстырады. Егін піскенде оратын мезгілі жетіп, диқан оған дереу орақ салады».

— Марқа 4:26–29

Ең алдымен біз мұндағы ұғымдарға анықтама беруіміз керек. Иса айтқан тұқым дегеніміз не және жер дегеніміз не? Иса осы екі сөзді астарлы әңгімеде анықтайды. Тұқым – Құдай Сөзі, ал жер – адамның жүрегі немесе рухы.

Сонымен, астарлы әңгімеде Иса адам жүрегіне Құдай Сөзін егетінін айтады. Содан кейін топырақ, яғни адамның жүрегі, өзінен-өзі сенім тудырып, яғни аспанмен келісімге түседі. Бұл адам рухының табиғи қабілеті және қызметі. Рухқа не салынса, ол соны еселеп қайтарып береді. Жалғастырмас бұрын, сенім туралы анықтамамызды есте ұстайық: ер немесе әйел адамның көктің айтқанына толықтай сенген жүрегі. Көкпен келісу Құдай Сөзімен ойша келісумен бірдей емес. Онда айырмашылық бар. Киелі кітапта Ыбырайымның қалтқысыз сенгені айтылған.

Қалтқысыз сену

Қалтқысыз, еш күмәнсіз сенімділіктің не екенін, қалай сезілетінін түсіну үшін, келесі мысалды қарастырайық. Мен сізге Нью-Йорктегі Эмпайр Стейт Билдингтің төбесінен секіріңіз деп айттым дейік. Сіз

секірсін деп, былай деймін: «Құс қанатын қаққандай, қолыңызды тез-тез жоғары-төмен бұлғасаңыз, жерге аман-есен жетесіз». Бетіме күліп жібересіз ғой, себебі олай істесеңіз, НАҚТЫ не болатынын білесіз. Нәтижесіне қалтқысыз сенімді болар едіңіз. Толықтай, күмәнсіз сенім дегеніміз осы. Өзіңіз де сенімді екеніңізді білесіз, өзге нұсқалар жоқ. Секірсең, өлесің.

Олай болса, басқа жағдайды алып, оны қалай шешуге болатынын көрейік. Сіздің денеңізде өте байқалатын, үлкен түйін бар делік. Дәрігер шамамен бір ай өмір сүретініңізді айтты: ол қатерлі ісік. Оның үстіне, дәрігер бұл ісіктің түрі өте сирек кездесетінін, мұндай диагнозбен аман қалған бірде-бір адам жоқ екенін айтады. Бірақ сіз Петірдің 1-хатында не жазылғанын білесіз делік.

Біз күнәнің құлдығынан босатылып, әділ өмір сүре алуымыз үшін Мәсіх айқыш ағашта күнәларымыздың айыбын өз денесінде көтеріп тұрды. Осылай Оның жаралары арқылы сауықтық.

— Петірдің 1-хаты 2:24 (ағылшыншадан аударма)

Жазба мәселенің жауабын беріп тұр, бірақ сіз бен біздің проблемамыз өте күрделі. Біз қараңғылық патшалығында өстік, айналамыз өтірік пен өлімге толған еді. Біз қорқыныш әлемінде өстік, қорқыныш не десе, толықтай сенеміз. Жоғарыдағы мысалға осы адами көзқараспен қарасақ, қатерлі ісіктің өлтіре алатынын білеміз. Әрбір бұқаралық ақпарат құралдарында біз мұның рас екеніне дәлел таба аламыз. Ендеше, немен келісетінімізді қалай өзгертеміз? Құдайдың айтқанына қалай толығымен сене аламыз? Шындығында, ол жалғыз өзіміздің қолымыздан келмейді. Бірақ Құдай Сөзі тірі және құдіретке толы. Оны рухыңызға ексеңіз, онда ол өз-өзімен көктің айтқанымен келісе бастайды.

Көкпен келісім

Иса тағы да былай деді: «Құдайдың Патшалығы мынаған ұқсас: біреу егіндікке тұқым сеуіпті. Ол ұйықтап жатсын, не жүріп-тұрсын, бәрібір, тұқым күні-түні көктеп, өсе береді. Әлгі адам оның қалай өсіп жатқанын түсінбейді. Жер өздігінен алдымен көк өскінді, содан кейін масағын шығарып, соңынан масақтағы дәндерді өсіріп толыстырады. Егін піскенде оратын мезгілі жетіп, диқан оған дереу орақ салады».

— Марка 4:26–29

Топырақ (яғни жүрек) өздігінен келісімге келеді. Назар аударыңыз, сіз сенім үшін дұға ете алмайсыз, бұл жүрегіңіз бен Сөздің еңбегі. Осы үзіндіге қарап, жүрегіміз бен көктің үйлесуі уақыт талап ететін үрдіс екенін, бір сәтте-ақ бола қалмайтынын білеміз.

Жүрегіміз Сөзді қабылдағанда, шөптің талы немесе жаңадан егілген көшет өсетіндей, сенім өсе бастайды. Өсуін жалғастырып, сабаққа айналады. Содан кейін тұқым немесе жеміс пісе бастайды. Өсудің осы кезеңінде әлі жейтін ештеңе жоқ. Өсімдігіміз әлі жетілген, піскен жеміс бермеді, бірақ ол өсіп келеді.

Құдай Сөзі де солай. Сенім күшейген кезде, физикалық әлемде көрінетін өзгерістер әлі болмайды. Әзірге келісім жоқ, бірақ егін өніп, сенім арта беріп, келісім туатынына күмәнданбаңыз. Иса масақтағы дән толық піскен кезде, егіннің оралатынын айтады, яғни, енді сенім бар.

Міне, түсіндірме осындай. Жерге тұқым еккен кезде ол көктеп, өсе бастайды, бірақ әлі жеміс жоқ. Орта сай болса, егін өсе береді. Ал піскен кезде жеміс береді. Сіз жүгері өсірдіңіз делік. Жүгері кішігірім ғана көк өскін шығарады, бірақ ол жемісі жоқ кішкентай ғана гүл. Маусым ілгерілеген сайын жүгері пісіп-жетіледі. Мұны түсіну керек! Жүгері дәні жерге себілген жүгері дәнімен бірдей болғанда олардың арасында келісім болады.

**Өсімдіктің масағындағы дән пісіп жетілгенде, ол ТУРА
егілген дән сияқты болады.**

Жүгері отырғызсаңыз, піскен тұқым сіз отырғызған тұқымға сәйкес келеді. Олар бірдей. Олардың сыртқы түрі мен дәмі бірдей, оларды ажырата алмайсыз.

Сонымен, Исаның сөзін тағы да қарап шығайық. Біз Құдай Сөзін естігенде (Рим. 10:17-ні қараңыз), шын мәнінде оны рухани тұлғамызға, жүрегімізге себеміз. Сөзді жүрегімізде сақтасақ, ол өсіп, жетіледі. Ол піскен кезде, біздің жүрегіміз көктің айтқанына толықтай сенімді болады. Аспан мен жер бір-біріне үйлесіп, қалтқысыз сенімі бар адам арқылы аспан жерде әрекет ету үшін заңды құзырет алады. Біздің ойларымыз бен пікірлеріміз аспанның айтқанына толық сенімділікпен сәйкес келеді. Бұл тек ойша нәрсе ғана емес. Тасты лақтырса, оның жерге түсетінін қалай білсек, тура сол сенімділікпен Құдайдың Сөзін білеміз. Аспан Сөзді жердегі Патшалыққа егеді, сонда ол келісім тауып, Құдайдың еркін болдырады. Егер аспан емделдің десе, сол Сөз жүрегіңізде пісіп жетілгенде, аспанның айтқанын көреміз. Енді қорқыныш жоқ. Көзіңізді жұмсаңыз, сауыққаныңызды көресіз. Сондықтан Еврейлерге 11:1 былай дейді:

Ал сенім дегеніміз — үміттенгеннің жүзеге асатынына күмәнданбау, әлі де көрінбей тұрған уәденің орындалуына шүбәсіз илану.

— Еврейлерге 11:1

Уәденің орындалғанын әлі көзіңізбен көрмеуіңіз мүмкін, бірақ рухыңызда оны көре аласыз. Ол қолмен ұстауға болатындай шынайы. Бұл келісім сенім деп аталады және сенім Құдай Сөзіндегі бейненің жердегі патшалықта, сіздің өміріңізде жүзеге асуына себеп болады!

Ауыстыру

Тоқтай тұрыңыз, Марқа 4 мұнымен бітпейді. Жүрегіміз көкпен қалай келісетінін және сенімді дамытуды білдік. Бұдан кейін сенім өнімін жинау туралы нұсқау бар.

Егін піскенде оратын мезгілі жетіп, диқан оған дереу орақ салады.

— Марқа 4:29

Байқасаңыз, жүрек көкпен үйлессе де, сенім болса да, әлі ештеңе өзгерген жоқ. Неліктен? Басынан айтып келе жатқанымыздай,

**СІЗ ҚҰДАЙ
ПАТШАЛЫҒЫНЫҢ КҮШІН
ЖЕРДЕГІ ПАТШАЛЫҚТА
БОСАТЫП ШЫҒАРУЫҢЫЗ
КЕРЕК, ӨЙТКЕНІ МҰНЫ
ЗАҢДЫ ТҮРДЕ ТЕК
СІЗ, ЖЕР БЕТІНДЕГІ ЕР
НЕМЕСЕ ӘЙЕЛ АДАМ,
ІСТЕЙ АЛАСЫЗ.**

жердегі заңды құзырет сіздің қолыңызда. Науқас әйел жайлы Лұқа 8-дегі әңгіме есіңізде ме? Исаның: «Қызым, сенімің сені құтқарды» дегені есіңізде ме? «Қызым» деген сөздің аспан алдындағы лайықты орынды білдіретінін сонда айттым. Ол Ыбырайымның қызы болғандықтан, оның заңды құқықтары болды.

Мен мұны сіздің үйіңізге электр станциясының сымдары қосылғанымен салыстырдым. Электр қуаты бар және қол жетімді, бірақ сіз шамды өзіңіз қосуыңыз керек. Бұл бірдей. Сенім болған кезде, қуат та бар, бірақ әлі ештеңе болып жатқан жоқ, өйткені қосқышты басу керек. Сіз Құдай Патшалығының күшін жердегі патшалықта босатып шығаруыңыз керек, өйткені мұны заңды түрде тек сіз, жер бетіндегі ер немесе әйел адам, істей аласыз. Римдіктерде айтылғандай, дәл осы қағида арқылы құтқарылдыңыз.

Себебі Мәсікке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады.

— Римдіктерге 10:10

Жүрекпен адам Сөзге сенеді және ақталады. Ақталу дегеніміз – заңның орындалуын білдіретін құқықтық термин. Демек, еркек немесе әйелдің жүрегі көкпен үйлессе, көктің айтқанына сенсе, олар көк пен жердің алдында ақталып шығады. Енді көк Құдай Патшалығының атынан құтқарылған адамның өмірі арқылы жерге әсер ете алады. Бірақ, бір қызығы, сенім және заңды құзырет бар болса да, еш әрекет болып жатқан жоқ. «Гэри, мен сенімде болсам, бұл Құдай Патшалығына жерге келу үшін заңды құзырет береді демеп пе едіңіз?». Бұл дұрыс, бірақ сенім пайда болған кезде көктің құдіретін біреу босатып шығаруы керек. Жазбамызға тағы бір көз жү

Себебі Мәсікке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады.

— Римдіктерге 10:10

Сенім пайда болғаннан кейін, аспан жерге үстемдік жүргізуге құқылы, бірақ құтқарылу үшін ауызбен мойындау керек деп айтылған. Екі бөлікті көріп тұрсыз ба? Көктің рөлі – сіздің жүрегіңізге Сөзді әкелу, сонда жүректе келісім туады. Содан кейін, келісім немесе сенім пайда болғанда, сіз осы келісімге сәйкес әрекет етуіңіз керек. Көктің айтқанын шынымен алу үшін Құдай Патшалығының құдіретін пайдалануға рұқсат беруіңіз керек. Жазбада Марқа 4:29-да егін жинауға уақыт келгенде, адам (жердегі) орақты салады делінген. Сенім пайда болған кезде Құдай Сөзіне сәйкес әрекет етіп, осы өнімді жинап алатын – адамның өзі.

Құдай Патшалығында қабылдау

Бір сәт кері оралып, Марқа 4-тегі орақ туралы сөз қозғауға рұқсат етіңіз. Қауымдағы адамдардың көпшілігіне орақты қалай пайдалану керектігін ешкім үйретпеген, яғни олар өздеріне қажетті өнімді қалай жинау керектігін білмейді. Жаратқан Ие маған Құдай Патшалығы қалай жұмыс істейтінін үйреткенше мен де мұны білмедім. Патшалықтың осы маңызды қадамы туралы алғашқы аянымды қалай алғанымды айтып бермекпін.

Бірде қонақ ретінде Атлантадағы қауымда уағыз айтуға шақыру алдым. Бұл сәрсенбі күні кешкі жиналыста болуы керек. Бұл кішігірім ғана қауым еді, бірақ ол маған кедергі емес. Көп адам, аз адам болсын, мен Құдай Патшалығы туралы тәлім беруді ұнататынмын. Қауымға келсем, есік құлыптаулы, ешкім жоқ. Біртүрлі. Жиналыстың басталуына он минут қалғанда, жүк көлігінің қатты гүілдегенін естідім де, бұрылып қарасам, қауым ауласына кіріп келе жатқан ескі жүк көлігін көрдім. Бұған аса мән берген жоқпын – Атлантаның орталығы ғой.

Сөйтіп күтіп тұрғанымда, ғимараттың ар жағынан бір адам көрінді. Ол маған жақындап, өзін бағушымын деп таныстырды. Кешігіп келгеніне кешірім сұрап, ескі жүк көлігінің оталмай қойғанын айтты. Ілінісу механизмі істен шыққандықтан, бағушы көлікті жақын жердегі төмпешіктен итеріп барып оталдыруға мәжбүр болыпты. Кейде жүк көлігі мүлде іске қосылмайтынына шағымданып, қауымға жету үшін бес миль жаяу жүретінін де айтты. Мойындауым керек, аздап таң қалдым.

Содан кейін қауым ең алдымен әлеуметтік қызмет екенін және ай сайын мыңдаған адамдарды тамақтандыратынын, әдетте айына 10 000-нан астам тамақ беретінін түсіндірді. Бағушыны тыңдап жатып, көңілімнің түсіп кеткенін байқадым. Міне, Құдайдың нағыз қызметшісі, айына 10 000 адамды тамақтандырады. Оның жақсы көлігі неге жоқ? Мен көмектесе аламын. Менің 20 000 миль жүрген, әлі тозбаған көлігім бар. Осы

бағушыға соны бергім келді. Мен оған ниетімді айтып, көлікке өз адамымды мінгізіп, Атлантаға жіберетінімді айттым. Ол, әрине, қуанып қалды.

Мен сол кешті оған және оның кішігірім қауымына Құдай Патшалығы мен оның ақшаға қатысты қалай жұмыс істейтінін үйретумен өткіздім. Құдай Патшалығына өте мұқтаж адамдар көп. Осы сенушілер бүгіннен бастап оларға Құдай Патшалығының не екенін, әрі қандай құдіретті екенін көрсетулері керек.

Үйге келген соң, уәде еткен көлігімді Атлантаға жөнелтуді ұйымдастырдым. Жұмыскерім көлікті алуға келгенде, мен көкте рухани мәміле жасап жатқанымды білдім. Бұл көлікті Құдай Патшалығына беру арқылы, маған қажет болса, Құдай өзіме көлік беретініне сене аламын. Көлікке аса әуесқой емеспін, оған ерекше қызығушылығым жоқ. Кейбір адамдар кәдімгідей көліктің түр-түрін зерттеп, ерекше көлік мінгілері келеді. Менде ондай ынта жоқ. Жұмыскерім көлікті алып кетуге келгенде, мен көлікке қолымды қойып: «Әке, мен бұны Атлантадағы қызметке беремін. Оны бере отырып, тұқым сияқты егемін және _____ алатыныма сенемін». Қандай көлік алғым келетінін ойлап таба алмадым. Сондықтан Құдайға: «Бұл туралы кейінірек айтамын!» дегендей болдым.

Келесі бірнеше айда көлік туралы ойлауға уақытым болған жоқ. Бір күні таңертең Дрендадан қандай көлік қалайтынын сұрадым. Біраз ойланып алып, әйелім кабриолет мінгісі келетінін айтты. Кабриолеттің қай түрі десем, екеуіміз де нақты жауап бере алмадық. Дрендаға көлік сатып алмақшымын, сондықтан дәл әйелімнің ұнатқанын алғым келді. «Интернеттен немесе дүкендерден қарап жүр, ұнағаны табылса, маған айт» дедім. Жаңа көлік алғымыз келетінін ешкімге айтқан жоқпыз. Қала аралағанда, назар аударатын көлік табыла ма деп, жан-жағымызға қарай жүрдік.

Бір күні біз жақын жердегі мейрамханаға түскі ас ішуге бардық. Кенет Дренда: «Міне, мынау! Маған ұнайтын көлік!» деп дауыстады.

Әйелім тұрақтың арғы жағына нұсқады. Мен көлік тұрағын айналып өтіп, 6 сериялы BMW кабриолетінің артына тоқтадым. Бұл сөзсіз әдемі көлік. Оның үстіне, қымбат көлік деп қосамын. Дренданың талғамын мақтап, тамаша көлік таңдағанын айттым.

Дренда екеуіміздің көлікке көп ақша төлемейтінімізді білуіңіз керек. Жоғарыда айтқанымдай, мен ешқашан көлікке әуесқой болған емеспін. Қаржы саласында жұмыс істегеннен, көліктің қаншалықты тез құнсызданатынын білдім. Ең тиімдісі – бір немесе екі жыл мінілген көлік сатып алу. Сондықтан жоспарым сондай болды: жақсы пайдаланылған көлік іздер едім.

Бір аптадан кейін қауымдағы бір жігіт маған қоңырау шалып: «Дренданың көлігін таптым!» деді. Мен таң қалдым, өйткені біз сол күні түскі ас кезінде көрген BMW туралы ешкімге айтпаған едік. Қандай көлік тапқанын сұрасам, 6 сериялы BMW кабриолеті екен. Досым оны өз шаруасымен қала аралап жүргенде көргенін айтты. Құдай оған бұл Дренданың көлігі деген екен. «Ал, назарым сенде» деп мен досымның сөзін тыңдадым. Көлік бір жыл мініліпті, өте жақсы күйде. Оған қолма-қол ақша төледік те, Дренда армандаған көлігін алды.

Мәссаған, бұл қалай болды?

Сенімде жүру және орақ салу туралы айтқанымызды осы оқиғамен салыстырайық. Атлантадағы бағушыға көлігімді бергенде, мен сенімде болдым. Дренда дауыстап «Міне!» дегенде, ол орақты салды. Сөйтіп бірнеше күннен кейін көлік пайда болды. Әйелімнің «Міне!» дегенін естісем де, оның сөзін Марқа 4-тегі орақпен байланыстырған емеспін. Бірақ келесі оқиға оны анық көрсетті.

Сөзіңіздің құдіреті

Айтып өткенімдей, менің 24 гектар жерім бар, оның екі жарым гектардайы батпақ жер. Күзде аң аулағанды жақсы көремін, орта

мектепте оқып жүрген кезімнен үйрек атқан едім. Бірақ Огайо штатында үйрек атқан емеспін. Сол жылы жер өте батпақты болды, үйректер көптеп ағылды. Күн сайын жүздеген құс түнейтін болды. Бір күні кешке мылтық алып, кешкі асқа үйрек атып келдім.

Сол күзде мен де, ұлдарым да жақсы үйрек аттық. Сонда бір нәрсені байқадым: көбінесе үйректер ең алыс ату қашықтығында жүреді екен. Үйрек ату кезінде дәстүрлі қорғасын оқтарын қолдануға болмайды. Тек болат оқ атуға заңды рұқсат бар. Қорғасыннан жасалған оқтардың салмағы болат оқтарға қарағанда әлдеқайда ауыр, сондықтан қорғасын оқ энергиясын ұзағырақ сақтайды да, алысырақ ұшады. Үйрек аулау кезінде болат оқпен алысқа ату қиын.

Сол күзде бірнеше аңшылармен сөйлескенде, олар маған үйрек ату үшін арнайы жасалған жаңа қарулар жайлы айтып берді. Ол мылтықтар ауыр оқ ата алады екен. Сырты да камуфляж. Сондай мылтықтың бірін сатып алғым-ақ келді. Бірақ желтоқсан келіп, үйрек аулау маусымы аяқталған соң, мылтық жайлы көп ойланбадым.

Қаңтарайының басында мен Кабелас дүкенін (спорттауарларын сататын жер) аралап жүргенде, үйрек ататын мылтықтар есіме түсті. Кәне, қарап көрейін деп, қару-жарақ бөліміне беттедім. Кассаның жанынан өтіп бара жатып, суда жүзетін құстарды атуға арналған мылтықтардың жаңа жинағын көрдім. Ойланбастан біреуіне саусағыммен нұсқап, «Құдайым, осы мылтықты аламын» дедім. Әдейі ештеңе істеген жоқпын, әншейін ойыма келген сөзді айта салдым. Келесі үйрек ату маусымы тек күзде ашылмақ, маусымға жақынырақ мылтық сатып аламын дедім.

Екі аптадан кейін іскерлік конференцияда сөз сөйлеуге шақыру алдым. Сахнада сөзімді аяқтағанда, бас директор шығып, алғысын айтып, маған сыйлығы бар екенін айтты. Мен екі апта бұрын Кабелас дүкенінде саусағыммен көрсеткен тапаншаны, дәл

сол үлгісін берді. Әрине, мұндай жомарт сыйлық мені қатты таң қалдырды, бірақ бұл кездейсоқтық емес екенін білдім. Кабелас дүкенінде айтқаным есіме түсті де, бәрі анық болды. Мен орақ салдым!

Иса тағы да былай деді: «Құдайдың Патшалығы мынаған ұқсас: біреу егіндікке тұқым сеуіпті. Ол ұйықтап жатсын, не жүріп-тұрсын, бәрібір, тұқым күні-түні көктеп, өсе береді. Әлгі адам оның қалай өсіп жатқанын түсінбейді. Жер өздігінен алдымен көк өскінді, содан кейін масағын шығарып, соңынан масақтағы дәндерді өсіріп толыстырады. Егін піскенде оратын мезгілі жетіп, диқан оған дереу орақ салады».

— Марқа 4:26–29

Орақ салу сенімге қатысты бір қағиданы түсіндіреді. Оны Римдіктерге арналған хаттың үзіндісін талқылағанда айттық.

Себебі Мәсікке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады.

— Римдіктерге 10:10

Мен жүрегіммен сендім және аузыммен жерге Құдай Патшалығының құдіретін босатып шығардым. Мұның алдында отыздан астам мылтықты сайлық ретінде берген едім, бірақ бірінші рет «Мынаны аламын» дедім. Ойланып көрсем, тұра осылай тағы бір рет істеген екенмін, бірақ ол кезде Патшалықтың жұмысынан бейхабар болатынмын.

Дрендә екеуміз Огайоға қайтып көшіп келгенде, Оклахомадан келдік. Оклахомада бұғы аулауға мылтықпен шығады. Бірақ Огайо штатында мылтық атуға тиым салынған. Тек арнайы оқтары бар шолақ мылтықпен аңға шығуға болады. Ол кезде менде бар

болғаны қос ұңғылы 20 габарит бар еді, көшіп келгеннен кейін бірінші жылы онымен екі бұғы алып үлгердім. Бірақ бұғы аулау үшін арнайы жасалған жақсы мылтық алғым келді. Оғайодағы бірінші бұғы аулау маусымынан кейін Дрендаға артқы бөлігі қара пластиктен жасалған 12-габаритті 11-87 Ремингтон моделін алғым келетінін айтқаным есімде. Жаңа жылға бірнеше апта қалған еді. Әкем маған осы қаруды сыйлағанда таң қалдым. Мен оған мылтық керегін айтқан жоқпын. «Біртүрлі қызық екен» деп ойлағаным есімде. Өзім білмей орақ салғанмын.

4-ТАРАУ

ЕСКЕ ТҮСІРІҢІЗ

Құдай Патшалығы қалай жұмыс істейтінін алғаш зерттей бастағанда, білгенім мені қатты таң қалдырды. Мен көрген нәрселердің бар екенін, мүмкін екенін маған ешкім үйреткен жоқ. Бірақ, кітаптың бірінші бөлігінде айтқанымдай, Құдай бұғы аулауды маған маңызды сабақтарды үйрету үшін қолданған сияқты. Негізінде мен өте қарапайым адаммын. Бұл назарымды аударудың тамаша тәсілі болған шығар. Бұғы алу үшін тұқым егуді үйреніп, өнімін ала бастағаннан кейін (әдетте аңға шыққаннан кейін қырық минут ішінде) Құдай менің шеберлігімді шыңдай бастады. Бұл Құдай Патшалығының жұмысын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Оклахомадағы Талса қаласында болғанымда, Құдай мүйізінде алты бұтағы бар бұғыны сенім арқылы аулауды үйретті. Айтқанымдай, келесі жылы Огайоға көштік. Огайода бұғылардың саны көп болды. Заң бойынша, екі бұғыны атуға болады, оның біреуі еркек болуы керек. Огайоға келген соң, жыл сайын екі бұғы, бір еркек және бір ұрғашы алуға тұқым егетін болдым. Мінсіз механизм сияқты, нәтиже ойдағыдай болды.

Бірақ бір жылы таң қалдыратын нәрсені байқадым. «Жоқ, олай болуы мүмкін емес» деп сіз де ойлайтын едіңіз. Бір аңшылық маусымның аяғына қарай байқағаным, тұқым сепкенде, чекке қай бұғыны бірінші жазсам, соны бірінші атып алатынымын. Мысалы,

«еркек бұғы мен ұрғашы бұғы үшін» деп жазсам, онда біріншісі – еркек, ал ұрғашысы – екінші болып түсетін. Огайодағы соңғы бірнеше маусымды еске түсіріп, жыл сайын тура солай болып еді-ау деп ойладым. Оған ешқашан мән бермеппін. Бұл рас па?

Сондықтан келесі жылы оны білуім керек деп шештім. Келісемін, бұл ақылға қонбайтын бір ой болды. Бірақ тұқым сеуіп, сенім арқылы аң аулау жүз пайыз дәлдікпен іске асса, мен оны тексеруім керек. Сондықтан тұқым себу ретін өзгерттім. Бұл жолы мен ұрғашы бұғыны тізімге бірінші қойдым. Бұған дейін әрқашан бірінші еркек бұғыны жазатынмын. Күткенімдей, аңшылықта олар сол тәртіппен келді. Келесі жылы тағы да соны қайталадым, бұғыларым дәл мен жазған ретпен келді. Ондай зат мүмкін деп мен үш ұйықтасам да, түсіме кірмеуші еді. Патшалықтың жұмысы осындай дәл де нақты ма?

Рас па, әлде жай ғана кездейсоқтық па? Оны білу үшін тереңірек эксперимент жүргіздім. Жеті мүйізі бар бұғы аламын деп тұқым септім. Әдетте, бұғының мүйізінде әр жағында жұп бұтақтары болады. Ал мен тақ санды таңдадым. Сөйтіп, қанша жерден адам сенгісіз болса да, Дренда екеуміз дұға етіп, мүйізінде жеті бұтағы бар бұғыға тұқым септік.

Сенім қаншалықты нақты?

Қазан айы да келіп, садақ ату маусымы басталды. Әдетте садағымды алып орманда аң аулауды асыға күтетінмін. Бірақ осы жолы маусым ашылғанда өзімді біртүрлі сезіндім. Аңға барғым келмеді. Ол сезім күшті болды. Аң аулаудың уақыты әлі келмегенін іштей білдім. Уақыт өте, жапырақ түсе бастағанда, бұл сезім кететін шығар десем, жоқ, аң аулауға деген ынтам оянған жоқ. «Сонымен, қартайғанда осылай болады екен, адам шаруамен айналысқанды қояды екен» деп ойлағаным есімде. Сол біртүрлі сезімді түсіндіре алмадым. Өмірімде енді бұғы аулауға барамын

ба, жоқ па, маған бәрі бір сияқты. Қараша да жетті, мен уайымдай бастадым. Айта кету керек, ормандағы ең әдемі және ең жылы уақытты өткізіп алдым. Қараша айының ортасы еді, әлі де бұғы аулауға құлшыныс болмады. Биыл аң аулаймайтын шығармын де те ойлағаным бар.

Сол тұста Дренданың ата-анасы Алабамадан бізге бір-екі күнге қонаққа келді. Қонақ бөлмеде отырып әңгімелесіп отырғанымызда, кенет келесі күні орманға баруым керек екенін түсіндім. Қосқыштың тетігі басылғандай болды. Таңертең бұғы атып келуім керек деп бәріне айттым. Келесі таңға керек-жарақтарымды дайындап жатқанда, күтпеген жерден толқу мен қуанышты сездім.

Мүйізінде жеті бұтағы бар еркек бұғым мені күтіп тұрғанын білдім. Сосын түсіндім: сірә, бұғым қазан айында да, кеше де әлі жақын жерге келмеген. Сондықтан болар, аңшылыққа деген құлшынысым мүлде болмады. Осы бір жарым ай бойы орманға баруды армандап, күн сайын терезеге қарап отырсам, уақыт өте ұзақ көрінер еді. Бір жарым ай күту қаншалықты қиын болатынын елестете аламын. Ол өте көңілсіз, жабырқаңқы уақыт болар еді. Мұның бәрі, әрине, тек менің ойым ғана. Оны келесі күні таңертең сынап көрмекпін.

Қай ағаштан аң аулау керек деп түні бойы дұға еттім. Ертесі таң атпай қараңғыда тұрдым. Меншігімде бірнеше мінбелі ағаш бар. Дұға еткенде батпақты жердегі мінбеге баруым керек екенін анық білдім. Ол бір жағында төрт гектардай батпақты алқаппен, ал екінші жағынан — бұталармен шектеседі. Бұғылардың кейде батпақтың шетінен айналып өтетінін білдім. Сол мінбеде күтіп бұрында да аң аулағанмын. Осы жолы да бұғымды осында атып түсіремін.

Белгіленген жерге бара жатып, аң аулау арқылы Құдайдың осы кезге дейін Патшалығы туралы маған көрсеткендерін ойша қайталап шықтым. Қазір Ол маған тағы да әлдене үйреткісі келеді.

Кішігірім зерттеуімнің нәтижесін көруді асықтым.

Бірте-бірте таң ата бастады, күзгі таңның әдеттегі дыбыстары мен иісін қатты сағынған екенмін. Бір сағатқа жуық уақыт өтті, бірақ бұғы көрінбеді. Маңайдағы бұғыларды бақылай отырып, олардың қалыпты жағдайда бұл аймаққа кешірек келетінін білдім. Ағаштағы мінбеде бір сағаттай отырдым, ал аң аулауға рұқсат етілген уақыт қырық минуттай ғана болды.

Мінбеде отырып үй жақтан көлік есігінің тарс еткен дыбысын естідім. Дренданың ата-анасы таңертең Алабамаға қайтқалы жатқаны есіме түсіп, оларды шығарып салғым келді. Сондықтан мүйізінде жеті бұтағы бар бұғымды басқа бір күні атып әкелермін деп, орнымнан құлықсыз түстім.

Үйге келсем, бәрі оянған, таңғы асқа дайын. Әдетте, отбасымызға таңғы асты дайындайтын менмін. Күн сайын дерлік Дрендаға, өзіме және үйде басқа тағы кім бар, бәріне таңғы ас дайындаймын. Дренданың ата-анасы жүктерін көлікке артып болғанша тез тамақ дайындауға кірістім. Әрине, олар менен бұғы туралы сұрады. «Сізбен көбірек уақыт өткізейін деп, басқа күні аң аулайтын болдым» дей салдым. Иә, біраз көңілім қалды. Қайын ата-енем сәл кешірек кетеді деп үміттеніп едім. Сонда бұғы аулауға уақытым жетуші еді.

Сөйтіп пештің жанында тұрып, жұмыртқа қуырып жатқанымда, асүйдің терезесінен біздің орман мен егістік жерлерге қарадым. Егістіктің арғы жағында, ұрғашы бұғыны қуып, батпақты жердегі мінбеге қарай бет алған еркек бұғыны көріп қалдым. Бұл менің бұғым. Оған еш күмәнім жоқ. Пештің басына үйдегілердің біреуін шақырып алдым да, бұғыны атып келемін деп үйден асығыс шығып кеттім. Уақытым аз.

Мен бұғыға көрінбес үшін қарсы жақтан біраз жерді айналып өтуім керек еді. Бұғым мінбесі бар ағаш тұрған жолмен келе жатқан шығар деп ойладым. Өрісті шамам келгенше жүгіріп өтіп,

бірде-бір бұғыны көрмей, мінбеге жеттім. Бұл өте жақсы болды. Екеуі маған қарай беттеп келе жатса, мен олардан оздым деген сөз. Тез арада мінбеге шықтым. Жүрегім дүрсілдеп, маңдайымнан тер көзіме төгілді.

Сонымен, мен мінбеге орналасқан бойда, бұғыларым да шықты. Ұрғашысы мен отырған ағашқа қарай жөнелді. Дайындалып отырмын, өйткені еркегі жақын жерде екенін білемін. Бір-екі минуттан соң ол да көрінді. Оның шынымен жеті бұтағы бар ма, жоқ па, тексеріп үлгермедім. Ату үшін садағымды әрең көздеп үлгердім. Жебем бұғыға тиді де, жерге түсті. Бірақ сәл мүлт кетіп, көздегенімнен төмен тиді. Бұғы шөпке секіріп қашып кетті. Мен мінбеде жиырма минуттай күттім де, ақыры ағаштан түсіп, жебені жақсылап тексердім. Өкінішке орай, жебеде және жерде қан өте аз болды.

Әрине, атқаныма көңілім толмады. Бұғының қалың шөпте жатқанын білдім, оны үркітіп алғым келмеді. Аң аулаудағы тәжірибемнен білгенім, бұғы еркекті жараласа, ең дұрысы – шыдамдылық таныту. Үйге қайтып бардым да, таңғы асымды ішіп, барлығына не болғанын айтып бердім. Содан кейін ұлдарымды жараланған бұғыны іздеу үшін өзіммен бірге алып шықтым. Жебедегі аз қанға қарамастан, бұғымның өлгеніне үміттендім. Әрине, жараның жеңіл болуы да әбден ықтимал.

Бір-екі сағат күткен соң, үшеуіміз далаға шығып, әр жаққа тарадық. Қажет болса, садағымды атуға дайынмын. Кенеттен өрістің шетінде Тим бір бұғыны үркітіп алды. Бұғы мені көрмей, мен тұрған жаққа қарай жүгірді. Жүгіріп келе жатып ол Томды көрді де, қайда кетерін білмей кідіріп қалды.

Бұғы жетпіс метрдей жерде

**ИӘ, ПАТШАЛЫҚ КЕРЕМЕТ
ДӘЛДІКПЕН ЖҰМЫС
ІСТЕДІ! ПАТШАЛЫҚТЫҢ
ӘРЕКЕТІ, ОСЫндай
НАҚТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ
БІЗДЕГІ БИЛІК ЖАЙЛЫ
МАҒАН ЕШКІМ ҮЙРЕТКЕН
ЕМЕС.**

еді, сол кездегі жақсы арбалетпен ату үшін тым алыс. Бірақ бұл менің жалғыз мүмкіндігім. Садағымды тез көтеріп, бұғыдан сәл жоғары көздедім де, жебені аттым. Мені таңғалдырғаны, жебе бұғыға қарай доғалай ұшып, мойнының дәл ортасына тиді. Бұғы төбеден жылдам түсіп, көзге көрінбей кетті. Мәссаған. Біз бұғы кеткен жаққа ақырын жылжыдық. Аңның бізден тоқсан метрдей алда жатқанын көрдім. Ол басын көтерді, бірақ бізді көрмеді, сондықтан біз шегініп, кейінірек қайтып келеміз деп шештік.

Кейінірек дегеніміз мен күткеннен әлдеқайда кеш келді. Алда қауымда өткізетін күніміз бар. Үйге қараңғы түскенде ғана қайттық. Тим екеуіміз қол шамды алып, бұғыны іздеуге шықтық. Бұғымыз біз қалдырған жерден бірнеше метр жерде жатты. Мүйізін қарап шықсам, жеті бұтағы бар. Таңданып тұрып қалдым. Тим екеуіміз бұғы үшін Құдайға алғыс айтып, оны үйге сүйреп бара жатып, Құдай Патшалығы туралы және сол күнгі жайттар туралы әңгімелестік.

Иә, Патшалық керемет дәлдікпен жұмыс істеді! Патшалықтың әрекеті, осындай нақтылығы және біздегі билік жайлы маған ешкім үйреткен емес.

Тағы бір жаңалық

Жас еркек бұғыға тұқым сеуім, аңшылыққа шыққаным есімде. Мүйіздері өте кішкентай бір жасар бұғы алғым келді. Кішкентай денесіне қарап, мұндай бұғыны ұрғашымен шатастыру оңай. Сондықтан Огайо штатында бір жасар еркек бұғылар ұрғашыларына теңестіріледі. Ол құлын емес. Ересек бұғылар сияқты үлкен де емес, бірақ жеткілікті үлкен.

Сол күні мен ағаштың мінбесінде тұрған едім. Бір кезде бір топ бұғы пайда болды – тоғыз не оны бар. Олар садағымның жететін қашықтығынан сәл алысырақ болды, бірақ ақырын маған қарай жылжып келе жатты. Кенеттен көршім квадроциклін іске қосты.

Дыбыстан шошып кеткен отар бытырап, менен қарама-қарсы жаққа қарай жүгірді. Мен дауыстап былай дедім: «Бір жасар бұғы, саған бұйырамын, қайтып келіп, ағашымның астына тұр». Ендеше мына суретті елестетіп көріңіз. Өнімі жиналған жүгері алқабында тоғыз бұғы меннен қашып барады. Мен жаңағы сөзді айтқан бойда, бір бұғы үйірден бөлінді де, айналып қайтып келді. Дәл менің ағашыма қарай жүгіріп, тоқтап қалды! Бұл бұғыны үйге апардым. Жақсылап қарасам, расында да бір жасар бұғы екен.

Осыған ұқсас жайттарға мен қайта-қайта куә бола бердім. Құдай Патшалығының қаншалықты керемет және нақты екендігі туралы кітапта кейінірек айтатын боламын, бірақ әзірге бұл жерде керемет нәрсе болып жатқанын білейік.

Патшалық біздің өмірімізді түбегейлі өзгертті. Бұл туралы адамдарға айтуды тоқтата алмаймыз. Көптеген керемет оқиғаларымыз бар және біз көп нәрсені көрдік. Өлгендердің қайта тірілгендерін, ісіктердің бірден ғайып болғанын, өте қиын қаржылық мәселелердің шешілгенін көрдік. Құдайдың адамдарға ғажайып жолмен бостандық бергенін және дұрыс бағыт-бағдар табуға көмектескенін өз көзімізбен көрдік. Құдай Патшалығының игілігімен бөліскіміз келіп, Дренда екеуміз Патшалықты түсінуге көмектесу үшін 1995 жылы Faith Life қауымын аштық. Содан кейін Құдай бізге 2006 жылы Faith Life Now деген медиа қызметін іске қосуды бұйырды. Ол арқылы біздің теледидар қызметіміз күн сайын ғаламшардың әр уақыт белдеуінде көрсетіледі. Әлемнің түкпір-түкпірінде адамдар Құдай Патшалығында еркіндік пен жеңіс рухында өмір сүруді қалайтынын білдік.

Құдай Патшалығы барлығы үшін жұмыс істейді

Бүгін таңертең осы тарауды жазып жатқанда, электрондық поштамды тексердім. Бізге күн сайын адамдардан Құдай Патшалығы олардың өмірін қалай өзгерткенін әңгімелейтін хаттар

келеді. Келесі хат бірнеше минут бұрын ғана келді. Оны осында келтіргім келеді.

Ол мені еске алатындай мен кіммін? Бірнеше жыл бұрын мен сіздің тәліміңізді тыңдай бастадым. Содан бері ғажайыптарды көруді тоқтатқан емеспін. Керемет сауықтыру мен қаржылық қиындықтардың шешілуін көрдім. Енді айналама қарап, Құдайдың ізгілігін көргенде, шамалы есеңгіреп қалғандай боламын. Мұқтаж адамдарды және Ізгі хабар мен шындыққа ашық есіктерді көріп отырмын. Шындық ақыры баршаға жайылып жатыр! Маған қатты әсер ететіні – Құдай қамбаларымды ағыл-тегіл мол толтырып берді. Мен басқаларға да көмектесе алсын деп, бұл жарылқау арқылы басқалар да Жаратқан Иені көрсін деп, Ол мені байытып жіберді! Мен жеке тұрғын үй инспекторымын. Үнемі жас инспекторлармен кездесіп, тәжірибеммен бөлісіп, ақыл-кеңес беремін. Сенушілерге арналған іскер топ құрдым. Онда біз келесі ұрпақты тәрбиелеу үшін жомарттыққа шақыру туралы айтамыз. Патшалықтың жолы бәсекелестік емес, молшылық екенін айтамыз. Шынымды айтсам, сіздің іліміңіз менің өмірімді өзгертті, енді оны басқалармен де барынша бөлісіп, беріп жатырмын. Құдай мені төменнен жоғарыға көтеріп, бекіткендіктен, енді басқалар да Оның ұлылығын тыңдап, көріп жатыр. Оның не істегенін және қалай беріп жатқанын көру керемет және кішіпейілдікке үйретеді. Қызметіңіз үшін рахмет!

Кішіпейілдікпен,

Б.Ф.,

Ноксвилл, Теннесси

Бізге үнемі осындай хаттар келеді. Сонымен қатар, Патшалықтың жұмысына қатысты көптеген сұрақтар да келеді. Адамдар Патшалықта қалай әрекет ету керектігін және Дренда

екеуіміз көргенді қалай істеуге болатынын сұрайды. Бұл осы кітаптың, «Сенің қаржылық революцияң» сериясындағы төртінші кітаптың мақсаты. Менің басқа кітаптарымды оқыған болсаңыз, кейбір негізгі ұғымдарды қайталап шығуға уақыт бөлгенімді білесіз. Патшалықпен бірге жұмыс істегісі келетін кез-келген адам оларды білуі керек.

Бірақ енді Патшалықтың функцияларын тереңірек зерттегім келеді. Сізге Патшалықта қалай өмір сүруге және нәтижеге қалай жетуге болатынын жақсырақ түсінуге көмектескім келеді. Құдай Патшалығынан қажетімізді алу үшін керек бес негізгі қадамнан бастайық.

Қажетіңді Алу Үшін 5 Негізгі Қадам

Марқа 8:14–21-дегі оқиғадан бастаймыз.

Оның шәкірттері нан әкелуді ұмытып кеткендіктен, қайықта тек бір күлше ғана болды. Иса оларға:

— Абайлаңдар, парызшылдардың және Иродтың «ашытқыларынан» сақтаныңдар! — деп ескертті.

Шәкірттері өзара пікірлесіп:

— Бұны нанымыздың жоқтығынан айтқан шығар, — десті. Иса оларын біле қойып, былай деп сұрады:

— Сендер нанымыз жоқ деп неге пікірлесіп отырсыңдар? Жасағандарымды әлі де түсінбей, олардың мәнісін ұқпайсыңдар ма? Әлде жүректерің қасарысқан ба? Көздерің болғанмен көрмей, құлақтарың болғанмен естімейсіңдер ме? Кәне, естеріңе түсіріңдерші: Мен бес күлше нанды бес мың адамға үлестіріп бергенімде, қалдықтардан неше себет жинап едіңдер? — Шәкірттері:

— Он екі, — деді.

— Әрі жеті күлшені төрт мың адамға үлестіргенімде,

артылып қалғаны қанша үлкен себет болды? — Олар:

— Жетеу, — дегенде, Иса:

— Сендер әлі де ұқпай тұрсыңдар ма?! — деген сұрақ қойды.

— Марқа 8:14–21

Яғни, Иса былай деді: «Ей, жігіттер, ұмыттыңдар ма? Бұл шешілген мәселе ғой. Нан жетпегенде, оның қалай шешілгенін өз көздеріңмен көрмеп пе едіңдер?». Бірақ шәкірттер түсіне алмады. Иса оларға өткенді еске түсіруді бұйырды. Осында өте маңызды кілт берді. «Соңғы рет дәл осындай жағдайға тап болғаныңды еске түсір, сонда жауабы табылады». Бұл бізге де қатысты, бұл біздің де жауабымыз деп ойлаймын. Иә, нан мен балықтың көбейгенін білеміз, оны бәрі біледі, бірақ рухани ғалымдар ретінде тереңірек үңілейік. Бұл қалай болды? Ендеше, Иса айтқан әңгімелерге қайта оралып, онда жатқан сырды табайық.

Біршама уақыт өткеннен кейін шәкірттері Исаның қасына келіп:

— Бұл — құлазыған дала, ал кеш түсіп барады. Адамдарды таратып жіберіңіз. Олар жақын маңдағы ауылдар мен елді мекендерге барып, тамақ сатып алсын, — деген ұсыныс жасады. Бірақ Иса:

— Оларға тамақты сендер беріңдер! — деп жауап қатты. Шәкірттері:

— Онда біз барып, екі жүз күндік жалақыға нан сатып алып, бұларды тамақтандырайық па? — деп сұрады. Ал Иса оларға:

— Қанша нандарың бар? Барып, қарап келіңдер! — деп тапсырды. Біліп келген олар:

— Бес күлше нан мен екі кепкен балық бар екен, — деді. Сонда Иса шәкірттеріне адамдарды топ-топқа бөліп, көгалдың үстіне жайғастыруды тапсырды. Сонымен жұрт жүзден, елуден топтасып жайғасты. Иса бес күлше мен екі кепкен балықты

қолына алып, көкке қарап тұрып шүкірлік етті. Нанды халыққа тарату үшін үзіп-үзіп, шәкірттеріне бере берді, екі балықты да бәріне бөліп, үлестірді. Барлығы да жеп тойды.

Соңында олар нан үзімдері мен балықтан артылып қалғандарын жинап алғанда он екі себет толды. Ал тамақтанған ер адамдардың жалпы саны бес мыңдай еді.

— Марқа 6:35–44

Шәкірттер аш халықты үйлеріне таратайық деп ұсыныс жасағанда, Иса «Оларға сендер тамақ беріңдер» деді. Осы сәтте шәкірттер асып-сасқан шығар. «Олар» дегеніміз 5000-нан астам адам болды. Киелі кітапта ол жерде 5 000 ер адам болғаны айтылған, әйелдер мен балалар да қоса келген деп болжауға болады. Оларды қоса алғанда, нақты саны 15 000-20 000 адам. Тамақтандыру үшін бұл өте көп халық. Алдын-ала ескерту не дайындық жоқ.

Әрине, Иса халықты Өзі-ақ тамақтандырғысы келген шығар. Бірақ Иеміз бәрінен бұрын жағдайды шәкірттеріне бір маңызды сабақ беру үшін қолданды. Меніңше, дәл сол себетпен Ол: «Сендер халыққа тамақ беріңдер» деді.

Шәкірттер Исаның көптеген кереметтер жасағанын көрді, бірақ енді өздерінің кезегі де келді. Иса жақын арада жерден көкке кетпек, сондықтан шәкірттері өмірге басқа көзқараспен, Құдай Патшалығы тұрғысынан қарасын деді.

**ИСА ШӘКІРТТЕРІ ӨМІРГЕ
БАСҚА КӨЗҚАРАСПЕН,
ҚҰДАЙ ПАТШАЛЫҒЫ
ТҰРҒЫСЫНАН ҚАРАСЫН
ДЕДІ.**

№1 қадам: Сізде не бар?

— Қанша нандарың бар? Барып, қарап келіңдер! — деп тапсырды. Біліп келген олар:

— Бес күлше нан мен екі кепкен балық бар екен, — деді.

Міне, басты кілт. Иса: «Тастарды нанға айналдырайық» деген жоқ. Бұл рухани тұрғыдан заңсыз болар еді. Оның орнына, Иса оларда не бар екенін сұрады. Нақтырақ айтқанда, Ол шәкірттердің қолында қажеттің заттың (бұл жағдайда тамақтың) қай мөлшері бар екенін сұрады. Әрине, Иса бар тамақтың барлық халыққа жетпейтінін білді. Сұрағанда, Исаның меңзегені ол емес. Қалыпты жағдайда сонша көп адамды әп-сәтте дайындықсыз тойдыра қою мүмкін емес. Шәкірттер қанша тамағымыз бар деп сұрастырмай-ақ 20 000 адамға жететін азықтың жоқ екенін біледі. Шәкірттердің ойын елестете аласыз ба? Содан кейін қайтып келіп, бес нан мен екі балық бар деп есеп беру қалай? Ақылсыздық емес пе?

Осы әңгімеге басқаша қарап көрейік. Дәл қазіргі жағдайды емес, ұзақ мерзімді есепке алып қарастырайық. Бағушы ретінде мен бұрын отбасыларға бір айлық ипотека немесе жалдау ақысын төлеуге, коммуналдық төлемдерді өтеуге немесе азық-түлік сатып алуға көмектесу сияқты қиын қаржылық жағдайларда көмектестім. Бірақ ең керегі уақытша көмек емес, Құдай Патшалығы екенін білемін дейік.

Әңгіме келесідей болуы мүмкін: «Гэри бағушы, осы айда ақшамыз өте аз. Баспанасыз қаламыз ба деп қорқамыз. Қауым бізге көмектесе ала ма?». «Әрине сізге көмектесе аламын. Міне, сізге берер кеңесім. Үй сатып алсаңыз, ай сайынғы ипотека төлеміне уайымдамайтын боласыз». Олар маған қарап: «Бағушы, сіз түсінбеген шығарсыз. Үй сатып алмақ түгіл, келесі айғы төлемге де ақшамыз жоқ». «Білемін, — деп жауап берер едім, — үйдің ақшасын төлемеу үшін, үй сатып алыңыз деп тұрмын».

Сосын «Үйдің қарызын толықтай төлеп шығу үшін қазір қанша ақшаңыз бар?» деп сұрасам, ол кісілер мені есінен ауысқан дейтін шығар. Бірақ олар тілімді алып, шынымен қанша ақша барын тексерді дейік. Қайтып келіп: «Біз екі рет тексердік, бағушы. Бар болғаны 20 доллар таптық, бірақ ипотекаға әлі 360 000 доллар төлеуіміз керек». Жағдайды түсіндіңіз деп ойлаймын. Мені есалаң дейтін шығар.

Шәкірттер де сол күні әбден абдырап қалса керек. 20 000 адамды тамақтандыру үшін бес нан мен екі балық қалай жетеді?

НЕ ЕКСЕҢ, СОНЫ ОРАСЫҢ

Бұл оқиғаны әрі қарай зерттемес бұрын, осы тұста маңызды бір қағиданы түсіндіру үшін шамалы ауытқимыз. Нанды көбейтсе, нан аламыз, балықты көбейтсе, балық аламыз. Жазып алыңыз.

Киелі кітаптағы басқа мысалға көшуге рұқсат етіңіз, содан кейін Марқа 6-дағы оқиғаға қайта ораламын. 4-Патшалықтарға көз жүгіртейік.

**ҚАЖЕТІҢІЗДІ АЛАМЫН
ДЕСЕҢІЗ, ОНЫҢ
БЕЛГІЛІ БІР МӨЛШЕРІН
ПАТШАЛЫҚҚА БЕРУ
КЕРЕК, СОНДА ОЛ
КӨБЕЙЕДІ!**

Бірде пайғамбарлардың біреуінің әйелі Елішеге бас ұрып:

— Мырза, менің күйеуім қайтыс болды, оның Жаратқан Иені терең қастерлеп өткенін өзіңіз білесіз. Ал енді, бізге қарыз берген адам екі ұлымды өзіне құл етіп әкетуге келіп отыр, — деді. Еліше одан:

*— **Сізге қандай көмек көрсетейін? Айтыңызшы, үйіңізде не бар?** — деп сұрады. Әйел:*

— Үйімде бір құты майымнан басқа түк те жоқ! — деп жауап берді. Еліше:

— Онда көршілеріңізге барып, бос ыдыстарын сұрап алыңыз, тек аз емес, барынша көп сұраңыз. Содан соң ұлдарыңызбен бірге үйіңізге қайтып, есігіңізді ішінен бекітіп алып, майыңызды сол бос ыдыстарға толтырып құйыңыз. Толғандарын бөлек алып қоя беріңіз, — деп тапсырды.

Әйел одан шығып, дәл пайғамбардың айтқанындай істеді. Ұлдарының әкеліп беріп отырған ыдыстарына өзінің құтысынан май құя берді. Ыдыстардың барлығы толғанда,

әйел бірұлына: «Тағы бірыдысты алып келші», — деп тапсырды. Бірақ ол: «Басқа бірде-бір ыдыс жоқ!» — деді. Сонда құтыдан май ақпай тоқтап қалды. Әйел Құдайдың пайғамбарына барып, болған жайтты айтып берді. Пайғамбар оған: — Майыңызды сатып, қарызыңыздан құтылыңыз. Ал қалғанын күнкөрісіңізге жаратыңыз, — деді.

— Патшалықтар 4-жазба 4:1–7

Байқасаңыз, пайғамбар: «Ал, қазынаға барып, онда не барын көрейік» деген. Жоқ, ол бұл мәселені шешудің ең жақсы жолын білді. Ол: «Сізге қандай көмек көрсетейін?» деді. Әйел кейіп, былай деуі мүмкін: «Айтып тұрмын ғой, маған ақша керек!». Бірақ Еліше оны кемсітейін деген жоқ. Ол әйелдің мұқтажын қанағаттандыратын шешімге жетелейтін өте маңызды сұрақ қойды. Дәл осы сұрақ сізге де жауап табуға көмектеседі. «Сізге қандай көмек көрсетейін? Айтыңызшы, үйіңізде не бар?»

Сізде не бар?

Сіздің үйіңізде не бар? Әйел қиын жағдайын нақты түсіндіргеннен кейін пайғамбардың бұл сұрағын күтпеген болуы керек.

«Үйімде бір құты майымнан басқа түк те жоқ!».

Әйелдің «Түк те жоқ» дегеніне назар аударыңыз. Шынымен де ештеңесі жоқ па еді?

Жоқ, жармасып қарасақ, оның сөзі шындыққа сәйкес келмеді. Ол бір құты кішкентай майы бар екенін айтты. Бинго! Пайғамбардың бар білгісі келгені осы.

Міне, осыны өзіңізден сұрасаңыз болғаны. Құдайға бар керегі – аз болсын, әйтеуір сіздің заңды құзырыңыздағы зат.

Сонымен, бірінші қадамға қайта оралайық. Сізге қажет заттың бір бөлігін Құдайға беру керек. Сіз оны Құдай Патшалығына

бергенде, ол заңды өрісін өзгертеді, яғни Құдайдың билігіне өтіп, көбейе алады. Есіңізде болсын, мұндағы көбею дегеніміз Марқадағы көбеюден басқаша болуы мүмкін. Әрине, Құдай бұйырса, нан ас үйде тұрып өзінен-өзі көбейе алады, ондайды да көрдім. Бірақ әдетте Құдай нанды басқа адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы көбейтеді. Жомарт жан кездесуі мүмкін, не жұмыстағы мансабыңыз жоғарылауы мүмкін, немесе күтпеген ақшалай өтемақы түсуі ықтимал. Құдай наныңызды сансыз көп әдіспен көбейтіп бере алады.

**СІЗ ОНЫ ҚҰДАЙ
ПАТШАЛЫҒЫНА
БЕРГЕНДЕ, ОЛ ЗАҢДЫ
ӨРІСІН ӨЗГЕРТЕДІ, ЯҒНИ
ҚҰДАЙДЫҢ БИЛІГІНЕ
ӨТІП, КӨБЕЙЕ АЛАДЫ.**

Ақшаны атауға болады

Ақшаға қатысты өте маңызды мәселеге назар аударғым келеді.

Ақшаны кез-келген нәрсеге тұқым ретінде пайдалануға болады.

Күн сайын бір нәрсе сатып алғанда ақшаға ат бересіз. Мысалы, азық-түлік дүкенінен нан сатып алсаңыз, ақшаңызды сол нанға айырбастайсыз, яғни ақшаңызды шын мәнінде «нан» деп атайсыз. Былай қарап көрейік. Сізге нан керек дейік. Құдай Патшалығының егу және ору деп аталатын заңын түсінесіз. Осы заңды қолдану арқылы нан ексеңіз, нан алатыныңызды білесіз. Нан керек, бірақ егетін наныңыз жоқ делік. Не істейсіз? Ақша «егіп», екенде оны нан деп атай аласыз. Есіңізде болсын, ақша дегеніміз тек айырбастау жүйесі. Күн сайын біз ақшаға қажет нәрсенің атын береміз: сүт пен пәтерден бастап аяқ киім мен тамаққа дейін керегіміздің бәрін ақшаға айырбастаймыз. Сондықтан, біреуге ақша бергенде де, яғни қаржы «еккенде», оған атау бере аласыз.

Ақша бергенде, ақшаңызды атай аласыз.

Огайо штатындағы Нью-Олбани қаласындағы Faith Life қауымы – бұл Дренда екеуіміз жиырма бес жыл бұрын ашқан қауымымыз. 2008 жылы Now Center орталығын, Faith Life қауымы орналасқан кампусты салдық. Ол кезде құрылыс 6,5 миллион долларлық ауқымды жоба болды, оған 550-ге жуық адам қатысты.

Соңғы он жылда ғимаратты барынша толтырдық. Демалыс күндері шамамен 3000 адамға қызмет етеміз – бұл біздің шегіміз. Әр демалыс сайын тікелей эфирде төрт жиналыс өткіземіз – бұл менің шегім. Сондықтан қазіргі ғимаратымызды кеңейтуді жөн көрдік. Негізгі үлкен залды ұлғайтып, балалар бөлімін қоссақ, көбірек адамға қызмет етте аламыз. Бастапқы 10 миллион долларлық жоба осындай еді. Кейіннен ақша жинап, ғимаратты салуға көп уақыт кететіні белгілі болды. Қосымша орынды пайдалану үшін екі жарым жыл күтуіміз керек.

Осыны ескере отырып, ғимаратымызды кеңейтетін болдық. Оған қоса тағы бір ғимаратта қосымша кампус ашамыз деп шештік. Бұл жаңа кампусты алты айдың ішінде қолдануға толықтай әзірлейміз деп жоспарладық. Негізгі ғимаратқа түсетін салмақ сонда жеңілдейді. Қауым да қиындықсыз өсе алатын болады. Солайша, қолайлы орынды іздеп табатын топ құрдық. Демографиялық жағдайды зерттеп, қаланың бір аймағына тоқтадық. Біздің ойымызша, бұл қаламыздағы өте жақсы жер. Өте көп іздедік, тіпті бірнеше рет керегімізді таптық деп келісімшартқа қол қоя жаздадық. Бірақ бәріміз бірге отырып, байыбына барып талқылағанда, әлдененің дұрыс емес екенін түсіндік. Жүрегімізде келісім болмады. Осы таңдауымыз дұрыс деген сенімділік болған жоқ.

Алты ай өтті. Жобамыз бір қадам алға жылжымады. Жаңа кампус бола алатын орынды әлі тапқан жоқпыз. Мойындауым керек, Дренда екеуіміз іздеуден үміт үзуге дайын едік. Қаланың өзіміз таңдаған аумағында барлық жерлерді қарастырдық, бірақ

бәрібір дұрыс ғимарат таппадық. Иә, іздеуді бастамас бұрын тұқым септік және Құдайдың бізге дайындап қойған тамаша ғимараты бар екенін білдік. Бірақ бұл сонша ұзаққа созылады деп күтпеген едік. Міне, бір кеңес: мінсіз шешім табу үшін кейде көп уақыт қажет!

Сол кезде біз телемарафонға қатысып, жаңа тележеліге қаражат жинауымыз керек еді. Бұл үш күндік іс-шара болатын. Әр күні таңертең және кешке тікелей эфирде өтуі тиіс. Қателеспесем, үшінші күні келесі жағдай болды. Мен түсірілім алаңында отырғанда, Құдайдың маған сөйлегенін естідім. Ол: «Қызметтен 100 000 долларға чек алып, кампус жобасындағы тығырықтан шығу үшін оны осы тележобаға тұқым ретінде ек. Әдеттегі төрт жиналыстың әрқайсына сол чекті алып, бүкіл қауыммен бірге мінәжат ет. Сыйлығыңды бер де, кампус үшін орын іздеуді аяқта!».

Содан соң Ол дұға кезінде шайтанға тыйым салуды, шатасу мен кешіктіруді тоқтатуды бұйырды. Біз мұны келесі демалыс күндері сенбі және жексенбі күнгі ғибадат қызметтерінде жасадық.

Келесі күні, яғни дүйсенбіде, менің кампус тобым жылжымайтын мүлік агентінің телефон соққанын айтты. Ол жаңа ғана сатылымға қойылған жеке мектеп кампусы туралы бізге хабар берді. Оны қарайық дедік. Жұмыс тобы барып қараса, ғимарат бұрынғы мектеп екен. Балабақша бөлімі де бар. Бағасы біз жұмсауға дайын болғаннан әлдеқайда жоғары екен, өйткені біз негізгі кампус үшін ақша үнемдеу үшін жаңа орынды жалға алғымыз келді. Баға біздің мүмкіндігімізден асып кетсе де, Дренда екеуміз сейсенбі күні таңертең кампусқа баруды шештік.

Келсек, 8 000 шаршы метр негізгі ғимаратты, төрт қосымша ғимаратты, жүгіру алаңын, спорт залын, төрт теннис кортын, арнайы өнер студиясын, ғылыми зертханаларды және мектеп үшін қажет нәрсенің барлығын көрдік. Тамаша. Ең кереметі –

ғимарат толықтай жиһаздалған және қажет нәрсенің бәрімен жабдықталған. Дренда екеуіміз риза болдық, бірақ ғимаратты сатып алуға мүкіндік жоқ.

Сол күні кешке серіктестерімізбен бас қосып, қазіргі мәселелерді талқылау үшін кездесуге келдік. Соңғы екі айда бұл кешкі ас үш-төрт рет кейінге қала берді, өйткені бәріміздің қолымыз тимеді. Бірақ сол күні кешке кездесу өтті. Ас кезінде негізгі қауымды кенейту туралы сөйлестік. Ерлі-зайыптылар бізден жобаның қаншалықты жылдам жүріп жатқаның сұрады. Ресми рұқсат қағаздарын алуда және сызбаларды жасауда айтарлықтай бөгеліс болып жатқанын айтып, басқа да мәселелер туралы сөйлестік. Жұмыс қарқынына қарап, кеңейту 2022 жылдың аяғынан немесе 2023 жылдың көктемінен бұрын бітпейтінін айттық.

Достарымыз бірден басқа ғимаратта кампус ашуды ұсынды. Біз ол жағын да қарастырғанымызды айттық. Соңғы жарты жыл бойы қолайлы орын іздегенімізді, бірақ таппағанымызды түсіндірдік. Содан кейін оларға таңертең көрген керемет мектеп туралы айттық. «Онда бізге керектің бәрі бар, орналасуы да, жиһаз-жабдығы да тамаша. Бірақ ол бірнеше миллион долларға сатылып жатыр» дедік.

Серіктестеріміз бір сәт кідірместен: «Егер ол тегін болса ше?» деп сұрады. Біз түсінбей қалып едік, олар қайтадан: «Ғимарат қолыңызға тегінге түссе ше?» деді. Олар әзілдеп жатыр деп ойладық, бірақ ер адам қайтадан: «Дренда, кампус тегін болса ше?» деді. «Не дегіңіз келеді? Ол қалай?». Олар: «Чек жазамыз!» деді. Үстімізден жай түскендей аң-таң отырдық. Бірақ, қысқасы, достарымыз дәл солай жасады.

Кампусымызға тұқым сепкеннен кейін екі-ақ күн өтті. Құдай бізді тамаша жерге бағыттады. Қазір бізде бағасы 12 миллион доллар кампус бар! Мұндайды кім ойлаған? Кім елестетіп көрген?

Осы оқиғадан кейін Дренда екеуіміз көрген ғажайып нәрселердің барлығына қарамастан, одан да үлкен мақсат қойып, одан да көп армандауымыз керек деп келістік. Құдай керемет нәрселерді жасай алады!

Сол күні 20 000 адамды бес нан мен екі балықпен тамақтандырған шәкірттер де сондай сезімде болса керек. Олар кешке «Мәссаған, бұл не деген керемет?» деп төсектеріне жатқан шығар.

5-ТАРАУ

ҚҰДАЙ КЕРЕГІҢІЗДІ БЕРЕДІ

Алдыңғы тарауда қажетіңізді алу үшін патшалық заңдарын қолданудың алғашқы қадамын айттық.

ӨЗІҢІЗГЕ ҚАЖЕТТІҢ БІР БӨЛІГІН ҚҰДАЙ ПАТШАЛЫҒЫНА БЕРУ КЕРЕК. СОНДА ПАТШАЛЫҚ ОНЫ КӨБЕЙТЕДІ.

Содан кейін бұған қатысты бірнеше сұраққа жауап беретінімді айттым, олардың біріншісі: «Патшалық маған қажетті көбейтуі үшін, оған әлденені қалай беремін?»

Мұны түсіну үшін Марқа 6-дағы әңгімемізге оралайық.

Біршама уақыт өткеннен кейін шәкірттері Исаның қасына келіп:

— Бұл — құлазыған дала, ал кеш түсіп барады. Адамдарды таратып жіберіңіз. Олар жақын маңдағы ауылдар мен елді мекендерге барып, тамақ сатып алсын, — деген ұсыныс жасады. Бірақ Иса:

— Оларға тамақты сендер беріңдер! — деп жауап қатты. Шәкірттері:

— Онда біз барып, екі жүз күндік жалақыға нан сатып алып, бұларды тамақтандырайық па? — деп сұрады. Ал Иса оларға:

— Қанша нандарың бар? Барып, қарап келіңдер! — деп тапсырды. Біліп келген олар:

— *Бес күлше нан мен екі кепкен балық бар екен, — деді. Сонда Иса шәкірттеріне адамдарды топ-топқа бөліп, көгалдың үстіне жайғастыруды тапсырды. Сонымен жұрт жүзден, елуден топтасып жайғасты. Иса бес күлше мен екі кепкен балықты қолына алып, көкке қарап тұрып шүкірлік етті. Нанды халыққа тарату үшін үзіп-үзіп, шәкірттеріне бере берді, екі балықты да бәріне бөліп, үлестірді. Барлығы да жеп тойды.*

Соңында олар нан үзімдері мен балықтан артылып қалғандарын жинап алғанда он екі себет толды. Ал тамақтанған ер адамдардың жалпы саны бес мыңдай еді.

— Марқа 6:35–44

Әңгімедегі бірнеше маңызды нәрсені елемей кету оңай. Қазір ерекше назар аударайық. Иса: «Оларға тамақты сендер беріңдер» дегенде, шәкірттердің жауабы мен Оның жауабы бізге Құдай Патшалығы туралы маңызды бір нәрсе көрсетеді. Ол күнделікті керегіміздің әрқашан бар болуына қатысты. Шәкірттер Исаға жауап бергенде, сонша көп адамды тамақтандыру үшін жарты жылдық жалақыдан астам ақша қажет екенін айтты. Осы мәселеге тап болған кезде, олардың ақыл-ойы қажетті қамтамасыз етуді қиындықпен байланыстырғанына назар аударыңыз. Шындығында, мұны бәріміз жасаймыз. Бірақ мұндай «уақытты ақшаға айырбастау» менталитеті адам санасында әрқашан болған емес. Ол Адам ата күнә жасағаннан кейін пайда болды. Жаратылыстың басталуына оралып, адамзатты қалай қарғыс атқанын көрейік.

«Уақытты ақшаға айырбастау» менталитеті

Адамға Құдай Ие былай деді: «Әйеліңнің тілін алып, Мен тыйым салған ағаштың жемісінен жеген сенің кесіріңнен

жердің топырағын қарғыс атты! Бұдан былай тамағыңды өмір бақи бейнет шегіп топырақтан өсіріп жейтін боласың. Жердің топырағы саған тікенектер мен ошағандарды қаулатып, сен далада өсетін дәнді дақылдармен қоректенетін боласың. Өзің жаратылған жердің қойнына қайтып кіргенше, жейтін наныңды маңдай теріңді төгіп жүріп табатын боласың. Сен топырақтан жаратылдың, қайтадан топыраққа айналасың!»

— Жаратылыстың басталуы 3:17–19

Естеріңізде болса, Адам ата мен Хауа ана жер бетіне Құдай Патшалығының атынан билік ету үшін тағайындалды. Олар берілген өкілеттікпен билік жүргізді. Жер бетінде тұрған шайтан оларды менсінбей, олардың күш-қуатына құмар болды. Адам мен Хауа оның үстінен толық билікке ие болғанымен, шайтан оларды Құдайдың зұлым екеніне сендірді. Құдайға сенуге болмайды деп алдап жіберді. Дұшпан жақсы болашақ сияқты көрінген нәрсені ұсынды. Үлкен өкінішке орай, Адам ата мен Хауа ана Құдайға емес, шайтанға еруді шешті. Құдайға қарсы бүлік шығарғандықтан, олар Құдай Патшалығындағы заңды мәртебелерін жоғалтты және іс жүзінде Құдайды өз өмірлерінен қуып жіберді. Осылайша бастапқыда адамзатқа арналған билік – бүкіл жердегі заңды билік – шайтанның қолына түсті. Пауыл 2-ші Қорынттықтарда шайтанды осы дүниенің тәңірі деп атайды.

Бұлар оған сенбейді, себебі осы күнәкар дүниенің «тәңірі» (әзәзіл шайтан) олардың ой-саналарын соқыр қылып қойған. Содан олар Мәсіхтің салтанатты ұлылығы туралы Ізгі хабардың нұрын көре алмайды. Ал Мәсіх Құдайдың қандай екенін айқын көрсетеді.

— Қорынттықтарға 2-хат 4:4

Құдай Адамның күнәсін әшкерелеп, былай дейді: «Сенің

кесіріңнен жердің топырағын қарғыс атты. Бұдан былай тамағыңды өмір бақи бейнет шегіп топырақтан өсіріп жейтін боласың». Әрі қарай бір сөйлемнен кейін: «Жейтін наныңды маңдай теріңді төгіп жүріп табатын боласың» дейді.

Адам ата бүлік жасағаны үшін жер бұрынғыдай оған ризық бермейтін болды. Енді Құдайдың қолы байлаулы, ал Адам өзінің төккен тері мен еңбегімен өмір сүру жолында күресуге мәжбүр болады. Жерді қарғысқа ұшыратқан Құдай емес, Адам ата. Адамның жер бетінде толық заңды билігі болды және ол Құдайға қарсы шыққанда, Құдай батасын алып тастауға мәжбүр болды. Сондықтан да Жаратқан Ие Адам атаға: **«Сенің кесіріңнен жердің топырағын қарғыс атты»** дейді. Адам ата қоныстанған, ризық-несібесі мол бақ та жоқ болды. Адам Құдайға қарсы шыққанға дейін азық-түлік туралы ешқашан ойлаған да, алаңдамаған да. Қажеттің бәрі қамтамасыз етілген, қайда қараса да керектің бәрі мол болатын. Бірақ енді Адамға маңдай тері мен азапты еңбекпен өз тамағын өзі іздеуге тура келді. Мен мұны азапты еңбек пен тер жүйесі деп атаймын.

**АДАМ АТАДАН БЕРІ
ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР
АМАН ҚАЛУДЫҢ
АРБАУЫНА ТҮСІП,
НЕ ҚАРАПАЙЫМ
КҮНДЕЛІКТІ КЕРЕКТЕРДІ
ҚУЫП ШАРШАЙДЫ, НЕ
ҚАЖЕТТЕРІНІҢ БӘРІ БАР
БОЛСА ДА, БАРЫНША
КӨП ДҮНИЕ ЖИНАҒЫСЫ
КЕЛЕДІ. СЕБЕБІ БҰЛ
ҚАЖЫТАТЫН ЖАРЫСТАН
АҚШАҢ БОЛСА ҒАНА
ҚҰТЫЛА АЛАСЫҢ.**

**Қажетті қамтамсыз ету үшін енді
азапты еңбек пен тер керек!**

Жер өзгерген жалғыз нәрсе емес. Енді Адам ата мен бүкіл адамзат та өзгерді. Адам өзінің болмысынан, мақсатынан, ризығынан айырылып, тырмысқан күнкөрістің құлы болды. Сіз бен біз де осылай, азапты еңбек пен тер жүйесінде өстік.

Қарғыс атқан жердегі барлық әрекет – күнкөрістің амалы. Ол әдетте ақша табу немесе қаржылық

мәселелерді шешу аясындағы бейнет. Күнделікті азықты қайдан және қалай табамыз деген уайым біздің ойларымыз бен өмірімізді басқарады. Бір кездері Құдайдың жердегі мақсаты мен аманаты үшін жаратылған қайталанбас бірегей тұлғаларымыз қазір ұрланып, олардың орнына өмір сүру үшін қажетті ақша табу, келесі күннің қамын үнемі іздеу жайлы алаңдаушылық келді.

Құлдық жүйе

АҚШ адамдардың 70 пайыздан астамы жұмысын ұнатпайды екен.⁵ «Жұмысын ұнатпаса, ол жерден неге кетіп қалмайды?» деуіңіз мүмкін. Бір сөзбен айтқанда, олар жалақыға құл болып отыр!

Жер қарғысы азапты еңбек пен тер жүйесін әкелді. Осы күйде әрбіріміз бітпейтін жарыстан шығып, күнкөрісті уайымдамау үшін миллионер болуды армандаймыз. Адамдар лотереяда ақша ұтып алуды армандайды. Істеуге мәжбүр болған нәрсені емес, қалағанын жасауға еркіндік беретін байлықты армандайды. Адам атадан бері ерлер мен әйелдер аман қалудың арбауына түсіп, не қарапайым күнделікті керектерді қуып шаршайды, не қажеттерінің бәрі бар болса да, барынша көп дүние жинағысы келеді. Себебі бұл қажытатын жарыстан ақшаң болса ғана құтыла аласың.

Бұл жүйенің кесірінін бәріміз былай ойлап үйреніп қалғанбыз. Егер мен сізге алдағы он екі айдың ішінде қарызыңыздан толық құтылуыңыз керек десем, сіз ол үшін қосымша қанша еңбек салу керегін елестете бастайсыз. Қажет болса, қанша қиын болса да, тағы да екі-үш жұмысқа тұруды ойластыра бастайсыз. Яғни, көбірек ақша табамын десем, қазіргіден көбірек азапты еңбек пен тер керек деген ойға үйреніп қалғансыз. Арманыма жетемін десем, тағы да азапты еңбек пен тер қажет деп есептейсіз. Жаңа көлік керек болса, оның құнын маңдай теріңе бөлесіз де, «Жоқ, бұл қолдан келмейді» дейсіз. «Үлкен үй ме? Жоқ, біз оны көтере алмаймыз».

5 <https://returntonow.net/2017/09/22/85-people-hate-jobs-gallup-poll-says>

Құдай мүмкін емес жағдайда мүмкіндікті көреді

Қарғыс атқан жер жүйесінде арманның орнына супермаркетке барып, қайтар жолда гамбургер жеу келген. Ал егер арманды орындауға уақыт немесе еңбек жеткіліксіз болса, адам одан бас тартады және басқалар сияқты өзі жек көретін жұмысты жалғастыру керек екенін мойындайды. Азапты еңбек пен тер өрнегінде теңдік белгісінен кейін әдетте «мүмкін емес» деген сөз бар.

Шәкірттер де жағдайды осылай түсінді: «20 000 адамды тамақтандыр дейді ме? Мүмкін емес! Ол үшін алты айлық жалақыдан да көп ақша керек!». Бұл жағдайда жалақы қажеттілікті қанағаттандыру үшін керек ауыр еңбекті білдіреді. Тағы да, қажетінді тек ауыр еңбек арқылы ала аласың деген ұғым шәкірттерде де болды. Жердегі патшалықта бәрі осылай болады. Мұны бәрі біледі, бірақ Иса оларға жаңа өмір салтын, жаңа заңдары бар жаңа патшалықты көрсетпекші. Иә, шынында да азапты еңбек пен тер жүйесінен құтылудың жолы бар. Расында да бар!

Шәкірттердің халықты тамақтандыру мүмкін емес деп айтқан кезіне оралып, Исаның не айтқанын көрейік. Мүмкін DWJD (Do What Jesus Did – Исаның істегенін істе) деген жазуы бар былғары білезік керек шығар, сонда Оның көрсеткенін шәкірттері сияқты ұмытпайсыз. Шәкірттерімен келісудің орнына, Иса тізгінді өз қолына алып, оларға: «Қанша нандарың бар? Барып қарап келіңдер» деді. Шәкірттері қарағанға дейін-ақ бүкіл халықты тамақтандыруға нан жетпейтінін білді. Исаға келіп, халық тамақ тауып жесін дегендері сондықтан ғой. Бірақ мойынсұнып, олар іздеп келді де, небәрі бес нан мен екі балық тапқанын хабарлады.

Мұнда тағы бір маңызды түсінік бар, оны көруге міндеттісіз! Оны көру үшін дәл сол оқиғаны Матай нұсқасында оқиық.

Бірақ Иса:

— *Кетулері қажет емес, оларға тамақты сендер беріңдер!*

— *деп жауап қатты. Шәкірттер:*

— *Бізде тек бес күлше нан мен екі кепкен балық қана бар, — деді. Иса:*

— *Соларды Маған алып келіңдер!* — *деп, халыққа көгалдың үстіне жайғасып отыруды бұйырды. Мұнан кейін Иса бес күлше мен екі балықты қолына алып, көкке қарап тұрып шүкірлік етті. Нанды үзіп-үзіп, шәкірттеріне бере берді, ал олар халыққа үлестірді. Барлығы да жеп тойды.*

Соңында олар нан үзімдері мен балықтан артылып қалғандарын жинап алғанда, он екі себет толды. Ал балалар мен әйелдерді есептемегеннің өзінде тамақтанған ер адамдардың жалпы саны бес мыңдай еді.

— Матай 14:16–21

18-аятта Иса шәкірттерінен нан мен балық алып келуді сұрағанына назар аударыңыз. Содан кейін, 19-аяттың соңында Исаның нан мен балықты шәкірттеріне қайтарып бергенін көреміз. Осы екі арада маңызды бір зат орын алды. Ол сіздің назарыңызды аударып, келесі сұрақ қоюға дем беруі керек. «Иса шәкірттеріне нан мен балықты қайтарып берсе, оны неге алдымен әкелуді бұйырды?». Иса ешқашан діншілдікпен ештеңе істемейді, сондықтан оның нан мен балық сұрағанының себебі болуы керек. Рухани ғалымдар ретінде біз Иса шәкірттерден нан мен балықты алған кезде не болғанын түсінуіміз керек.

Иса бес күлше мен екі балықты қолына алып, көкке қарап тұрып шүкірлік етті. Нанды үзіп-үзіп, шәкірттеріне бере берді, ал олар халыққа үлестірді.

Киелі кітап Исаның шүкірлік еткенін айтады. Кейбір нұсқаларда Оның бата бергені айтылған. Бірақ бұл нені білдіреді? Бұл жерде «шүкірлік айту» немесе «бата беру» үшін қолданылған грек

сөзі сөзбе-сөз «бір нәрсені бағыштау», «бір нәрсеге Құдайдан жарылқау сұрау» немесе «Құдайдан бір нәрсені пайдалану үшін бата сұрау» дегенді білдіреді. Оны бір саты жоғары көтерсек, бір нәрсені бағыштау – оны «қасиетті, ресми түрде Құдайдың мақсатына бағышталған деп жариялау» дегенді білдіреді.

Осылайша, Иса балық пен нанға бата бергенде, олар жердегі патшалықтың билігінен шығып, көктің билігіне көшті.

Иса оларды алып, батасын бергенде, нан мен балық бір патшалықтан басқа патшалыққа көшті.

Затты басқа биліктің қоластына көшіру

Бұрын нан мен балық жердегі адамдардың құзырында болды және Құдай ол тамақпен ештеңе істей алмады. Бірақ қазір кішкентай баланың жомарттығы арқылы олар Исаға ұсынылып, Құдай Патшалығының құзырына енгенін көреміз. Жердегі патшалықтың құзырында қалса, нан мен балық ешқашан көбейе алмайтынын да түсінуіміз керек.

Рухани ғалымдар ретінде біз егжей-тегжейге мұқият қарауымыз керек. Бұл ауысу шынымен қашан болды? Бастапқыда құзырдың өзгеруі бала балық пен нанды шәкірттерге берген сәтте болды деп ойлауыңыз мүмкін. Бұл, әрине, үрдістің бір бөлігі және баланың мұны өз еркімен жасағаны да маңызды. Бірақ шәкірттерге нан мен балықты беру іс жүзінде азықты бір патшалықтан басқа патшалыққа көшірген жоқ. Заңды өзгеріс Иса шүкірлік етіп, оның үстінен сөз айтқан кезде орын алды. Иса нан мен балықты иемденіп, Өз қолында ұстаса да, Иса тамаққа бата беріп, нақты нұсқау бермейінше, азық көбейе алмайтынын растаймын.

Бұған осының алдында сенім жайлы үйренгеніміз арқылы қарайық. Жүрегіңізде аспанның жерде әрекет етуін заңды қылатын сенім болса да, жердегі заңды құзырға ие болып, көктің осында өз билігін жүзеге асыруға рұқсат бермейінше, ештеңе болмайтынын білдік.

Себебі Мәсіхке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады.

— Римдіктерге 10:10

Киелі кітапта Исаның нан мен балық үшін шүкірлік еткенде, нақты қандай сөз айтқаны белгісіз болса да, шамамен былай болғаны әбден ықтимал: «Әке, Саған көмегің үшін алғыс айтамын және осы нан мен балықты Сенің Патшалығың мен даңқыңа бағыштаймын. Бұл нан мен балық көп халықты тамақтандыру үшін, оларға тыныштық пен күш-қуат беріп, Сенің даңқыңды көруге жеткілікті мөлшерде көбеюі керек». Әрине, айтқанымдай, Исаның айтқан сөзі жазылмаған. Бірақ нан мен балықты қолына алғаннан кейін Иса азыққа дәл нұсқау бергеніне сенімдімін. Оны қайдан білемін? Өйткені Иса алдын ала халықты топ-топпен отырғызып қойды. Оның нақты жоспары болды.

Бірақ Иса:

— Кетулері қажет емес, оларға тамақты сендер беріңдер!

— деп жауап қатты. Шәкірттер:

— Бізде тек бес күлше нан мен екі кепкен балық қана бар, — деді. Иса:

— Соларды Маған алып келіңдер! — деп, халыққа көгалдың үстіне жайғасып отыруды бұйырды. Мұнан кейін Иса бес күлше мен екі балықты қолына алып, көкке қарап тұрып шүкірлік етті. Нанды үзіп-үзіп, шәкірттеріне бере берді, ал олар халыққа үлестірді.

— Матай 14:16–19

Назар аударыңыз, Ол нан мен балыққа батасын бермес бұрын, халыққа шөпке отыруды бұйырған болатын. Иса жоспарын жақсы білді. Ол нан мен балықты Өзінің қолына алғаннан кейін оған нұсқау бергеніне сенімдімін. Тұқым сепкенде, нақты нұсқау бердің өмірлік маңызы бар. Өмірлік маңызды дедім бе? Иә, сондықтан

сақ болыңыз. Егу кезінде нұсқауларды қалай беруге болатынын қарастырайық.

Шимон Петір:

— Сіз Мәсіхсіз, мәңгі тірі Құдайдың рухани Ұлысыз! — деп жауап берді. Иса оған:

— Сен бақыттысың, Жүніс ұлы Шимон: саған мұны адам баласы емес, көктегі Әкем білдірді! Бұдан былай сенің атың Петір («Тас») болады. Осы іргетастың үстіне Мен Өзіме сенушілердің қауымын саламын. Оны өлімнің күштері де жеңе алмайтын болады. Саған Құдай Патшалығына жол ашатын кілттерді тапсырамын; жер бетінде тыйым салғаныңды да, рұқсат еткеніңді де көктегі Әкем бекітпек, — деді.

— Матай 16:15–21

Мұның мағынасы не? Құдай Патшалығының атынан жерде билік жүргізу қайтадан біздің қолымызға түсті. Бастапқыда Адам ата ол биліктен айрылып қалған еді, бірақ Иса Мәсіх арқылы ол билік сенушілерге қайтарып берілді. Бізге шайтанға тыйым салу

**БІЗГЕ ШАЙТАНҒА ТЫЙЫМ
САЛУ ЖӘНЕ КӨКТИҢ
ЕРКІН ЖЕРГЕ БОСАТЫП
ШЫҒАРУ ӨКІЛЕТТІГІ
БЕРІЛДІ.**

және көктің еркін жерге босатып шығару өкілеттігі берілді. Сенушілер шайтанға тыйым салудың не екенін біледі деп үміттенемін. Бұл өте қарапайым: шайтанға тыйым салу оның зұлым жоспарларын жүзеге асыруға жол бермеу

дегенді білдіреді. Оны әртүрлі жолмен істеуге болады. Мысалы, адамдардан жындыларды қуып шығарсаңыз, науқастардың үстіне қолыңызды қойып, олар сауығып кетсе немесе жай ғана «Тоқта, Исаның атымен!» десеңіз, мұның бәрі шайтанға тыйым салу болып табылады. Сіз Құдай Патшалығындағы билігіңізді алып, Исаның шайтанды жеңгенін жерге паш етесіз.

Билігіңізді пайдалану

Тәжірибемнен білетінім, аспанның құдіретін жердегі патшалыққа қалай босатып шығару керектігін өте аз адам біледі. 1-Жохан 5:14-15 үзіндісін тиімді дұға етудің мысалы ретінде келтіргенмін.

Біз Оның еркіне сай бір нәрсе сұрасақ, Құдай тілегімізге құлақ салады деп нық сенеміз. Не сұрасақ та, Құдай бізге құлақ салады деп білсек, Оның тілегенімізді беретінін де білеміз.

— Жоханның 1-хаты 5:14, 15

Жүрекпен сену – әңгіменің соңы емес. Көріп отырғанымыздай, аспанның айтқанына сенген кезде, адам ақталып шығады. Енді аспан жердегі патшалықта әрекет етуге құқылы, бірақ сіз бұл күшті жерге босатпайынша ештеңе болмайды. Сіз Мәсіхпен бірге көкте Әкенің оң жағында отырсыз. Сіздің сөзіңіз – патшаның сөзі, сіз сөйлемейінше, аспан әрекет етпейді! Бұл дұғада жасалған мәлімдеме немесе келісім болуы мүмкін. Сіз қатыспасаңыз Құдай сұрағаныңызды бере алмайды!

Бұл жай ғана нәрселердің орындалуы үшін қалай дұға ету керектігін білу ғана емес, дұға еткенде нақты нұсқау бере білу маңызды. Есіңізде болсын, егер сіз көктің құдіретін жерге босатып шығармасаңыз, ештеңе де болмайды. Сондықтан көктің еркін өмірімізге және әлемімізге қалай енгізу керектігін түсіну өте маңызды.

Бағыт берудің ең жақсы үлгілерінің бірі Иеміздің дұғасынан табылады. Онда сіз білуге міндетті бірнеше маңызды тармақтар бар. Біріншіден, мәтінде Құдай сізге не қажет екенін білетіні айтылған, сондықтан жалбарынуды тоқтату керек. Жалбарынып қайыр сұрау – сенім емес, бұл Құдай Патшалығының қалай жұмыс істейтіні және патшалық азаматы ретінде құқықтарыңызды білмейтініңізді көрсетеді. Мінәжатта нұсқау беру шын мәнінде

талап ету болып табылады. Талап ету дегеніміз сізге қажет нәрселердің егжей-тегжейлі тізімі. Сіз бұл нәрселерді сұрамайсыз, оларды құқығыңызға сәйкес қолыңызға аласыз.

Құдайға сиынғанда жалған тәңірлерге құлшылық етушілер іспетті құр сөз сөйлей бермеңдер! Олар көп сөз айтсақ еститін болады деп есептейді. Сендер сондайларға ұқсамаңдар! Себебі көктегі Әкелерің өздерің сұрамай тұрып-ақ, сендерге не керек екенін біледі.

Сонымен Құдайға мына іспетті мінажат етіп сиыныңдар:

Көктегі Әкеміз!

Сенің киелі есімің қастерлене берсін,

Патшалығың осында орнасын!

Сенің еркің көкте орындалғандай,

Жер бетінде де орындала берсін!

Күнделікті нанымызды бүгін де бере гөр.

— Матай 6:7–11

Иса сөзін былай деп бастады: «Көктегі Әкеміз! Сенің киелі есімің (яғни үстемдігің мен билігің) қастерлене берсін (құрметтелсін және даңқталсын)». Осы бірінші сөйлемде Иса дұғаның заңды қалпын анықтайды. Оны сот залында айтылған бірінші сөйлеммен салыстырайық.

Сот приставы орнынан тұрып: «Орындарыңыздан тұрыңыздар. ...(соттың атын атайды) соты». Бұл Франклин округінің жалпы талаптар бойынша соты немесе аудандық сот, қылмыстық сот немесе басқа атау болуы мүмкін. Бірақ біріншіден, басында маңызды нәрсе болады. Сот приставы: «Орындарыңыздан тұрыңыздар» дейді, сол арқылы сотқа, сондай-ақ сотқа төрағалық ететін судьяға құрмет көрсетеді. Сотты атау ісіңізді қарастыруға бұл соттың заңды құзыреті бар екенін білдіру үшін және тиісті құзыретті орнату үшін қажет.

Сот приставының айтқанын талдауды жалғастырайық.

«Орындарыңыздан тұрыңыздар. Франклин округінің жалпы шағымдар соты басталды. Жиналысқа құрметті судья Смит төрағалық етеді».

Исаның дұғасындағы бірінші тармақ **«Көктегі Әкеміз! Сенің киелі есімің қастерлене берсін»** дейді. Бұл сөз біздің істі қарастыратын және бізге осында болуға құқық берген Құдайға тиісті құрмет көрсетеді. Ол біздің Әкеміз, және біз бұл сотқа заңды түрде кіре аламыз. Бұл бірінші сөйлем сонымен қатар соттың көктегі сот екенін, жоғары тұрған сот ретіндегі құзырын анықтайды.

Одан әрі дұғада: **«Патшалығың осында орнасын!**

Сенің еркің көкте орындалғандай,

Жер бетінде де орындала берсін!».

Бұл тіркес соттың Патшалық заңына сәйкес шешім шығаруын талап етеді. Сіз сотқа жүгінсеңіз, немесе өтініш білдірсеңіз, Судьядан бұл жағдайда Оның еркінің (заңның) орындалуын сұрайсыз. Әрі қарай: **«көкте орындалғандай, жер бетінде де орындала берсін»** делінген. Көктегі тәртіптің жерде де орындалуын қалайтыныңызды тағы да мәлімдейсіз. Демек, мұның бәрі сіздің де, соттың да заңды ұстанымы мен орнын анықтау үшін айтылды. Әлі ештеңе сұралған немесе ұсынылған жоқ. Келесі сұрау келеді.

«Күнделікті нанымызды бүгін де бере гөр». Мұнда тікелей мағынада нан жайлы айтылмаған. Әрине, нақты жейтін нан керек болса, мағына тікелей болады. Нанның орнына ойша қажет нәрсені айту керек. Есіңізде болсын, бұл әңгіменің бәрі Исаның шәкірттеріне қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қалай дұға ету

**ОСЫҒАН ҚАРАМАСТАН,
СЕНУШІЛЕРДІҢ
КӨПШІЛІГІ: «ОЙ, МЕН
ҚҰДАЙ БЕРГІСІ КЕЛЕТІН
КЕЗ-КЕЛГЕН НӘРСЕГЕ
РИЗА БОЛАМЫН. ОЛ
КЕРЕГІМДІ МЕНЕН
ЖАҚСЫ БІЛЕДІ ҒОЙ». БҰЛ
ҮЛКЕН ҚАТЕЛІК!**

керектігін үйретуден басталды. Бұл жерде сіз өтініш білдіресіз, бірақ мен айтқанымдай, бұл жерде сұраныс немесе талап ету деген дұрысырақ болады. Әрине, екі сөз де келеді. Мысалы, Філіпіліктердің 4-тарауында сұрау жайлы айтылған. Бірақ менің айтайын дегенім, талап егжей-тегжейлі болу керек. Мінәжатта сіз нұсқау бересіз, ол егжей-тегжейлі және нақты болуы керек. Філіпіліктерде де солай айтылған.

*Еш нәрсені уайымдамай, барлық жағдайда өтініштеріңді
Құдайға сынып тілекпен және шүкірлікпен білдіріңдер!
Сонда Құдайдың адам ақылынан асқан керемет
тыныштығы сендердің жүректерің мен ой-саналарыңды
Мәсіх Исада сақтайды.*

— Філіпіліктерге 4:6, 7

Айта кету керек, дұға мен өтініш екі түрлі нәрсе. Біздің дұғаларымызда өтініштер бар, бірақ дұға – оларды Әкемізге жеткізетін құрал. Тағы да айтамын, сұрау өте егжей-тегжейлі және нақты болуы керек. Осыған қарамастан, сенушілердің көпшілігі: «Ой, мен Құдай бергісі келетін кез-келген нәрсеге риза боламын. Ол керегімді менен жақсы біледі ғой». Бұл үлкен қателік!

Құдай Патшалығының кілтін СІЗГЕ берді!

Егер сіз менің кітаптарымды оқыған болсаңыз, немесе аудио-видео тәлімдерімді тыңдап көрсеңіз, Құдай Патшалығы туралы сансыз егжей-тегжейлі әңгімелерді білесіз. Бұл кітапта Құдай Патшалығының қаншалықты нақты жұмыс істейтінін және сөздеріңіздің қаншалықты дәл болуы керектігін түсінуге көмектесетін көптеген әңгімелер бар. Сөзімді түсіндіру үшін бір-екі ескі әңгімені айтайын. Бұларды бұрын естіген боларсыз. Бірақ Құдай Патшалығының қаншалықты нақты екенін түсіну үшін қанша уақыт жұмсасам да, ол босқа кетпейді деп ойлаймын. Біз айтып өткен бірнеше оқиғаны еске сала кетейін.

Патшалықтың әрекеті

«Құдай-ау, мына көлік жай ғана өртеніп кетсе жақсы болар еді» деп дауыстап айтқаннан кейін фургонымның өртеніп кеткені туралы оқыдыңыз. Кездейсоқтық па? Әрі қарай жылжиық. Бұғылар туралы да айттым, оларды аулау үшін Жаратқан Иенің тұқым себуді үйреткенін және мен күткен бұғылардан басқа ешқайсысының мен отырған ағаш мінбесінің астына келмегенін айттым. Бұғы маған өзі келгенде, әрдайым мен аулаймын деп тұқым сепкен бұғым болып шығатын. Сосын бұғылардың мен еккен ретімен келетінін Құдайдың маған қалай көрсеткенін айттым. Сіз бұрын мұндай нәрсені естідіңіз бе? Мен өз көзіммен көрмейінше ондайды естіген емеспін. Патшалықтың дәлдігі керемет, оны жеті бұтақты бұғы туралы әңгімеден және Тим алдын-ала тұқым сеуіп, қалаған алты бұтақты бұғы алғанынан көрдік. Құдайдың маған билікті қолданып сөйлеуді үйреткенін, менен екі жүз метр жерде тұрған бұғы мен сөйлеген кезде тоқтай қалып, дәл менің ағашымның түбіне келгенін айттым. Мен бұйырғанда, орнында бірден тоқтаған қырғауылдың әңгімесін де айттым.

Спорт тауарлары дүкенінде «Мен мұны аламын» деп бір мылтыққа нұсқағанымды, ал бірнеше аптадан кейін тура сол мылтықты сыйлық ретінде алғанымды әңгімеледім. Дренданың тұрақта: «Міне, бұл!» деп айтқан BMW 6 кабриолеті туралы да айттым. Ешкімге тіс жармап едік, бірақ бір-екі аптадан кейін қауымнан бір адам телефон соғып: «Мен бүгін Дренданың көлігін көрдім» деді. Мен таңғалып, оның не айтқысы келгенін сұрадым. Досымының айтуынша, ол қаланы аралап келе жатып, жақсы жағдайда сатылатын BMW маркалы автокөлігін көрген, ал Құдай ол Дренданың көлігі екенін айтқан. Қалай ғана тура сол, дәл бізге керек көлік табыла қалған?

7-тарауда күтпеген жерден өзім қалаған ұшақты қалай алғанымды және оны төлеуге ақшаны қалай тапқанымды айтып беремін. Алдын-ала нақты сол ұшаққа тұқым сеуіп едім. Менде

Құдай Патшалығының керемет дәлдікпен жұмыс істейтінін көрсететін сансыз әңгімелер бар.

Үлкен, мүйізінде жиырма алты бұтағы бар бұғыны атып алғаным есімде. Қарашаның өте жылы күні болды. Бұғыны сол күні атылған жерінде қалдырдым, ал келесі күні басын қабырғаға жапсыру үшін таксидермистке апардым. Ол қарап шықты да: «Кешіріңіз, жылы ауа-райы жүнді бүлдіріп жіберген сияқты. Бұдан ештеңе шықпауы мүмкін. Қолымнан келгенін істеймін. Көре жатармыз» деді. Тапқан олжамды кеңсеме әдемілеп іліп қойғым келді. Одан бас тартарым жоқ. Маман кеңсесіне тапсырыс қағазын алуға барғанда, мен қолымды бұғыға қойып, жүнінің мінсіз, мүсіннің тамаша болып шығатынын айттым. Бір айдан кейін қайта келгенімде, таксидермист: «Білесіз бе, жүні бұзылды деп айтып едім, бірақ жұмыс керемет болды. Жүні тамаша».

Мен осылай өте ұзақ бойы әңгіме айта алар едім, бірақ мәселе сіздің айтқаныңызда! Сіз әрбір сөзіңізбен рухани заңды қозғалысқа келтіресіз! Мұны білмеген шығарсыз. Мен де нақты білмедім, бірақ бұл рас. Құдай Патшалығы өте ерекше, әрі өте нақты.

Бұл кітаптың қалған бөлігінде менің сөздерімді растайтын көптеген әңгімелер бар. Өзіңіз көріп отырғандай, мен мұны барынша түсінікті қылып жеткізгім келеді. Міне, сол әңгімелердің бірі.

Рухани заңды қозғалысқа келтіру

Бұл Дренданың қатысатын әйелдер конференцияларының бірінде болды. Ол кезде бір қонақты қалада әрі-бері алып жүрі үшін біз Cadillac Escalade көлігін жалға алдық. Конференцияның соңында көлік келесі таңға дейін керек болған жоқ мүмкін, сондықтан Дренда екеуіміз оны сынап көру үшін түнге үйге қояйық деп шештік. Бұрын ешқашан Escalade жүргізген емеспіз. Өзіңіз ойлағандай, ондай көлікті міну бір рахат болды. Келесі күні таңертең қауымға қайтып бара жатқанда, осындайын алғымыз келеді деп келістік. Біз мінген көлік қысқа нұсқада, інжу ақ түсті

болды. Екеуімізге де ұзын нұсқасынан гөрі қысқа нұсқасы және ақ түске қарағанда, інжу ақ түсі ұнады.

Осы оқиғадан бір ай өткен соң, мен газет алуға көшеге шыққанымда, ұялы телефоным шырылдады. Қауым мүшелерінің бірі хабарласып тұр. Ол жай ғана: «Мен сізге Cadillac Escalade сатып алғым келеді. Қандай түсті қалайсыз?» деді. Мен таң қалдым, бірақ інжу ақ деп жауап бердім. Дегенмен, қысқартылған нұсқасын айтуды ұмытып кетіппін. Бір айға жуық уақыт өтті, мүмкін ол көлік жайлы ұмытып та кеткен шығар деп ойладым. Бірақ жуырда тағы телефон шырылдады, әлгі кісі көлікті алғанын айтты. Ол шақырған жерге барсақ, көзіміз қысқартылған нұсқадағы мінсіз інжу ақ Escalade-ке түсті. Сәлемдескенімізде ол: «Кешіріңіз, ұзақ болды, бірақ бұл көліктің ұзын нұсқасын таба алмадым» деді. Бізге ұзын көлік керек емес те еді. Бұл кісі оны білмеді. Өзіне ұзыны ұнаған соң, бізге де сол ұнайтын шығар деп ойлады. Бірақ көліктің қысқа нұсқасы ғана табылды. Тағы да, біз нақтылап келіскен, «Осыны алғымыз келеді» деген көлік қолымызға түсті.

Соңғы бірнеше жылда бизнестегі бірнеше таңғажайып оқиғаларды көрдім. Өзіңіз білетіндей, менің әлі де қаржылық қызмет көрсететін компаниям бар. Жиырма бес жыл бұрын бағушылық қызметті бастамас бұрын, менің кеңсем 5 000 кеңселердің арасында ең табыстысы болды. Өз қауымымды ашқан кезде, қолым бос болмайтынын білдім. Әлгі бірінші орынды сақтай алмайтын шығармын деп ойлағаным есімде. Тура солай болып шықты. Менің кәсібімде вендорлар ең көп пайда түсірген сатушыларды марапаттап, оларды ақысы төленген, арнайы сапарға жібереді.

Мен бірге жұмыс істеген вендор, жыл сайынғы конференцияда үздік он бөлімшелерде 10 миллион доллардан астам сатылым әкелген әр жұмыскер үшін 100 000 доллар бонус берді. Олар сондай-ақ 3 миллион доллардан астам табыс тапқандар үшін жыл сайынғы конференцияға өте жақсы сапар үшін төледі. Мен бұл компанияда жылына шамамен 4 миллион долларға сатылым жасайтынмын,

сондықтан конференцияға барудың сапарын компания төлейтін. Ол жерде жыл сайын басқалардың 100 000 долларлық чек алып жатқанын қарап отыратынмын. Он сегіз жыл бойы осылай болды! Иә, он сегіз жыл. Мен қауым бағушысы ретінде бұл мақсатқа жете аламын деп ешқашан ойлаған емеспін, сондықтан мен ешқашан сенімімді осы бағытта қолданып көрген емеспін.

Бірақ бір күні мен конференцияда үздік он адамның 100 000 долларлық чектерін алғанын көрігенімде, Құдай менен: «Сен неге солардың арасында сахнада емессің?» деп сұрады. Мен жауап беріп үлгергенше, Ол былай деді: «Мен сенің сонда болғаныңды қалаймын. Атымның осында даңқталғанын қалаймын». Наурыз айы болды, мен айтқанымдай, соңғы он сегіз жылда біз бұл компанияға жылына шамамен 4 миллион доллар табыс түсіріп келдім. Әрине, мен бұл мақсатқа жетудің жолын көрмедім, бірақ сонда да дұға еттім және Дренда екеуіміз 10 миллион долларлық межеге жету үшін тұқым ектік. Жаратқан Ие маған компаниямның сұраныстарды өңдеуіне қандай жақсартулар жасай алатынымды көрсетті, бұл үлкен өзгеріс болды. Ұзын сөздің қысқасы, біз үздік ондыққа кірдік және 100 000 долларлық чекті алдық. Бірақ мынаны айтқым келеді. 10 миллионға сауда жасау үшін бізге бір-ақ сатылым жеткілікті болды!

Келесі жылы компания 100 000 долларлық чекті алғысы келетіндердің мақсатын 12 миллион долларға дейін көтерді. Қайтадан, тұқымды ектік, сол жылы да көздеген нәтижеге жеттік. «Тағы да бір-ақ сатылыммен ба?» десеңіз, қателеспейсіз. Келесі екі жылда компания ондай жомарт бонус беруді тоқтатты. Бірақ өткен жылы, 2019-да бағдарламаны 10 миллион долларға деңгейінде қайтадан іске қосты. Тұқымымызды егіп, алғашқы ондыққа кірдік. Аңғарып қалған шығарсыз, ол деңгейге тағы да бір ірі сатылымның арқасында шықтық. Жыл сайын бір сатылыммен алғашқы ондыққа енуіміз кездейсоқтық па? Жоқ, біз \$100 000 чек үшін талап етілетін ең аз сомаға жетуді мақсат еттік. Дәл солай істедік. Бұны бір сатылыммен ғана алғымыз келді ме? Әрине жоқ.

Біз жыл бойы бар күшімізді салып жұмыс істедік. Айдың соңғы күніне дейін жағдайдың қалай болатынын білмедік. Бұл Құдайдың ісіне тағы бір керемет куәлік.

Нұсқау берудің маңызы

Осы жылы «Қамтамасыз ету» конференциясында Құдай маған сөйлеп, Дренда екеуміз нұсқау беру туралы білгенімізді адамдарға үйрету керегін айтты. Киелі Рух оны тура солай, нұсқау деп атайды. Тиісті тәлім беріп біраз уақыт жұмсадым, өйткені қанша адам мұны қалай істеу керектігі туралы ештеңе білмейді. Сөздік бойынша «нұсқау» – ресми немесе бұйрық беретін инструкция. Назар аударыңыз, бұл жалбарыну, қайыр сұрау сияқты нәрсе емес. «Ой, қасірет» деп жалыну емес. Жоқ, бұл билігі бар адамның бұйрығы! Ендеше, бір қадам алға жылжиық. Мен рухани бұйрық берсем, оны кім орындайды? Иә, орындайтын біреу бар, оның кім екенін білейік.

Иса жауап беріп шәкірттеріне былай деді:

— Құдайға сеніңдер! Сендерге шындығын айтайын: біреу мына тауға «Орныңнан көтеріліп, теңізге лақтырыл!» деп, айтқан сөзінің іске асатынына жүрегінде еш күмәнданбай сенсе, сол өтініші орындалады. Сондықтан сендерге былай деймін: Құдайға сиынып (Оның еркіне сай) не сұрасаңдар да, соны қабылдадық деп сеніңдер! Сонда ол орындалмақ.

— Марқа 11:22–24

Бұл үзіндіде мен баса айтқым келетін екі жайт бар. Байқасаңыз, мұнда «Егер біреу айтса» деп жазылған. Дренда екеуміздің ашқанымыз осында. Біздің сөзіміз аспанның еркін жерге әкеледі. Көктің айтқаны жерде орындалу үшін күш береді.

Екіншіден, осы үзіндінің келесі бөлігіне тоқталғым келеді.

«...айтқан сөзінің іске асатынына жүрегінде еш күмәнданбай сенсе, сол өтініші орындалады»

Мұнда: «Өтініші орындалады» деп жазылғанына назар аударыңыз. Кімнің өтініші? Аузымен нақты сөзді айтып, жүрегімен қалтқысыз сенген кісінің өтініші.

Мәссаған! Дәл қазір не істеп жатсаңыз да тоқтай тұрыңыз. Бұл туралы бір минут ойлануыңыз керек! Бұл үзінді сіз туралы айтып жатыр.

Өтінішті іске асыратын кім? Мұны білу үшін Еврейлерге жазылған хатты ашайық.

Періште атаулы — қызмет көрсететін рухтар ғана, солай емес пе? Жаратқан Ие оларды мәңгілік құтқарылуға ие болатын адамдарға қызмет етуге жібереді.

— Еврейлерге 1:14

Мұнда періштелерді сипаттайтын екі түрлі сөз бар екенін ескеріңіз: «қызмет көрсету» және «қызмет ету». Бұл контексте қызмет ету басқа адам үшін, бұл жағдайда сіз үшін, міндеттерді орындауды немесе қызмет көрсетуді білдіреді. Қызмет көрсету ше? Мысалы, үкімет саласында жұмыс істейтін адам халыққа қызмет көрсетеді. Періште дегенді басқаша айтсақ, ол көктегі соттың өкілі. Періштелер сіздің мүдделеріңіз үшін Құдай Патшалығының атынан әрекет етуге уәкілетті! Назар аударыңыз, біз періштелерге бұйрық бере алмаймыз, өйткені олар бізге есеп бермейді. Бірақ көктегі соттан өзімізге қажет нәрсені сұрай аламыз, сонда періштелер оны іске асыру үшін жіберіледі. Керемет қой!

«Бірдеңе айтуым керек пе? Оны білмеппін». Осы сөз келесі әңгімеде Құдайдың маған берген сабағын сипаттайды.

Бір жылы бір жасар бұғы атып аламын деп тұқым еккенмін. Бірнеше рет тұқым сеуіп, дәл керегімді сенім арқылы алған кезім. Біраз тәжірибем бар. Қалағанымды алатыныма сенімдімін.

Әдеттегідей тез арада бұғымды атып келемін деп аңға шықтым. Ағаштағы мінбеге отырғанымда, орманды қиып өтіп бара жатқан бір жасар бұғыны көрдім. Садақ атуға тым алыс. Жануарға маған келуін бұйырдым, бірақ одан ештеңе шықпады. Сол күні бұдан басқа бұғыны көрген жоқпын. Келесі күні таңертең шығып едім, тағы бірде-бір бұғыны көрмедім. Сол кезде әлдененің дұрыс емес екенін түсіндім.

Екінші күні орманнан шыққанда, Құдайдан жауап сұрай бастадым. Киелі Рух маған ненің қате екенін тез көрсетті. Бұғы атып аламын деп тұқым еккенімде, мен жай ғана чек жазып, конвертке салдым да, поштамен жібердім. Әдетте чекке қолымды қойып, қысқаша мінәжат етуші едім, бірақ осы жолы олай істемедім. Содан кейін Киелі Рух Исаның нан мен балықты қалай көбейткенін есіме түсірді. Азық көбеймей тұрып Иса оған батасын берді ғой. «Мен де солай істеуім керек пе?» деп ойлағаным есімде. Ақшалай тұқым екенде әрқашан конвертке қолымды қойып, мінәжат ететінмін. Бірақ осы конвертті жіберген күні өте асығыс болдым да, дұға етуді ұмытып кеттім. Бұғыны көк патшалығына толықтай бағындыру үшін тұқым себу жеткілікті деп ойладым.

Мен қателігімді түзеп, Патшалық туралы жаңа түсінігімді сынап көргім келді. Сөйтіп, бір жасар бұғыға арнап тағы да тұқым ектім де, бұл жолы бата бердім. Оған қалай бата бергенімді мысалға келтірейін: «Әке, бүгін мен осы тұқымды себу кезінде Исаның атымен бір жасар бұғы аламын. Ол Марқа 11:24-ке сәйкес орындалды деймін. Бұл үшін Саған алғыс айтамын. Киелі Рух, осы бір жасар бұғыны дәл ату үшін жеткілікті қашықтыққа жақындата гөр. Әумин». Көріп отырғаныңыздай, сөзімнің бәрі қарапайым. Бірақ мен бұғы бер деп қайыр сұрап, жалбарынып отырған жоқпын. Мен жай ғана талабымды мәлім етіп отырмын. Әскерде алдыңғы шепте жүргендерге оқ-дәрі сұраудың қажеті жоқ, олар жай ғана сұраныс береді. Басқаша айтқанда, олар өздеріне қажет нәрсенің бәріне заңды түрде қол жеткізе алады. Өтінудің қажеті жоқ, жай ғана «оқ-дәрі жеткізіңіз» деу жеткілікті.

Келесі күні таңертең мен тағы да ағаштың басындағы мінбеде отырдым. Әлі таң атпаған, орман қараңғы. Енді-енді жарық түсе бастағанда, маған қарай келе жатқан жалғыз бұғыны көрдім. Атуға әлі тым қараңғы еді, бірақ бұғының тұра менің ағашыма қарай келе жатқанын көрдім. Бұғы жақындай бергенде, бір сәтте тоқтап, келесі он бес минут бойы менің ағашымды айналып баяу жүрді. Мен, аздап айтқанда, таң қалдым. Бұғы менің ағашымнан жиырма метр қашықтықта тұрып, оны жай ғана айналып жүрді.

Орманға күн сәулесі түскенде, бұғының еркек-ұрғашысын ажырата алмадым. Мүйізі көрінбегендіктен, басында ұрғашы деп қалдым. Уақыт әлі ерте, бірақ Огайодағы атуға рұқсат етілген кез келді. Айтқанымдай, бұл бір жасар еркек бұғы ма, жоқ па, анық біле алмадым. Бірақ көп жағдайда мүйіз жүннің астына тығылып, көрінбейтінін де білдім. Мен отырған ағашты айналған біртүрлі жүрісіне қарап, «Менің бұғым болса керек» дедім де, оқ аттым. Бұғы жерге құлай кетті. Оған жақындағанымда, кішкентай мүйіздерін көріп қуанып, бұл шынымен менің бұғым екенін түсіндім. Бауыздап жіберейін десем, пышағымды алмаппын. Бұғыны құлаған жерінде қалдырып, пышақ алуға үйге кеттім.

Бұғыға қайтып бара жатқанда, ұлым Тимнің маған қарай келе жатқанын көрдім. Тим бұғыны қалай атқанымды сұрады, оған таңғы оқиғаларды айтып бердім. Атылған бұғы жатқан жерге жақындағанда, ұлым соңғы үш күнде бірде-бір бұғы көрмегенін айтты. Тим үш күн бойы орманда менімен бірге жүрді. Оның сөзін тыңдап, мәселе неде екенін бірден түсіндім. Тим де бұғы атып алғысы келген еді. Ол алдын-ала осыған арнап тұқым еккен. Кабинетімде отырғанда, бұғыға тұқым деп чек жазғаны есіме түсті. Оның да чекке қол қойып бата бермегенін түсіндім. Біраз уақыт бөлдім де, егіс кезінде тұқымға не айту керектігін түсіндірдім. Құдайдың маған көрсеткенін дәл жеткіздім.

Сол күні кешке Тим екеуміз Колумбқа іс-сапармен барып келдік. Үйге қайтып бара жатқанда қауымның жанынан өттік. Тим тоқтап, қайтадан тұқым себуге рұқсат сұрады, бұл жолы оған

батасын берді. Кеңсемде тұқымын дайындап жатқанын көрдім. Қарасам, алты мүйізі бар бұғы аламын деп егіп жатыр екен. Мен бұл өте батыл, әрі нақты мәлімдеме деп ойладым.

Келесі күні таңертең Тим менің осыдан бір күн бұрын отырған ағашыма барды. Ол да тура менің көргенімді көрді. Таң атпай тұрып, бұғы ағашқа қарай жүрді. Жарық түскенше оны айналып жүрді. Тим садағын атты. Көздеген жеріне тиген сияқты көрінді. Өкінішке орай, жебесі мүлт кетіп, аң қашып кетті. Оны екі сағат іздесек те таба алмадық. Ғажабы, сол күні кешке, бір шақырымдай жерде тұратын досымыз көршісінің кіреберіс жолынан мүйізінде алты бұтағы бар өлі бұғыны тауып алғанын айтты. Оған жебе тиген. Ол көршінің үйі бұғы қашып кеткен жақта еді. Досым көршісінің сол күні таңертең бұғыны кім атқанын білмей терісін өзі сыпырып алғанын айтты. Адам сенгісіз әңгіме, келісемін, бірақ ол бізге жақсы сабақ болды.

Тұқым сепкенде, Иса сияқты бата бер.

Айтпақшы, Тим жаңа тұқым септі де, келесі аптада бұғысын атып алды.

Сөйлегенде нақты болыңыз

Алты мүйізіді бұғы өте ерекше екенін білемін, бірақ білгеніміздей, Құдай Патшалығы одан да ерекше! Мұны көру үшін табиғатқа қараңыз.

Өйткені Құдайдың көзге көрінбейтін қасиеттері — Оның мәңгілік құдіреті мен құдайлық болмысы дүние жаратылғаннан бері айқын: бұларды Оның жаратқан нәрселерінен байқап түсінуге болады. Сондықтан адамдар Құдайды біле алмадық деп сылтаурата алмайды.

— Римдіктерге 1:20

Киелі кітапта Құдайдың көзге көрінбейтін қасиеттері табиғаттан көрінеді деп айтылған. Сізге сұрақ қояйын: «Табиғат қаншалықты егжей-тегжейлі?». Өте егжей-тегжейлі! Өте бай! Мен сізге көлік сатып аламын десем, келесі сұрағыңыз «Қандай көлік?» болады, солай ғой? «Көлік» деген сөзді естігенде, қандай да бір белгісіз, еш ерекшелігі жоқ көлікті елестете алмайсыз. Көз алдыңызға Форд немесе Шевроле сияқты белгілі бір көліктің белгілі бір моделі және белгілі бір түсі келеді. «Автокөлік» сөзі бұлыңғыр бейне тудырмайды: бұл әрқашан белгілі бір нақты көлік. Мінәжат еткенде де солай болуы керек.

Заңды құжаттарды оқып па едіңіз? Оқыған боларсыз. Олар өте егжей-тегжейлі. Сіздің сөзбен босатып шығаратыныңыз да сондай дәл. Өзіңіз қаламасаңыз да, сөздің осындай күші бар. Исаның қалай қызмет еткеніне қараңыз. Ол сөздің маңыздылығын түсінді.

Иса таудан түскеннен кейін Оның соңынан көптеген халық ерді. Сонда алапеспен ауырған біреу Исаның алдына келді де, тізе бүгіп тағзым етіп:

— Мырза, егер қаласаңыз, мені құлантаза сауықтыра аласыз, — деп өтінді. Иса қолын созып, денесіне тигізді де:

— Қалаймын, құлантаза сауығып кет! — деді. Сол сәтте-ақ ауру адам алапесінен арылып, тазарды.

— Матай 8:1–3

Назар аударыңыз, Иса: «Құлантаза сауығып кет!» демейінше, ештеңе болған жоқ.

Иса шәкірттерімен бірге көлдің арғы бетіндегі фадара өңіріне жеткенде, жын соққан екі кісі Оған кездесе кетті. Қабірге арналған үңгірлер арасынан шыға келген олар құтырынған, аса қауіпті болатын. Сондықтан ешкім сол жолмен жүре алмайтын. Кенеттен олар: «Құдайдың рухани Ұлы, бізде нең бар? Уақытынан бұрын бізді азаптауға келдің бе?» — деп айқай салды.

Алысырақта үлкен бір топ шошқа жайылып жүрген болатын. Жындар: «Егер бізді қумақ болсаң, ана шошқаларға жібере гөр», — деп өтінді. «Кетіңдер!» — деді Ол. Жындар сол екі кісіден шығып, әлгі хайуандарға енді. Кенеттен олардың бәрі тік жардан көлге қарғып, суға батып, қырылып қалды.

— Матфея 8:28–32

Жындар бірден қашып кетпей, Исамен сөйлескенін көрдіңіз бе? Олар кәдімгідей Исаға сөз қатты! Иса «Кетіңдер!» дегенде ғана жындар кетіп қалды. Сізде билік бар, сізде кілт бар, бірақ сөйлеуіңіз керек! Бірдене айтыңыз. Қайталап айтамын, Құдайдың Патшалығы заң бойынша жұмыс істейді. Құдай Патшалығында билікті дұрыстап қолдану керек. Сіздің сөзіңіз өте маңызды!

Жалғастырмас бұрын, не үйренгенімізді қайталайық. Иса нан мен балыққа батасын бергенде, олар жер патшалығынан шығып, Құдай Патшалығына өтті. Сіз де Иса

**СІЗДЕ БИЛІК БАР,
СІЗДЕ КІЛТ БАР, БІРАҚ
СӨЙЛЕУІҢІЗ КЕРЕК!**

сияқты, тұқым екенде, оған нақты нұсқау бергеніңіз жөн. Тұқым сепкенде, одан қандай өнім күтесіз? Әрбір тұқым белгілі бер бейнемен келеді. Әр уәде болашаққа белгілі бір бейне береді. Бұл туралы кейінірек айтатын боламыз, бірақ мен талқылағым келетін келесі сұрақ — тұқымды қайда себу керек.

Тұқымды қайда себу керек?

Біріншіден, тұқымды Құдайдың аманатын жерде орындап жатқан адамға немесе қызметке себу керек. Менің айтып отырғаным әдеттегі жомарттықтан басқа.

*Жарлыны қамқорлаған — Жаратқанға қарыз бергені,
Игі ісінің сауабын Жаратқан қайтып береді.*

– Нақыл сөздер 19:17

Бұл рас. Жомарттық танытсаң, Құдайдан қайтады!

Бұл жайында: «Сараң сепкен сараң жинар, жомарт сепкен жомарт жинар» делінген ғой. Әрқайсың жүректеріңнің шешіміне сай, еш ренішсіз, зорлықсыз барларыңмен бөлісіңдер! Құдай қуанышпен беретіндерді ұнатады. Ал сендерді бүкіл игілікке молынан кенелтуге Құдайдың құдіреті жетеді! Сонда әрдайым, қандай жағдайда да қажеттеріңнің бәрімен қамтамасыз етіліп, әр қилы игі істерді молынан жасай аласыңдар.

«Ол мұқтаждарға мол көмек таратады, оның әділдігі мәңгіге ұласады» деп Забурда жазылған. Егіншіге себуге тұқым, ашыққанға жеуге нан беретін Құдай сендерге «игіліктің тұқымын» ағыл-тегіл мол сыйлап, әділ істеріңнің өнімін молайта түспек. Ондағы көздегені — сендердің әр жағдайда жомарттық жасай алатындай дәулетті болуларың, әрі біз арқылы жіберген көмектерің үшін көп адамдардың Құдайға шүкірлік етуі. Өйткені атқарып жатқан қызметтерің Құдай халқының мұқтаждықтарын қамтамасыз етеді. Олар сонымен қатар бұл сенушілердің Жаратқан Иеге шексіз ризашылықтарын білдіріп шүкірлік етулеріне себепші болмақ. Сендер осы қызметте игі ниеттеріңді дәлелдеп, өздерің мойындаған Мәсіхтің Ізгі хабарына мойынсұнып, солармен және басқалардың бәрімен жомарттықпен бөлісудесіңдер. Сондықтан олар Құдайды мадақтап, Оның өздеріңе шексіз мол жаудырған рақымына риза болып, шынайы сүйіспеншілікпен сендер үшін дұға ететін болады.

Бізге берген баға жетпес сыйы үшін Құдайға лайым шүкірлік етейік!

– Қорынттықтарға 2-хат 9:6-15

Құдай жомарттарды молынан жарылқайтыны анық. Бірақ менің айтып отырғаным – белгілі бір мақсаты бар тұқым егіп, одан белгілі бір мақсаты бар өнім алу. Есіңізде болсын, тұқым екенде, алғымыз келген нәтижесіне қарай оған атау береміз. «Осы жылғы бұғыма» немесе «Өзімнің жеке баспанама» деуіміз мүмкін. Ал жомарттық жасау – бұл жанашырлық. Мұқтаж жандарға көмек бергенде, мен оны атамаймын, одан нақты бір нәтиже де күтпеймін. Керісінше 2-Қорынттықтарға оқығанымызға сеніп, Құдай мені жомарт болсын деп егуге тұқым берді деп санаймын. Мен жомарт бола берсем, Жаратқан Ие мен одан да көп көмек берсін деп менің байлығымды арттырады.

Мақсаты бар тұқым

Мен егін сепкенде, оны белгілі бір мақсатпен істеймін. Тағы да қайталаймын, бұл тұқымның нақты өнімі бар. Марқа 6-да Иса дәл осылай жасады. Оның өте нақты қажеттілігі болды және өте нақты жауап керек болды. 20 000 адамды тамақтандыру үшін тамақ керек, сондықтан өте ерекше тұқым қажет болды. Сол оқиғада Иса тұқым сепкен жоқ, оны тек қабыл алды. Бұл тұқым әдеттегі жомарттық, яғни мұқтаждарға көмек емес еді. Мұқтаждарға көмектескенде, еркін, қалағанымызша береміз. Ол ондай ұсыныс болған жоқ. Исаға Құдайдың қолында көбейетіндей тұқым себетін біреу керек болды. Сондықтан Ол: «Барып, қанша нандарың бар екенін көріңдер» деді. Сол кезде Исаға дәл нан мен балық қажет болды. Басқа бір зат, отын немесе шапан емес, дәл нан мен балық.

Тұқымеккенде, өзіңізге нақты не керек, соны қанағаттандыратын нұсқау беріңіз. Маған нақты бірдеңе қажет болғанда, мен әдетте дәл осылай істеймін. Маған не қажет екенін нақты түсінемін және оған сәйкес тұқымыма атау беремін. Тұқым екенде әдетте чек жазып шығарамын немесе онлайн төлем жасаймын. Чек жазсам, қажетімді чекке жазып белгілеп қоямын. Интернет арқылы тұқым ексем, бөлек қағазға не телефоныма жазып аламын. Қандай

нұсқау бергенімді, тұқым еккен күнді жазып сақтап қоямын. Есіңізде болсын, дәл мінәжат еткен сәтте керегіңізді аласыз! Оны қашан аламын деп күтіп жүрудің қажеті жоқ!

Сондықтан сендерге былай деймін: Құдайға сиынып (Оның еркіне сай) не сұрасаңдар да, соны қабылдадық деп сеніңдер! Сонда ол орындалмақ.

— Марқа 11:24

Мақсаты бар осы тұқым Патшалықтың істері үшін, Құдайдың берген аманаты жерде орындалу үшін егілді. Әдетте ер немесе әйел адам Құдайдың өздеріне тапсырғанын орындап, қызмет бастайды. Ол қызметке қаражат керек. Ол – сіздің тұқымыңыз үшін шұрайлы жер. Тағы да қайталаймын, бұл жай ғана кедейлерге немесе мұқтаждарға көмектесуден басқаша. Мұқтаж жандарға көмектесу, әрине, Құдайдың еркіне жатады, және Иеміз оның сауабын беремін деп анық айтқан. Біз мақсаты бар тұқым туралы айтып отырмыз. Әрине, мақсаты бар тұқымды өзіңіздің қауымызға да егуге болады. Шын мәнінде, мақсаты бар тұқымның барлығы дерлік жергілікті қауымыңызға түсуі керек.

Сіздің қауымға келетін болсақ, ондық та сол жергілікті қауымға тиесілі. Біздің қауымның онлайн бөлігі бар. «Онлайн қауымға келсем, ондығымды сіздің қызметке берсем бола ма?» деп сұрайтындар көп. Мен оларға: «Әрине, болады» деймін. Қауымға келген әрбір адамды біз қуанышпен қарсы аламыз. Бірақ, негізі бәрінің өздеріне жақын жерден жақсы бір қауым тапқандары дұрыс. Алайда, біз олардың жалғыз қауымы болсақ, онда иә, олар бізге оңдық бере алады. Бағушы ретінде мен адамдар жақсы жергілікті қауымға мүше болса, тез және қарқынды рухани өсетіндерін білемін. Екінші жағынан, егер сіз күмән мен сенімсіздікті үйрететін қауымға барсаңыз, оны қолдап, апта сайын барып тұру тек зиян келтіреді.

Ендеше, мақсаты бар тұқымды Құдай Патшалығымен

келісімде болудың не екенін білетін адамға немесе қызметке егу керек. «Ақшалай тұқым екпесеңіз, банкрот боламыз» дейтін қауымдардан сақ болыңыз. Бұл сөздің сенімге қатысы жоқ. Ешкім сізді ақша беруге мәжбүр етпесін. Оған қарсы Киелі кітап ескертеді. Егер қандай да бір қызметкер ақша бермегеніңіз үшін сізге айып тағып, «егу керек» деп күштеп көндіргісі келсе, ақшаңыз қалтаңызда қалсын. Сенім мәжбүрлеуді қажет етпейді.

Тұқым еккіңіз келсе, бірақ ақшаңызды қайда егуге болатынын білмесеңіз, кеңесім мынау. Нәтиже көрсеткен және Құдайдың Сөзіне сенуді үйрететін қызметке еккен жөн. Құдай адамдарды өлтіреді немесе оларға сабақ беру үшін қатерлі ісік жібереді деп айтатын қауымға ешқашан ақшаңызды екпеңіз. Тек Құдай Сөзін үйрететін қызметке себіңіз.

Сонымен қатар, тұқым егу кезінде нұсқау және бата беруді ұмытпаңыз. Құдай маған көп жыл бұрын сенім арқылы аң аулауды үйреткеннен бері, Дренда екеуміз осылай істеп келеміз. Әрине, бір жылы бір ауыз сөз айтпай тұқым еккенім бар. Оны осы тарауда оқыдыңыз және соңында не болғанын білесіз. Ұзақ жылдар бойы біз айтылған сөздің маңызын білмей тұқым ектік. Дұға етіп ектік, иә, бірақ ол тұқымның маңызы бөлігі екенін білмедік. Өзіме қажетті Құдай Патшалығының құзырына ендіру үшін тек тұқым себу керек деп мен қателесіп жүрдім. Иә, сеніммен берілген қаражат шынында да мұқтажыңызды Құдайдың құдіретіне бағындырады. Бірақ нақты нұсқаусыз, мақсат та көмескі. Нақты мақсат болмаса, нақты өнім де болмайды. Өнімнің қандай болатынын білмесеңіз, оны қашан жинау керектігін де біле алмайсыз.

Мен бұғы аулау кезінде Құдай Патшалығы жайлы көп үйренгенімді білесіз. Сеніміңізді босатып шығару жайлы осы тарауды аяқтамас бұрын тағы бір оқиғаны қосқым келеді.

Сеніммен аңшылықты үйренгеніме бірнеше жыл болды. Неге екені белгісіз, бір жылы тұқым екпеймін деп шештім. Әйеліме мұны айтқан жоқпын. Аңшылық маусымы жақындаған

кезде тұқым егу немесе бұғы үшін мінәжат ету тақырыбын қозғамадым. Соңғы екі жылда менің бұғы аулауым Құдайдың маған үйреткенінің арқасында таңғажайып оқиғаларға айналды. Мұның бәрі мен үшін жаңалық болған шығар. Бұғы атып алу үшін өзімнің сенімім жеткілікті, оған арнайы тұқым егудің қажеті жоқ деп ойладым. Қалай болса да, мұның немен біткенін іштей біліп отырған шығарсыз.

Аңға шыққан бірінші күннің таңында менен үш жүз метрдей қашықтықта шауып келе жатқан бұғыны көрдім. Сол күні басқа аң көрген жоқпын. Кешкісін аң аулауға шықсам, ол да сәтсіз болды. Маусым ашылған күні үйге құр алақан келгенімде, Дренданың досы қонаққа келді. Мен оған бұғы аулай алмай жүргенімді айттым. Аңшылыққа қатысты Құдайдың берген нұсқауларын орындамағанымды да жасырмай айттым. Дренда: «Сен кеткенде мен бұл туралы ойлаған едім» деді. Қателігімді мойындадым. Бұл туралы менімен бірге дұға етулерін сұрадым. Еркек-ұрғашысын жазбай, чек жаздым да, бұғы аламын деп ектім. Барлығымыз оған қол қойып, дұға еттік те, бұғыны сеніммен қабылдадық.

Келесі күні таңертең қолым бос болмаған соң, кешке шықтым. Үлкен үйеңкі ағашын байқап едім, ол қолайлы мінбе болады деп сол жаққа қарай бет алдым. Желтоқсанның өте жылы кеші болды, есімде болса, 20 градустай. Бірақ қатты жел соқты. Ағашта отырып аң аңдығаным екі-ақ минут болғанда, орманнан үлкен ұрғашы бұғы шығып, үйеңкі тұрған егістікке қарай бет алды. Ұрғашы атуға тамаша мүмкіндік беретіндей бұрылып тұрды. Жағдайды бағалағаннан мен бұғы менен жетпіс метрдей қашықтықта тұрғанын түсіндім. 12 калибрлі тегіс ұңғылы мылтықты пайдаланғандықтан, атыс қашықтығына аздап сенімсіз болдым. Бірақ абайлап көздеп, оқ аттым. Аң құлай кетті. Осы сәтте қуанғаным-ай. Мен Үйге қараңғы түскенше жеттім. Дренданың досы үйімізге қайтып келді. Бәріміз Құдайға шүкір етіп, Патшалықтың заңдарына тамсандық. Ал мен жақсы сабақ алғандай сезіндім.

Бұл тарауда біз Патшалықтың екінші қағидасын қарастырдық.

№2 қадам: Тұқымды Құдай Патшалығына егіңіз

Құдай Патшалығына тұқым сепкенде, ол жер патшалығынан Құдай Патшалығына өтетінін білдік. Сондай-ақ тұқымды қалай егу керек екенін талқыладық: сөзбен нақты нұсқау беру керек. Мына маңызды заттарды болашақта естен шығармайық:

1. Ақшаны атай аламыз.
2. Нақты мұқтаждықтарымыз үшін тұқым еге аламыз.
3. Оңдыққа ат қоя алмаймыз.
4. Тұқым егу дегеніміз формула емес, оны сеніммен жасау керек.
5. Мақсаты бар тұқым нақты өнім әкеледі.

Тұқым еккенде, оған сөзбен нұсқау беру керек.

6-ТАРАУ

БАСТЫСЫ – СЕНІМ

Қауым құрылғаннан кейін бірнеше жыл өтті. Бірде үйге көлікпен келе жатып, ескі фермамыздың кіреберіс жолына жақындап қалғанда, полиция шамдарының жыпылықтағанын көрдім. Біреу жылдамдық шектеуінен асып кеткен шығар деп оған аса мән бермедім. Бұрылайын деп жатқанда, полицияның алдында тұрған көліктің баяу шығып, жол бойымен алға қарай жүргенін көрдім. Полиция көлігіне жақындап, оны өткізу үшін тежеуді басқанымда, бір нәрсені байқап қалдым. Жол жиегінде сегіз мүйізі бар әдемі еркек бұғы жатты. Не болғанын бірден түсіндім. Оны кетіп бара жатқан көлік қағып кетті.

Мен бұғының жанына тоқтадым да, полиция көлігіне жақындап, офицерден бұғымен не істейтінін сұрадым. Үйім небәрі 350 метр қашықтықта екенін, әрі асырайтын балаларым бар екенін айтып, бұғыны алып кетуге рұқсат сұрадым. Офицер бұғыны біреу алып кеткісі келгеніне қуанған сияқты. Ол менің аты-жөнімді, мекен-жайымды жазып алды да, маған бұғының белгісін берді.

Біз қоштаспас бұрын офицерлер кейінгі кезде біреу үнемі бұғы қағып кететінін айтты. «Керек болса, жолда мерт болған бұғыларды тапқан кезде сізге хабар береміз. Бұғыны басқа біреу алып кетпесе, сіз алып кетсеңіз болады» деді. Мен «Бұл тамаша ғой» деп ойлағаным есімде. Күздің басы, мен әлі аңға шықпаған едім. Ол кезде садақпен емес, мылтықпен аң аулайтынмын. Мылтықпен аң аулау маусымы заң бойынша желтоқсанда

басталатын. Сондықтан бұғы етін қазір жинаған дұрыс деп ойладым. Көп ұзамай полиция бөлімінен тағы бір бұғы туралы қоңырау түсті. Сөйтіп, аң аулау маусымы басталмай тұрып, мен төрт-бес бұғы сойып алдым. Нақты саны есімде жоқ, бірақ кемінде төртеуі болғанын білемін. Нәтижесінде, аңшылық маусымы ашылғанда мұздатқышымызда бос орын болмады.

Сол жылы, Дренда бір аптаға қаладан кетпек болды. Оның не үшін кеткені есімде жоқ, бірақ біз үшін, тіпті бір апта бойы бөлек тұру қалыптыдан тыс еді. Сондықтан әйеліммен бұғы аулау жайлы мінәжат етпедім, тұқым да сеппедім. Мұздатқышым толып кеткендіктен, бұғы алмасам да бәрібір деп ойлаған шығармын. Сонда да аңға шықтым. Қысқасы, аңшылық маусымында бір апта бойы аң ауладым, бірақ бір рет те оқ атпадым. Дренда үйге қайтып келгенде, Құдайдың тұқым себу және бұғы алу туралы айтқанын есіме салды.

Келесі жыл да келді, мен бұл жолы қателігімді қайталамайтын болдым. Полиция бөлімшесінен жолда қағып кеткен бұғы туралы бір-екі рет қоңырау шалғанымен, мен бұғыны өзім аулауды жоспарлағандықтан, біреуін ғана алайын деп ойладым. Бұл жолы Дренда екеуміз тұқымды егіп, еркек бұғы алу үшін дұға еттік. Қандай да бір өлшемді, үлкен-кішісін нақтыламадық. Таңертең аңға шыға алмадым, бірақ кешті асыға күттім. Қайтадан бұғы аулай алмағанын өкінішпен хабарлаймын. Орманда көп уақытты босқа өткізген соң кешке абыржып үйге қайттым.

Кешкі асқа отыра бергенімде кенет телефон шырылдады. Бұл полиция бөлімінен түскен қоңырау болды. Олар маған керек болса, тағы бір бұғы бар екенін хабарлады. Оның қайда екенін сұрадым, маған мекенжайды айтты. Өз құлағыма сене алмадым. «Мекенжайды қайталай аласыз ба?». Офицер қайталады, ол дәл мен тұратын жер болып шықты! Мәссаған, бұғы маған өзі келді ма? Терезеге барып қарасам, үйіме апаратын жолда қызыл шам жыпылықтап тұр. Офицерге «Дәл қазір жетіп барамын» дедім. Біздің үйімізден жолға дейін үш жүз метрдей жер бар, мен бұл

қашықтықты толығымен сенбей жүріп өткенім есімде. Бұғыға жақындағанда, мінсіз күйдегі өте үлкен бір жастағы еркек екенін көрдім. Бірнеше бланкілерді толтырып, офицерге рахметімді айттым. Содан кейін бұғыны кіреберіс жолымен қамбаға сүйреп апардым. Бұл қалай? Білмеймін! Келесі жылдың қазанына дейін бұғы аулау туралы ойламадым.

Қайнар көзі қайсы?

Нақты қай айда болғаны есімде жоқ, бірақ бірде дене шынықтырып келейін деп үйімнің арт жағындағы алаңға шықтым. Осылай мезгіл-мезгіл физикалық жаттығу жасап тұрамын. Жүгіріп келе жатып, соңғы екі жылда болған оқиғалар туралы дұға еттім. Кенет ойыма «полицияның тізімі» деген екі сөз анық түсті. Бір сәт ойландым. Құдай маған бірдеңе айтқысы келе ме? Сосын түсіндім. Сенімім Құдай Сөзіне немесе Оның Патшалығына негізделмейтінін түсіндім. Шынында мен полиция тізіміне арқа сүйедім! Полиция тізімінде менің нөмірім бар. Бұғыны өзім атып алмасам, олар хабар беретінін білдім.

Сонда өткен жылы бұғымды неліктен өзім атып алмай, жолдан тауып алғанымды түсіндім. Себебі мен полиция тізіміне үміт арттым. Дренда екеуіміз бұғы алайық деп тұқым сепкенде, ол дұрыс уақытта, бірақ дұрыс емес жерде пайда болғаны ма? Киелі Рух маған бәрін анық түсіндіргенде, аң-таң болдым. Менің сенімім қайда болса, бұғы дәл сол жерде пайда болды. Мен полиция тізіміне сендім, бұғы сол тізім арқылы келді. Осыны түсінген бойда үйге жүгірдім де, дереу полиция бөліміне хабарласып, тізімнен атымды алып тастасын дедім. Іс ойдағыдай болмаса, сіздің қосымша жоспарыңыз қандай? Сол қосымша жоспар шындығында басты жоспар екен. Содан бері аңға шыққан сайын әрдайым бұғы атып келемін. Бұғы көрмей қайтқан кезім болған жоқ.

Жүрегіміз қандай алдамшы десеңізші! Құдайдың Сөзіне емес, көзге көрінетін затқа сеніп қалу өте оңай. Назарымыз өте тез ауып

кетеді. Мұны біліп, қадағалап отыруымыз керек. Сенімге қосымша жоспар қажет емес. Менің сенімім полиция тізімінде болса да, сол күні бұғының мен тұратын көшеде қалай пайда болғанына әлі де таң қаламын. Бұл мені Құдай көрсеткен үшінші қағидаға әкеледі.

№3 қадам: Тұқымды сенім бар кезде егіңіз!

Бұл өте маңызды мәселе. Шәкірттер баладан жынды қуып шығара алмаған кезде оған көзіміз жетті. Иса оның шәкірттердің сенімсіздігінен болғанын айтты. Біз сенімнің не екенін және сенімге қалай жетуге болатынын жоғарыда айттық, бірақ сеніміңіз бар-жоғын анықтай білу өте маңызды. Олай болса, мен сізге қарапайым тест ұсынамын. Шынымен сенетін-сенбейтіңізді көре аласыз. Көзіңізді жұмсаңыз, не көріп тұрсыз?

Ал сенім дегеніміз — үміттенгеннің жүзеге асатынына күмәнданбау, әлі де көрінбей тұрған уәденің орындалуына шүбәсіз илану.

— Еврейлерге 11:1

Сенім дегеніміз — үміттенген нәрсенің жүзеге асатынын нақты білу. Үміт бар болса, көз алдына келе қалатын бейне де бар. Егер мен сізге балмұздақ беруге уәде етсем, сіз бірден балмұздақты елесте аласыз. Егер менің адалдығыма және балмұздаққа төлеуге мүмкіндігім бар екеніне сенсеңіз, балмұздақты қолыңызда ұстап тұрғандай боласыз. Шындығында әлі алынбаған балмұздақ өзіңізде бардай көрінеді. Оны алуды асыға күтер едіңіз.

Құдай Сөзі де солай. Құдайдың уәдесіне сенсеңіз, ол уәдені орындауға Құдайдың ниеті мен мүмкіндігі бар екеніне сенсеңіз, өміріңізде ол уәде орындалып қойғандай боласыз. Уәде етілген зат қазір қолыңызда болмаса да, ол өзіңізде бар сияқты әрекет етесіз. Былай қарағанда, ол шынымен де күні бұрын орындалып қойған. Уәде шынайы, ниет шынайы, қажетіңізді шынымен де алдыңыз.

Ендеше, сенім дегеніміз – Құдайдың ниеті мен құдіретіне илану, әрі уәденің шынайылығын білу, уәде орындалғандай жүріп-тұру. Ол сондай-ақ көрінбейтін нәрсеге сенімділік.

Мысалы, чек алған кезде, әлі банкке барып, ол чекпен ақша алу керек. Рухани әлемнің жерге қатысы осыған ұқсас. Сондықтан «Көзіңізді жұмыңыз. Не көріп тұрсыз?» дегенде мынаны айтқым келеді. Керегіңізді елестете алмасаңыз, оны ала алмайсыз. Мұны өте қарапайым сөзбен түсіндірейін. Көзіңізді жұмғанда

**ҚҰДАЙДЫҢ УӘДЕСІНЕ
СЕНСЕҢІЗ, ОЛ УӘДЕНІ
ОРЫНДАУҒА ҚҰДАЙДЫҢ
НИЕТІ МЕН МҮМКІНДІГІ
БАР ЕКЕНІНЕ СЕНСЕҢІЗ,
ӨМІРІҢІЗДЕ ОЛ
УӘДЕ ОРЫНДАЛЫП
ҚОЙҒАНДАЙ БОЛАСЫЗ.**

уәденің орындалғанын көре алмасаңыз, сенім болмағаны. Егер ауырып жатсаңыз, көзіңізді жұмғанда сауығып кеткеніңізді көре аласыз ба? Яғни еш қорқынышсыз, деніңіздің сау екенін күмәнсіз көрсеңіз – сенім бар. Алайда көзіңізді жұмғанда, өзіңізді әлі де науқас ретінде көрсеңіз, аурудан айығуды күтіп жүрсеңіз, онда сенім жоқ деген сөз. Сізге ақша керек дейік. Құдайдың уәдесіне сенсеңіз, онда ақшаға алаңдамай, керегіңіздің бәрі бардай сезінесіз. Қажетіңіздің бәрі қамтамасыз етілгенін көресіз.

Қорқыныш сенімге қарама-қайшы

Мұндай сенім болса, қорқыныш болмайды. Әлі де нәтижеге алаңдасаңыз, онда сеніміңіз жоқ. Сенімге келгенде, өзіңіздің қаншалықты сенетін-сенбейтіңізді нақты білу керек. Оны анықтай алу керек. Сенім болмаса, үлкен, маңызды шешім қабылдамай тұра тұрыңыз. Себебі, сенімде болмасаңыз, жүректе қорқыныш бар. Қорқыныш әрқашан қауіпсіздікті іздейді. Қорқыныш дегеніміз сенімнің жоқтығы. Тұқым еккенде, оны тек сенімің барда екен дұрыс дегенім осыдан. Тұқым сепкенде оны жай ғана дәстүр не ырым ретінде, басқа біреу айтқан соң істеуге

болмайды. Ол жағдайда еш нәтиже болмайды. Көзіңізді жұмған кезде өзіңізді және орындалған уәдені ғана көретіндей сенім болуы керек. Ол үшін Құдайдың нақты не дейтінін білуіңіз қажет. Керек зат сізде бар, сіз оның иесісіз, ол сіздікі және уайымның орнына тыныштық орнайды.

*Еш нәрсені уайымдамай, барлық жағдайда өтініштеріңді
Құдайға сиынып тілекпен және шүкірлікпен білдіріңдер!
Сонда Құдайдың адам ақылынан асқан керемет
тыныштығы сендердің жүректерің мен ой-саналарыңды
Мәсіх Исада сақтайды.*

— Філіпіліктерге 4:6, 7

Сенімде болған кезде, жағдайға емес, уәдеге негізделген тыныштық болады. Сонымен қатар, сенімнің дәлелі – рухани сотта өзіңізді қорғай алуыңыз. Сенім Құдай Сөзіне негізделгендіктен, сіз сенетін нәрсеге неге сенетініңізді білуіңіз керек. Өзіңізді сот залында адвокат ретінде елестетіп көріңіз. Прокурор сіздің клиентіңіз басқа кісінің үйінде заңсыз тұрып жатыр дейді. Бұл үй шын мәнінде сіздің клиенттікі емес, басқа кісінің меншігі деп қосады. Сіз не істейсіз? Кешірім сұрап, сіздің клиентіңіз үйді дереу босатады дейсіз бе? Қол қойылған келісімшарт өзіңізде болса, қорқыныштың орнында сенімділік болады. Судьяға бұл өтірікшілерді сот залынан қуып тастасын дейсіз. Сенім осылай жұмыс істейді. Сенім шындықты біледі, сенім күмәнданбайды, тіпті тәкаппардай көрінеді. Сонымен сіз өз позицияңызды қорғай аласыз ба?

Бір күні қауымымзға қалаға жаңадан көшіп келген ерлі-зайыптылар келді. Жексенбі күні Сара күйеуімен бірге қала аралап, біздің қауымға тап болды. Олар жұмыс бабымен Колумбқа көшкен екен. Жақсы қауым табу үшін мінәжат еткен. Олар қаланы аралап жүргенде, біздің қауымның ғимаратын көріп, барып көрейік деген. Соңында қауымды ұнатып, басқасын іздемейтін болды. Сара өмір бойы астма ауруынан зардап шекті. Бала кезінде ол үнемі

ауруханаларға түсіп, осы аурудың тұтқыны сияқты болды. Астманы асқындыратын жерлерден аулақ болуды үйренді және қайда барса да өзімен бірге ингаляторды алып жүрді.

Сара Faith Life қауымында емделу – оның заңды құқығы екенін білді. Сонымен қатар өзін рухани соттағыдай қорғауды үйренді. Жиналыстардың бірінде бір қызметкеріміз өміріне қауіп төндіретін аурудан сауыққаны туралы айтты. Сара оның әңгімесін тыңдап, берік шешім қабылдады. Құдай ешкімді алаламайды. Ол емделу – Құдай перзенттерінің заңды құқығы дейтін жазба үзінділерін бірнеше бөлек қағазға жазып алды. Әмиянынан ингаляторды шығарып, оның орнына әлгі қағаздарды салып қойды. Сара сол аяттарды күнде оқитын болды. Астма ұстамасы тұншықтырған сайын, ол ингалятордың орнына Киелі Кітап үзіндісі жазылған қағаздарды алып шықты. Сара осылайша толығымен астмадан айығып кетті!

Бірде отбасымызбен бас қосқанда, менің апам қонақ болды. Апамның өкпесінен қатерлі ісік табылыпты. Бір жарым айдан кейін үлкен ісікті алып тастау үшін дәрігерлер ота жасайды. Апам сол үшін мінәжат етуімді сұрады. Оның айтуынша, дәрігерлер бір жарым жыл бойы өкпесіндегі он саниметрдей үлкен ісікті бақылаған. Кенеттен ісік өсе бастаған. Дәрігерлер оны операция жасап, алып тастау керектігін айтты. Оның әңгімесін тыңдай отырып, апамның өмірі туралы ойладым. Апам өмір бойы темекі шегетін. Қауымға да бармағанына көп жыл болды. Әрине, денсаулығы үшін мінәжат етемін деп уәде бердім. Бірақ апамның дәл қазір мінәжат етуге дайын емес екенін сездім. «Дұға етпес бұрын сізге емделу жайлы айтатын кітапша бергім келеді. Оны оқисыз ба?» деп сұрадым. «Келесі жексенбілік жиналыста мадақтаудан кейін сіз үшін мінәжат етуге дайынмын». Апам келісті.

Мен оның көп жылдар бұрын жүрегін Иемізге бергенін, бірақ өмірін Құдайға бағыштамағанын білдім. Құдайдың сауықтыру туралы уәделеріне ой жүгіртуге уақыт жұмсаса, сенімі нығаяды деп үміттендім. Сондай-ақ сенім артатын тірек және үміт ретінде

Құдай Сөзіне сәйкес дұға етсек, нәтиже оң бола алатынын білдім.

Осылайша келесі жексенбіде апам уәде бойынша қауымға келді. Қызметтен кейін оның алға шығуын өтіндім. Мен берген кітапшаны оқыған-оқымағанын сұрадым. Ол иә деп жауап берді, сосын мен одан: «Мен сізге қолымды қойып мінәжат еткенде, сауығып кететініңізді қайдан білесіз?» — деп сұрадым. Ол Киелі Кітаптан бірнеше үзінді келтіріп, Құдай Сөзіне сенетінін айтты. Сол кезде мен апамның дұға етуге дайын екенін білдім. Сондықтан мен оған қолымды қойып, дұға еттім де, апамның сауығып, қатерлі ісіктен құтылғанын хабарладым. Мен дұға еткенімде апам Құдайдың майлануы келіп, ол Құдайдың құдіретінен еденге құлап қалды. Апам орнынан тұрғанда дірілдеп: «Мен сауығып кеттім!» деп айқайлады.

Сейсенбі күні ол ісіктерді алып тастау үшін операцияға жатқызылды. Бірақ дәрігерлер оның өкпесінен ештеңе таппады. Ісік, тіпті тыртық немесе өкпеде бірдеңе болғанын көрсететін белгі жоқ.

Адамдардың өмірлерін бақылау біртүрлі. Апам өмірінің соңына дейін қауымнан бір күн де қалмай, емделіп кеткеніне Құдайға шүкіршілік етті деп ойлап отырған шығарсыз. Бірақ олай емес. Сол жексенбіден бері мен оны бір рет көрген шығармын. Ол алты-жеті жылдан кейін басқа қатерлі ісіктен қайтыс болды. Бірақ бұл жолы ол менен дұға етуді сұрамады.

Сеніміңізді босатқан сәтті берік ұстаңыз

Адамдарға «Әумин» мен «Міне, нәтижесі» деген сөздердің арасында әрқашан уақыт болатынын еске саламын. Сондықтан сенімнің босатылған сәтін есте сақтау және оны берік ұстау өте маңызды. Мұны кейіннен еске түсіру үшін күнделіктеріңізге немесе ұялы телефоныңызға жазуға кеңес беремін. Бұрын да айтқанмын, бірақ тағы да айтқым келеді, қайталаудың зияны жоқ. Мысалы, өзім тұқым екенде, осыған ұқсас затты жазып аламын:

«12 қараша күні сағат 13:30-да Марқа Инжіліне (11:24) сәйкес (өз мұқтажыңызды енгізіңіз) алдым деп сенемін және оны мінәжат еткен сәтте алғаным сенемін». Басқа нәрселерді де қоса аласыз, мысалы, сізбен кім келісіп мінәжат етті, қанша ақша ектіңіз және оны Құдайдың қандай қызметіне септіңіз. Бұл мысал ғана, бірақ мұндай ескертпенің болуы маңызды, өйткені ол күмәнға қарсы тұруға көмектеседі.

Жағдайлар сізді қорқытып, кері шегінуге итермелесе, керегіңізді алған күн мен уақытты еске түсіре аласыз. Қорқыныш мені басып тастауға тырысқанда, мен бұл тұқым еккендегі жазғанымды шығарып, оны мәлімдеме ретінде дауыстап оқимын. «Жоқ, қорқыныш, сен өтірікшісің. Мен (Киелі Кітаптан үзінді)-ге сәйкес керегімді осы күн мен сағатта алдым». Кейде жүрегімді тыныштандыру үшін және сабырлы болу үшін жазған сөзімді бірнеше рет оқуға тура келеді. Сәтсіздік сияқты көрінетін жағдай сеніміңізді ұрлап алмасын. Шын мәнінде, бұл қағиданың маңызды болғаны сонша, балаларым өсіп келе жатқанда апта сайынғы отбасылық дұға жиналыстарында отбасылық журнал жүргіздік. Онда не туралы дұға еткенімізді және не алғанмызға сенетінімізді жаздық. Біз оны «Жақия 4 дәптері» деп атадық. Осындай блокнот алғыңыз келсе, оны қызмет арқылы сатамыз.

Кейде рухани әлемде сіз білмейтін нәрселер орын алады. Құдай бәрін ретке келтіреді, бірақ бұл уақыт алуы мүмкін. Орнына қоюды қажет ететін көптеген бөліктер болуы мүмкін. Мысалы, егер Құдай қаржылық мұқтаждықты қанағаттандырамын десе, оны іске асыратын біреумен сөйлесуі қажет болуы мүмкін. Тағы да, мұның барлығы уақытты қажет етеді.

**«ӘУМИН» МЕН «МІНЕ,
НӘТИЖЕСІ» ДЕГЕН
СӨЗДЕРДІҢ АРАСЫНДА
ӘРҚАШАН УАҚЫТ БАР**

— *Қорықпа, Даниял. Себебі сен сол мәселені түсінуге ұмтылып, Құдайыңа мойынсұнып сиына бастаған алғашқы*

күні-ақ мінажатың Құдайдың құлағына жеткен еді. Мен осында сол мінажатыңа бола келіп отырмын.

Ал парсы патшалығының рухани әміршісі маған жиырма бір күн бойы қарсы шығып, жолымды бөгеді. Сонда бас періштелердің бірі, Михайл, маған көмекке келді. Себебі парсы патшасы мені жібермей бөгеп жатты. Енді мен саған келешекте халқыңмен не болатынын түсіндіруге келдім. Сен көретін көрініс алдағы заманға қатысты.

— Даниял 10:12–14

Мен алдында айтқан кампус оқиғасына қайта оралайық. Біз әртүрлі ғимараттарды қарастырып, олардың бірнешеуінен орын жалға алуды ойластырдық, бірақ ешқайсысы келіссөзді жалғастыруға ынта тудырмады. Кампус іздей бастағанда, Құдай бізге тамаша орынды көрсетсін деп тұқым септік. Бір орын табылғанда, оны ден қойып қарастырдық. Бізге керегі ол емес болып шыққанда үмітімізді үзе жаздадық. Кампусты орналастырғымыз келетін аудандағы барлық ғимараттарды тексердік, бірақ бізге керек бірде-бір нұсқа болмады.

Қауым ретінде біздің негізгі құндылықтарымыздың бірі балаларды оқыту және отбасыларға қамқорлық жасауға болып табылады. Бәлкім, бір күні бізде мектеп, балабақша, мектептен кейінгі қосымша бағдарлама және біздің қоғамға қызмет ететін көптеген басқа болады деп талай рет айттық. Сол кездегі жалғыз залымыз жиналыс кезінде лық толатын, сондықтан ол армандардың ешқайсысын жүзеге асыруға мүмкіндік болмады.

Құдай Патшалығы біздің жағдайымызда жұмыс істеуін тоқтатқан сияқты көрінді. Бірақ, есіңізде болса, кампус үшін тұқымды бұрыннан егіп қойғанбыз. Шындығында, біз сатып алған мектептің жақын арада сатылымға шығатынын Құдай білді. Ол әрдайым ірі масштабтағы суретті көріп отыр. Біз ғимаратты іздей бастағанда, мектеп сатылымға әлі қойылмаған еді.

Мектеп біз үшін тамаша кампус болатынын білумен қатар,

Құдай ол ғимаратқа қалай төлейтінімізді де білді. Біз үшін кампусты сатып алған ерлі-зайыптылармен біз ұзақ уақыт кездесе алмай жүрдік. Біресе біздің, біресе олардың қолы бос болмағаннан кездесуді кем дегенде төрт рет жылжыттық. Түрлі жағдайларға байланысты бұл кездесуді кейінге қалдыруға мәжбүр болдық. Нәтижесінде кешкі ас біз мектепті көрген күні болды.

Мектепті сатып алғысы келген басқа кісілер де болды, бірақ біз бірінші болып ұсыныс жасадық. Барлығы дәл керек уақытта болған. Кешкі асқа екі күн қалғанда, Киелі Рухтың нұсқауымен мен 100 000 долларды ектім. Шайтан бұл мектепті бізден жасырғысы келген шығар. Оны бізге көрсетпеу үшін барлық әдісті қолданар еді. Құдай маған осы ақшаны себүді және кампусымызды табуға кедергі болмас үшін шайтанға тыйым салуды айтқанда, мінәжатым дұшпанның қандай да бір зұлым жоспарын тоқтатқан болса керек деп ойлаймын.

Мүлікті сатып алуға ақша берген ерлі-зайыптылар ол ақшаны досына көмектесу үшін жұмсамақ болған екен. Олардың досы да меншік сатып алғысы келген. Ерлі-зайыптылар сол кеште біздің әңгімемізді естігеннен кейін, достарының жобасына ақша салу дұрыс шешім болмайтынын түсінген екен. Сондықтан есіңізде болсын, дұға арқылы алатыныңызды біле тұра, сеніммен дұға еткенде, «Әумин» мен «Міне, сұрағаным орындалды»-ның арасында әлі біраз уақыт бар. Сондықтан мұңаймаңыз және шыдамды болыңыз.

Сеніміңіз берік болсын

Тек төзімділіктерің іс жүзінде соңына дейін жетуге тиіс, сонда сендер рухани жағынан жетіліп те кемелденіп, ешбір кемшіліктерің қалмайды.

– Жақып 1:4

Сондықтан мен сізге сенімді босатып шығарған күн мен уақытты жазуға кеңес беремін. Қиын кезде соған сүйенуге болады.

Қызымның асқазанында салмағы 6 кг ісік пайда болған кезде, ол денсаулығына көп зиян келтірді. Әрдайым бүйрек инфекциялары, үнемі бел ауруы және ас қорыту қиындықтары болды. Қызым бұдан әбден шаршады. Ол «Жетер» деді де, Құдай Сөзі мен ондағы денсаулық уәделеріне ерекше назар бөліп оқуға отыз күн арнады. Осы кезеңнің соңында ол Дренда екеуімізден денсаулығы үшін мінәжат етуімізді сұрады. Қызымның сауыққанына деген сенімі өте қуатты болды. Қауымымыздың ақсақалдары, оның анасы және мен қызыма қол қойып, Жақыптың кітабына (5:14-16) сәйкес оның сауығып кеткеніне сеніп бірге мінәжат еттік .

Қайсыбіреуің ауырып қалса, қауым жетекшілерін шақыртсын. Олар соның маңдайына Жаратқан Иенің атынан май жағып, оның үстіне қолдарын жайып сиынсын. Сеніммен сиынғандарыңа бола Иеміз науқастың денсаулығын қайтадан қалпына келтіріп, сауықтырмақ. Егер ол күнә жасаған болса, кешірілмек. Сондықтан сауығып кету үшін, жасаған күнәларыңды бір-біріңе айтып мойындап, бір-бірің үшін сиыныңдар! Әділ адамдардың Құдайға сиынуларының күші орасан зор.

— Жақыптың хаты 5:14–16

Сол күні кешке қызымның күйі таңертеңгідей болды, ісі әлі бар, ештеңе өзгерген жоқ. Бірақ ол: «Мен емделдім» деді. Екі апта бойы ешқандай өзгеріс болмады. Қайта ауру одан сайын асқынып кеткендей. Екі апта бойы қызым бұрын ешқашан болмағандай қатты қиналды. Ол кезде шайтанға: «Не істесең де, оның пайдасы жоқ. Мен сауығып кеттім» деп айтқан екен.

Екі аптадан кейін ісіктен әлі арылмай төсекке жатты, бірақ толықтай сауығып оянды. Ұйықтап жатып белінен 6 келі 23 сантиметрге арықтап, бұрын түйіліп, бұралып тұратын арқасы мүлде түзелді.

Құдайдың уәдесіне сенімді болсаңыз, шайтанның өтірігіне

сенбеңіз. Жау міндетті түрде жүрегіңізге күмән салып, Құдайдың Сөзіне деген сеніміңізді жоюға тырысады.

Қауымдағы тағы бір тамаша сауығу жайлы айтқым келеді. Кристина біздің қауымға жаңадан келді. Бұрын қауымда болмаған. Кристина үшін бәрі де жаңалық болды. Ол көп жыл бойы екі есту аппаратын тағып жүрді және осы уақыт ішінде есту қабілетінің көп бөлігін жоғалтты. Анасы да осындай аурумен ауырып, мүлде саңырау болып қалды.

Кристина біздің қауымға келгенде, ол Исаны Құтқарушым деп жүрегіне қабылдады және Құдай оның өмірін түбегейлі өзгертті. Ол Киелі Кітаптан көп жігер алды және Құдай Патшалығы туралы мүмкіндігінше көбірек білгісі келді. Қауымға жаңадан келгендер үшін бізде кіріспе курсы бар. Кристина оны асыға күтті. Сабақтар әртүрлі тақырыптарды қамтиды, бірақ Кристинаның бірінші қатысқан сабағы емдеу туралы болды. Сабақ соңында ұстаздар шипаға мұқтаж жандар үшін дұға етуді ұсынды. Кристина қатты толқып, мінәжат үшін алға шықты. Қызметкерлер ол үшін дұға етіп жатқанда, Кристинаның құлағы кенет ашылды. Ол алғаш рет мінсіз ести алды.

Кристина сол күні қызметтен қайтып бара жатқанда, мен оны шайтанның қарсы шабуылы деген нәрсе туралы ескертейін дедім. Әрине, келесі күні таңертең Кристинаның есту қабілеті кенеттен нашарлап кетті. Бұл жағдайда

алаңдап, сенімнен айрылу өте оңай. Бірақ Кристина оған берілмеді. Мен оған дәл солай болатынын естерттім. Күмән мен жабырқау келгенде, емделуді тағы жариялап, шайтанға тыйым салу керек. Ол менің айтқанымды дәл орындады. Кристина Құдайды мадақтап, емделгенін дауыстап айтты. Бірнеше минуттан кейін оның есту қабілеті қалпына келді және содан бері жақсы болды. Бұл шамамен төрт жыл бұрынғы оқиға.

**ҚАЙТАЛАП
АЙТАМЫН, СЕНИҢ
БОСТАНДЫҒЫҢНЫҢ
КІЛТІ – ҚҰДАЙ СӨЗІН
БЕРІК ҰСТАНУ.**

Қайталап айтамын, сенің бостандығыңның кілті – Құдай Сөзін берік ұстану.

Тағы да айтамын, нақтылық керек

Сенімді босатып шығаруға келетін болсақ, тағы да еске салайын: нақты болыңыз! Құдай маған сөздерімнің маңыздылығын көрсеткен оқиғаны айтып бергім келеді. Мен мұны жылдар бойы айтып келемін, бұл әңгіме есіме түскен сайын, қатты әсер аламын.

Бұл үйреншікті бұғы аулау маусымдарының бірі болатын. Көп жұмыстан қолым босап, орманға шығуға дайын кезім. Биыл екі бұғы аламын деп тұқым ектім, бірінің мүйізінде төрт бұтақтан кем емес болсын, екіншісі бір жасар еркек бұғы болсын деймін.. Дренда екеуміз келісіп, сенімімізді біріктіріп тұқым септік. Маусымның алғашқы жорығына таңертең, таң атқанша шықтым. Аспан енді ғана қызғылт түске боялып жатқанда, мүйізінде сегіз бұтағы бар бұғымды атып алдым. Ағаштағы мінбеде отырғаным бар болғаны 15 минут! Не деген қызық! Сондықтан екі аптадан кейін бір жасар бұғымды атып алуға барғанымда, өте сенімді болдым. Тағы да таң атты. Аңшылық басталғаннан кейін жиырма минуттай өткенде, үш жүз метрдей жерден мүйізінде сегіз бұтағы бар еркек бұғыны байқадым. Ол тура менің ағашыма қарай бет алды.

Огайо штатында мүйізі бар бір ғана бұғы атуға рұқсат етілген. Екіншісі ұрғашы немесе бір жасар еркек бұғы болуы керек. Бір жасар еркектердің мүйіздері өте кішкентай, алыстан көрінбейтіндіктен, оларды ұрғашылармен теңестіреді. Бұғының орманды кесіп өтіп бара жатқанын көргенде, ол менің ағашыма жетпей бұрылып кетеді деп ойладым. Бірақ олай болмады. Ол дәл менің ағашыма қарай жүріп, жиырма секундтай мінбенің дәл астында қозғалмай тұрды. Оны тек бақылап отырдым, өйткені оны өлтірсем, заң бұзғаным. Осылай жиырма секунд тұрған соң, бұғы өзі келген жолмен кері қайтты. Бір ғажабы, ол алдында өткен үш жүз метр жолын тура солай өтіп, көзден ғайып болды. «Бұл біртүрлі екен» деп мен абдырап қалдым.

Бұрын мен отырған мінбенің астына әрдайым өзім күткен бұғы келетін. Қайсысына арнап тұқым ексем, дәл сол өзі келеді. Бұл жолы неге басқасы келді? Үйге қайтып бара жатқанда, Рухпен дұға ете бастадым. «Құдайым, бұл бұғы неге келді?». Кенет мен Киелі Рухтың: «Еккен тұқымыңды тексер» дегенін естідім. Тұқым тексеру? Оған уақыт жұмсап керегі жоқ, мен не еккенімді білемін. Дегенмен, мен пайдаланатын банк ай сайын есеп бергенде чектердің көшірмелерін жібереді. Мен тез арада керек қағаздарды алып, чегімді таптым. Чектің төменгі жағына: кемінде төрт бұтағы бар екі бұғы, бір жасар бұғы деп жазыппын. Бұл қанша бұғы? Менің айтайын дегенім, әрине, екі бұғы еді: біреуінің мүйізінде төрт немесе одан да көп бұтағы бар, екіншісі бір жасар. Әйтсе де, жазғаныма қарасам, үш бұғы шығады: төрт немесе одан да көп бұтағы бар екі бұғы және бір жасар бұғы. Тұқымды осы үшеуіне еккен екенмін. Аң-таң қалдым. Әлгі екінші бұғы неге келді десем, мен оған тұқым сепкен екенмін. Сондықтан ол егістіктен өтіп, менің ағашымның астында тұрды. Оның келуі заңды.

Осыны түсінгенде, орнымнан атып тұрып, қуанғанымнан дауыс көтеріп, үйді айнала жүгірдім. Қатты толқып кеткенім рас. Бірақ сонымен бірге сескеніп қалдым. Қанша рет өзім қаламаған нәрсені айтып едім? Оны қаламасам да, қанша нәрсені сөзіммен қозғалысқа келтірдім? Бұл, әрине, Жақыптың хатынан алынған үзіндіні еске түсірді.

Мініс атын өз еркімізге көндіру үшін жай ғана ауыздық салып, бүкіл денесін бағындырып, бағыттаймыз. Немесе мысалға теңіз кемесін алайық. Ол қаншама үлкен болса да, күшті желмен ыққанда өте кішкентай тұтқасымен басқарылып, оны ұстап тұрған кісінің қалаған бағытына жүреді.

— Жақып 3:3, 4

Жақып біздің сөздеріміздің қаншалықты күшті екенін айтады. Бір сөзді айтып, алайда шынымен басқа нәрсені қаласақ, өміріміз не болмақ? Өмірімізді өз сөзімізбен қиратпаймыз ба?

Сондықтан Құдай Патшалығы өте нақты екенін есте сақтаңыз. Сіздің сөзіңіз қайда баратыныңызды және оған қалай жетуіңізді нақты анықтайды!

Келісімнің маңызы

Сенім болғанда ғана тұқым егу керек деп жатырмыз. Осы тұста мынаны есте сақтайық. Үйленген болсаңыз, жұбайыңызбен тату болыңыз. Жұбайыңыз болмаса, мен бұл туралы бір минуттан кейін айтамын, бірақ әзірше үйленгенсіз делік. Қайтадан, жұбайыңызбен келісімде болыңыз.

Жаңа үйленгенімде Дрендадан аң аулау жөнінде менімен келісуін сұрауды жек көретінмін. Себебі, мен аң аулау туралы айтсам, оның шығаратын қоқыс, ауыстыратын шам немесе басқа да істер тізімі туралы айтатынын білетінмін. Сонда мен әлі жас, өзімшіл болдым. Ол күні бойы бала бақты, бірақ мен үйге келе салысымен орманға барғым келді. Құдай мұндай көзқарасты жарылқамайды деп ойлаймын. Иә, мен өте өзімшіл болдым. Сеніммен аң аулауды үйренбестен бұрын мен бірнеше күнге орманға кетіп аң аулайтынмын. Сонда да әдетте түк ұстай алмай қайтып келетінмін. Әйелімнің аңшылық маусымды жақтырмауы таңқаларлық емес.

Бірақ мен әйелімді бірінші орынға қоюды үйрендім. Біз біртұтас екенімізді және бір-бірімізге мұқтаж екенімізді түсінуім керек еді. Мен оның қажеттіліктерін бірінші орынға қоя бастағанымда, ол бұғы аулау мәселесінде менімен келісе бастады. Және ол менің аң аулаудағы табысымды көргенде ерекше қуанды. Ерлі-зайыптылар

**ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР
РЕТІНДЕ БІЗ РУХАНИ
БІРТҰТАСПЫЗ ЖӘНЕ
ЕКЕУІМІЗ КЕЛІСІМГЕ
КЕЛГЕНДЕ, ОДАН КҮШТІ
ЕШТЕҢЕ ЖОҚ ЕКЕН.**

ретінде біз рухани біртұтаспыз және екеуіміз келісімге келгенде, одан күшті ештеңе жоқ екен. Бұл тек бұғы аулау ғана қатысты нәрсе емес. Бірлікте бірге жүрсек, бұл өмірдің барлық саласында жұмыс істейтінін байқадым.

Сол секілді сендер, күйеулер, әйелдеріңе ілтипат пен қамқорлық көрсетіп бірге өмір кешіңдер! Жан-тәндерінің нәзік екенін түсіне отыра, оларды ерекше қастерлей біліңдер. Себебі Құдай рақым етіп сыйлаған мәңгілік өмірді сендермен бірге олар да иемденеді. Тәңір Иеге сиынған кездеріңде ештеңе кедергі болмас үшін де осылай істеңдер!

— Петірдің 1-хаты 3:7

Назар аударыңыздар, ерлер! Егер әйелдеріңізге мұқият болмасаңыздар, дұғаларыңыздың орындалуы қиын болады! Әйеліңізге сезімталдық таныту оны өз теңіңіздей көруді, әр шешімде онымен бір болуды білдіреді. Иә, рухани мағынада неке басы еркек, бірақ диктатор кейпінде емес, әйелі үшін жанын беретін, оны құрметтейтін қызметші кейпінде.

Жұбайыңыз сенуші болмаса не істеу керек?

Құдайға қызмет еткісі келмейтін адаммен неке құрған адамдарға не істеу керектігін сұрайтын хаттар көп келеді. Олар қалай келісімде мінәжат ете алады? Сізде де сондай сұрақ болса, келісімді дұрыс түсінбейсіз деген сөз. Сіз Иемізге қызмет етпейтін адамға тұрмысқа шықтыңыз делік. Дегенмен, екеуіңіз де жаңа көлік керек деп келісесіз. Ол нені білдіреді? Сіз келісімге келдіңіз! Екеуіңіз де азық-түлік қажет екеніне келіссеңіз, онда келісімге жеттіңіз. Киелі кітапта ерлі-зайыптылардың кем дегенде біреуі Құдай Сөзіне сенетін болса, онда Құдай Патшалығының ол отбасында жұмыс істеуге заңды құқығы бар екені өте анық!

Себебі сенбейтін еркек сенуші әйелінің арқасында және сенбейтін әйел сенуші күйеуінің арқасында Құдайдың қасиетті әсерінің аясында болады. Әйтпесе балаларың құдайсыздардың балалары іспетті болар еді. Керісінше, олар да Құдайдың қасиетті әсерінің аясында.

— Қорынттықтарға 1-хат 7:14

Негізі, сенбейтін жұбайлар жұбайының сенімі арқылы құтқарылады дегенге сенбеймін. Меніңше, әр адам өз алдына Исаны Құтқарушым деп жеке қабылдауы керек деп есептеймін. Дегенмен, менің ойымша, егер ерлі-зайыптылардың бірі Құдай Сөзіне сенсе, оның сенімі бүкіл отбасын Құдай Патшалығының батасына бөлейді және киелі етеді. Әрине сенуші жарыңыз болғаны дұрыс. Киелі кітапқа сәйкес, сенуші кісінің сенімі сенбейтін жұбайын Құдай Патшалығына әкеледі. Ол сізге жігер берсін.

Егер сіз бойдақ немесе үйленбеген болсаңыз, дұғада сізбен келісетін басқа адамды іздеудің қажеті жоқ. Тек Сөзге сеніңіз және Патшалықтың жұмысын бақылаңыз!

Біз сенім туралы айтып жатқандықтан, келесі тарауда тұқым егу жайында маған ең көп қойылатын сұрақтардың бірін және көптеген адамдардың жіберетін қатесін талқылағым келеді.

7-тарау

ЕСКЕРТУ: ДАМЫТҚАН СЕНІМІҢІЗДЕН ШЫҚПАҢЫЗ!

«Мен 400 килограмдық марлин балығын ұстаймын!». Мұны кеңсемдегі жұмыскерлердің бірінен естідім. Біздің толық ұжымымыз Гавайи штатындағы Мауи қаласына барайын деп жатыр. Бізбен сауда жасайтын компания жыл бойы тапқан пайдамызға алғыс ретінде барлық шығындарымызды төлеп, сапарға жіберді. Мауиге барар алдында мен және тағы екі әріптесім көк марлин балығын аулаймыз деп шештік, өйткені Мауи әлемнің көк марлин астанасы ретінде әйгілі. Біз осыдан бірнеше ай бұрын сенім туралы көп сөйлестік. Мен жігіттерге оның қалай жұмыс істейтінін үйреттім. Дэн сенім тақырыбын жаңадан естіген болатын. Бұл сапар кезінде Дэн Құдай Патшалығының жұмысын өз көзімен көрсе тамаша болар еді деп ойлағаным есімде. Сондықтан «Дэн, Гавайиге барғанда көк марлинді ұстайтыныңзды жүз пайыз сенімділікпен білуге болады. Оны білесіз бе?» деп сұрадым. Бұл сөзім досымның назарын аударды. Ол көбірек білгісі келді де, біз Мауиге кетер алдында бірнеше рет кездесіп, көп уақыт сенім туралы сөйлестік. Дэн мен үйреткен әдіспен тұқымды егіп, өзі армандаған көк марлинды ұстауды асыға күтті.

Менің басқа әріптесім қауымымыздың мүшесі болды, ол сенімнің қалай жұмыс істейтінін жақсы білетін. Құдай оның өмірінде көп таңғажайып нәрселер жасады. Ол да марлин

аулау үшін тұқым септі. Қарапайым марлин емес, салмағы 400 килограмм марлин ұстағысы келді. «Ой, не деген үлкен балық!» деп таңқалғаным есімде. Досымның сонша үлкен балық үшін тұқым еккені мені аздап алаңдатты, бірақ үндемедім.

Дэн, керісінше, балықтың қандай да бір өлшемін нақтылаған жоқ. Қысқасы, Дэн 75 келі салмақтағы көк марлинді ұстады, ал басқа досым мүлде марлин ұстай алмады. Мұның себебі неде? Дэн балық ұстай алса, басқа досымның ауына неге балық түскен жоқ? Бұл жақсы сұрақ, бірақ адамдардың көпшілігі, тіпті сенушілердің көпшілігі, оны естігенде күліп жіберетін шығар. «Балық аулау деген сондай – кейде ұстайсың, кейде ұстамайсың» деуші еді олар. Бірақ мен Құдай Патшалығының нақты әрі сенімді екенін білемін.

Бір күні Иса Генесәрет көлінің жағасында тұрғанда, халық Құдай сөзін тыңдау үшін Оның қасына жиналып, иін тіресіп тұрды. Иса көл жиегінде тұрған екі қайықты көрді. Олардан түскен балықшылар ауларын жуып жатты. Екі қайықтың бірі Шимондікі еді. Иса қайыққа отырып, Шимоннан жағадан арырақ жүзіп барып тұруын сұрады. Осылай ол қайық үстінен халыққа тәлім берді. Иса сөзін бітіргеннен кейін Шимонға:

— Көлдің терең жеріне жүзіп барып, балыққа ау сал, — деді.

Шимон:

— Ұстаз, біз түні бойы еңбектеніп, түк ұстай алған жоқпыз! Бірақ Сіз айтқан соң ауларды тағы да салып көрейін, — деп жауап берді.

Ауларын салғанда олар өте көп балық ұстады. Балықтың көптігінен аулары жыртыла бастады. Содан олар екінші қайықтағы жолдастарын қол бұлғап көмекке шақырды. Олар келгеннен кейін бәрі бірігіп екі қайықты да балыққа толтырды. Тіпті қайықтары суға бата бастады! Мұны көрген Шимон Петір Исаның аяғына жығылып:

— Ием, қасымнан кете көріңіз, мен күнәкар адаммын! — деді.

Себебі өзі де, қасындағылардың бәрі де осынша көп балық ұстағандарынан үрейлері ұша аңтарылды. Шимонның серіктері — Зебедей ұлдары Жақып пен Жохан да сондай күйде еді.

— Лұқа 5:1–10

Мен бұғы аулауды ашқанымдай, Петір балық аулаудың жаңа әдісін ашты. Ол балық аулауға қанша тырысса да, Иса оған қай жерде, қай тереңдікте балық аулау керектігін айтқанша ештеңе ұстамады. Петірдің Иса айтқан жерде балық аулағаны сонша, оның екі қайығы суға батып кете жаздады. Мен «Иса қай жерде және қалай балық аулау керектігін айтса, әркім балық аулай алады» деп үнемі айтамын.

Енді үлкен марлинді ұстай алмаған досыма келсек, иә, Жаратқан Иенің қалауымен бәрі де болатыны рас. Бірақ сіз ваннадан көк марлин ұстаймын деп тұқым ексеңіз, одан нәтиже шықпайтынын білесіз. Егер көк марлинді ұстағыңыз келсе, тұқым себуге болады, ал Киелі Рух сізді балықты ұстауға болатын жерге жетелеп апарады. Марлин ұстайтын жер, ол – мұхит, әрине. Бірақ мұхиттың қай жеріне барып марлин аулау керек?

Есіңізде болсын: өнім жинаудың орны мен уақыты ерекше! Жаңа рекорд орнататындай көк марлин ұстауға тұқым ексеңіз, жай ғана «мен мұхитқа барамын» деу жеткіліксіз. Мұхиттың белгілі бір жеріне бару керек. Неліктен? Өйткені көгілдір марлин деген көші-қон балық және олардың жыл сайын жүретін белгілі бағыттары бар. 400 келілік көк марлинді ұстау да сирек кездеседі. Мысалы, Флорида штатының Мирамар қаласында Эмеральд жағалауындағы Blue Marlin Classic балық аулау турнирі он жеті жылдан бері өткізіліп келеді. Осы кезеңде ауланған ең үлкен көк марлиннің салмағы 380 келі болды. Мауиге сапар кезінде 400 кг көк марлинді ұстау мүмкін бе? Мүмкін, иә, өйткені Гавайиде ұсталған рекордтық көк марлиннің салмағы 624 келі болды. Бірақ, маңыздысы, келесі сөзді жазып алыңыз.

Неғұрлым нақты әрі бірегей затқа тұқым ексеңіз, соғұрлым орынға, әдіске және уақытқа назар аудару маңызды.

Гавай аралдарына барғанымызда Мауидегі қайықтың капитаны көк марлин бұл маңайға әлі келмегенін айтты. Ол осыдан төрт ай бұрын күніне сегіз сағат жүзетін екі қайықты суға шығарған екен. Бірақ төрт айдың ішінде бір ғана жолақты марлин ауға түсті. Көк марлин айдың соңында пайда болуы керек еді. Әрине, биылғы маусымдағы біріншісін біз ұстадық. Алайда, күткен нәтижесін өте нақты, рекорд орнататындай ерекше қылып айтқан досым аулаудың орны мен уақытына көбірек назар аударуы керек еді. Менің ойымша, біз барғанда ауданда рекордтық марлин болмаған. Досымның үлкен балыққа жететін сенімі болмағаны да әбден мүмкін. Бірақ егер ол 400 келі марлинді ұстауға шындап кіріссе, тұқымын еккеннен кейін, жері мен уақыты жағынан Киелі Рухты тыңдағанда, қалағанын алушы еді.

Орын мен уақыт маңызды

Өнімді қайда және қашан жинау керектігін білу екен тұқымыңыздың нақты болуы сияқты маңызды. Мен жеті бұтақты бұғымен тәжірибе жасағанда мұны көрдіңіз. Маған аң аулауға құлшыныс пайда болғанша күтуге тура келді, бұл жағдайда мен аңшылық маусымы басталып кеткеннен кейін бір айдан астам күттім. Неліктен? Сірә, қалаған бұғым әлі біздің маңайда болмаған немесе табысыма кедергі болатын басқа факторлар болған шығар, мысалы, ауа-райы мен желдің бағыты.

Киелі Рух өнімнің дәл уақытын біледі және мені сол бұғыны алу үшін дұрыс жерде, дұрыс күнде, дұрыс уақытта бағыттады.

Мен бұл қатені жиі естіп, көріп отырмын. «Гэри, егер Патшалық сіз қалаған бұғыны бере қойса, неге рекордтық бұғыны атып алмайсыз?». Жарайды, бұл жақсы сұрақ және біз оған жауап беруіміз керек. Мен кейде 500 000 долларлық ипотеканы төлегісі

келетін адамдардан хат аламын. Олар маған оны жеті күнде жүзеге асыру үшін тұқым еккендерін айтады. Әлгі сұрақ осы кісілердің істейтініне ұқсас. Жеті күннен кейін ақша табылмаған соң, олар ренжіп, неге ақша келмеді деп сұрайды. Мен жиі еститін тағы бір сұрақ: «Неге мен жай ғана тұқым егіп, лотерея ұтып алмаймын?».

Жарайды, алдымен рекордтық бұғы туралы сөйлесейік. Иә, егер бұрын-соңды ұсталмаған бұғы атып алуды армандасам, бұл менің қатты қалайтын мақсатым болса, оны

**ТАҒЫ ДА ҚАЙТАЛАП
АЙТАМЫН, СІЗГЕ КЕРЕК
ЖОСПАР ҚҰДАЙДА БАР!**

жүзеге асыра алатыныма сенемін. Бірақ менің ондай мақсатым жоқ. Мен аңға рекорд үшін емес, ет үшін шығамын. Рекорд орнататын аң атуға құлшынысым жоқ. Мұның себебі, біріншіден, алдында айтқанымдай, ваннадан кит ұстау мүмкін емес. Менің жерімде әлемдік рекорд орнататын бұғы жоқ. Егер мен шынымен ең үлкен бұғы алғым келсе, онда басқа жерде аң аулауым керек. Жаңа тактикаларды үйренуге тура келуі мүмкін, өйткені ең үлкен бұғы еркектер түнде кездеседі және олардың ерекше әдеттері бар. Мен көп ізденіп, осындай жануар кездесетін жерді табу үшін дұға етуім керек. Бірақ маған бұл әуре-сарсаңның керегі жоқ. Мен өз орманымда аң аулағанды ұнатамын. Өз аулама шығып, өз орманымның жайлылығында дәмді бұғыларды аулағанды жақсы көремін. Бірақ сіздің сұрағыңызға жауап берсем, адам осындай бұғы үшін Құдайға сене алады деп ойлаймын. Дегенмен, менің айтқанымды есте сақтаңыз. Нысан неғұрлым ерекше және нақты болса, орны, уақыты және әдісі соғұрлым маңызды.

Әдетте бес күннен кейін миллион доллар неге келмегенін сұрайтын электрондық хат келгенде, оны жазған кісі сенім мен менменсінудің арасындағы айырмашылықты түсінбейтін шығар деп ойламын.

Бірде мен азық-түліктері жоқ, үш ай бойы жалдау ақысын төлемеген, жұмыстары жоқ, бірақ отыз күнде он миллион доллар аламыз деп тұқым еккен ерлі-зайыптылардан хат алдым. Олар

өздерінің дамытқан сенімінен әлдеқайда алыс кетіп қалды.

Сонымен, Гэри, Құдай біреуге он миллион доллар бере алмайды дейсіз бе? Әрине, бере алады. Құдайдың қолынан келмейтін нәрсе жоқ. Мәселе оның қолынан келетінінде емес, бірақ сізде оған жететін сенімнің бар болуында. Егер сеніміңіз отбасына қажетті азық-түлік әкелуге жеткіліксіз болса, өміріңіздің осы кезеңінде он миллион долларға жететін сенім де жоқ шығар. Бірақ оған әлі жете аласыз! Қазір тұрған жеріңізден бастаңыз. Бірте-бірте сенімнің қалай жұмыс істейтінін үйренесіз. Оған қоса, қазіргі мүлкіңіз бен шаруаларыңызды басқаруға жететін қабілетті кеңейтесіз. Сонда молшылық та келеді.

Сенім арқылы лотереяда ұтып алуға болады ма?

Ал лотерея ше?

Ал, енді осы мәселеге көшейік. Powerball джекпоты соңғы бірнеше жылда қарқындап дамып кетті. Өткен жылы джекпоты миллиард долларға жеткені есімде! Өмірімде лотерея билетін сатып алып көрмеппін, бірақ бұл жолы жұлде миллиардқа жеткенде, кеңсеміздегі бірнеше адам: «Ей, тым болмаса бір-екі билет сатып алайық» деді. Мен бұған көп мән бермедім, сондықтан екі долларды лотереяға жұмсай салдым. Ұтыстың ықтималдығы өте аз екенін білемін, сондықтан жеңуім мүмкін деп ойлаған да жоқпын. Бірақ мен де ақшамен ортақ іске қатысамын деп шешкен шығармын. Адамдардың «Енді біреу ұту керек қой» дегеніне еліктім. Миллиондаған адамдардың біреу ғана ұтқанда, басқалардың бәрі ақшаларын босқа жұмсайтынын ойлағым келмеді. Сол жолы шынымен лотерея билетін сатып алғанымды мойындауға ұяламын.

Сол түні Жаратқан Ие маған бұл туралы түсімде айтты. Ол жай ғана: «Менің барлық уәделерім сенікі!» деді. «Иә, Ием, мен Сөзіңді анық естідім» деп жауап бердім. «Түсінемін». Иә, Ол мені түзетсе де, жігерлендірді. Ол маған бұл лотереяның қажеті жоқ

екенін айтты, егер маған миллиард доллар керек болса, оны маған қажет кезде береді. Менің 7 000-нан астам уәдеге заңды құқығым бар және ол жеткілікті!

Енді лотереяда немесе кез-келген сайыста жеңіске жету үшін тұқым егу жайындағы сұраққа жауап беруге қайта оралайық. Сіздің бұған қатысты құзыретіңіз жоқ. Мен бұғыға еге аламын, өйткені бұғылар адамға бағынады. Менің оларға қатысты заңды құзыретім бар. Бірақ лотереяның нәтижесіне әсер ете алмаймын, ол кездейсоқ ұтыс қана.

Сенімнің жоқтығын қалай анықтауға болады

Сенімнің бар-жоқтығын анықтау, бұрынырақ айтқанымдай, өте маңызды. Ол шешімді қашан қабылдау дұрыс екенін көрсетеді. Сенім жоқ болса, оның орнында жүрегіңізде қорқыныш болса, шешім қабылдаудың қажеті жоқ. Есіңізде болсын, сенім – бұл сенімділік, үміт және тыныштық. Бірінші рет олжа бұғысын аулауға барғанымда сенімім жоқ еді. Мен сенімде болмадым. Сіз сенімде болмасаңыз, оны білесіз бе? Солай деп үміттенемін.

Өздеріңіз білетіндей, Дренда екеуіміздің орманы, батпағы және шалғыны бар 24 гектар әдемі жеріміз бар. Бұл бұғы аулау үшін тамаша орын. Жеріміздің айналасында астық алқаптары бар, ал орман мен батпақты жерлер бұғыларға тартымды. Мен үйдегі кеңсемді дәл гараждың үстіне салдым. Оған ағаш кітап сөрелері мен кіріктірілген газ каминін салдым. Бұл тыныш, жайлы кеңсе. Мен онда жұмыс істегенді ұнатамын. Бір ғана жетпегені – үстелдің жанындағы қабырғаға бұғының басын ілгім келді. Шынымды айтсам, мен бұғыны еті үшін аулайтындықтан, басын іліп қоюға болатындай үлкен бұғыны атуға қызыққан емеспін. Бірақ ойланып келіп, «Жаман емес-ау» деп шештім. Дрендаға кеңсеге бұғының басын іліп қою идеясы ұнады. Мен онымен келістім.

Осы туралы сөйлескенімізде, бұл жерде тұрып жатқанымызға бес жыл болды. Мен ол уақыттың ішінде бірде-бір үлкен бұғыны

көрген емеспін. Мен әр маусымда аңға шығып, сегіз бұтықты бір-екі жақсы еркек бұғыны атып келіп жүрдім, бірақ бірде-біреуі іліп қоюға жарамайтын. Дегенмен, сол жылы мен Дрендаға қабырғаға ілетіндей үлкен еркек бұғыны атып келемін дедім. Тағы да қайталаймын, мен орманда ешқашан үлкен еркек бұғыны көрген емеспін. Біздің ас үйдегі терезе орман мен егістік алқабына қарайды, сонда да оны ешқашан көрген емеспін.

Дегенмен, Дренда екеуміз үлкен бұғыға арнап тұқым ектік. Мен чекке «Мүйізінде он бұтақ не одан да көп бір еркек бұғы үшін» деп жаздым. Келісіп, бұл тұқым туралы дұға еттік те, мен оны тезірек жіберу үшін үстелге қойдым. Конверт үш күн жатты, мен оны жібере алмадым. Мен мүйізінде он бұтағы бар бұғы кездесетініне сенбедім. Сегіз, алты, төрт бұтақты бұғыға сенімім жеткілікті. Бірақ көзімді жұмғанда, он бұтақты бұғыны атқанымды елестету қиын. «Аңға шыққанда мүйізінде он немесе одан да көп бұтағы бар бұғыны ататынымды білгенімді білемін» дей алмаймын. Сенімнің жоқтығы деген осындай. Сенімнің жоқтығын білуге менің Патшалық туралы тәжірибем жеткілікті болды. Сондықтан мен сол чекті жырттым да, оның орнына «төрт бұтағы немесе одан да көп бұғы үшін» деп жаздым. Сөйтіп чекті поштамен жібердім.

**ДОСТЫМ,
ПАТШАЛЫҚТАҒЫ ИГІЛІК
ТҮГЕЛДЕЙ СІЗДІКІ. ҚҰДАЙ
СІЗГЕ БЕРГЕНІНЕ ЕШТЕҢЕ
ҚОСА АЛМАЙДЫ. ОЛ
СІЗГЕ БӘРІН БЕРДІ!**

Аңға шығар алдында Дрендаға не істегенімді айттым. «Менің үлкен олжа түсіретіндей қазір сенімім жоқ» деп жасырмай айттым. Ол маған қарап былай деді: «Сен бұғыға сенесің, мен олжаға сенемін. Құдай біз сұрағаннан немесе ойлағаннан да өлшеусіз көп

нәрсеге қабілетті!»

Таң ормандағы тиіндер мен құстардың әдеттегі сыбдырынан басталды, ал күзгі жапырақтардың иісі қанша рет бұғы аулауға шыққанымды еске түсірді. Мен аз ғана уақыт, бәлкім, жиырма

минуттай мінбеде отырғанымда, орманнан өтіп бара жатқан бұғының дыбысын естідім. Ол сағат механизміндей тұра менің ағашыма қарай бет алды, мен атуға дайындалдым. Ол жақындай бергенде, оның мүйізінде төрт тармағы бар еркек екенін көрдім. Бұлар союға өте жақсы, еті де өте дәмді. Жиырма бес метрдей қалғанда, садағымды аттым. Өкінішке орай, жебем тым жоғары кетті. Бұғыға тиді де, жерге түсті. «Әттең, мына жануардың соңынан қуып баруға тұра келеді» деп ойлағанымда, бұғы үркіп, орманға қарай шаба жөнелді. Ол орманды аралап, орманмен шектесетін жүгері алқабына шығып, көзден ғайып болды. Оның жүгері алқабымен өте жылдам шауып келе жатқанын естідім. Бұғымды ұзақ уақыт бойы іздейтін болдым.

Мінбеде жиырма минуттай күттім, содан кейін жебені тексеру үшін ағаштан төмен түсуді шештім. Жебем бұғыны жаралапты, жерде қан бар. Жердегі қан ізімен жүріп, бұғымның артынан бардым. Әзірше із өте анық болды. Онда бұл қиынға соқпайтын шығар деп қуанып қалдым. Бірақ жүз метрдей жүргеннен кейін қан ізі кеуіп қалды. Жалғасын іздедім, іздедім, бірақтаба алмадым. Екі сағат іздегеннен кейін бұғының тым алысқа қашып кеткенін, оны ұстай алмайтынымды түсіндім. Көңілім қалды. Біріншіден, бұғыны жаралап, одан айрылып қалғаным обал. Екіншіден, осы жолы жебе атқаным өте нашар болды.

Жүгері алқабында біраз тұрған соң үйге қайтайын дедім. Кенеттен бір ой келді. Бұғыны ұстауға менің әлі мүмкіндігім бар. Жүгері алқабымен, сосын батпақты жермен келе жатқанда бұғыға тап болуым мүмкін. Садағымға жебе салып дайындап қойдым. Жүгері алқабындағы арамшөп өскен сайдан ақырын өтіп бара жатқанымда, кенет бір бұғы орнынан атып тұрып, қаша жөнелді. Кімнен, неден үркенін білмеген бұғы бір сәтте тоқтап, жан-жағына қарады. Мен камуфляж кигендіктен, бұғы мені көре алмады. Барлығы бір секундта болды. Мүйіздердін көрдім, бірақ олардың қаншалықты үлкен екенін немесе қанша тармағы бар екенін білмедім. Шешім қабылдау үшін секундтың бір бөлігі ғана бар. Бұғы маған ыңғайлы

жебе ату қашықтығынан тыс, елу метрдей жерде көлденең тұрды. Садағымды тез тартып, арқасын көздеп алдым да, аттым. Бұғы бірден құлай кетті. Мен таң қалдым. Бұл шынымен болды ма?

Бұғыға жақындағанда, бірінші айтқаным: «Бұл Дренданың сенімі!». Бұғы дәу болды! Мүйізінен жиырма алты тармақ санадым. Одан бөлек, төмен қарап тұрған тармақтары да болды. Мұндай үлкен бұғыны өмірімде көрген емеспін. Қуанышым қойныма сыймады. Өздеріңіз біліп отырған шығарсыз, бұл бұғы қазір кеңседегі қабырғада ілулі тұр. Бірақ бұл бұғы оқиғаға аздап қосқым келеді. Бұғы неге және қалай пайда болды?

Жебемді дұрыстап атпасам да, төрт тармағы бар бұғы дер кезінде келді. Дренда олжаға сенетінін айтып еді ғой. Дренда өзі аңшылыққа шықпаған соң, үлкен бұғы атып алу төрт тармақты бұғыны атып алудай оңай деп ойлайды. Мұнда оның менен артықшылығы бар. Дренда үшін бұғының аты бұғы. Ол аңшы болмағандықтан, оның қиялы дәу бұғыны ұстау неге мүмкін емес екенін суреттеп бермейді. Он тармақты бұғы былай тұрсын, мен біздің аймақта үлкен сегіз тармақты бұғыны ешқашан көрген емеспін. Бірақ Дренданың сенімі бұғының бар-жоғына қарамайды. Ол Құдайдың бұғыны әкелетініне сенді.

Бұл аңшылық бұғылардың көбею кезеңінде болды. Осы кезде еркек бұғылар ұрғашыларды іздеп көп шақырым жол жүре алады. Сондықтан, күйлеу кезінде, бұл жағдайда болғандай, аймақта әдетте кездеспейтін бұғыларды көруге әрқашан мүмкіндік бар.

Сенімдегі серіктестік

Менің сенімім жеткіліксіз болса да, Дренданың сенімі бұл бұғыны әкелді. Мұны тағы да оқысаңыз деймін. Басын қабырғаға іліп қоюға болатындай еркек бұғы болатынына сенбедім! Не ойлап отырғаныңызды білемін. «Күте тұрыңыз, Гэри. Мен шатасып қалдым. Егер сіз бұған сенбесеңіз, онда ол неге пайда болды?». Көрсетейін.

Бір күні Иса Генесәрет көлінің жағасында тұрғанда, халық Құдай сөзін тыңдау үшін Оның қасына жиналып, иін тіресіп тұрды. Иса көл жиегінде тұрған екі қайықты көрді. Олардан түскен балықшылар ауларын жуып жатты. Екі қайықтың бірі Шимондікі еді. Иса қайыққа отырып, Шимоннан жағадан арырақ жүзіп барып тұруын сұрады. Осылай ол қайық үстінен халыққа тәлім берді. Иса сөзін бітіргеннен кейін Шимонға:

— Көлдің терең жеріне жүзіп барып, балыққа ау сал, — деді. Шимон:

— Ұстаз, біз түні бойы еңбектеніп, түк ұстай алған жоқпыз! Бірақ Сіз айтқан соң ауларды тағы да салып көрейін, — деп жауап берді.

Ауларын салғанда олар өте көп балық ұстады. Балықтың көптігінен аулары жыртыла бастады. Содан олар екінші қайықтағы жолдастарын қол бұлғап көмекке шақырды. Олар келгеннен кейін бәрі бірігіп екі қайықты да балыққа толтырды. Тіпті қайықтары суға бата бастады!

— Лұқа 5:1–7

Бұл оқиғаны бұрынырақ қарастырғанымызды білемін, бірақ қазір біздің сұрағымызға жауап беретін бір нәрсені атап өткім келеді.

Ауларын салғанда олар өте көп балық ұстады. Балықтың көптігінен аулары жыртыла бастады. Содан олар екінші қайықтағы жолдастарын қол бұлғап көмекке шақырды. Олар келгеннен кейін бәрі бірігіп екі қайықты да балыққа толтырды. Тіпті қайықтары суға бата бастады!

Сізге сұрақ қойғым келеді. Жақып пен Жохан қайықтарын балыққа толтыру үшін оларға қанша сенім қажет болды? Олардың сенімі мүлде керек болмады! Естеріңізде болса, Петірдің қайығы

да, Жақып пен Жоханның қайығы да жағада еді. Иса өтіп бара жатқанда, олар торларын тазалап жатты. Иса Петірдің қайығын уағыз айту үшін алғысы келді. Содан кейін балықты ұстау үшін торды терең суға салуды бұйырды. Нәтижесінде Петірдің көп балық аулағаны сонша, оның торлары үзіліп, қайық суға бата бастады. Петір жағада тұрған серіктестерін де көмекке шақырды. Олардың қайығы да Петірдің қайығы сияқты, ернеуіне дейін толы болды. Менің сізге қоятын сұрағым: «Жақып пен Жохан қайықтарын толтыру үшін қанша сенім пайдаланды?». Шынында оларға сенім керек болған жоқ. Олар сенімнің не екенін білмесе де, нәтиже тура сол болатын еді. Ендеше оларға тиген балық неліктен Петірдікіндей мол болды? Бұл сұраққа жауап – олар серіктес еді.

**ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰПИЯЛАРЫ
СІЗДЕН ЕМЕС, СІЗ ҮШІН
ЖАСЫРЫП ҚОЙЫЛҒАН!
ШАЙТАН ҚАРАҒЫ
ТҮНЕКТЕ МЕКЕНДЕЙДІ,
ОЛ ҚҰДАЙДЫҢ
ЖОСПАРЛАРЫН
БІЛМЕЙДІ**

Ағылшын тілінің Коллинз сөздігі «серіктес» сөзіне келесі анықтама береді: «Сапарға бірге шығатын, не бірге жұмыс істейтін тағдыры ортақ адамдар. Серіктестер әдетте тәуекел мен пайданы бірдей бөліседі».

Серіктестік дегеніміз – істің тәуекелдерін, шығындарын және пайдасын бөлісетін заңды бірлестік.

Сондықтан Петірдің сенімі Исаның соңынан ерген кезде, ол шын мәнінде Исаға тек қайық емес, заңды мағынада бизнесті де берді. Техникалық тұрғыдан алғанда, Жақып пен Жохан Петір Исаға пайдалануға рұқсат берген қайықтың бөлігін де иемденді, сол себептен екі қайық бірдей толтырылды. Сонда бұл мол өнімді кімнің сенімі әкелді? Әлбетте Петірдің сенімі. Ол: «Ұстаз, біз түні бойы еңбектеніп, түк ұстай алған жоқпыз! Бірақ Сіз айтқан соң ауларды тағы да салып көрейін».

Осылайша Жақып пен Жохан Петірмен бірдей өнім жинады. Олардың жеке сенімі қажет болмады. Дрендамен де солай болды. Мен әйеліммен серіктеспін және біртұтаспын. Әлгі ірі бұғыны сол

күні жалғыз Дренданың сенімі әкелді. Серіктестіктің рухани күші бар екенін көріп отырмыз. Пауыл філіпіліктерге осы серіктестік принципі туралы айтқан.

Сендерді еске алған сайын Құдайға ризашылық білдіріп, бәрің үшін әрдайым қуана-қуана тілек тілеп сиынудамын. Себебі сендерге Ізгі хабар жеткен алғашқы күннен бастап оны таратуға бізбен ортақтасып келе жатырсыңдар. Өмірлеріңде игі ісін бастаған Құдайдың оны жалғастыра беріп, Мәсіх қайта оралар күнге дейін толықтай аяқтайтынына кәміл сенемін. Барлығың туралы осындай жақсы пікірде болуым дұрыс, себебі менің жүрегімнен берік орын алдыңдар. Қазір мен тұтқында отырғанда да, Ізгі хабардың шындығын қорғап, нығайтқанда да Құдайдың маған мейірімділікпен тапсырған қызметіне ортақтасып келесіңдер.

— Філіпіліктерге 1:3–7

Пауыл Філіпідегі қауымды өзінің қызметімен үнемі серіктес болғаны үшін қуанышпен еске алатынын айтады. Філіпіліктер Петірмен серіктес болғандықтан, Құдай Петірдің қызметін қанша жарылқап, рақым берсе, Філіпіліктерді де солай жарылқап, оларға рақым етеді. Рақым дегеніміз — Петір өзіне берілген аманатты орындай алуы үшін оған берілген Құдайдың күші. Філіпідегі қауым бұл қызметтің қиындықтарына ортақ болды және Жақып пен Жохан сияқты олар да майлану мен рақымды ала алды. 4-тарауға көшейік, сонда серіктестік әкелетін таңғажайып нәтижелерді көресіз.

Дегенмен, қиын-қыстау жағдайыма ортақтасқандарың бір ғанибет болды. Қымбатты філіпіліктер, өздерің де білесіңдер: мен алғаш рет Ізгі хабарды сендерге жеткізіп, содан кейін Македония өлкесінен кеткенімде, маған басқа бір қауым емес, сендер ғана игіліктер жіберіп, Құдайдың жарылқауын қабылдауда ортақтастыңдар. Әлі Салониқада

жүргенімде де сендер маған бірнеше рет қажетімді жеткізіп тұрдыңдар. Сендерден сәлем-сауқат дәметпеймін, менің үміттенетінім — осылар үшін өздеріңе қайтатын жарылқау мен сауап. Сендер жібергендердің бәрін де алдым, енді артығымен жетіп жатыр. Епафродит сәлемдемелеріңді әкеліп бергелі қажетті нәрселерім ағыл-тегіл. Олар — Құдай ұнатып қабылдайтын хош иісті тартулар мен құрбандық іспетті. Ал Иса Мәсіхпен жүрген сендердің барлық қажеттеріңді де менің Құдайым Өзінің керемет байлығы бойынша қамтамасыз ететін болады.

— Філіпіліктерге 4:14–19

Пауылдың Філіпідегі қауымға не айтқанына назар аударыңыз: «Құдайым барлық қажеттіліктеріңді қамтамасыз етеді». Байқасаңыз, Пауыл: «Сендер маған жомарттық танытқандарың үшін Құдайларың қажеттіліктеріңді қанағаттандырады» деп айтпаған. ЖОҚ! Ол: «Менің Құдайым барлық керектеріңді береді!» деді. Көрдіңіз бе, філіпіліктер Пауылмен серіктес болды. Оның арқасында олар Пауылға берілген рақымға серіктес ретінде ортақ болды. Петірдің сенімінің арқасында балықты мол аулаған Жақып пен Жохан сияқты, Паулдың сенімінің арқасында філіпіліктердің де қажеттіліктері қанағаттандырылады! Осы қағиданың пайдасын көресіздер деп үміттенемін.

Сіз біздің қызметке серіктес болдыңыз дейік. Мысалы, сізге көлік керек. Көлік 30 000 доллар тұрады делік. Енді Garykeese.com-да тұқым екенде, серіктестіктің не екенін түсінесіз. Біздің қызметіміздің майлануы мен рақымы сізге тиеді. 30 000 доллардың келуіне қызмет ретінде біз оңай сене аламыз, өйткені өзімізге 30 000 доллар қажет кезеңнен әлдеқашан өтіп кеттік. Біз 30 000 доллар алатыныңізбен оңай келісе аламыз, өйткені қазір жыл сайын миллиондаған ақша жұмсаймыз. 30 000 доллар керек кезде Құдайға ғана сенім артқаным есімде. Ол кезде бұл өте көп ақшадай көрінетін. «30 000 доллар үшін мені қолдап сене аласыз

ба?» десеңіз, мен «Иә, сөзсіз» деп жауап беремін. Сондықтан, келісіп, серіктес болсақ, мен де Пауыл сияқты сіздің қажетіңіз менің сенімімнің арқасында беріледі дей аламын.

Әлбетте, 30 000 долларды алу үшін тұқым сепкенде сіздің де сеніміңіз болу керек. Құдай Сөзіне ғана емес, маған да сенуіңіз қажет. Құдайдың Өзі мені қызмет етуге тағайындап, мені майлағанына сенуіңіз керек. Менің адалдықпен жұмыс жасайтыныма сеніп, менің жеке өмірім мен қызметімде Киелі Рухтың жемістерін көруіңіз керек. Егер сіз біздің не істеп жатқанымызды және қандай жолмен жүріп өткенімізді білсеңіз, менде 30 000 долларға жететін сенім бар екенін білесіз! Сізде ондай сенім болмауы мүмкін, бірақ серіктестігіміз арқылы бірге жұмыс істесек, таңғажайып нәрселерді көре аламыз. Кеңсеге ілінген ірі бұғымен де солай болды. Мен кетер алдында түнде Дренда: «Сен бұғыға сенесің, ал мен ірі олжаға сенемін» деді. Серіктестік осылай жұмыс істейді.

Стратегиялық серіктестікті таңдау

Енді маңызды ережелерді түсіндіргім келеді. Сізге сұрақ қояйын. Егер компьютерлік компания құрғыңыз келсе, университеттің бірінші семестрінде ғана информатиканы оқыған және ақшасы жоқ жігітпен серіктес болушы ма едіңіз? Әлде бірнеше миллион долларлық компьютерлік бизнес құрған және кәсібіңізді ашуға көмектесетін қаржысы бар адаммен серіктес болғыңыз келе ме? Әрине, мұнда көптеген нәрселерді ескеру керек, бұл тек мысал. Бірақ менің ойымша, бір қарағанда, айқын тәжірибесі бар кісіні таңдау дұрыс. Болашақ серіктестің дәлелденген жетістіктері болуы керек. Банкрот болайын деп жатқан адамды таңдамаңыз.

Қызметке серіктес ретінде еккіңіз келсе де солай. Кейде Құдай белгілі бір адаммен серіктес болуға нақты нұсқау береді. Менің айтып отырғаным бұдан басқа. Әрине, Құдайдан бұйрық келгенде, ол менің кеңесіме қарағанда әлдеқайда маңызды. Көптеген

жағдайларда Құдай сізді Өзінің аманатын орындап жатқан қызметке серіктес болуға жетелейді, бірақ кейде өзіңіз де таңдай аласыз. Мен осы, өзіңіз таңдау жасайтын кезді айтып отырмын. Келесі деңгейге шыққыңыз келіп, соған арнап тұқым сепкенде, менің кеңесім пайдалы болады. Өз өміріме қажетті қаражатты тездетіп ору үшін мен өзім сенетін қызметтерге аямай егемін. Мен бұзбайтын бір ереже: кедейлер мен мұқтаждарға көмекті есепке алмаса, әрқашан сенім мен келісімді түсінетін қызметке себемін. Әрине, кедейлер мен мұқтаждардың сенім мәселелерін егжей-тегжейлі түсінуді күтпейміз. Біз оларға сүйіспеншілікпен себеміз, ал Құдай бізге есесін қайтарады. Тағы айтамын, кедейлерге көмек – мен айтып отырған тұқым егуден басқаша. Өзім тұқым сепкенде назар аударатын тағы бір нәрсе келесідей. Мен тұқым себетін қызмет өзіме керек нәтижеге қол жеткізген болуы қажет.

Мысалы, менің компаниямның меншігінде екі ұшақ бар. Біреуін сатып алмас бұрын мен Құдайдың бір қызметіне тұқым ектім. Бұл қызмет бұрын бірнеше миллион доллар тұратын өте көп ұшақтар үшін төлегенін білдім. Көп ұшақ дегенімде, шынымен де өте көп ұшақты айтып тұрмын. Олардың барлығына әлгі қызмет қолма-қол ақшамен, қарыз алмай төледі. Ұшақтарға қатысты олар көрнекі нәтижелерге ие болды. Ол қызмет менің ұшақ алуға деген ниетімді қолдап, менімен бірге сене алатындарын білдім. Ұшақтар тым қымбат немесе иеленуге тұрарлық емес деген қызметпен серіктес болғым келмеді. Бұл келісімге мүлдем ұқсамайды. Жоқ, менің қандай жағдайда екенімді түсінетін, ұшаққа сенімдері жететін және нақты нәтижелері бар қызметке тұқым еккім келді.

Мен он тоғыз жасымда пилот болдым. Ұшақты басқаруды қала сыртындағы мың метрлік қиыршық тасты ұшу-қону жолағында үйрендім. Өмір бойы ұшақтарды жалға алатынмын. Сосын бір күні «Тоқтай тұр. Сеніммен тұқым егіп, жеке ұшағым болатынына Құдайға сенсем қайтеді?» деп ойладым. Тұра солай істедім. Қандай ұшаққа тұқым себетіндімді дәл білдім. Чекке дәл осы ұшақтың атын жаздым. Дренда екеуіміз бұл мәселе бойынша

келісімге келдік. Сосын чекті мен жаңа айтқан қызметке жібердік.

Бір айға жуық уақыт өтті. Жыл сайынғы дәрігерлік тексеріске бардым. Дәрігермен сөйлескенімде ол кенет менен: «Сіз ұшақ сатып алғысы келетін біреуді білесіз бе?» деп сұрады. Бұл сұрақ мені қатты таң қалдырды, өйткені өмірімде ешкім ұшақ сатып алуды сұраған емес. Бұл қандай ұшақ деп сұрадым, дәл мен екен ұшақ екен. Жарайды, мұны елемей қалдыра алмаймын. Ұшақты көру үшін иесімен хабарласып, кездесуге келдім. Ұшақты сынап, онымен бірге біраз жерге ұшып қайттық. Ұшақ тамаша болды. Бір ғана мәселе бар. Ол кезде ұшаққа төлейтін ақшам жоқ еді. Бірақ Құдайдың жоспары болды.

Өткен жылдың күзінде (қазір наурыз айы) әкемнің үйін меншігіме алған едім. Ондағы ойым – оны көктемде кеңсе ғимаратына айналдыру. Әкем қыс мезгілі болмай тұрып суды өшіріп тастағанын айтқан соң, мен үйді тексерген жоқпын. Ұшақты көргеннен кейін бірнеше күн өткенде ағам хабарласып, үйдің мүшкіл халде екенін айтты. Оның айтуынша, үйдегі гипсокартонның бәрі бүлініп, көп бөлігі қабырғадан құлаған. Шынында суды ешкім ағытпаған екен. Ол қыста қатып, үйді бүлдіріп жіберді. Наурыз келіп күн жылыған соң, қатқан су еріп, үйді басып кеткен. Кем дегенде бірнеше апта бойы үйді су басып тұрған. Одан да ұзақ болуы мүмкін, кім білсін.

Ағамның білмегені, мен құрылыс компаниясымен бүкіл үйдің гипсокартонын және сыртқы жабындарын алып тастауға келісім-шартқа қол қойғанмын. Ол үйді жаңа кеңсе кешеніне айналдыру үшін керек. Енді қызығы мынау. Сақтандыру компаниясы судың зияны үшін өтемақы төледі. Ал мен ол ақшаға ұшақ сатып алдым. Ұшақты қолма-қол ақшаға сатып алдым!

Сондықтан серіктестік – өте қуатты рухани қағида екенін есте сақтаңыз. Оны біліп, өз пайдаңызға қолданғаныңыз жөн.

Осымен сенімде болған кезде тұқымды қалай егу туралы әңгімеміз аяқталады. Ендеше, сіз тұқымды отырғызған болсаңыз,

әрі қарай не істеу керек? Көптеген сенушілер тұқым ексе де, оның жемісін көрмейді, яғни еккеннен кейін не істеу керектігін білмейді. Өнім піскенше жайғасып отырып, лимонад ішетін уақыт емес пе?

Жоқ! Келесі тарауда не істеу керек екенін талқылаймыз.

8-ТАРАУ

СІЗГЕ ЖОСПАР КЕРЕК!

Брэд пен Черити қауымызға алғаш келгенде, мен оларды мүлдем танымайтынмын. Әлі есімде, анда-санда амандасып, бір-екі ауыз сөз алмасатынбыз. Рухани жағынан оларға назарым алғаш рет түскен кез Дренданың әйелдер конференциясында. Конференция бейсенбі күні кешке басталып, сенбі күні түстен кейін аяқталды. Көптеген қатысушылар сенбі күні кешкі қызметке қалды. Дәл осы қызметте Брэд пен Черити қызметтен кейін маған өтінішпен келді. Олар өз кәсібін ашқысы келген екен. Біздің қызметке тұқым екпекші. Сол тұқымды қабылдап, менің олар үшін дұға етуімді өтінді.

Кейінірек Черити конференцияда жалға бір стенд алып, афроамерикандық бұйра шашқа арналған күтім сатқанын білдім. Ол сату орнын 150 долларға жалға алып, 350 долларлық табыс тапты. Түсірген пайдасы 200 доллар болды.

Олар сенбі күні кешкі қызметке 200 доллармен келіп, оны біздің қызметімізге өз бизнесін өркендету үшін тұқым ретінде себуді қалады. Мен әрине, келісіп олармен бірге мінәжат еттім. Бұл туралы көп ойланбадым. Бірақ олардың көздерінен ынта байқадым. Тұқым егу кезінде олардың сенімде екенін білдім.

Сізге Брэд пен Черитидің кім екендігі туралы аздап түсінік беру үшін айта кетейін. Ол кезде Брэд компанияда IT-менеджер болып жұмыс істеді, ал Черити сағатына 10 доллар табатын. Жалақыдан

жалақыға дейін тырбыңдап еңбек етіп жүрген қарапайым адамдар. Конференциядан кейін олар шаш күтімі өнімдерін достарына және аздап Интернетте сатуды жалғастырды, бірақ бизнес онша өспей жатқанын мойындады. Бірақ Құдай олардың болашақ өсуін дайындап, жасырын жұмыс істеді.

Олардың өнімдерінде негізгі ингредиент түйеқұс майы болатын. Ерлі-зайыптылар оны Калифорниядағы түйеқұс фермерінен сатып алып тұрды. Біраздан кейін фермер компаниясын сатқысы келді. Бағасы 40 мың доллар. Черити бұл кәсіптерінің болашақ өсуі үшін тамаша мүмкіндік екенін білді, бірақ Брэд пен Черитиде 40 000 долларға тіпті жақын ақша болған жоқ. Олардың Калифорниядағы компанияға бару үшін әуе билетіне жеткілікті ақшасы болды, бірақ сонымен бітті, артық ақша жоқ. Кейіннен осы әңгімені айтып отырып, Брэд Калифорнияға жақындаған сайын қобалжығанын айтты. Ферманың иесіне не демек? Ақшалары жоқ, оған қоса «Кәсібімізге арнап қарызға ақша алмаймыз» деп бір-біріне уәде беріп қойған. Олар Калифорнияға келгенде, иесі ферманы аралап көрсетті. Бірақ компанияны сатып алуға дайын басқа кісі бар екен. Ештеңе шықпайтын сияқты көрінді. Бірақ ферманың иесі Брэдтен IT жағынан көмектесуін сұрады. Брэд бұған келісіп, фермаға жұмысқа тұрды.

Осы уақыт ішінде Брэд пен Черити ферма иесімен жақсы қарым-қатынас орнатты. Бір күні иесі бизнесті оларға сатуды шешкенін айтты. Соңында ол бизнес үшін төлемді бөліп-бөліп алуға келісті, ал Брэд пен Черити түйеқұс майын өндіру бойынша өз компаниясына ие болды. Дәл осы уақытта Брэд пен Черити біз Faith Life қауымында бастаған құрылыс жобасы туралы естіп, көмектесуге бел буды. Олар бірінші сепкен тұқымның бизнесін түбегейлі өзгерткенін көрді. Енді үлкен тұқыммен бизнесті келесі деңгейге көтерудің уақыты келгенін білді. Брэд пен Черити менімен қауымның кіреберісінде қайтадан кездесіп, олардың егіп жатқан мақсатын айтып, өздерінің кәсібі үшін тұқым екті. Ерлі-зайыптылар жеке қаражат үшін емес, құрылысқа бергісі келген алты нөлі бар сома үшін егін сепкен.

Бір сөзбен айтқанда, олардың өніміне тағы да көп жақсартулар енгізілді. Құдай өнімді өзгерткен жаңа ингредиент берді, бұл афроамерикалық бұйра шашқа тамаша күтім болды. Брэд пен Черитидің өнімі үлкен жетістік болды. Бірден дерлік олар құрылыс жобасына алты нөлі бар чек жаза алды. Олар қазір Африкадағы жобаларды аямай қолдайды. Қазіргі табыстары жеті нөлі бар саннан асады. Мұның бәрі үш жылдың ішінде болды. Үш жылда сағатына 10 доллардан миллионға дейін жету қандай керемет оқиға! Тамаша!

Бұл керемет оқиға. Ол Құдайдың сіздің ризық-несібеңізді беру және ықпалыңызды арттыру үшін сізбен қалай жұмыс істейтінінің тамаша мысалы. Менің көзіме бірінші түскен нәрсе олардың Құдай Патшалығы үшін жанып тұрған жүректері болды. Олардың серіктестігінің мақсаты — Құдай Патшалығын қаржы жағынан қолдау еді. Екіншіден, олар компанияның құрылымын, өнімін және жоспарын іс жүзінде нөлден бастап, Құдаймен бірге жасап шықты. Бұл сіздің қанша ақшаңыз бар немесе сіз бастаған кезде не білетініңізге қатысы жоқ екенін дәлелдейді. Үлкен нәрсені жасағысы келетін кез-келген адамға бұл шабыт берсін. Құдай басынан аяғына дейін сізбен бірге жұмыс істеуге дайын.

Бұл мені Құдай Патшалығының төртінші қағидасына әкеледі. Бұл тұқым сеуіп, сенімді босатып шығарғаннан кейінгі қадам.

№4 қадам: Тұқым сеуіп, сеніміңізді босатып шығарғаннан кейін сізге жоспар керек.

Бірақ Иса:

— Оларға тамақты сендер беріңдер! — деп жауап қатты.

Шәкірттері:

— Онда біз барып, екі жүз күндік жалақыға нан сатып алып, бұларды тамақтандырайық па? — деп сұрады. Ал Иса оларға:

— Қанша нандарың бар? Барып, қарап келіңдер! — деп тапсырды. Біліп келген олар:

— Бес күлше нан мен екі кепкен балық бар екен, — деді. Сонда Иса шәкірттеріне адамдарды топ-топқа бөліп, көгалдың үстіне жайғастыруды тапсырды. Сонымен жұрт жүзден, елуден топтасып жайғасты. Иса бес күлше мен екі кепкен балықты қолына алып, көкке қарап тұрып шүкірлік етті. Нанды халыққа тарату үшін үзіп-үзіп, шәкірттеріне бере берді, екі балықты да бәріне бөліп, үлестірді. Барлығы да жеп тойды.

Соңында олар нан үзімдері мен балықтан артылып қалғандарын жинап алғанда он екі себет толды. Ал тамақтанған ер адамдардың жалпы саны бес мыңдай еді.

– Марқа 6:37–44

Иса шәкірттеріне балық пен нан көбеймес бұрын әрекет ету жоспарын берді. Сондықтан мұны түсінгеніңізге көз жеткізіңіз. Сеніммен тұқым сепкеннен кейін, Киелі Рухтан жоспар алу керек. Мұны істеудің ең жақсы жолы – Рухпен дұға етуге уақыт бөлу. Құдайдан естімейінше, ешқандай шешім қабылдамаңыз және өз бетіңізше әрекет етпеңіз. Мұның бірнеше себептері бар. Біріншіден, өзіңіз жалғыз іске кірісіп кетсеңіз, тым тар ойлайсыз. Екіншіден, сіз бұрыннан білетін нәрсеге негізделген жоспар құрасыз. Ал Құдай сізді жаңа бағытқа бұрғысы келуі мүмкін. Өз біліміңізді сынап көрдіңіз. Нәтижені өзгерту үшін сізге жаңа идея мен жоспар қажет. Сондықтан Иемізден жаңа идеялар мен жоспар күтіңіз. Олар кез-келген жерден пайда болуы мүмкін. Жауап өте қарапайым және күтпеген жерлерден келуі мүмкін. Ол жарнама,

**СЕНІММЕН ТҰҚЫМ
СЕПКЕННЕН КЕЙІН, КИЕЛІ
РУХТАН ЖОСПАР АЛУ
КЕРЕК.**

жаңа адаммен танысу немесе түс арқылы болуы мүмкін. Мен түс арқылы жоспар алғанымды білемін. Құдай сіздің назарыңызды аударып, жаңа жоспар құруға көмектеседі. Мұның неліктен сонша 216маңызды екеніне мысал келтірейін.

Жоспардың күші

Мен бұл мысалды «Сенің қаржылық революцияң» сериясындағы кітаптарымның әрқайсысында келтірген шығармын, бірақ оны қайталауға тұрарлық. Егер мен сіздің барлық қаржылық мәселелеріңізді келесі бірнеше сөзбен шеше аламын десем, егжей-тегжейін естігіңіз келіп, қолыңызға қалам алып отырар едіңіз. Ал, дайындалып отырыңыз, өйткені міне, сізге керек жауап. Биыл 10 миллион доллар табыс табыңыз. Иә, жыл соңына дейін 10 миллион доллар табыс табыңыз дедім. Бұл кез-келген адамның төлем қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Не дейсіз? Біреудің мырс ете қалғанын естіп тұрмын ба? Күліп жатырсыз ба? Сахнадан тура осы сөзді айтқанда, әрдайым залда жиналғандардың күлкісін естимін. «Сосын неге күліп жатырсыз?» деп сұраймын. Әдетте адамдар мұны әзіл деп санайды. «Бұл мүмкін емес» дейді. Сосын он миллионнан бірте-бірте түсіп, жылда табуға болатындай санға жетеміз. Осы кезде адамдар күлуді тоқтатып, «Иә, бұл қолымнан келеді» дейді.

Сіз жылына қанша ақша таба аласыз? Қай сан мүмкін көрінеді? Жылына 600 000 доллар десем, әлі күлкілі ме? Өзіңізді қай жерде көресіз – жылына \$ 200 000 немесе \$ 100 000 ма? Мүмкін сізге мүмкін болып көрінетін сан әлдеқайда төмен, мысалы, жылына \$ 45 000. 10 миллион доллардан 0 доллардың арасында сіз «Жылына осы ақшаны таба аламын» дейтіндей сан бар. Және мәселе сонда: сол санды ұстанып қалып қоясыз. Ешкім мүмкін емес деп санайтын нәрсені істеуге тырысапйды. Ендеше, мәселе осында. Сіздің ойыңыз сізді шектейді.

Мен сізге жоспардың күшін көрсетейін. Әлгі ойға бір сәт оралайық – осы жылы 10 миллион доллар тапсаңыз, барлық қаржылық мәселелеріңіз шешіледі. Бірақ бұл жолы мен сізге ақша табу үшін келісім-шарт ұсынамын. Мынадай тапсырыс бергенімді елестетіңіз: допты қораптың ішіне салып, скотчпен орап, пошта маркасын жапсырып қойыңыз. Осындай әрбір қорап үшін мен

500 доллар төлеуге дайынмын. Сіз сағатына осындай 100 қорап дайындай аласыз делік, яғни сағатына 50 000 доллар табыс түседі. Сондай-ақ, күніне он сағат тұрақты жұмыс істеп, күніне 500 000 доллар табасыз деп есептейік. Енді жыл аяғына дейін 10 миллион доллар ақша табыңыз десем, маған не деуші едіңіз? «ОҢАЙ! Бұл бар болғаны жиырма күндік жұмыс». Жарайды, не өзгерді? Енді сізде жоспар бар. Ол орындалса, жылына 10 миллион доллар табатын боласыз. Өзгергені жоспар ғана.

Түсінікті ме? Тек өз ой-санаңызды, өз қиялыңызды қолданғанда, жаңағыдай үлкен мақсатқа жету мүмкін емес деп ойлаушы едіңіз. Сонда тек өзіңізге мүмкін болып көрінетін өмірге қанағаттанып отырасыз. Бірақ сізге сіздің пікіріңіз қажет емес. Сіз бұл шектеулі әлемде тым ұзақ өмір сүрдіңіз. Жоқ, армандауға көмектесу үшін сізге Киелі Рух керек.

Құдайдың сізге арналған жоспары бар

Осы кітаптың басында мен сізге біздің қорқынышты қаржылық жағдайымыз туралы және қаржылық мәселелерге байланысты дүрбелең ұстамасы мен депрессияға шалдыққанымды айттым. Мен Құдай Патшалығындағы өмір жолын зерттей бастағанда, Құдайдан басқа ешкімге арқа сүйей алмадым. Ол маған сөз қатып, адамдарға қарыздан құтылуға көмектесу үшін Forward Financial Group қаржы компаниясын ашу жоспарын берді. Бұл үш ұйықтасам да, түсіме кірмеуші еді! Сол кезде үйде отырып, не істеу керектігін ойлап, «Құдайым, бұл туралы неге маған бұрын айтпадың?» деп ойлағаным есімде. Бірақ Ол жоспарды орындасам, қарызымнан құтылатынымды айтты.

Дрендә екеуіміз Құдайдың берген жоспарын жүзеге асыра бастағанда техникамыз да, компьютеріміз де, ештеңеміз де жоқ еді. Бірақ жоспарды көргенде, оның орындалатынына күмәніміз болмады. Жоспар деп мен нені айтамын? Құдай бізге бәрін тәптіштеп түсіндіріп берді. Мақсатқа жету үшін керек стратегия

мен егжей-тегжейлерді ашып берді. Бәрі қолымыздан келетін нәрселер болды! Мен ол жоспарға қуана кірістім.

Брэд пен Черитидің оқиғасында сияқты, компания құру үшін Құдай қажеттің бәрін қамтамасыз етті. Бір қызығы, бір күні пиццериясы бар және компьютерді қажет етпейтін әкем маған компьютер сатып алғысы келетінін айтып, онымен бірге дүкенге баруымды өтінді. Екеуіміз бірге барып, оған компьютер мен мәтін жазатын программа сатып алдық. Оны пайдалануға әкем маған рұқсат берді. Менің компьютерлерден тіпті хабарым жоқ. Әкем бізден бір жарым шақырымдай қашықтықта тұратын. Оның үйіне келген сайын мен компьютердің алдына отырып, керек программалармен жұмыс істеуді үйрендім. Осылай клиенттерге қарыздан қалай құтылуға болатынын көрсететін тамаша презентация жаза алатын болдым. Ақшам жоқ кезде Құдай жолын тапты.

Компания өсіп, мен сатушыларды жұмысқа ала бастадым. Сол күндері біз өзіңмен алып жүретін қаржылық калькулятормен әр клиент үшін барлық математикалық есептерді шығаратынбыз. Содан кейін біз бұл деректерді мен жасаған презентацияға енгізіп, принтермен басып шығаратынбыз. Бұл есептеулерді жұмыскерлеріміз клиенттерге жеткізіп, бәрін түсіндіріп беретін. Матрицалық принтер (ондай есіңізде ме?) күні бойы жұмыс істейтін. Көп ұзамай менің хатшым жұмыстың бәрін істеп үлгере алмады. Есептерді теруге және басып шығаруға көмектесу үшін тағы бір адамды көмекші ғылып жалдадық.

Мен кәсіп жүргізудің тиімді әдісі қажет екенін түсіндім. Әр клиентке қажет барлық қаржылық есептеулерді жасайтын және оларды басып шығаратын компьютерлік программа қажет болды. Дренда екеуіміз Құдайдан көмек сұрадық. Біздің компаниямызға осындай бағдарлама жазып беретін программист беруін сұрадық.

Осы дұғадан кейін бірнеше ай өтті. Мен, әдеттегідей, клиенттермен кездесудемін. Сол күні бір клиентім басып шығарған қағаздарымды көргеннен кейін: «Мұның бәрін қолмен есептейсіз

бе?» деп сұрады. Мен: «Әзірше иә, әр санды қолмен енгізіп, өзіміз басып шығарып жүрміз. Бірақ жақында бұл жұмыстың бәрін автоматты түрде жасайтын бағдарламаға ауысқымыз келеді» дедім. Ол маған қарап, жұмыста компьютерлік бағдарлама жазатынын айтып, кешке бос уақытында бізге керек бағдарлама жазуды ұсынды. Ол еңбегінің бағасын атады да, маған келесі жылдың ішінде мүмкіндігіме сәйкес төлеп шығуыма рұқсат берді.

Бұл бағдарлама жұмысымыздың бәрін өзгертті. Мен көбірек адамдарды жұмысқа ала алатын болдым. Көп ұзамай АҚШ-тың шығыс штаттарында 300 өкіліміз болды. Мұның нәтижесінде біздің кеңсеміз осы салада жұмыс істейтін 5 000 бөлімшелердің ішінде бірінші орынға шықты.

Өз компаниямызды құрып, Киелі Рухқа бағынудың арқасында біз толығымен қарыздан құтылдық, ал қалғанын өзіңіз білесіз. Менің айтайын дегенім, егер сіз Құдайдан жоспар беруін сұрап, Оны тыңдасаңыз, Құдай сізге жоспар береді. Ол сізді өзіңіз ойламаған жерге апарды.

Сондықтан сізге жоспар керек екенін тағы да атап өтейін. Құдайдың сіздің табысыңыз үшін жоспары бар. Шын мәнінде, Оның сіздің табысқа жетуіңіз үшін көптеген жоспарлары бар. Оның идеялары мен даналығы шексіз.

Өйткені сендерге деген ниетім Өзіме аян: сендерге қасірет емес, амандық пен тыныштық бұйырып, болашақ пен үміт сыйлайтын ниетім бар, — деп нық айтады Жаратқан Ие

— Еремия 29:11

Құдайдың жоспарын қалай естуге болады?

Сонымен, жоспарды қалай ести аламыз? Айтқанымдай, Құдайдың даусын естудің ең жақсы жолы – Рухпен дұға ету. Мұнда Рухпен мінәжат етуге көп тоқталмаймын, себебі «Сенің қаржылық революцияң. Стратегияның құдіреті» атты кітабымда Киелі Рухты

қалай тыңдау керектігін егжей-тегжейлі сипаттадым. Қысқаша ғана айтып кеткенім дұрыс.

Дегенмен, біз рухани жетілгендерге даналық туралы хабарды уағыздай береміз. Ал бұл даналық осы күнакар дүниенікі емес, сондай-ақ, осы дүниелік билеушілердікі де емес; солар — болашақта құрып кететіндер. Керісінше, жариялап жүргеніміз — Құдайдың құпия даналығы, бұл адамзаттың көзінен таса болып келді. Ал Құдай оны біздің ұлылыққа ие болуымыз үшін әлемді жаратпастан бұрын-ақ белгілеп қойған болатын. Бұны осы дүниелік билеушілердің біреуі де ұққан емес; ұққан болса, олар Ұлылықтың Иесін айқышқа шегелетіп өлтіртпес еді. Алайда (Киелі жазбаларда) алдын ала жазылғандай, көз көріп, құлақ естімеген, адам ойына ешқашан келмеген игіліктерді Құдай Өзін сүйетіндерге дайындап қойған. Бұны Құдай біздерге Өзінің Киелі Рухы арқылы анық білдірді.

Киелі Рух бәрінен де, Құдайдың терең ой-мақсаттарынан да хабардар. Себебі адамның ішкі құпия-сырларын оның өз рухынан басқа бірде-бір адам біле ме? Сол сияқты, Құдайдың терең ой-мақсаттарын да Оның Киелі Рухынан басқа ешкім білмейді. Ал біз осы дүниелік рухты емес, Құдайдан келген Киелі Рухты қабылдадық, Соның көмегімен Құдайдың бізге сыйлаған игіліктерін біле аламыз.

— Қорынттықтарға 1-хат 2:6-12

Жазбаның осы үзіндісінде айтылғандай, біз естімеген, көрмеген, ойламаған нәрселер бізге Киелі Рух арқылы ашылады. Бұл тамаша емес пе? Меніңше, сенушілер ретіндегі ол біздің үлкен артықшылығымыз. Сіз мәсіхші болған кезде, Киелі Рух сіздің бойыңызға қонды және өміріңізді басқара бастады.

Бұл Исаның қауымға берген дарыны. Ол дарынның Киелі Рухпен шомылдырылу деп аталатын тағы бір қыры бар. Алғашқы

өнім мейрамы кезінде шәкірттер жоғарғы бөлмеде отырғанда Киелі Рух оларға қонды. Иса Иордан өзеніне келгенде, Киелі Рух Оған қонды. Сонда ғана Иса Өзінің қызметін бастады. Дәл сол кезде Құдай Патшалығы туралы күәлік ету үшін Оған Құдайдың күші енді. Бала кезінде Иса кереметтер жасай алмады. Кішкентай кезінде Ол отбасының тамағын көбейткен емес, суда да жүрген емес. Киелі Рухпен шомылдырылуды түсіну үшін қайта туылу (Киелі Рух жүрегіңізге келген кез) мен Киелі Рухпен шомылдырылудың (Киелі Рух үстіңізге қонған сәт) арасында айырмашылық бар екенін біліңіз.

Сол жексенбі күнінің кешінде Исаның шәкірттері жиналып, яһуди басшыларынан қорыққаннан есіктерді бекітіп алған еді. Кенеттен кіріп келген Иса орталарына тұра қалып: «Сендерге амандық пен тыныштық болсын!» — деп батасын берді. Осыны айтқаннан кейін Иса оларға екі қолы мен бүйірін көрсетті. Шәкірттері Иелері Мәсіхті көріп қатты қуанды. Иса оларға тағы да: «Сендерге амандық пен тыныштық болсын! — деді. — Әкемнің Өзімді осы дүниеге жібергені сияқты, Мен де сендерді адамдарға жіберемін». — Осылай дегеннен кейін Иса шәкірттерінің бетіне демін үрлеп: «Киелі Рухты қабыл алыңдар!», — деді.

—Жохан 20:19–22

Осы Жохан жазған Ізгі хабардың 20-тарауында шәкірттер рухани қайтадан туылды. Бірақ Иса оларға әлі де Құдай Патшалығының куәгерлері болуға күш беретін Киелі Рухтың шомылдыруынан өтуін күту керек екенін айтты.

Иса азапталып өлгеннен кейін оларға көптеген сенімді дәлелдер арқылы Өзінің тірі екенін ашық көрсетті: қырық күн бойы Ол елшілеріне көрініп, Құдайдың Патшалығы туралы тәлім беріп жүрді. Бірде Иса елшілерімен дастарқан

басында жиналған кезде оларға былай деп бұйырды:

— Иерусалимнен кетпей, Әкенің өз уәдесін орындауын тосыңдар! Мен сендерге сол туралы айтқан едім ғой. Жақияның шомылдыру рәсімі сумен болатын, ал енді біраз күнде сендер Киелі Рухпен шомылдырыласыңдар.

— Елшілердің істері 1:3–5

Бірақ Киелі Рух өздеріңе қонғанда Оның құдіретін қабылдайсыңдар. Содан сендер Иерусалимде, бүкіл Яһудея мен Самария аймақтарында және жердің шетіне дейін Маған куә боласыңдар.

— Елшілердің істері 1:8

Бұл Құдайдан келетін майлау. Майлау Құдайдың күшін әкеледі және Оның істерін орындауға мүмкіндік береді. Иерусалимдегі Алғашқы өнім мейрамында жоғарғы бөлмеде отырған шәкірттердің барлығы Киелі Рухпен шомылдырылғаны есіңізде болар. Бұған қандай дәлел бар? Олардың барлығы басқа тілдерде сөйледі. Тілдерде сөйлеу – қауымға берілген тоғыз рухани сыйдың бірі. Ол 1-Қорынттықтарға 12-де айтылған. Ондай рухани дарындар баяғыдан бері жоқ дейтіндер көп. Мен мұнымен мүлдем келіспеймін. Киелі Рухпен шомылдырылу өзімен бірге тоғыз рухани сыйдың бәрін әкеледі, бірақ қазір тек бір ғана дарынға — тілдерде сөйлеуге назар аударғым келеді.

Бастапқыда бөтен тілде сөйлеу пайдасыз болып көрінуі мүмкін. Бұл дарын Ізгі хабарды уағыздап жатқанда басқа тілде сөйлейтін адамдармен кездесіп қалға ғана қажет болады деп ойлайтындар бар. Бірақ адамдармен сіз білмейтін тілде сөйлесу ешқашан бұл дарынның мақсаты болған емес. Бұл сыйдың неліктен баға

**МАЙЛАУ ҚҰДАЙДЫҢ
КҮШІН ӘКЕЛЕДІ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ІСТЕРІН
ОРЫНДАУҒА МҮМКІНДІК
БЕРЕДІ.**

жетпес қымбат екенін және өміріңіз гүлденіп-өркендеуі үшін неліктен маңызды екенін көрсетуге рұқсат етіңіз.

Бөтен тілде сөйлейтін кісі адамдарға емес, Құдайға арнап сөйлеп, ешкім оны түсінбейді. Ол өз рухымен құпияларды айтады. Ал Құдайдың хабарын жеткізуші адамдарға арнап сөйлеп, оларды нығайтып, жігерлендіріп, жұбатады. Кім бөтен тілде сөйлесе, сол өз сенімін нығайтады, ал кім Құдайдың хабарын уағыздаса, сол қауымды нығайтады. Мен сендердің бәріңнің де бөтен тілдерде сөйлегендеріңді, бірақ одан гөрі Құдайдың хабарын уағыздағандарыңды қалар едім. Сол жерде бөтен тілде айтылғандарды түсіндіріп, осылай қауымның нығаюына көмегін тигізетін біреу болмаса, онда бөтен тілде сөйлейтіннен гөрі Құдайдың хабарын жеткізушінің пайдасы әлдеқайда зор.

– Қорынттықтарға 1-хат 14:2-5

Бұл жерде біз Пауылдың жазған хатының мән-мәтінін түсінуіміз керек. Ол қауым жиналысын қалай өткізу керектігін айтады. Қауым қызметінде жиналғандарға бөтен тілде сөйлеудің пайдасы жоқ дейді, өйткені оны естігендер адамның не айтып жатқанын түсінбейді. Пауыл қауымда одан гөрі уағыз айтудың жақсы дейді, өйткені ол адамдар түсінетін жалпы тілде айтылады және тиімдірек болады.

Бірақ әр адамның бөтен тілде дұға етуіне келетін болсақ, бұл мүлдем басқа әңгіме. Мінәжат ететін адамға бөтен тілдерде сөйлеудің пайдасы зор. Киелі кітапта мұндай адам рухымен құпияларды айтады делінген. Бұл құпиялар сіз білмейтін, бірақ білуіңіз керек нәрселер. Әрі қарай Пауыл бөтен тілдерде сөйлейтін адам өз сенімін нығайтатынын жазған. «Нығайту» сөзі «ақыл, нұсқау беру, күшейту» дегенді білдіреді. Әлбетте, егер сізге бірдеңе білу керек болса, онда дәл қазір ол әлі белгісіз жұмбақ. Бірақ тілде сөйлеу сөйлеушіге нұсқау береді. Егер бұрыннан

білетінімізден асып түсетін жоспарларды іске асырғымыз келсе, сіз бен бізге бұл өте қажет. Жазбада айтылғандай:

Алайда (Киелі жазбаларда) алдын ала жазылғандай, көз көріп, құлақ естімеген, адам ойына ешқашан келмеген игіліктерді Құдай Өзін сүйетіндерге дайындап қойған. Бұны Құдай біздерге Өзінің Киелі Рухы арқылы анық білдірді. Киелі Рух бәрінен де, Құдайдың терең ой-мақсаттарынан да хабардар.

— Қорынттықтарға 1-хат 2:9, 10

Бұл көмек маған да, сізге де керек. Енді мәселе мынада. Бөтен тілде сөйлеп, айтқаныңызды түсінбесеңіз, айтқан сөзіңізден қандай пайда табасыз?. Мұнда сыр жатыр. Киелі Рух сіздің адамдық рухыңыз арқылы сөйлегенде, санаңыз келген ойлардың арасынан маңыздыларын айыра бастайды. Біз мұны аян дейміз, ал бұл сөздің өзі «ашу» сөзінің түбірінен шыққан. Осылайша, Рухпен дұға ету арқылы сіз өзіңізге тиесілі емес идеялар мен ойларды қабылдау қабілетіне ие боласыз.

Бұл туралы көптеген сұрақтарыңыз бар шығар. Оған жауап алғыңыз келсе «Сенің қаржылық революцияң: стратегияның құдіреті» деген кітабымды оқуға шақырамын. Онда көп пайдалы мәлімет бар.

Тоқтап, стратегия үшін дұға етіңіз

Әзірге түсінейік, сеніммен тұқымын сепкеннен кейін, келесі қадам – кідіріп, Киелі Рухпен дұға ету, өйткені сізге жоспар керек. Карла дәл осылай жасады.

Карла мен Тодд – қалыпты американдықтар сияқты өмір сүрді. Олар жалақыдан жалақыға дейін әрең жетіп, қарызға батып кетті. Бір күні Карла теледидардан «Fixing the Money Thing» бағдарламасын көріп, қаржылық жағдайларын ретке келтіру керек екенін түсінді. Карладан алған хатым есімде. Ол кезде ерлі-

зайыптылардың ақшалай кіріптарлықтан шешудің амалы жоқ еді. Олар тіпті бір-екі ай болашаққа жоспар жасай алмады, қаражатқа қысылғандары сонша. Бюджетіндегі кез-келген тапшылық тағы бір несие алумен жабылды.

Карла қарыздан құтылу керек екенін білді, бірақ оны қалай істейді? Менің кітабымды оқығаннан кейін күйеуі екеуі бизнес-идеяға арнап тұқым септі. Олар үйден істей алатын бизнес үшін сенді. Тодд жергілікті мектепте сабақ берумен айналысқандықтан қолы тимейтін, сондықтан Карла қалай көмектесетінін ойлады. Олар тұқым еккеннен кейін күн сайын таңертең Карла Киелі Рухтан нұсқау күтумен мінәжат пен Киелі кітап оқуда оңаша уақыт өткізді.

Бір күні таңертең ол рухында «күшіктер» деген сөзді естіді. Басында ол біраз абдырап қалды. Күшіктер? Күшіктерді өсіру керек пе? Бір кездері олардың иті болған, бірақ күшік өсіру туралы олар ойланып көрген емес. Тодд сол күні кешке үйге оралғанда, Карла оған Құдайдың айтқанын жеткізді. Күткендей, Тодд бұл идеядан біршама сақ болды, бірақ Карлаға мүмкіндіктерді зерттеуді ұсынды. Көп ұзамай Тодд пен Карла екі голдендудл тұқымды күшікті сатып алып, өздерінің кішкентай бизнесін бастады. Әрине, олар алдымен күшіктерді өсіріп, содан кейін барып шағылыстыруды бастау керек болды.

Ерлі-зайыптылар жолда біраз сәтсіздікке ұшырады, бірақ бірінші жылы олардың иттерінен 13 күшік туды. Күшіктердің әрқайсысы шамамен 1500 долларға сатылды. Күшіктер сатылғанда кейіннен Карла көзіне жас алғанын айтты. Демек, ол Киелі Рухтың сөзін дұрыс түсінді. Сол жылы Тодд жергілікті мектептің директоры болып тағайындалды.

Күшік бизнесі өсіп, ұлғая берді. Қазір олардың 300-ден астам күшіктері бар және әрқайсысының бағасы шамамен 2500 доллар. Карла мен Тоддтың қаржылық өмірі 180 градусқа айналды! Олар үйді былтыр төлеп шықты, қазір қарыздары жоқ. Олар шетелге тамаша сапарларға барып тұрады және Құдайдың өз

отбасыларында жасаған керемет істеріне куә. Мұның бәрін көргеннен кейін Карла адамдарға Құдай Патшалығы туралы керемет хабарды таратқысы келді. Ол жақында ғана өзінің алғашқы кітабын жазып шығарды, оның аты «Plans to Prosper: How God Gave Us Financial Freedom Through Puppies» («Өркениет жоспары: Күшіктер арқылы Құдайдың бізге берген қаржылық бостандығы»).

Тодд пен Карла адамдардың назарын аударатын және оларды тоқтатып, Құдай туралы ойлауға мәжбүрлейтін Патшалық өмір салтын жүргізеді. Кітабының соңында Ишая пайғамбар қауым дәуірі туралы айтқан. Ол бізге жер бетінде өмір сүріп жатқанда Құдайдың өмірімізге не істегісі келетіні туралы жазды.

Сонда олар «Жаратқан Иенің Өзі отырғызған мықты ағаштары» деп аталады, әрі Оның алдында ақталған, әділдік істеп, салтанатты ұлылығын паш ететін халқы болады.

— Ишая 61:3

Мықты ағашты көргеніңіз бар ма? Ол әдетте өте үлкен және қуатты. Киелі кітапта біздің өміріміз мықты ағаш сияқты болатыны айтылған. Яғни, сіз бен біздің өміріміз қуатты, тұрақты және қозғалмайтын болады. Бұл ағаштың жемісі әділдік болады. Адамдар Құдай дұрыс деп атаған өмірдің қандай болуы керек екенін көреді. Біз Жаратқан Иенің отырғызған өсімдіктеріміз, яғни Құдай Өзінің ұлылығын көрсету үшін бізді Өзі лайықты деп тапқан жерлерге, әртүрлі кәсіптер мен мәдениеттерге отырғызады. Құдай адамдардың назарын сізге аудару арқылы оларды Өзіне тартқысы келеді! Оның жолымен жүрудің жемісі қандай болатынын адамдар сіздің өміріңізден көрсін дейді. Жеміс ағашы сізді дәмді жемістерімен қызықтыратыны сияқты, Құдай сіздің өміріңіз жердегі жұмақтай болғанын қалайды.

Сонымен, Тодд пен Карла бұған қалай қол жеткізді? Әрине, күшіктерді өсіру үшін көп жұмыс істеуге тұра келді, бірақ қаржылық

бостандық, әрине, оған тұрарлық. Бұл бостандық жоспарды, яғни Құдай сөзін естуден басталды. Карла бір ғана қарапайым сөзді естіді: «Күшіктер!». Бірақ қажеттің бәрі осы бір сөз болды. Құдай сізбен де сөйлеседі. Ол сізді 22-ші Забұр жырында айтылған жасыл жайлау мен тұнық суға апарады.

Бірақ, біліп отырған шығарсыз, жоспарды есту жеткіліксіз. Мен келесі тарауда бесінші қадамды талқылаймын. Ол ең маңызды тарау болуы мүмкін, өйткені бесінші қадамда көптеген адамдар сәтсіздікке ұшырайды. Бірақ сіз жетістікке жететініңізге сенемін. Сіз осы кітаптағы әңгімелердегідей Құдайдың рақымы мен жарылқауында жүресіз! Дайынсыз бы? Ендеше бесінші қадамға көшейік.

9-ТАРАУ

УАҚЫТ КЕЛДІ!

Ауыл шаруашылықпен айналысатын әр адам әр дақыл өз уақытында өнім беретінін біледі. Белгілі бір дақылдың өнімін дұрыс жинаймын десеңіз, оның дәл уақытын білу керек. Шынын айтайық, өнім жинауды өткізіп жіберуге де болады. Демек, бұл өте үлкен және маңызды тақырып. Дүкенде әдемі қызыл алманы көріп, «Мынау керемет алма екен» деп, үйге келіп тістеп алған кезде: «Ой, мына алманың дәмі жоқ қой» деген кезіңіз болды ма? Бұл өнім дұрыс уақытында жиналмаған.

Идеяны тезірек іске асырғысы келіп, аптығып-асығып қате уақытта әрекет еткендерің қанша қаржылық қиындыққа түскендерін көп көрдім. Уақытқа қатысты туралы сүйікті жазбам Матай 13:44-те.

Құдай Патшалығын егіндік жерге көмілген қазынаға да ұқсатуға болады. Соны тауып алған адам қазынаны қайтадан көміп тастап, қуанғанынан өзіндегі барды түгел сатып жіберіп, егіндікті сатып алады.

Бұл әңгімеде адам қазынаны көрген сәтте оны бірден иемденіп ала алмайтынын білді. Оған уақыт пен дайындық қажет.

Мысал ретінде, Карла «Күшіктер» деген сөзді естігенде, бұл күшіктерді сататын жарнама беру керек дегенді білдірмеді.

Оның әлі күшіктері болған жоқ. Көп дайындық керек болды. Олар алдымен екі ұрғашы итті сатып алулары керек еді. Оларды орналастыру үшін орын салып, кейіннен келетін күшіктерді жоспарлау керек болды. Егер күшік сатқыңыз келсе, оларға керек қажетті вакциналар бар. Осындай заңды мәселелерді де шешу керек болды.

Лицензия алу, маркетинг, банктегі шаруалар және салықтар мәселелері де бар. Өзіңіздің бизнес идеяңыздан өнім жинамас бұрын, бұл нәрселерді қарастыру керек.

Барлық керек дайындықты жасап, бәрін мұқият тексеріп шықтыңыз дейік. Қиын бөлігі әлі алда. Сіз Құдайдың айтқанын орындай бастауыңыз керек. Иә, көп жағдайда идея сіз күткеннен үлкен болады, және онымен айналыса бастаудан бұрын қорқыныш болуы мүмкін. Бірақ қорқынышты ескі өмірде қалдырыңыз. Бұл сіздің жаңа өміріңіз.

Құдай маған өз бизнесімді бастау туралы айтқан кезде, мен бұл туралы қатты қобалжыдым. Ең басынан, нөлден бастадым. Мен дайындықтың бәрін жасап болғанда, түсімде Құдай менен енді іске кірісуімді талап етті. Енді бәрі менің үйреншікті, жылы-жұмсақ жерімнен шығып, Құдайдың айтқанын істеуіме байланысты болды. Әрдайым не істейін деп жүргенін айтатын, бірақ оны ешқашан істемейтін досыңыз бар ма? Ондай адамды кездестіріп көрдіңіз ба? Мен олардың көбімен таныс болдым! Есіңізде болса, мен 30 жылдан астам уақыт бойы адамдарды сатушы болуға дайындадым.

Өз кәсібімді ашқан кезде маған ешқандай нұсқау болмады. Мен өзім жасаған саудадан түскен комиссияға ғана өмір сүрдім. Ол бір адамдық іс еді. Бірақ менде ұмытылыс пен ынта болды. Құдай адамдарға қарыздарынан құтылуға көмектесу үшін компания ашуға нұсқау бергенде, мен ол идеяны қатты ұнаттым. Қанша жыл бойы қарыздан қиналдым. Енді оның шешімін, яғни Құдай

Патшалығын тапқаннан кейін, ол туралы бәріне айтқым келді. Екіншіден, Құдай маған қарыздан құтылу жоспарын бергенде, қуанышыма шек болмады. Осы жоспарды қолданып, отбасылар бес-жеті жыл ішінде табыстарын өзгертпей, ипотекасымен бірге алғанда барлық қарыздарын төлеп шыға алатын. Мен қаржы нарығында өз орным бар екенін білдім. Адамдарға шынымен де маңызды көмек көрсете аламын. Бірақ тағы да айтамын, іске кірісіп кетпес бұрын, бәрін жақсылап дайындап қоюым керек еді.

Әрине, көш жүре түзеледі. Жұмыс барысында да әлі көп нәрсе үйренесіз. Бірақ іске кіріскенде алдын-ала қайралған құралдарыңыз дайын тұрсын. Алда керемет мүмкіндік, тамаша өнім және үлкен жалақы болса да қазір – бүгінгі күн. Жоспарға бүгін қадам басу керек.

Енді өте өзекті мәселе қозғағым келеді. Менің ойымша, көптеген адамдар қаржылық қиындықтарының шешімін Құдайдан естісе де, дәл осының кесірінен мақсаттарына жете алмайды.

Прокрастинация!

Сенімсіздікке, қорқынышқа немесе жалқаулыққа бола көп нәрсені кейінге қалдырып жатамыз. Бір нәрсе анық: жұмысты «Сосын істеймін» деу өте оңай! Магистратура және докторантура студенттерінің қатысуымен прокрастинацияға қатысты зерттеу жасалған екен. Содан үзінді келтіргім келеді.

Дженни пәтерін жинап жатыр. Кэти математикалық жұмбақтарды шешіп отыр. Мэтт спорт ұпайларын тексеруде, ал Кармен өзінің Facebook парақшасын жаңартуда. Олардың барлығы психология студенттері. Орындауға тиіс тапсырмаларды бәрі де кейінге қалдырып отыр. Бәрімізге белгілі прокрастинация осы.

Бұл зиян әдеттен арылу қиын. Әсіресе қазір, бір-ақ сәтте Интернетке кіріп, оқудың орнына басқа, одан гөрі қызық

нәрселерді істеуге болатын кезде тәртіпті түрде оқу қиынға түседі. Калгари университетінің психологы доктор Пирс Стилдің 2007 жылғы мета-анализіне сәйкес, колледж студенттерінің 80-95 пайызы үй жұмысын орындауды, әсіресе курстық жұмысты жазуды кейінге қалдырады.⁶

Бұл тек жоғарғы оқу орындарындағы студенттерге ғана қатысты емес деп айтар едім. Назарымызды өзіне аударғысы келетін нәрселер өте көп. Оларға қарсы тұру әрдайым оңай емес. Телефонға кіріп отыру немесе электрондық поштаны тексеру уақытты өлтіретіні сөзсіз. Бірақ кейінге қалдырудың бірден білінбейтін, бірақ өте қауіпті жағы бар. Оны білуіңіз керек. Оны көрсету үшін Қорынттықтарға 1-хат 2:6-8-ге барғым келеді.

Дегенмен, біз рухани жетілгендерге даналық туралы хабарды уағыздай береміз. Ал бұл даналық осы күнәкар дүниенікі емес, сондай-ақ, осы дүниелік билеушілердікі де емес; солар — болашақта құрып кететіндер. Керісінше, жариялап жүргеніміз — Құдайдың құпия даналығы, бұл адамзаттың көзінен таса болып келді. Ал Құдай оны біздің ұлылыққа ие болуымыз үшін әлемді жаратпастан бұрын-ақ белгілеп қойған болатын. Бұны осы дүниелік билеушілердің біреуі де ұққан емес; ұққан болса, олар Ұлылықтың Иесін айқышқа шегелетіп өлтіртпес еді.

— Қорынттықтарға 1-хат 2:6-8

Ой, мұны бір жерге жазып алғаныңыз жөн болар. Шайтан сіздің не істеп жатқаныңызды түсінсе, тактикасын өзгертеді! Сондықтан Құдай астарлы әңгімелер арқылы сөйлейді. Сондықтан Құдай кейде сізге керек жауапты ашпас бұрын түн ортасына дейін күтеді. Біздің жауымыз бар екенін біліп, есте сақтауыңыз керек. Сіздің

⁶ <https://www.apa.org/gradpsych/2010/01/procrastination>

жауыңыз айыр ұстаған, қызыл киімді күлкілі кейіпкер емес. Киелі кітап анық былай дейді:

Салауатты да сергек болыңдар! Сендердің қас жауларың, шайтан, ақырған арыстандай қауымды айнала шарлап, кімді жалмасам деп торуылдап жүр.

— 1 Петір 5:8

Әрине, ол ешкімді қалағанынша жалмап кете алмайды, бірақ ол өлтіру, ұрлау және жою үшін сізді көктегі құзыреттен тыс алып шығып, өзінің заңды билік аясына шығарғысы келеді. Киелі кітапта «Сендердің қас жауларың!» делінген. Шайтан сізді жалған тыныштыққа, әрекетсіздікке, жұмысты кейінге қалдыруға итергісі келеді. Бұл оған сіздің және Құдайдың не істеп жатқанын түсінуге уақыт береді.

Бір түнде көрген түсім есімде. Мен көрген бейне түнде болды. Менің жатын бөлмемнің терезесіндегі жарық үйдің сыртындағы көғалға түсіп тұрды. Жарық түскен жердің шетінде, қараңғылықта қолдарында дәптерлері бар екі жынның тереземе қарсы тұрғанын көрдім. Олардың менің өмірімді қирату үшін амал табуға келгендерін білемін. Олар менің осал жақтарымды қолданып, заңды бір ілік арқылы Құдайдың жоспарына кедергі келтіру үшін жіберілген. Олар жинаған мәліметтерін дәптерлеріне жазып, Құдайдың ісін тоқтатуға болатындай әлсіз жер іздеді.

ПРОКРАСТИНАЦИЯ ӨЛІМГЕ ӘКЕЛУІ МҮМКІН!

Прокрастинация өлімге әкелуі мүмкін! Бұл асырып айтылған сөздей естіледі, солай емес пе? Бұл прокрастинацияның алдап-арбайтын жұмсақ даусына қарамақайшы. Оның даусы нәзік, оған сенгің келеді: «Жұмысты кейін істеуге де болады. Қазір істесең де, кешірек істесең де бәрібір емес пе?». Бірақ бұл рас па? Кейінге қалдырудың қаншалықты қауіпті екенін көрсететін оқиғаны келтіруге рұқсат етіңіздер.

Філістір де Дәуітке қарай жақындап келе жатты. Оның алдында нөкері үлкен қалқанын көтеріп жүрді. Філістір Дәуітке қарап, оның беті албыраған, сымбатты жас жігіт екенін көрді. Оны менсінбей:

— Маған таяқпен шығатындай ит пе едім, сонша?! — деп айқайлады. Өзінің табынатын тәңірлерінің аттарымен қарғап-сілеп:

— Кәне, маған жақындап көрші! Етіңді жыртқыш құс пен аңға жемтік қылып берейін! — деп шақырды.

— Патшалықтар 1-жазба 17:41-44

Сонда філістір алға жүріп, Дәуітке таман жақындап келді. Дәуіт оған қарсы, філістір сапына қарай жүгіріп барды да, дорбасынан бір тасты суырып алып, сақпанына салып, атып жіберді. Тас філістірдің маңдайына дәл тиіп, оны тесіп, кіріп кетті.

— Патшалықтар 1-жазба 17:48-49

Дәуіт пен Ғолияттың оқиғасы өте керемет оқиға. Ғолияттың айқайын естіген бүкіл Исраил халқын үрей билеген еді. Бірақ Дәуіт бір шарт қойып, онымен күресетінін айтты. Ол өз қаруын өзі таңдағысы келді. Дәуіттің таңдағаны – қой баққанда жылдар бойы қолданған сақпаны. Дәуіт Ғолиятқа жақындай бергенде, Ғолият абдырап, айқайлап жібереді. «Маған таяқпен шығатындай ит пе едім, сонша?!». Ғолият таяқ деп санайтын нәрсе – бұл Дәуіттің мал бағатын аса таяғы. Жау белбездің астына тығылған

**ШАЙТАН СІЗБЕН ДЕ
ДӘЛ ОСЫЛАЙ ІСТЕГІСІ
КЕЛЕДІ. ОЛ СІЗДІҢ
ЖОСПАРЫҢЫЗДЫ
ТҰТҚЫНҒА АЛУҒА
ТЫРЫСАДЫ.**

сақпанды көрмейді. Жоқ, Дәуіт таяқты алдау ретінде пайдаланып, Ғолияттың назарын сақпанға емес, таяққа аударады. Філістір Дәуітке қарай ұмтылғанда, Дәуіт Ғолиятқа қарай ұмтыла жүгіреді. Бұл Дәуіттің қолданған тағы бір айласы болды.

Ол Ғолиятқа қарай кенеттен тұра жүгірсе, сақпанды байқап қалу әлдеқайда қиын болатынын білді.

Алайда Дәуіт адамдардың көбісі сияқты әрекет етсе ше? Қақтығысқа түсуден қорқып, олар істі кейінге қалдырады. Егер Дәуіттің Ғолиятқа қарсы шығуға батылы бармай, өзін дайын сезінгенше оны айналсоқтап жүре берсе, не болушы еді? Менің ойымша, Ғолият онда сақпанды көріп, Дәуіттің стратегиясын түсіне қалып, тиісінше әрекетке етер еді. Шайқас сонымен бітіп, бүкіл Исраил халқы тұтқынға алынар еді.

Шайтан сізбен де дәл осылай істегісі келеді. Ол сіздің жоспарыңызды тұтқынға алуға тырысады. Ол сізді кідіріп қалып, өзіңізді дайын сезінгенше келесі қадамды жасамауыңызды қалайды. Сонда өміріңіздегі Құдайдың жоспарына қарсы тұру үшін оның құлық табуына уақыты болады. Сонымен, прокрастинация қауіпті ме? Өте! Кейінге қалдырудың кесірінен мыңдаған доллар жұмсағаныңызды білемін. Дәуіт уақытында әрекет етпесе, мыңдаған адамның өмірі үзіліп кетер еді.

Сондықтан дұрыс уақыттың келгенін білсеңіз, қолыңызда жоспар болса, еш қорықпай, күмәнданбай, сеніммен іске кірісіңіз. Уақыты келгенде, Киелі Рух жүрегіңізге түрткі салатынын білемін. Бірақ қате ілімнің кесірінен көптеген адамдар уақытты созып жүре береді, сосын қақтығысқа тап болғанда Құдайдың жарылқауынан құр қалдым деп ойлайды.

Қақтығыстан қорықпаңыз

«Құдайдың берген жоспарын іске асырамын деп іске кіріскенде, тозақтың отына түскендей болдым» деп маған көп адамдар айтады. Сіздің тозақ отынан қорықпай, оны жеңіп шығуға қабілетіңіз бар. Киелі Рухтың берген жоспары жауға қатты соққы болады. Ол оны бар күшімен тоқтатуға тырысады. Бірақ ол дұшпанның қолынан келмейді. Тым кеш. Бірақ егер ол Жаратқан

Иенің сөзіне күмән келтіре алса, қорқыныш сізді кері тартатын болады. Ол дегеніңізден қайтып кететіндей дүрбелең тудырғысы келеді. Бірақ қазір бұрынғыдан да берік болып, дұшпанды қит еткізбеуге өз билігіңізді пайдалануыңыз керек. «Жоқ, сен олай жасамайсың» немесе «Мені қинағысы келетін шатасу мен күмәнға тыйым саламын» деп айтудан қорықпаңыз. «Құдайдың айтқанымен не істеу керектігін білемін және оны Исаның атынан істеп жатырмын. Айла-тәсілің өтпейді, шайтан!» деуге батыл болыңыз.

Өкінішке орай, бүгінгі күні білімі жетпейтін сенушілер шайтанның қарсы шабуылына таңданып қарайды. Олар Құдайдың Өзі жоспар берсе, оны еш қиындықсыз, оңай және тез орындауға болады деп ойлайды.

Енді менің айтқанымды қате түсінбеңіз. Бізде зұлым рухтарды басқаратын абсолют билік бар, бірақ адамдарға үстемдік жүргізетіндей абсолют билік жоқ. Айта кету керек, мен Құдайдың құзырында болсам да, менің айналамдағы көптеген адамдар күнәға батқан жердің жүйесінде. Олар қауесет пен шатасуға құрбан бола алады. Олар менің ниетімді дұрыс түсінбеуі немесе маған әдейі кедергі жасауы мүмкін.

Бірақ олар Киелі Рухтың сізге берген жоспарын тоқтата алмайды!!! Жаудың оған әлі жетпейді. Құдай жаудан әрдайым көп қадам алда. Сеніміңізде берік болып, ымыраға келуден бас тартсаңыз, Жаратқан Ие сізді жеңіске жетелейді.

Үйреншікті, жылы-жұмсақ жерден шығу сенімге қарағанда батылдықты көп талап етеді. Сенімнің арқасында осы сәтке жеттіңіз, енді келесі қадам жасау үшін батылдық керек. Меніңше, мәселе адамдардың Қызыл теңіз оқиғасы мен Иордан өзеніндегі оқиғаны шатастырып алуында.

Қызыл теңіз оқиғасында Исраил халқы Мысырдан босатылып, Қызыл теңізге келді. Бір жағында – тау қыраты, басқа жағында – теңіз, ал арттарынан перғауын әскерімен қуып келе жатыр.

Апаттан құтылудың жолы жоқ сияқты. Бірақ Мұса колын теңізге қарай созып (биліктің белгісі) Қызыл теңізді суын екі жаққа қақ айырады. Исраилдіктен құрғақ жермен өтеді. Перғауынның әскері олардың соңынан еруге тырысады. Бірақ су орнына келгендіктен, әскер теңізге батып кетеді. Бірде-біреуі тірі қалмайды. Исраил халқы енді Мысырдан және құлдықтан азат. Бұл керемет құтқару болды. Бәріміз Құдайды мадақтап, оның құтқаруы туралы ән айтуды жақсы көреміз.

Алда – халыққа уәде етілген Қанахан жері. Бұл олардың ата-бабаларының жері және Ыбырайымның ұрпағына уәде етілген. Исраилдіктер шөл далада жүргенде, әрдайым Мұсадан ол жердің шұрайлы екенін, онда сүт пен бал ағып жатқанын естиді. Өмір бойы құлдықты ғана білген адамдарға ол уәде арман сияқты көрінеді. Ол шындық болуға тым жақсы естіледі. Бірақ бір мәселе бар. Жерді басқа ұлттар басып алған. Халық Иордан өзеніне жақындаған кезде, Мұса тыңшыларды жібереді. Олар жолды біліп келіп, жердің жемісін әкелуі керек. Сонда халық Қанаханның шынымен тамаша жер екеніне көз жеткізеді.

Бірақ тыңшылар қайтып келгенде, Исраил халқы Мысырға қайта оралғысы келетіндей қорқынышты хабар әкеледі. Қанахан жеріндегі қалалар дуалмен қоршалған, ал адамдары – исраилдіктерден әлдеқайда үлкен, бойлары биік, күштері тасыған жауынгерлер. Исраилдіктер зар жылап, Құдайға мен Мұса өтірік айтты деп, оларға қарсы шығады. Халықта сенімнің мүлде жоқтығын көріп, Құдай оларды уәдеге етілген жерге апармайды, өйткені сенімдері болмаса, халықтың жойылатынын біледі. Қанаханға баруға қорыққан ұрпақтың ешқайсысы қалмайынша, халық қырық жыл бойы шөл даланы кезіп өмір сүреді.

Енді Құдай Ешуаға Нұнұлына халықты уәде етілген жерге апаруға бұйырады. Бірақ тағы да, олар Иордан өзеніне келгенде, кедергі туады. Өзен жағасынан шығып тасып жатыр, халық жылдам ағып жатқан судан өте алмайды. Бірақ Құдай тағы да суды екіге бөліп, исраилдіктерге құрғақ жермен өтуге мүмкіндік

береді. Осы жолы халық мысырлық әскерден қашпайды, қайта соғысқа қарай, жерді жаулап алу үшін барады.

Мынаны білуіңіз керек. Құдайдың уәде еткенін иелену үшін іске кіріскеніңізде мәселелер мен қиындықтарға тап болуыңыз мүмкін, бірақ одан қорықпаңыз. Құдай сізге көмектесіп, сіз ілгерілеген сайын қорғап отырады. Қиындықтың дәл артында жарылқау бар екенін әрқашан есте сақтаңыз. Мұны ешқашан ұмытпаңыз.

Шындығында, мен сізді таң қалдыратын бірдеңе айтқым келеді. Қиындықтарға ерекше көңіл бөліңіз. Жоқ, сіздің жеке мәселелеріңізге қайта-қайта қорқынышпен ой жүгіртуді айтып отырған жоқпын. Әрдайым мүмкіндік іздеуді айтып отырмын. Қиындықтарды шешу үшін адамдар үлкен ақша төлейтінін білесіз бе? Негізінде, кәсіп дегеніміз – біреудің мәселесін шешу. Мысал ретінде, адамдарда проблема бар – олар аш, сондықтан біреу Subway дүкенін ашты. Сіз бұрын сэндвич жасаған шығарсыз, бірақ оны кәсіпке айналырған жоқсыз. Бүгінде Subway-дің бүкіл әлемде ондаған мың дүкендері бар, өйткені олар біреудің мәселесін шешті. Сіз: «Мен де оны істей алар едім» деп айтатын шығарсыз. Иә, сіз де істей аласыз. Басқаша ойланып көріңіз.

Дрендә екеуіміз қазіргі таңда миллионерміз. Оған ақылды немесе сымбатты болғаннан жеткен жоқпыз. Біз жай ғана Құдай Патшалығының қалай жұмыс істейтінін үйрендік. Сосын өзіміздің мәселемізді шешу үшін Құдай бір әдіс көрсетті. Содан кейін басқалардың тура сол мәселесін шешуді үйретті. Бұл соншалықты қиын емес!

Дайындық орны

Ендеше, сеніммен тұқым егіп, жоспарды білгеннен кейін, ойланбастан тұңғыыққа секірмеңіз. Матай 13-тегі әңгімені есте сақтаңыз.

Құдай Патшалығын егіндік жерге көмілген қазынаға да ұқсатуға болады. Соны тауып алған адам қазынаны қайтадан көміп тастап, қуанғанынан өзіндегі барды түгел сатып жіберіп, егіндікті сатып алады.

— Матай 13:44

Құдай әрқашан сізді алдымен дайындық орнына шақырады. Сондықтан Құдайдың Сөзін естіп, Одан керемет жаңа бизнес-идеяны білсеңіз де, уақытты байқаңыз. Құдай сізді дайындыққа ынталандыру үшін әрқашан қазынаны бірінші ашады. Көрдіңіз бе, мен Құдай сізге қазынаны береді деп айтқан жоқпын. Ол қазынаны, жауапты ашады дедім. Көптеген, көптеген адамдар қазынаның ашылуын қазынаны алу уақыты деп қате түсінді. Оның нәтижесі сұмдық болды. Құдай сізді қазынаны иемденуге жібермес бұрын әрқашан дайындық орнына апарарды.

Жас кезімде Құдай маған аян беріп, қолымда Киелі кітапты ұстап тұрғанымды көрсетті. Сол жерде тұрғанда Киелі кітаптан уағыз айтып жатқанымды ғана емес, залды және тыңдап отырған адамдарды да көрдім. Бұл аянды көргенде маған бір дауыс сөйледі. «Сені Менің Сөзімді уағыздауға шақырамын». Оны үш рет естідім, содан кейін аян ғайып болды. Ол кезде 19 жаста едім. Әкемнің пицца дүкенімен айналысатынын және бұл аянның нақты не білдіретінін түсінбейтінмін. Мен Құдай Сөзін уағыздауға шақырылғанымды білдім, бірақ бұл қалай және қайда болатынын әлі білмедім.

Шындығында, бұл дайындыққа шақыру болды. Құдай осы аянды бергеннен кейін көп ұзамай, Киелі кітап мектебіне, содан кейін Орал Робертс университетіне жетеледі. Онда мен өмірімнің махаббаты Дренданы кездестірдім. Біз ОРУ-дан кейін қаржылық салада жұмыс істеуге кірістік. Бұны мен түсінбедім. Құдайдың шақыруы ше? Бірақ Құдайдың жоспары болды. Сол уақытта мен қаржылық салада көп білім мен тәжірибе алдым және кейіннен

қызметімнің ірге тасына айналған Құдай Патшалығының заңдары мен қағидаларын үйрендім. Жаратқан Ие сондай-ақ бұл уақытты өзіме деген сенімділікті арттыруға көмектесті, өйткені жас кезімде мен адамдармен сөйлесуге қорқатынмын.

1995 жылдың 1 қыркүйегінде Құдай жергілікті мәсіхшілік радиостанциясының жертөлесінде қауым жиналысын ашуға мүмкіндік берді. Біздің алғашқы қызметіміз кешке болды. Мен жиналыста тұрып Құдайдың 21 жыл бұрын берген аянындағы дәл бейнені көрдім.

Сондықтан, аянды көрген кезде, бағыт алғаныңызда немесе идея естігенде, ол дәл қазір асығыс сол уәдеге секіру дегенді білдірмейді. Құдай сізге жоспарды қалай берсе, тура солай әрекет ететін дұрыс уақытты да көрсетеді. Ол сізбен сөйлеседі, сіз оны білетін боласыз.

Менің жағдайымда Құдайдың сөйлегені өте айқын болды. Біз 1995 жылы үйімізге жақын шағын қауымға бардық. Жексенбілік кешкі қызметте Құдай маған тіл қатты. Киелі Рухтың құдіретін сізгенім сонша, бағушының не айтып жатқанын ести алмадым. Сонда уәденің орындалатын уақыты келгенін білдім! Сіз де нақты білетін боласыз.

Дрендә екеуіміз Құдайдың жасаған керемет істерін сүйсініп еске аламыз. Бірақ Оның әрдайым істеп жатқаны – шынайы құмарлығымыз! Біз Патшалық туралы осы хабарды өміріміздің соңына дейін уағыздауға және үйретуге серт еттік. Адамдар Патшалық туралы естігенде, жүздері қалай жайнап кететінін көрсеңіз! Адамдардың қайта үміт алып, өмірлерін өзгертуге деген талпынысын көру – біз үшін үлкен бақыт. Бұл нені білдіретінін білеміз, олар көптен күткен жауаптарын алады.

Патшалық сізге де жауап беретінін білеміз! Сонда Құдай маған үйреткен бесінші қағида қандай?

№5 қадам: Уақытты, әдісті және орынды білетін болсаңыз, кейінге қалдырмаңыз! Екіншіден, қақтығысқа таң қалмаңыз.

Сіз Құдаймен бірге мақсатқа жете аласыз, оған күмән жоқ! Құдайдың қалауы – сіздің өміріңіздің гүлденіп-өркендеуі, оны есте сақтаңыз.

Сүйікті бауырым! Сенің рухани өміріңнің сау болғанындай, саған барлық жағынан да Құдайдан игілік пен денсаулық тілеймін.

— 3 Жохан 2

Құдай адамдарды жарылқағысы келмейді деген өтірікке сенбеңіз! Құдай сізге игілік пен денсаулық беруді қаламайды деп сізді ешкім алдамасын! Бұл – Шайтанның жер патшалығынан ұрлағаны және Құдай Иса Мәсіх арқылы сізге қайтарған нәрсе. Діншілдік адамдарға Құдай жайлы осындай өтіріктерді үйретті. Кейде адамдарға шындықты білу үшін алдымен ойдан шығарылған қиялды ұмыту керек. Енді поштама кеше ғана келген келесі электрондық хатты келтіргім келеді. Ол Құдайдың шын мәнінде айтқанын біліп ой-санаңызды жаңарту қаншалықты қажет екенін көрсетеді.

Құрметті Гэри,

Менің атым Аннет. Мен баптист бағушының отбасында туып, бала кезімде құтқарылдым. Исаны шын жүректен қатты жақсы көрдім. Жасөспірім кезімде мен Киелі Рухпен шомылдырылып, шынайы ғибадат, сауықтыру, құтқару, рухани сыйлықтар және Құдай Патшалығы туралы басқа да шындықтарды түсіне бастадым. Мен қауымдағы әртүрлі ұстаздар арқылы тұқым егу мен орудың негізгі

қағидаларын біліп үйрендім. Бірақ күйеуім Джон сіздің іліміңізді кездестірген соң ғана, Құдайдың байлыққа қатысты уәделеріне сену маған қиын екенін түсіне бастадым. Ол кездегі менің ескі пікірім мынадай болды: мәсіхшілер, әсіресе бағушылар және қызметтегі адамдар — негізгі қажеттіліктерін қанағаттандырудан басқа мол дәулетке ұмтылмау керек. Жұбайым екеуіміз Құдай Патшалығының қалай жұмыс істейтінін ешқайсымыз да түсінбейтінімізді білдік.

Біз қауымда қызмет атқардық және табысымыздың оннан бір бөлігін беруді ұмытқан емеспіз. Онымен қатар, жомарт көмек беруші де едік, тұқым егу және оның өнімін алу қағидасын да білдік. Біреуден бай, басқадан кедей болдық, бірақ жалпы алғанда өміріміз жайлы болды. Енді бұдан артық тілеуіміз қомағайлық болар деп, көбірек табысқа ұмтылған жоқпыз. Бірақ 2003 жылдың күзіне біздің бизнес пен қызметтің штаб-пәтері орналасқан айлақта үлкен өрт болды. Содан кейін бәрін өзгерткен бірнеше басқа оқиғалар болды. Джон үнемі жүрек ақауларымен ауыра бастады, ақырында кеуде қуысын ашып, жүрекке операция жасау қажет болды. Ол кезде бізде медициналық сақтандыру болмағандықтан, ауруханаға қомақты қаржы төлей бастадық. Күйеуімнің жұмысқа шыға алмауы жағдайды одан сайын нашарлатты. Содан кейін біздің тарапымыздан кейбір қате шешімдер одан да қиын қаржылық мәселелерге әкелді. 2015 жылға қарай біздің қаржылық өміріміз өте жақсы болудан, салықтарды қоса алғанда, үлкен қарызға батқанға дейін өзгерді.

Мүмкіндігіміз келгенше кедей мен мұқтаждарға көмек көрсеттік, себебі екеуіміз де жомарт болуды жақсы көретінбіз, әрі егумен орудың күшіне сенетінбіз. Тапшылықта жүріп, Құдайға бұрыннан да көп сиынатынбыз. Сосын Джон сіздің тәлімізді теледидар бағдарламасынан естіп қалды.

Басында ол «Құдайды өйтіп сатып алуға болмайды» деп естігенін жақтырмады. Бірақ бірнеше күннен кейін сіздің бағдарламаны тағы да көріп, бұл жолы соңына дейін ұйып тыңдады. Соңында ол сіздің барлық материалдарыңызға, кітаптар мен видео-сабақтарыңызға тапсырыс берді! Тәліміңізді екі жыл бойы тыңдадық. Сол уақыттың ішінде керекке ғана жететіннен көп игілікті, молшылықты қалау – күнә деген жаңылыстан арылдық.

Бір күні біз оныншы рет сіздің бір сабағыңызды көріп отырдық. Онда Матай 17-тарауда Исаның Петірге балық аулап, аузындағы тиынмен салық төлеуге жібергені туралы айтқансыз. Сонымен қатар Патшалықтар 4-жазба, 4-тарауда үйінде барын пайдаланған әйел туралы айттыңыз.

Кенет осыдан бірнеше жыл бұрын бір досымның жасаған еңбегіміз үшін алтын тиын бергені есіме түсті. Ол қарызымызды өтеуге жетпейді, бірақ егуге жарайтын үйіміздегі бар сол! Біз бұл тиынды сіздің қызметіңізге септік және Inner Circle серіктесі болдық. Сөйтіп, Құдайдың әрі қарай не істейтінін күтіп бақылап отырдық.

Келесі бір-екі айда сіздің ілімдеріңізді тыңдауды жалғастырдық. Қарызды төлеу кезінде батып кетпей, «басымызды судан жоғары ұстау үшін» күрестік. Содан соң бір жолы түс көрдім. Онда Құдай маған көп ақшаның бізге келетінін көрсетті. Одан кейінгі апталарда біз бірнеше шағын қаржылық баталардың келгенін көрдік. Құдайдың бағаттауына сезімтал болып, көп мінәжат еттік және ақшалай басқаларға қолдау көрсеттік. Құдайдың ақиқатын айтып, Оның бізге айтатынын ден қойып тыңдадық.

Содан соң мүмкін емес болып көрінген жағдай өзгерді. Көп ұзамай ұзақ жылғы арманымыздың орындалғанын көрдік. Түскен ақшаның мөлшері қарызымызды өтеу

үшін қажеттен бірталай асып түсті. Қазір қарыздан толығымен құтылды. Қазір жақсы инвестиция жасау әдісін іздеудеміз. Сонда басқаларға арқашан жомарт болып, кез-келген жағдайда қаржылық көмек бере аламыз.

– Джон және Аннет

Құдай және Оның Патшалығы туралы шындықты біліп жатқан және діншілдіктің кесірінен тараған өтірікті түсінген адамдардан үнемі осындай электрондық хаттарды алып жатамыз.

Өз санам Құдайдың игілігі мен Оның Сөзіне сенетіндей жаңарғаннан кейін, бостандық үшін керек түсінікті мен дамыта алатын болдым. Есіңізде болсын, Құдайға ешқашан күмәнданбаңыз. Егер өміріңізде Құдай Патшалығының тарапынан сәтсіздік сияқты көрінетін әрекет болса, шәкірттердің істегенін істеңіз. Олар Исадан: «Иса, сен бұл жынды неге қуып шығармадың?» деп сұрамады. Жоқ, олар: «Неге біз жынды қуып шығара алмадық?» деді. Олар қателіктің өздерінен болғанын біліп, Исадан мұны түсінуге көмектесуін өтінді. Киелі кітапта уәде етілген нәрселер өміріңізден орын алмаса, Құдайдан оның себебін сұраңыз! Ол сізге жауап

**ОЛ СІЗГЕ ЖАУАП БЕРЕДІ
ДЕ, ПАТШАЛЫҒЫНЫҢ
ҚАЛАЙ ЖҰМЫС
ІСТЕЙТІНІН КӨРСЕТЕДІ.**

береді де, Патшалығының қалай жұмыс істейтінін көрсетеді.

Кеше ғана менің қауымымдағы бір кәсіпкер банктен оған уәде етілген федералды гранттың берілмейтінін естіді. Ол бұл ақшаны күткен болатын. Қаражатты кәсібінде қалай қолданатынын жоспарлап қойған еді. Ол көмексіз жұмысшыларын жұмыстан шығаруға тура келеді. Ол банктен неліктен ақша берілмегенін сұрағанда, банк жауап бере алмады. Ол көп ақша келеді деп ойлағандықтан, қолында бар ақшаны қажетті заттарға салды. Бірақ қазір ақша келмейтін болғанда, қаражаты таусылып, ол не істерін білмей қалды. Әмиянында біреу сыйлаған сыйлық картасы

ғана қалды. Ол дереу сыйлық картасын қауымға алып барды, өйткені досым қолында бар нәрсені тұқым ретінде себу керек екенін білді. Құдайдың осы қиын кезеңде оған көмектесетініне сенді. Сыйлық картасын қауымға тұқым ретінде еккеннен кейін бірнеше сағат ішінде банк оған қоңырау шалып, қателік болғаны үшін кешірім сұрады. Олар досымызға тиесілі ақшаны жіберді.

Сіздің атқаратын рөліңіз бар

Кітаптың аяғына да жетіп қалдық. Сізге қажет ақшаны алу туралы соңғы сөзімді айтуға рұқсат етіңіз. Құдайға шын жүректен сенетін көптеген бауырластардың барымен бөлісуге дайын екенін, бірақ ақшасы жоқ екенін білемін. Еккен тұқымнан өнім ала алмаудың себебі — адамдар тұқым еккеннен кейін не болатынын дұрыс түсінбейді. Көптеген мәсіхшілер Құдай оларға ақшаны Өзі әкеледі деп қате сенеді. Бірақ бұл мүмкін емес, өйткені Құдайдың ақшасы жоқ. Барлық ақша жерде және ол тек сауда кезінде (әлденені сатқанда немесе сатып алғанда) қолданылады.

Сондықтан біз тұқымды бергеннен кейін, егер үрдісті дұрыс түсінсек, нарықтан пайда түсіретін жоспар, бағыт немесе идея есту үшін Киелі Рухты тыңдауымыз керек. Бұл сіздің міндетті түрде жеке бизнесіңіз болуы керек деген сөз емес. Иса шәкірттерге торды қайда салу керек екенін айтқандай, Киелі Рух та сізге дұрыс орын мен уақытты көрсетеді. Торыңызды нарықтың нақты қай жеріне салу керегін білетін боласыз. Тор – бұл нарықта ақшаны ұстай алатын немесе ақшаны жасай алатын нәрсе. Құдай сіздің қадамдарыңызды бағыттап, ұстанатын жоспарыңызды түзетеді. Көптеген адамдар үшін ең жақсы, ең жылдам және ең ықтимал тор – бизнес деп есептеймін. Мен бизнес дегенде, компанияда жұмыс істеуді жоққа шығармаймын, бірақ тор сізге қажет балықты аулау үшін жеткілікті үлкен болуы керек. Бұл сіздің немесе басқа біреудің кәсібі болуы мүмкін.

Бірақ торға келетін болсақ, менің тәжірибем бойынша, адамдардың көпшілігі ваннада отырып кит аулағысы келеді. Түсіндірейін. Бір кісі жергілікті азық-түлік дүкенінде жұмыс істеп, сағатына 10 доллар табады делік. Енді қазір ол кісі 150 000 доллар тұратын үйінің ипотекасын төлегісі келеді және ол үшін Патшалық заңын қолданамын дейді. Жарайды, әзірге бәрі жақсы.

Содан кейін ол тұқым мен өнім ору туралы, яғни Патшалықтың заңы туралы естіп, тұқым егіп, сол үйді төлейтініне сенеді. Тағы да, әзірге жақсы, сөз жоқ. Бірақ неге екені белгісіз, ол кісі ақша жай өзінен өзі келе қалады деп ойлайды. Жұмысында үйдің қарызын төлеп шығуға жететін ақша таба алмайтынын біледі, сондықтан ол Құдайға үміт артады (және онысы дұрыс). Бірақ мен «Құдайға үміт арту» дегенде, керек ақшаны табу үшін Құдай сізге ақыл мен бағыт беретініне сенуді айтамын. Бұл үлкен өзгерістерді талап етуі мүмкін.

Қарап отырсаңыз, адамдардың түсінбейтін нәрсесі – кит ұстау үшін Құдай оларды таныс ванналарынан шығарып, үлкен мұхитқа бағыттауы керек. Ваннада кит жоқ, түсінесіз бе? 150 000 доллар тұратын үйдің ипотекасын сағатына 10 доллар тауып екі жылда төлеп шығу қиынға соғады. Бірақ Құдай балықтың қайда екенін біледі және сізді мақсатыңызға жету үшін қажет балықты аулауға дұрыс жерге бағыттап, керек әдісті үйрете алады. Петір мен мол балық аулау туралы әңгіме есіңізде ме? Петір түні бойы балық аулап, ештеңе ұстамады. Сосын Иса келіп, оған қай жерде балық аулау керектігін айтты. Сонда Петірдің аулағаны сонша, қайығы барлық балықты сыйдыра алмады. Осынау үлкен өзгерістің себебі неде? «Торыңды терең суға таста» деген нұсқау. Көрдіңіз бе, Петір қате жерде балық аулады, бірақ Иса оған не істеу керектігін айтқанда, оның табысы күрт өзгерді.

Дренда екеуіміз үлкен қарызға батқанда, бізге қажетті балықты аулау үшін Құдайды тыңдап, Оған еріп, үлкенірек көлдерге баруға

тура келді. Құдай бізді әрдайым бұрынғыдан да терең суға жетелеп отырды. Шынымды айтсам, Құдайға еріп біз теңізге де шықтық. Онда жер көрінбейтіндей алысқа жүздік. Бәрі өзімізге бейтаныс жерлер мен жобалар, ол кезде біраз қорыққанымыз бар. Әсіресе теңізде дауыл тұрғанда көп күмәнданып, көп қаймықтық.

Көптеген адамдар ақшаның Құдайдан түсе қалуын күтетіндіктен, білмейтіндерін үйрену, бұрын істеп көрмегенді істеу, барып көрмеген жерге бару ойларына да келмейді. Мұның бәрі өте жаңа және қорқынышты болуы мүмкін. Сол себептен адамдардың көпшілігі бұрыннан білетін нәрсеге ғана қарайды. Бірақ сіздің ваннаңызда кит жоқ. Терең суға шығуыңыз керек.

Есіңде болсын, егін еккеннен кейін қол қусырып отырмауымыз керек. Егін сепкенде, біз Құдай Сөзін берік ұстап, Ол бізді өнімге жеткізетініне сене аламыз. Бірақ біз Оның нұсқауын тыңдап, одан таймауымыз керек. Сонымен қатар, балығы мол жерге жеткенде китті ұстай алатын торымыз болуы керек.

Көптеген адамдар ваннасынан шығып, көлге барады. Бірақ өнімді жинау үшін ескі әдістерін қолданады. Ұсақ балыққа арналған ілмек китті ұстай алмайды (шын мәнінде кит ұстау керек демеймін, мұны киттің ірілігіне бола мысал ретінде ғана қолданып отырмын).

Балығы мол жерге келгеннен кейін, өнім жинау әдістеріңіз үлкен салмақ пен қысымға шыдау керек. Мұның барлығын дайындау үшін уақыт қажет. Көп жағдайда Құдай ұстағымыз келген китті шынында ұстай алмайтынымызды біледі. Бірақ Құдай бізді жаттықтырады. Ал егер қиындыққа шыдамай, алай-дүлей теңізге түсіп кетсек, Ол

**ҚҰДАЙМЕН БІРГЕ
ЖҰМЫС ІСТЕП,
ӨНІМ ЖИНАУҒА
ДАЙЫНДАЛУЫМЫЗ
КЕРЕК ЖӘНЕ ҚҰДАЙ
АЛДЫМЫЗҒА
ҚОЙҒАН БАРЛЫҚ
МҮМКІНДІКТЕРДІ
ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ӨЗ
ҮЛЕСІМІЗДІ ҚОСУЫМЫЗ
КЕРЕК.**

бізді жағаға алып шығатынына сенімдіміз.

Сонымен, қысқаша шолып өтсек, өз-өзінен ғажайып түрде келе қалатын ақшаны күтуді қою керек. Мен оны пошта жәшігі менталитеті деп атаймын. (Кейбір жағдайларда Құдай таңғажайып нәрселер жасайды, ол сөзсіз). Керісінше, біз Құдаймен бірге жұмыс істеп, өнім жинауға дайындалуымыз керек және Құдай алдымызға қойған барлық мүмкіндіктерді пайдалану үшін өз үлесімізді қосуымыз керек.

Қамсыздандыру құдіреті енді өз қолыңызда. Жоқ, мен кітабымның атауын айтып отырған жоқпын. Мен Құдай сізге берген Патшалық пен Киелі Рух туралы айтып отырмын. Сондықтан алға қадам басыңыз. Онымен қоса осы жолда табысыңыз бен үлгіізбен көп адамға Мәсіхтің Кім екенін көрсетіңіз.

Жаңа ғана осы электрондық хатты алдым. Тарауды аяқтай отырып осыған назар аударайық.

Әлемдік экономика құлдырап жатқанда, біздің жеке кәсібіміздің 4000 долларлық және 8000 долларлық қарызы өтелді! Әңгіме мұнымен бітпейді! Бизнесіміздің қаржылық есепшоттарын қарап шықтық. Кәсібіміз 2020 жылы түсірген таза табысы 2019 жылы отбасы ретінде тапқан барлық табыстан асып кеткенін түсіндік! Қарғыс атқан жердк әлемдік экономика сәтсіздікке ұшырап жатқанда, біз сұраған немесе ойлағаннан да әлдеқайда көп игілік алып жатырмыз (Ефестіктерге 3:20). Құдайдың істерін көріп шаттыққа бөленеміз. Ол өз Сөзіне ӨТЕ адал!!

Гэри мен Дрендаға, олардың отбасына, қызметкерлеріне және серіктестеріне алғысымыз шексіз! Құдай Сөзін өмірімізге әкелгеніңіз үшін көптен көп рахмет! Гэри мен Дренда 9 жыл бойы тапшылық көріп өмір сүргендей, біз 17 жыл кедейлік пен жоқшылықта өмір сүрдік. Сосын

қауымыздағы бағушылар сәрсенбі күні кешкі жиналыстарда «Fixing the Money Thing» бағдарламасын көрсете бастады. Сонда өмірімізге өзгеріс келді. Бұл 5,5 жыл бұрын болды. Баяғы кедейлік өмірімізге қайтып оралған емес! Тағы да рахмет, Құдай әрдайым жар болсын!

Өз әңгімеңізбен бөліскіңіз келсе, оны GaryKeesee.com сайты арқылы маған жібере аласыз. Басқалар Патшалықтың сіздің өміріңізде қаншалықты керемет жұмыс істеп жатқанын есту керек.

**«Сенің қаржылық революцияң»
топтамасындағы
Гэри Кисидің басқа кітаптары**

Тыныштықтың құдіреті

Келісімнің құдіреті

Жомарттықтың құдіреті

Стратегияның құдіреті

СЕНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯҢ

Қамсыздандырудың құдіреті

Күнкөрісті уайымдап қиналасыз ба...
әлде батыл армандайсыз ба?

Қарызға құл болып отырсыз ба...
әлде Құдайдың сізге тапсырған аманатын орындап жатырсыз ба?

Қайсы сізге жақынырақ?

СІЗДІҢ ӨМІРІҢІЗДІ не өзгертпек?

Қамсыздандыру.

Мұқтаждықтарымыз қанағатталса, керегіміздің бәрі бар болса, тамаша ғой? Мұның маңызын барлығымыз білеміз.

Алайда қамсыздандырудың ҚҰДІРЕТІН шынымен түсінесіз бе?

Гэри Киси өміріңіз оңайырақ болсын дейді.

«Сенің қаржылық революцияң» атты серияның осы төртінші кітабында Гэри өз тәжірибесіне сүйеніп, табысты болудың маңызды құпиясын ашады. Сонымен қатар, ол Құдай Патшалығының АСА ҚҰНДЫ қағидаларының бірін – қамсыздандыру құдіретін түсіндіреді!

- Өзіңізге керекті алу үшін НЕГІЗГІ БЕС ҚАДАМ
- Сенімнің маңызы және сенімнің бар-жоғын анықтау
- Кейінге қалдырудың асқан қаупі
- Сенім арқылы лотерея ұтып алудың мүмкіншілігі (иә, ол жайында да айтылған)
- Және тағы басқа...

Туралы оқып біліңіз!

Гэримен бірге осы тамаша саяхатқа аттанып, қамсыздандырудың құдіретін өз өміріңізде қалай жүзеге асыруға болатынын біліңіз!



ГЭРИ КИСИ — бірнеше кітаптың авторы, спикер, кәсіпкер, қаржылық сарапшы, бағушы, сенушілерге өмірдің әр саласында, әсіресе, сенім, отбасылық қарым-қатынас және қаржы салаларында жеңіске жетуге көмектесіп жүрген адам. Гэри жұбайы Дрендамен бірлесіп бірнеше табысты компания құрды. Сонымен қатар, Дренда мен Гэри – «Faith Life Now» қызметінің негізін қалаушылар. Бұл қызмет «Қаржы мәселесінің шешілуі» және «Дренда» атты телебағдарламаларды шығарады, дүние жүзі бойынша конференциялар өткізеді, көптеген ресурстарды қолжетімді етеді. Гэри Киси жұбайы Дрендамен бірге Огайо штатындағы Колумбус қаласының маңындағы «Faith Life» қауымында бағушы болып қызмет етеді.

GKM GARY KEESSEE
MINISTRIES

garykeesee.com